

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ
ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С. ТОРАЙҒЫРОВА**

**ЖАС ҒАЛЫМДАР, МАГИСТРАНТТАР,
СТУДЕНТТЕР МЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
«XVII СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ, МАГИСТРАНТОВ,
СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ
«XVII САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»**

ТОМ 9

**ПАВЛОДАР
2017**

ӘОЖ 378 (063)
КБЖ 74.58
Ж 33

Редакция алқасының бас редакторы:

Өрсариев А.А., с.ғ.д., С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры

Жауапты редактор:

Ержанов Н.Т., б.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректоры

Редакция алқасының мүшелері:

Абишев К.К., Ахметов Қ.Қ., Бегімтаев Ә.И., Бексейітов Т.К., Испулов Н.А., Кислов А.П., Күдерин М.К., Эрнзаров Т.Я., Свидерский А.К., Каюмова М.С., Хан А.А., Шаймерден А.А.,

Жауапты хатшылар:

Ажаев Г. С., Айгужинова Д. З., Акильжанов Р. Р., Альмишева Т. У., Андреева О. А., Антикеева С. К., Байдрахманова М. Г., Бектуров К. Б., Бергузинов А.Н., Богомоллов А.В., Дубинец Н.А., Еликпаев С.Т., Ельмуратов Г. Ж., Ельмуратова Б. Ж., Жаксыбаев Д. О., Жаябаева Р. Г., Камшибаев Ж. Ж., Карипжанова Г. Т., Леньков Ю. А., Молдакимова А. С., Мусабекова Н. М., Мусаханова С. Т., Рахметова А. М., Самекин А. С., Сарсембаева Г. А., Титков А. А., Ткачук А. А., Толеужанова А. Т., Туганова Б. С., Туртубаева М. О.

Ж 33 «Жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының «XVII Сәтбаев оқулары» атты Халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2017.

ISBN 978-601-238-708-7
Т. 9 «Студенттер». – 2017. – 464 б.
ISBN 978-601-238-699-8

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 378 (063)
КБЖ 74.58

ISBN 978-601-238-708-7 (Т. 9)
ISBN 978-601-238-699-8 (общ.)

© С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2017

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры, с.ғ.д. А. Орсариевтің алғы сөзі

Қымбатты қонақтар мен конференцияға қатысушылар!

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті жыл сайын игі дәстүрден жаңылмай, «XVII Сәтбаев оқулары» халықаралық ғылыми конференциясы аясында жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының басын қосып келеді.

2001 жылдан бері өткізіліп келе жатқан «Сәтбаев оқуларының» мұраты: қазақтың бағына біткен біртуар ғалым Қаныш Сәтбаевтың еңбегін жастарға таныту, аманат ету.

Қ. И. Сәтбаев – туған халқының нұрлы болашағы үшін білімнің күдіреті арқылы күресе білген бірегей тұлға. Қазақ ғылымының қарашаңырағы Ұлттық академиясында қыруар ғылыми зерттеулер жүргізді. Ол кісі соғыстан кейінгі қиын-қыстау кезеңде қазақ Академиясын өзі бас болып құрып, ғылымның бастауында тұрды.

Қазақстан ғылымы үшін Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімі қастерлі де қымбат. Жасынан зеректік танытқан Қаныш аға өзінің бар ғұмырын ғылымға арнау туралы шешім қабылдағанда ол тек биік мақсаттарды көздеген еді. Қазақстанда геология мектебін қалыптастырып, жер асты қазба байлықтарын ел игілігіне жаратуы, осы салада көптеген ізбасар шәкірттерді тәрбиелеп шығуы өз алдына бір төбе. Жалғыз геология ғана емес, басқа ғылым салалары бойынша да талай азаматтардың ізденіс жолына түсіп, ғалым болуына өзінің ағалық және әкелік қамқорлығын көрсетті. Оның бүкіл өмір жолы, еліне сіңірген еңбегі, жасаған қызметі кейінгі жастарға үлгі-өнеге болды.

Жастарды ғылымға баулып, білімін шыңдау – біздің парыз. Оқу ордамызда он жетінші мәрте өткізіліп отырған халықаралық ғылыми конференция Қаныш Сәтбаевтай асыл ағамыздың із басарларына даңғыл салып, ғылымдағы игі дәстүрлерді жаңғырта түседі деген сенімдеміз. Өңіріміздегі білімнің қарашаңырағы – С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті қашанда дарынды да білгір, зияткер де қабілетті жастарды қолдауға асық.

Уважаемые участники конференции!

Поздравляю вас с открытием международной научной конференции молодых ученых, магистрантов, студентов и школьников «XVII Сатпаевские чтения»!

Примечательно, что традиционно конференция проходит в стенах нашего вуза в канун дня науки.

Имя Каныша Имантаевича Сатпаева, великого казахского ученого, из года в год дает особый импульс для становления и развития наших молодых ученых, студентов, школьников. Это очень важно для нашего университета, ведь именно здесь сосредоточена региональная научная и творческая мысль нашего региона.

Ученый всегда ставил на главенствующее место, помимо, несомненно, науки, – нравственность, образование, культуру. Это те столпы, на которых основывается сейчас стратегия деятельности нашего государства. И наш университет самым фактом проведения подобных научных конференций показывает, что дело Сатпаева живет: все мы – организаторы, участники – вносим посильный вклад во многие аспекты, обозначенные в научной деятельности нашего земляка.

Самым упорным и целеустремленным из вас завтра предстоит стать продолжателями великого дела великого академика Каныша Сатпаева – дела, направленного на благо всего человечества.

Для многих этот день запомнится первой победой, а для кого-то – станет первой попыткой, «пробой пера», в будущей череде научных побед и открытий. Но одно то, что вы находитесь сейчас в этом торжественном зале, уже говорит о вас как о победителях!

Я твердо убежден в том, что в будущем вы пойдете по пути науки и просвещения.

Это тяжелый, но благородный путь, на котором я от всего сердца желаю вам удачи и настойчивости!

**С. Торайғыров атындағы ПМУ
ректоры, с.ғ.д. А. Өрсариев**

1 Секция. Адам потенциалының жағдайы мен дамуы 1 Секция. Состояние и развитие человеческого потенциала

1.1 Интеллектуалды және мәдени-рухани даму 1.1 Интеллектуальное и культурно-духовное развитие

1.1.5 Әдебиет және филологияның өзекті мәселелері 1.1.5 Актуальные вопросы литературы и филологии

ЗАҢГЕРДІҢ КӘСІБИ ҚАТЫНАСЫНДАҒЫ ШЕШЕНДІК ӨНЕР

АБДРАХМАНОВА М. Д.
студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ҚОЖАХМЕТОВА Б. Р.
магистр, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Еліміз тәуелсіздік алып, азаматтық қоғамның қалыптасуы құқықтың маңызын арттыра түсті. Қазіргі таңда заңгердің көмегіне жүгінбейтін әлеуметтік саланы табу мүмкін емес. Олар заң шығару, орындаушы және сот билігінде, прокуратура мен адвокатурада қызмет етеді. Кәсіпорындарда, әлеуметтік-мәдени, ғылыми-зерттеу, білім беру мекемелерінде, коммерциялық құрылымдарда, қоғамдық бірлестіктерде құқықтық бөлімдер, бюролар ашылған, заңгер қызметіне арнайы штат бөлінген. Заңгерлер заңнамалық және заң шығару органдарының басқа да комитеттерін басқарады. Олардың барлығы да қызмет барысында қарым-қатынасқа түседі. Заңгерлердің кәсіби қатысымы басқа сала мамандары қатысымынан өзгеше, қызмет сипатына қарай өзіндік ерекшеліктерге ие.

Құқық саласындағы тілдік қатынас мәселесі ғалымдар назарына XX ғасырдың екінші жартысынан бастап іліккен. Мәселен, құқықтық мәтіндер мәселесін И. Н. Грязин, құқықтанудың семиотико-лингвистикалық аспектілерін Н. А. Власенко зерттеген. Ал, В. П. Сальников, С. В. Степашин, Н. И. Хабибулина еңбектерінде коммуникация саяси билік ретінде қарастырылса, И. Н. Гомеров коммуникацияны қоғам мен мемлекеттің өмір сүруіне қажетті шарт деп тұжырымдады. Заңгерлік диалог А. О. Солодухин, О. А. Солодухина еңбектерінің нысаны болды. А. В. Поляков құқықтың коммуникативтік концептісі жайлы жазды. Оның пікірінше, құқықтық коммуникация дегеніміз субъектілер арасындағы құқықтық мәтіндердің әлеуметтік интерпретациясы негізінде туындайтын құқықтық өзара әрекет.

Соттағы коммуникация П. Сергеич, А. Ф. Кони, Н. Н. Ивакина, Н. С. Алексеева және З. В. Макарова еңбектерінде зерттелсе, сот шешендігі А. А. Волков еңбегінен көрініс тапқан. Отандық ғалымдар ішінде сот шешендігіне байланысты Г. Гиздатов, С. Негимов, К. Халиков, Е. Серімов қалам тербеген.

Заңгерлік жұмыс – өте күрделі және ауқымды қызмет. Оның мазмұны бір жағынан Конституциямен бекітілген азаматтардың құқығын қорғауды, ал екінші жағынан әр азаматтың құқықтық нормаларды қалтқысыз сақтауын қамтамасыз етуді, кез келген қоғамға қарсы және заңға қайшы әрекеттермен, қылмыспен күресуді қамтиды.

Мазмұнына қарай заңгерлік қызметтің мынадай түрлері бар: төрелік ету, прокурорлық қадағалау; азаматтар мен ұйымдарға құқықтық көмек көрсету (адвокаттық қызмет), нотариалды әрекеттер жасау; мемлекеттік органдардағы, кәсіпорындардағы және ұйымдардағы құқықтық жұмыс. Құқықтық қызметтің аталған түрлеріне құқықтық мамандықтар да сәйкес келеді: тергеуші, прокурор, сот, адвокат, нотариус, құқықтық кеңесші.

Заңгердің кәсіби қызметіне ең алдымен, құқықтық іс жүргізу жатады. Құқықтық істерге қылмыстар, азаматтық даулар, еңбек құқығының бұзылуына байланысты туындаған дау-жанжалдар, құқықтық нормаларға сәйкес қарастырылатын және шешілетін басқа да жағдайлар жатады.

Құқықтық іс жүргізу құқықтық мәні бар әрекеттер (куәгерлерді шақыру, айыптау, сот шешімін шығару, іс бойынша шағымдану және т.б.) жасауды талап етеді. Бұл жұмыс көбінесе «өндіріс» деп белгіленеді.

Заңгердің кәсіби әрекетіне заңды күші бар әрекеттер бекітілетін және көрініс табатын құқықтық құжаттар жасау, сондай-ақ құзыретті органдарда ауызша сөйлеу, мәселен, істі қарау барысында заңды талаптар, өтініштер, қатынас-қағаздар тұжырымдалатын және негізделетін сотта сөйлеу, төрелік ету жатады.

Кеңес беру де маңызды орынға ие, яғни кеңес беру, түсіндіру, ұсыныс беру және т.б. Сот, прокурор, адвокат әрекетінде кеңес беру көбінесе маңызды орынға ие, демек, заңгер өзінің кәсіби қызметін атқаруда «сөйлейді», «жазады» және «кеңес береді».

Заңгердің кәсіби әрекеті тікелей адамдармен байланысты, тұлғааралық қатынас үдерісінде жүзеге асады, сондықтан «адам – адам» жүйесіне жатады. Мысалы, тергеуші қылмыстық істі дұрыс ашу үшін маңызы бар жағдайларды анықтау барысында адамдардан өзіне қажетті сенімді ақпараттарды ала білуге тиіс.

Заңдардың орындалуын бақылауды жүзеге асырушы өкілеттілігіне ие прокурор үнемі басшылармен және министрлік, ведомстволар өкілдерімен, жергілікті басқару органдарымен, әкімшілік органдармен, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдармен, қоғамдық бірлестіктермен өзара әрекет етеді, арызданушы, шағымданушы азаматтарды қабылдайды. Прокурор сот отырысына қатысады. Ол сот талқылауы кезінде туындайтын сұрақтар бойынша қорытынды жасайды; сотқа қылмыстық жазалау шараларын қолдану туралы өз пікірін білдіреді; талап арыз түсіреді; қылмыстық істер бойынша сотта мемлекеттік айыптауды қолдайды; соттың заңға қайшы шешіміне, үкіміне, қаулысына, сот орындаушыларының заңсыз әрекеттеріне шағымданады. Прокуратура қызметкерлері құқықтық сауаттылыққа үндейді, азаматтар мен еңбек ұжымдарының жиналыстарында баяндама жасайды.

Қылмыстық істі тергегендегі прокуратураның міндеті: фактілердің дәлдігін, қылмыстың жасалуын, объективтік негіздер бойынша сотталушының кінәлілігін дәлелдеуге келіп сайса, адвокат қызметінің негізгі желісі: қылмыстық жауаптылыққа тартылған кісіге оның азаматтық құқығын қорғау үшін заң тұрғысынан қолдау, білікті ақыл-кеңес беруден тұрады. Екеуі де өздерінің көзқарастарын сот алдында ауызша сөйлеу түрінде жалпыға паш етеді. Адам тағдыры таразыға салынар жүргізіліп жатқан сот процесінде бұл бөліктің қылмыстық істі қарап, шешім шығарардағы алатын орны алабөтен ерекше [1, 78].

Адвокаттың міндетіне азаматтар мен ұйымдарға құқықтық көмек көрсету кіреді. Ол құқықтық сұрақтар бойынша кеңес және түсінік, заңнамалар бойынша ауызша және жазбаша анықтама береді, арыз, талап арыз жазуға және басқа да құқықтық сипаттағы құжаттарды толтыруға көмектеседі, жалпы юрисдикциялық, төрелік сотта және басқа да мемлекеттік органдарда азаматтық, еңбек істері, экономикалық дау, әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша өкілеттілік танытады. Адвокаттардың алдын ала тергеу органдарының әрекетіндегі қызметінің маңызы зор. Ол сотта жәбірленушінің, азаматтық арызданушы немесе азаматтық жауап берушінің өкілі, қорғаушысы болады. Клиентімен жақсы қарым-қатынас орнату, оның сеніміне кіру – адвокаттың кәсіби міндеті.

Өділеттілік орнатуда маңызды қызметті судьялар атқарады. Ол азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және т.б. сот отырыстарына төрағалық етеді. Сонымен қатар, лауазымды тұлғалардың, мемлекеттік биліктің, органдардың азаматтардың құқығын

шектейтін заңсыз әрекеттеріне қатысты шағымдарды қарайды. Мұның барлығы төзімділікті, адамдардың психологиясын жақсы білуді, олармен қарым-қатынас жасай білуді талап етеді. Сот процесі дауласқан екі жақтың жасындай жарқылдаған пікір-таластарынан, қисынды дәлелдерден, нақ та дәл, көрікті де көркем сөйлуден тұратын кеңістікті құрайды.

Ішкі істер органдарының бөлімшелерінің қызметкерлері құқық қорғау қызметімен бірге басқару қызметін, бөлімшелерді, аппараттарды басқару қызметін де атқарады, халыққа құқықтық тәрбие беру ісін де жүзеге асырады. Демек, заңгер өз қызметінде тек заңды пайдаланып қана қоймайды, сонымен қатар, түсіндіреді, дәлелдейді, иландырады. Сондықтан ол «кәсіби коммуникант» болуы тиіс, яғни уақыты мен күш-қажырын үнемдей отырып, коммуникативті мақсатқа қол жеткізуге мүмкіндік беретін адамдарға әсер студия арнайы дағдыларын белсенді түрде пайдалана білуі қажет. Заңгердің тұлғааралық қатынасының деңгейі неғұрлым жоғары болса, ол кәсіби міндеттерін де соғұрлым тиімді шешеді.

Зерттеушілер тілдесімнің негізгі мынадай қызметтерін көрсетеді:

- 1) ақпараттық-коммуникативтік (ақпаратты қабылдау және жеткізу);
- 2) реттеушілік-коммуникативтік (бірлескен әрекет үдерісінде әрекеттерді өзара түзету);
- 3) аффективті-коммуникативтік (эмоционалдық қатынастың жеткізілуі) [2, 78]. Заңгердің кәсіби қатысы осы үш қызметті толығымен атқарады.

Құқықтық саладағы коммуникацияның негізгі ерекшеліктері мыналар болып табылады:

Тілдік әрекеттің ауызша формада дамуы. Ауызша форма заңгердің сөз болып отырған жағдайды тікелей, неғұрлым толық қабылдауына мүмкіндік береді.

Тілдік әрекеттің құрылымдық жағынан құқықтық құралдардың көмегімен нақты өмірдегі қарастырылып отырған, шешілуге тиіс жағдайға байланысты ұйымдастырылуы.

Заңгерлік тілдік қатысымның нормативті түрде реттелуі және тілдік құралдардың құқықтық реттеудің пәні мен әдісіне қарай тандалуы.

Заңгердің тілдік әрекетінің құқықтық ережелермен анықталатын кеңістіктік-уақыттық шектеулілігі.

Кәсіби тілдік қатысымның міндеттілік сипаты (заңгердің белгілі бір құқықтық мәселені шешуде міндетті әрекеті арқылы қамтамасыз етілетін қатысым).

Құқықтық тәжірибедегі тілдік қатынас – бұл үлкен диалог, оның барысында ой бөліседі, ақпарат беріледі және сөздің көмегімен бірлескен әрекет үйлестіріледі. Заңгер мамандығы тек кәсіби шеберлікті ғана емес, білімінің, дүниетанымының кең құлашты болуын да талап етеді. А. Ф. Конидің пікірінше, «юрист должен быть человеком, у которого общее образование идет впереди специального» [3, 67].

Заңгердің бүкіл қызметі заң шығару, тергеу жүргізу, үкім шығару, айыпталушының құқығын қорғау, құқықтық ережелерді жүзеге асыру, түсіндіру бәрі де адамдар арасында қарым-қатынасты дамыту үдерісінде жүзеге асады. Ол бірлескен әрекет қажеттіліктерінен туындайды, сондай-ақ ақпарат алмасуды, бір адамның басқаны қабылдауы мен түсінуін, кәсіби заңгерлік әрекетте өзара әрекет студия бірыңғай стратегиясы мен тактикасын қалыптастыруды қамтиды.

Заңгердің тілдік қатынасының құрылымына мыналар кіреді 1) субъектілер; 2) объекті; 3) субъективті жағы; 4) объективті жағы [3, 17]. Сәйкесінше, заңгерлік тәжірибеде тілдік қатысым мынадай тұлғалардың арасында болуы мүмкін: а) лауазымды тұлға – лауазымды тұлға (судья - адвокат); б) лауазымды тұлға – жеке тұлға (адвокат – клиент).

Зерттеушілер заңгерлік қызметтегі коммуникацияның бұқаралық, интерперсоналды (тұлға – қызметкер), интраперсоналды (ішкі диалог) түрлерін көрсетеді. Заңгерлік қатысымға түсу үдерісінің негізгі төрт себебін көрсетуге болады: а) экспрессия (қарым-қатынасқа түсуші серіктесінен ықпал іздеу); ә) эвристика (сұрақ қою арқылы жаңа ақпарат алуға талпыну); б) үйлестіру (коммуникация арқылы өзіне пікірлес адамдар табу); 4) реттеу (қарым-қатынаста нұсқаулар, тапсырмалар, өкім беріледі).

Заңгер қатысымының коммуникативтік сипаты:

Нормативтілік немесе тілдесімнің дұрыстығы, яғни ойын әдеби тіл нормасына сәйкес жеткізе білу шеберлігі.

Нақтылық. Заңгер қатынас процессуалдық ережелердің талаптарына сай болуы тиіс. Мәтіннің процессуалды заңға сәйкестігі құжатты дұрыс атау, тұжырымдар мен заңгерлік терминдерді заңда жазылған мағынасына сәйкес қолданудан байқалады. «Трудно назвать какую-либо другую область общественной жизни, где неточность

слова, разрыв между мыслью и словом были бы чреватые такими иногда тяжелыми последствиями, как в области права, – подчеркивает А. А. Ушаков. – Неточное слово в праве – большое социальное зло. Оно создает почву... для произвола и беззакония» [3, 16].

Логикалығы – ой құрылымы тілдік элементтердің семантикалық байланыста болуынан байқалатын қатысымның коммуникативтік сипаты. Баяндау логикасының сақталуы немесе бұзылуы тілдесімді қабылдаушылардың жағдайды түсінуіне тікелей ықпал етеді.

Тіл тазалығы. Заңгер қатынасында әдеби тілге жат элементтері қолданылмайды, сондай-ақ сөздер орынды қолданылады.

Анықтық және түсініктілік. Анықтыққа құжаттың нақты композициясы, баяндаудың логикалық жақтан дұрыс құрылуы, аргументтердің дәлелділігі арқылы қол жеткізіледі. Сондай-ақ құжаттарда күрделі ойды жеткізу үшін күрделі синтаксистік құрылымдарды пайдалануды көздейді.

Тіл байлығы. Бұл коммуникативті мақсатқа қол жеткізу үшін өртүрлі тілдік құралдарды пайдалану. Қатысымда сөздер неғұрлым дұрыс қолданылса, соғұрлым онда ақпарат мол болмақ.

Көркемдік. Тіл көркемдігіне мына құрылымдық элементтердің көмегімен қол жеткізіледі: тілдік фигура, көркемдегіш құралдар (тенеу, эпитет, ирония және т.б.) және эстетикалық жағынан жетілген стиль. «Шешендік сөзде сөйлеу айшықтары мол қолданылады. Сөйлеу айшықтары дегеніміз – тыңдаушыға әсерлі болып, сөйлеудің әсемдігін, мәнерлілігін, экспрессивті мәнін күшейтіп беретін синтаксистік құрылымдардың ерекшеленген формаларына шендестіру (антитеза), градация (дамыту), қайталау, параллелизм, риторикалық сұрау, риторикалық қаратпа сөздер, дауыс ырғағы т.б. жатады. Шешендік сөздерде бейнелі эпитеттер, образды тенеулер, аллитерация, ассонанстар мольнан қолданылады» [4.70].

Сөз өнерін шебер пайдалануды қажет етпейтін мамандық бүгінде жоқтың қасы. Тіпті адам қызметінің кейбір салаларында сөйлей білу шеберлігін меңгермей жұмыс істеу мүмкін емес. Соның бірі құқық қорғау органдары десек, асыра айтпаймыз. Сондықтан да заңгер қатысымының теориялық негіздерін қарастыру өзекті болып қала бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Халиков К. Х., Серімов Е. Е. Сот шешендігі. // Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2006. – 218 б.

2 Шарков Ф.И. Основы теории коммуникации. // Москва, 2003. – 248 с.

3 Ивакина Н.Н. Основы судебного красноречия. //Москва: Юристъ, 2003.

4 Дәулетбекова Ж., Раев Қ., Қадырбаев Ә. Қазақ тілі // Алматы, 2002.

5 Грязин И.Н. Текст права. // Таллинн, 1983.

6 Власенко Н.А. Язык права. // Иркутск, 1997.

7 Солодухин А.О., Солодухина О.А. Юридический диалог: Теория и практика, круг проблем. // Москва, 1998.

КОГНИТИВНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ФРАЗЕОЛОГИЧЕСКИХ ЕДИНИЦ С СОМАТИЗМАМИ В РУССКОМ, КАЗАХСКОМ И АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКАХ

АБЫКЕНОВА Н. А.

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Проблема языка и культуры касается самого развития науки о языке, которая в настоящее время не замыкается в рамках собственной языковой структуры и требует рассмотрения экстралингвистических факторов. Это порождает такие отрасли языкознания, как антропологическая лингвистика, когнитивная лингвистика, психолингвистика, социоллингвистика, этнолингвистика, лингвокультурология и ряд других.

Изучение соматических фразеологизмов казахского и русского языков представляет значительный интерес не только для лингвистической индоевропеистики, но и для изучения функционирования русского языка в тюркских регионах России. Русский язык так или иначе, отражает лексические и семантические особенности многих фразеологизмов, как исконных, так и заимствованных, позволяет при соответствующей методике преподавания более эффективно решать сложные вопросы практического изучения русского и тюркских языков в Казахстане. В настоящее время усиление международных контактов и необходимость взаимопонимания между народами в диалоге культур диктуют поиск новых подходов к проблеме языка и культуры в ряду актуальных социоллингвистических и лингводидактических исследований.

В последние годы «человеческий фактор» вовлечен в лингвистические исследования с целью анализа того, как человек – носитель родной (или неродной) культуры, использует язык в качестве средства общения. Актуально конкретное исследование того, как в языковых единицах отразился сам человек как национальная личность во всем многообразии своих проявлений. Конечной целью исследования является установление не только сходств, но и различий между исследуемыми языковыми культурами.

Объектом исследования являются соматические фразеологизмы как особый класс антропокультурных образований с целостно-смысловой, экспрессивно-образной структурой, формирование которых обусловлено опытом аналитической деятельности человека в познании мира, социума и индивидуума. Изучение соматических фразеологизмов в контексте антропоцентризма предполагает обращение к исследованию особенностей языкового кодирования информации, ее хранения и переработки.

Вильгельм фон Гумбольдт писал: «Язык народа есть его дух, и дух народа есть его языка, и трудно представить себе что-либо более тождественное» [1, с 67].

Древнегреческий термин «этнос» этимологический означал «народ», «племя», «стая», «толпа», «группа людей». Этнос – категория социальная. Первостепенная роль в функционировании этносов принадлежит языку и культуре. Связь между языковым выражением, концептуальной структурой и национальной культурой неоднократно постулировалась в лингвистических исследованиях теоретических контекстах. Проблема соотношения языка и культуры представлена в лингвистике, культурологии, философии, этнографии, социолингвистике. В языкознании она решается в этнолингвистических исследованиях, которые определяются пересекающимися проблемами истории и культуры, этнографии и лингвистики. Идея создания особой отрасли языкознания, оперирующей на стыке этнографии и социологии, принадлежит Б. Л. Уорфу. Так родилась этнолингвистика – учение о взаимодействии языка и его носителей.

Согласно гипотезе лингвистической относительности, Б. Уорфа, язык – не средство выражения мыслей, а форма, определяющая образ мыслей. «Субъективные» системы видения мира сопоставимы, то есть они переводимы с одного языка на другой. «Отражение мира осуществляется путем отражения его пиков. Иными словами, отражению подвергается не мир в целом, а лишь его пики, то

есть те его составляющие, которые представляются говорящему наиболее важными, наиболее релевантными, наиболее полно характеризующими мир», – говорит О. Г. Поченцов. Исследователь рассматривает языковое представление мира как языковое мышление, его осмысление, интерпретацию. Соотношение между некоторым участком мира и его языковым представлением О. Г. Поченцов определяет, как языковую ментальность. Под миром в определении языковой ментальности он понимает не только окружающий мир, но и мир, создаваемый человеком.

Как отмечает Ю. Н. Караулов, «нельзя познать сам по себе язык, не выйдя за его пределы, не обратившись к его творцу, носителю, пользователю – к человеку, к конкретной языковой личности». Обращение к творцу языка, т.е. к человеку, не может быть плодотворным без анализа и понимания той лексики, которая порождена познанием его самого и, прежде всего без анализа соматической лексики, называющей и отражающей его строение, т.е. без группы названий частей его тела. Неслучайно соматическая лексика, принадлежащая к древнейшему пласту лексического состава в любом языке, издавна была объектом внимания лингвистов – широта связей соматизмов с реалиями окружающего мира объясняется онтогенетическими функциональными свойствами частей тела человека и их широкими символизацией [2, с. 34].

Термин «соматизм» произошел от греческого слова «soma» – корпус, тело, в настоящее время обозначает какую-либо определенную часть тела. Такая лексика называется соматической, то есть обозначает части тела человека и проявления его организма, и является одним из самых интересных лексико-семантических полей как казахского, так и английского языков. Соматические фразеологизмы в последнее время часто вызывают повышенный интерес у исследователей фразеологии благодаря своей многочисленности и частности употребления в речи.

Соматизмы как языковое явление говорят о том, что образование фразеологических единиц часто происходит на основе типологического мышления разных народов. Такие образно-философские компоненты, как сердце, голова, глаз, рука могут многое прояснить, помочь разобраться в том, как в различных языках формируются те или иные социальные, психологические, эстетические воззрения народов об окружающем их мире, о жизни и месте человека в нём.

Фразеологизмы с соматизмом «Hand/arm/рука/қол». В русском языке есть анатомические названия частей руки: плечо, предплечье, рука, кисть. Людям было бы удобно называть практически все части руки одним обобщенным словом. Лишь когда дело касалось медицины или специальных употреблений, использовались названия конкретных ее частей. В английском языке есть два слова, имеющие свои индивидуальные значения: «Arm» – вся рука, «Hand» – кисть руки. В казахском языке таких различий не наблюдается. По подсчетам число соматических фразеологизмов компонентом Hand – 134, Arm – 49. Частность соматических фразеологизмов с соматизмом «Hand/arm/рука/қол» свидетельствует о том, что человек всегда осознавал руку как первичный и в то же время универсальный орган труда.

A bird in the hand – синица в руках; To eat out of smb.'s hand – заискивать, угождать; To give a hand – помогать; To get the upper hand – взять под контроль; To force someone's hand – навести на мысль, подать идею; At hand – поблизости, под рукой; To have a hand – приложить руку. В каждом языке были обнаружены фразеологизмы, не имеющие аналогов двух сопоставляемых языках, что позволяет говорить о различности исторических и культурных факторов, влияющих на образование конвенциональных фразеологизмов в языковых фразеологизмах [4].

Глаза – важнейшая часть головы и лица человека. Глаза – один из важнейших органов, с помощью которых человек имеет возможность видеть.

Таблица 1

Фразеологические единицы с соматизмом «глаз/eye/көз»		
Не отрывать взгляда; высматривать	Көз сүзу, көз тігу, көзі ұясынан шығу	Not to take one's eyes off To keep an eye out for
кокетство		
строить глазки, подмигивать	көзін қадау	to give smb. the eye

С глазом связываются пространственные представления человека о близости, так называемая личная (своя) зона, распространяемая на фрагмент досягаемого (видимого) внешнего мира: на мой глаз (взгляд) – близко, глаза в глаза – рядом, перед глазами – көз алдында – Under smb.'s eye; To catch someone's eye – попасться на глаза – көзге түсу; To turn a blind eye on – закрывать глаза на что-либо – жағдайға көз жұма қарау; set one's eye on – взглянуть – қарау; The mind's eye

– воспоминания, визуализация пережитого – ойға алу, еске түсіру; Without batting an eye – и глазом не моргнув, не смутившись – көзді ашып жұмғанша, жылдам.

Итак, культурная семантика соматизма «глаз/eye/көз», отражающая долгий путь человеческого развития, в составе представлена следующими основными значениями:

- глаз как божественное и магическое начало;
- глаз как символ человека, характеристика его физических и духовных данных;
- глаз как концент материческо-эталонной сферы.

ЛИТЕРАТУРА

1 В. Фон Гумбольд. Избранные труды по языкознанию / В. Фон Гумбольд. – М.: Прогресс, 1985.

2 Вакк, Ф. О. О соматической фразеологии в современном эстонском языке: дис. канд. филол. наук: Талин, 1964. – 175с.

3 Гак, В. Г. Русская динамическая языковая картина мира / В. Г. Гак // Русский язык сегодня // Сборник статей. РАН: Институт русского языка им. В. В. Виноградова. – М.: Азбуковник, 2000. – с. 36 – 44.

4 Байбурин А. К., Топорков А. Л. У истоков этикета / А. К. Байбурин, А. Л. Топорков. – Л., 1990, с. 86-91

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮНДЕСТІК ҮРДІСІ

АБЫЛХАЙЫРОВА А.
студент, ПМПИ, Павлодар қ.
СҮТЖАНОВ С. Н.
ф.ғ.д., профессор, ПМПИ, Павлодар қ.

XX ғасыр басында әдебиет тарихында бұрын-соңды кездеспеген саяси шиеленіс белең алды. Бұл дегеніміз, әдебиет арқылы саяси мәселелер қозғалып, саясат арқылы әдеби жайлар қарастырылатын болды. Мұның бір себебі де, ел қамын ойлаған ұлт көшбасшылары санатының өздері әдебиетшілер қауымынан шығуы еді. Сондықтан да отаршылдар әдебиетті қатаң бақылауға алып, өздерінің саяси мүдделері үшін пайдалануды көздеді. Кеңестің қасаң саясатының салқынынан сөз өнерінде таптық көзқарасқа сүйенген кертарпа қағида туып, әдебиеттің табиғилығы жасандылықпен ауыстырылды.

Большевиктік билік орнаған алғашқы жылдарда Түркістан әдебиеті негізінен екі бағытта дамыды: бірінші бағыттағы ақын-жазушылар бастапқы позициясын өзгертпей, ұлтшылдықты жалғастырса, екінші бағыт өкілдері кеңестік биліктің теңдік уәделеріне иланып, ұлтшылдығын кеңестік шындықпен жалғады. Екінші бағыттағы қаламгерлер кеңестердің патшалық кездегі отаршылдықты жалғастырушылар екендігіне көздері жеткеннен кейін ғана бағыттарынан теріс айналады.

Сонымен қатар екі бағыттағы азатшыл әдебиетшілер ел қамы үшін ұлттық мүдде қағидатымен 1918-1919 жылдары большевиктермен «ымыраласу» қадамына да барды. Түркістан әдебиетінің ұлтшыл бағытынан танбаған өкілдерінің ізінше жас азатшыл қаламгерлер легі келіп қосылды. Бастапқы беталысын өзгертпей, ұлтшылдығын ашық жалғастырған бірінші бағыттағы ақын-жазушылар қатарынан Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Абдурауф Фитрат, Мағжан Жұмабай тақтылес тұлғалар орын алады. Ал кеңестік биліктің теңдік уәделеріне иланып, ұлтшылдығын кеңестік шындықпен жалғаған екінші бағыттағы қаламгерлер қатарында Абдулла Авлони, Абдулхамид Сүләймани (Чулпан), Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгірұлы т.б. сияқты азатшылдарды айтуға болады. Кеңестік билікке қарсы Түркістан әдебиетін сипаттауда оның осы кезеңде қаламы мұқалмаған азатшыл өкілдерін жеке-жеке талдайтын боламыз.

А. Байтұрсынұлы – XX ғасыр басындағы Түркістанның әдеби әрі саяси тарихында ерекше көзге түсетін дара тұлғалардың бірі. Ол 1915-1917 жылдары ұлттық Алаш қозғалысын жандандыруға атсалысты.

Кеңестік кездегі А. Байтұрсынұлы қаламынан туған дүниелердің дені ғылыми еңбектер, оқулықтар және ұлттық мұқтаждықты толықтыратын мақалалардан тұрады. Оның шығармашылығынан Ресейдің «төңкеріс толқынынан» туған «қызыл» шумақтар мен таптық көзқарасқа негізделген туындыларды мүлде кездестірмейміз. Азатшыл тұлға тіпті партия құрамына алынғаннан соң да тапсырыспен жазылатын туындыларды жаратпады. Айталық, күрескердің «Ер Сайын» (Мәскеу, 1923), «Әліпби» (1924), «23 жоқтау» (Мәскеу, 1926), «Әдебиет танытқыш» (Қызылорда-Ташкент, 1926), «Баяншы» (1926), «Оқу құралы» (Қызылорда, 1926-1927), «Жаңа әліппе» (1926-1928) т.б. кітаптары мен «Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек?» («Қызыл Қазақстан», 1923. № 14), «Түрікшелер құрылтайы» («Жаңа мектеп», 1926. № 7-8) т.б. мақалалары бастапқы ұлттық реңкпен қалыптасқан шығармашылығының нақты жалғасы болды.

А. Байтұрсынұлы қаламдастарына «өзгеріндер», «қайта құрылындар» демейді, бағыттан таймандар, жалаң ұранға ермендер, ғылым мен білімді игеріп, әдебиетті байытуға, тереңдетуге тырысындар, қаламмен халықтың мәдениет теңдігін әперіндер, қазіргі жағдайда ұлтты ағартып һәм мәдениетін көтеріп қана зорлықтан, жойылудан азат ете аласындар дейді.

Міржақып Дулатұлы да «Оян, қазақ!» деп көтерген азатшыл рухтың жалауын төмен түсірмеді:

Кәрі-жасың енді ғәфіл жатпасың,

Аш көзіңді, болма баяу, Алашым! – деп ояту миссиясын өткір өлеңдерімен жалғастырды. «Жұрт болудың ойланайық амалын», «Өз қамынды ойлан өзің ел болсаң, Ел боламын, тең боламын дер болсаң» деген өлең жолдары ақынның қай бағытта ізденгенін айқындайды.

М. Дулатұлы да Алаш көсемдері Ө. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлымен қазақ ұлттық мұхтариятын құру жұмыстарының бас-қасында жүрді. XX ғасыр басында Түркістан зиялылары шоғырланған Ташкент қаласындағы түрікшілдер арасынан да табылды (1920), азатшылдардың екінші орталығы Орынбордағы әрекеттердің де бел ортасында қызмет етті. Ол 1922-1926 жылдары Орынбордағы қазақтың халыққа білім беру институтында (КИНО) ұстаздық етті. Ұстаздық қызметке қайта оралғаннан кейінгі осы төрт жыл, одан кейін Қазақстан мемлекеттік баспасында бөлім бастығы болып істеген кездері – Дулатұлының қарбыта қалам сілттеп, өндірте жұмыс істеген табысты жылдары болды. Ол екі бөлімнен тұратын «Есеп құралын» әзірлеп, Ташкент қаласында бастырып шығарды. 1922 жылы «Балқия» атты төрт перделі драмалық шығарма жазды. Күрескердің осы трагедиялық пьесасы ұлттық драматургияны ілгері бастыруда маңызды рөл атқарып, қазақ ұлттық театрының шаңырақ көтеруін тездеткен шығармалардың бірі болды. 1924 жылы Орынборда «Қирағат кітабы» атты хрестоматиялық оқулығы жарық көрді.

Кеңестік кезеңдегі басқа да азатшыл ақындар шығармашылығында байқалғандай, Дулатұлының да шығармаларында саяси үн ерекше басымдылық алды. Ол көсемсөзші ретінде әбден төселді. М. Дулатұлы көсемсөздерінде ұлт тәуелсіздігі, Түркістанның әлеуметтік өмірі, мәдениет, әдебиет, экономика, тарих, дін мен тіл мәселелері, сондай-ақ халықаралық оқиғалар да қарастырылды. «Газет бетінде Міржақып көтерген мәселелердің ішінде ең бір сүбелісі де, ең шетіні де – отарлау мәселесі, қазақ жеріне қоныстандырылған шаруалар мен жергілікті халықтың арасындағы қарым-қатынас жайы» болды.

Сол кезде жүріп жатқан «ымыраласу» саясатына Фитрат та тартылды, яғни ол 1919 жылы компартияға тіркелді. Бірақ Фитрат туындылары арасынан да партия нұсқауымен жазылған шығармалар кездеспейді. Ақын еш уақытта ұлтшылдығы мен түрікшілдігінен танбады. Классикалық үрдіспен Отаны Тұранды асыл анаға балаған лирикалық кейіпкерінің жалғыз мұраты бастапқыдай Отан ананы құтқару болып жалғасты:

Төбемнен әскерлер ғана емес шайтан ордасы қаптаса да,
Аяғымды темір тұсау ғана емес, тозақ жыландары матаса да,
Тағы да саған барамын.
Басыма бүтін дүниенің бар бөлесі төнсе де,
Көзіме зұлымдықтың темір тікендері кірсе де,
Тағы сені құтқарамын.
Мен сен үшін тірілдім,
Сен деп өмір сүрем,
Сен үшін өлемін, уа, түріктің қасиетті ошағы!

«Темір алдында» деген өлеңінде түрік сардары Темір құзырына отарланған елі үшін медет сұрап барады (бұл «елу жылдан бері езілдік..» деген сияқты Фитрат мансурларынан бірі):

Анашым, сені құтқару үшін жаным керек пе?
Намысым, ұжданым, иманым керек пе?
Тамырымда Темір мен Шыңғыстың қаны тасыды,
Айтшы, сені құтқару үшін қаным керек пе?
Жау келсе жүрегіне қылыш сұққалы,
Кеудемді тұт алдыға қалқан керек пе?
Қарашы, түрік теңізіне толқындап тұр,
Тұран жауын қууға топан керек пе?
Тұран, жігіттеріңе қара, бәрі аяқта,
Жұрт күзетіңе арыстан керек пе?...

Түркістан автономиясы басқыншылар қолына өткеннен соң Бұхарадағы, Самарқандағы ұлт күрескерлері Ташкентте топталды. Азаттық күресті жұмыла жалғастыру ниетінде Алаш азаматтары да осы қалада бас қосқандығы мәлім. Фитрат пен Чулпан да түрік тарландары топталған осы тұста танысса керек. Фитраттың Ташкенттегі атқарған ең үлкен істерінің бірі – 1918 жылы «Чиғатой гурунги» тобын (Шағатай бәсі) саптауы еді. Рухани құлдықтан құтылуды мақсат еткен ұйым мүшелері күрес жолында өздеріне маңызды міндеттер жүктеді.

Чулпан да осы топтың он үш мүшесінің бірі болды. «Чиғатой гурунги» тарихы әлі күнге дейін жүйелі түрде зерттелген жоқ, десе

де оның әдебиет тарихы мен құнды мұраларын саралап, ғылыми зерттеп, халыққа танытудағы игі істері белгілі. Ұйым 1918 жылдың қараша айынан 1921 жылдың қаңтар айлары аралығында, небәрі үш жылда тек өзбек әдебиетінің ғана емес түрік әлемі мен мәдениетін зерттеудің жаңа бастамаларын ашып, ұтымды әдістерімен өте жемісті жұмыстар атқарды. Топты басқара жүріп Фитрат Түркістан халықтарының бай да көне мәдени мұраларын әр қырынан, жүйелі де кешенді зерттеудің көзін ашып берді.

Фитрат 1920 жылы Бұхараға қайта оралды. Ол мұнда әуелі Сыртқы Істер министрі, кейін Білім министрі лауазымдарына тағайындалады. Бұл кезде Бұхара өлкесі Файзулла Хужаев басқаруында болатын. Екеуінің ортақ әрекетімен өлкедегі білім беру саласы алға басты. Олар сол жылы Алманияға алпысқа жуық оқушы жіберді. Абдурауф Чулпан мен Мунаввар Қари сынды әріптестерін де туған жеріне шақырды. Осылайша жәдитшілдер Бұхарада қайта шоғырланды. Фитрат тобының ұсынысымен үкімет Бұхара көтерілісінің тарихын жазу туралы қаулы қабылдады. Бір ортада қайта шоғырланған бұхаралық түрікшілдердің табанды әрекеті нәтижесінде елде 1921 жылдың наурыз айында түрік тілі мемлекеттік тіл болып бекітілді. Көп кешікпей өлкеде Мемлекеттік театр да тұрақты жұмыс істей бастады. Әрине жергілікті халық ішіндегі мұндай игі өзгерістер Турккомиссияға ұнай қоймады. 1923 жылы Халық шаруашылық кеңесі басшысының орынбасары лауазымын атқарып жүрген Фитрат орнынан босатылды.

Фитрат XX ғасырдың екінші жартысында негізінен ғылыми жұмыстармен шұғылданған көрінеді. Бұл кез – Абдурауфтың ғалым ретінде әбден төселген шағы еді. Ғалым тек өзбек әдебиеті мәселелерімен ғана емес, түрік әдебиетінің терең тарихы және оның көптеген мәселелерімен айналысып, Афрасияб – Алып Ертоңға, Ясауиден Чулпанға дейін жазды. Оның ғылыми мұрасының жетістіктерін қазіргі әдебиеттану ғылымына пайдалансақ, көптеген мәселелердің басы ашылып, біраз жаңалықтарға қол жеткізеріміз анық.

Абдурауф Фитрат кеңестік билік тұсында да өте өнімді жазды. Оның бүгінге дейінгі құрастырылған төрт томдық шығармалар жинағының үш томы осы тұста дүниеге келген туындылар. Мысалы азатшылдың кеңес отаршылдығына қарсы «Мұсылмандар, қапы қалмандар» («Хуррият», 1917. № 33), «Шурай Исламияның қателігі» («Хуррият», 1917. № 36), «Түркістанда орыстар» («Хуррият», 1918. № 63-64), «Шығыс саясаты» («Иштирокиюн», 1919) т.б.

көсемсөздері, түріктік сананың оянуына қызмет ететін «Құтадғу білігі» («Маориф ва уқитғучи», 1925. № 2), «Науаидың парсы тілді шығармашылығы һәм оның парсы девоны турасынды» («Маориф ва уқитғучи», 1925. № 12), «Ахмед Ясауи» («Маориф ва уқитғучи», 1927. № 6), «Өзбек акыны Тұрды» («Маориф ва уқитғучи», 1928. № 1), «Шағатай әдебиеті» («Қизил қалам», 1929), «Мухаммад Солих» («Аланга», 1929. № 10) т.б. ғылыми еңбектері және «Қиямат» әңгімесі (1923), Түркістан әдебиетінің сахналық шығармаларын биік белеске көтерген драмалық шығармаларының барлығы кеңестік отарлауға қарсы туған дүниелер еді.

Фитраттың сахналық шығармалары Түркістан театрының дамуына орасан зор қызмет етті. Өзбек бұтағындағы жәдит драматургиясының іргетасы М. Бехбудидің «Падаркуш» пьесасымен қаланып еді. Драмадан алғаш 1914 жылы сахналанғаннан кейін Түркістан әдебиетінде сахналық шығармалар көптеп туа бастады. Фитраттың жеке қаламынан оннан аса драмалық туындылар шықты. Санамалап шықсақ, жанама тақырыппен Үндістан азатшыларын баян еткен пьесалары «Чин севиш» (1920), «Хинд эхтилолчилари» (1923) немесе қанды қылыш билеушілер саясатын әшкерелей отырып, ұлттық болмысты, еркіндікті аңсайтын «Уғизхон», тарихи мазмұнда жазылған өзбек әдебиетіндегі бірінші драма болып табылатын «Абулфайз хон» (Мәскеу, 1924), әпсаналық «Шайтанның тәңіріге қарсылығы» (Ташкент, 1924), «Арыстан» (1926 Самарқан-Ташкент), «Темір сағанасы» (1918), «Оғызхан» (1919), «Қан» (1920), тәжік тілінде жарияланған ең алғашқы сахналық шығарма саналатын «Восеъ қузғолони» немесе «Шуриши Восеъ» (1927) пьесаларын айтуға болады.

Драматург өз идеясын кейіпкерлерінің тілімен беру арқылы асқан шеберлікпен азатшыл ойларын өрнектеді. Ұлттық болмысты, оның қадір-қасиетін жоққа шығарып, тек партия мүддесіне қызмет етуші кеңесшілерге Фитраттың шебер шығармашылығы, ондағы түрікшілдік ұраны үлкен қауіп төндірді. Оның кеңестік отаршылдыққа қарсы түріктерді бірігуге үндеуі кеңесшілер идеясына балта шапқандай әсер етті. Шектеулі идея өкілдері ақын шығармаларының халық арасына таралмауының алдын алып, баспаларға қайта жіберілуіне тыйым салды, ал басылған еңбектердің оқылмауын қарастырды.

Ұлт зиялылары тарихи процеске үлкен өзгерістер әкелді. Атап айтқанда, қос төңкеріс тұсында түркілік түлектер ұлттық мемлекет құрылымдарының негізін қалады; болашақтың бағдарламасын

жасады. Ұлт зиялыларының құрамында әдебиет пен мәдениет қайраткерлері де болды. Бұл іске олар таза творчестволықпен кірісіп, халықтың мүдде-мұратын, арман-аңсарын тап басып, айта білді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Реизов Б.Г. Сравнительное изучение литературы // В кн. Вопросы методологии литературоведения. – М.-Л.: Наука. – 1966.

2 Чулпон. Яна олдим созимин. – Тошкент: Ф. Ғулом номидаги Адабиет ва санъат нашриети. – 1991. – 576 б.

3 Турдыев Ш. «Берегите мудрецов». Судьба и смерть М.Бехбуди // «Звезда Востока». – 1991. – № 5. – С. 83-86.

4 Қамзабекұлы Д. Әдеби-тарихи процесс: ағымдар, концепциялар (Ағартушылық кезең)). – Фил. ғыл. док. дис. авторефераты. – Алматы. – 2003.

MALE HONORIFICS IN ENGLISH JOKES

ADAMZHANOVA N. S.

student, S. Toraighyrov PSU, Pavlodar

ZHURAVLEVA E. A.

master, senior lecturer, S. Toraighyrov PSU, Pavlodar

In today's world, diverse cultures interact with each other because of the interconnected economies, the Internet, improved transportation system, global trade, and the growth of MNCs. Cross-cultural communication is becoming more influential. The study of foreign humor is an important step in deepening the understanding of the mentality of different ethnic groups. The work was written in order to identify the honorifics existing in English jokes, which, in turn, will lead to a better understanding of English culture and, as a result, will ease its comprehension during a cross-cultural communication. The analysis conducted is based on the analysis of English jokes which involve male honorifics as a subject or an object.

The problem of the relationship between honorifics and jokes plays an important role in linguistics. The relevance of this work is based on the fact that modern jokes reflect current mode of life because they exist due to active participation of every individual, and thus are called 'a form of traditional folk literature' [1, c. 65]. This paper gives a detailed analysis of male honorifics in English jokes. It first describes the use of

male titles in different English jokes and then gives valuable information on the origins of these honorifics.

Honorific is an expression or title that is used to show respect for the person you are speaking to [2, c. 943]. There are several types of male honorifics. These can be the salutations indicating respect and affection, e.g.: 'Mr.', 'Sir', which are used before the family name or full name, or 'General', 'Father', 'Doctor', which can function independently. There are many examples of male titles that are used to denote person's nobility or royalty, such as 'Your Majesty', 'Your Royal Highness' or 'My lord'.

According to their functional peculiarities, the male honorifics addressed to a person can be divided into several groups: conventional, family, occupational, noble, and first name male honorifics.

The group of conventional honorifics basically includes 'Sir' and 'Mister'. The word 'Sir' is a title of honor of Knight or Baronet and is derived from the word 'sire'. The word 'sire' comes from the Middle French 'sieur'. 'Sieur', as well as 'sire', had a meaning equivalent to 'father'. The clear evidences of it are that Old French 'grant-sire' was a synonym to 'grand-pere' and that the word 'sire' was used to address a married man only [3, c. 24].

- What is the name of the knight who moonlights as a geologist?
- Sir Vey.

Paronomasia, or pun, is used as a main tool in these joke written above by adding 'Vey' to 'Sir', thus, making these words sound similar to the words 'survey'. When 'Sir' is written with a lowercase 's', it is used to express respect to a man. Next joke is an instance of using 'sir':

One day a group of husbands and wives went to a scientific program. The doctor there was showing them brains from real people and telling how expensive it would be to buy one. He said it was five million dollars for a female brain and ten million dollars for a male brain. The men snickered, thinking they knew why. One of the women said, 'Well, why is that, sir?' The doctor answered, 'The men's brains cost more, for they have never been used'.

The word 'mister', not 'Mr.', can stand alone when stressing person's name is redundant:

A man comes across another man lying in the road. He looks up and says, 'Mister, call me an ambulance!'

The other fellow says, 'Are you sure that's what you want?'

He says, 'Mister, please, call me an ambulance!'

The other guy says, 'OK, if that's what you want: Hey, mister, YOU'RE AN AMBULANCE!'

The English language uses a broad array of family honorifics related to men, such as 'Father', 'Son' and 'Brother'.

'Father' is an ancient Indo-European word with long history and has a plethora of forms, e.g., 'papa', 'par', 'pappy', 'pa', 'pop', or 'dada', 'dad', 'daddy' [4, c. 124-134]. Jakobson suggests that 'father' is a modification of nursery words like 'papa' and 'dada' [4, c. 538-545] called 'reduplicated canonical babbling' [5, c. 236], i.e., producing of polysyllables with repeated consonants and vowels. The forms derived from 'papa' and 'dada' are used in jokes more often than 'father' which is considered to be too formal. In support of everything mentioned above, there is an example which vividly illustrates a conversation between a father and a son in an informal situation:

A small boy was at the zoo with his father. They were looking at the tigers, and his father was telling him how ferocious they were.

'Daddy, if the tigers got out and ate you up...'

'Yes, son?' the father asked, ready to console him.

'... Which bus would I take home?'

'Son' is derived from 'suhnus' which means «son» in Proto-European language [6, c. 81]. Usually, parents use 'Son' or 'Sonny' when referring to their children:

Father: Son, when Lincoln was your age, he walked 10 miles to school in a foot of snow.

Son: Well, when he was your age, he was a president.

The meaning of 'Husband' is believed to be 'the head of a household'. The word itself dates back to Old English and is a compound of *hús*, 'house', and *bónda*, 'peasant'. The root of 'bonda' is 'búa' or 'bóa', 'to dwell' [7, c. 169], therefore, 'Husband' conveys the meaning of «male head of a household, master of a house, householder».

Wife: I found Aladin's lamp today.

Husband: Wow, what did you ask for, darling?

Wife: I asked him to increase your brain power by ten times.

Husband: Oh! Love you so much! Did he do that?

Wife: He laughed and said multiplication doesn't work with zero.

The joke written above is an example of how husbands are addressed nowadays. Spouses rarely tend to call each other 'husband' and 'wife' in a *tete-a-tete* conversation. They rather use first names or endearments, such as 'darling', to show affection and love.

'Occupational' male honorifics include names of professions which can be applied as titles, i.e., 'Doctor' and 'Professor', etc.

Formerly, the title ‘Doctor’ was used to refer to a religious teacher or scholar and dates back to 1303. Afterwards, the word ‘doctor’ started to convey the meaning of ‘one having the highest university degree’ and, finally, ‘one having a medical degree’ [8, c. 880].

As H. L. Mencken says, all medical practitioners have Doctor title in America, but this trend is not so widespread in England, especially among the lower ranks [9, c. 137]. However, in England medical practitioners are addressed as ‘Doctor’ traditionally when someone refers to them in the second person. Consequently, the following jokes originated from American English:

A hurried man runs into his physician’s office. ‘Doctor! Doctor! My wife’s in labor! But she keeps screaming, «Shouldn’t, couldn’t, wouldn’t, can’t!»’

‘Oh, that’s okay,’ says the doctor. ‘She’s just having contractions.’

The Latin verb ‘profiteri’, which means ‘to declare aloud’ in Latin, laid the foundation for two nouns, i.e., ‘professor’ and ‘professional’ [10, c. 129]. H. L. Mencken points out that in America ‘every male pedagogue is a professor, and so is every band leader, dancing master and medical consultant’ [10, c. 138]. However, in England the title is used as an academic rank at universities only. Its short form, ‘Pr.’, traces back to 1706 and is used together with the person’s name.

Professor: And now, Mr. Jones, what do you know about French syntax?

Student: Professor, I didn’t know they had to pay any!

The honorifics such as ‘Your Majesty’ and ‘Your Highness’ are included in the group of noble honorifics used when referring to a monarch.

The word ‘majesty’ is derived from the Latin word ‘majestas’ and was a symbol of ‘the highest power and dignity’ in Rome [11, c. 4236]. ‘Majesty’ replaced ‘highness’ and was used as a title for the first time by Charles V, Holy Roman Emperor. The first king to be called ‘Your Majesty’ in England was Henry VIII. Nowadays, ‘Your Majesty’ is used to address all European emperors and kings [12, c. 224].

Paddy Englishman, Paddy Scotsman and Paddy Irishman were boasting about their Uncles being so famous.

Paddy Englishman says, ‘My Uncle’s descended from the Kings of England, and when he walks down the street, everybody bows down and says, «Your Majesty, Sir».’

Paddy Scotsman says, ‘My Uncle’s a Bishop, and when he walks down the street, everybody bows down and says, «Your Honor, Sir».’

Paddy Irishman says, ‘My Uncle weighs 25 stone, and when everybody sees him they say, «Lord Almighty!»’

Old English word ‘Lord’ has a plethora of meanings, such as ‘master’, ‘prince’, ‘chief’, ‘sovereign’, ‘feudal superior’ and ‘husband’, however, its original meaning is customarily assumed to be ‘the male head of the household’ [7, c. 53]. To summarize the information given on the etymology of the words ‘husband’ and ‘lord’, these two honorifics give the same meaning, i.e., ‘the head of the household’. However, they do not have same roots because ‘husband’ is derived from the words ‘hus’ and ‘buan’ while the word ‘lord’ comes from Old English ‘hlaford’ [13, c. 248].

The word ‘Lord’ was firstly used in religious context by English Bible translators such as Bede [14, c. 6]. Nowadays, it is widespread to substitute the word ‘God’ with ‘Lord’:

A missionary was walking in Africa when he heard the ominous padding of a lion behind him. ‘Oh Lord,’ prayed the missionary, ‘Grant in Thy goodness that the lion walking behind me is a good Christian lion.’

And then, in the silence that followed, the missionary heard the lion praying too: ‘Oh Lord,’ he prayed, ‘We thank Thee for the food which we are about to receive.’

The first name male honorifics include all first names without ‘Mr.’, ‘Sir.’ or another titles added. The tendency of addressing people by their first names is common between relatives and friends who are close enough to tolerate such familiarity. English names usually tend to have implicit connotation; therefore, their meaning is not so obvious. The reason is that English first names usually originate from ancient and extinct languages or the Bible:

Teacher: Paul, give me a sentence beginning with ‘I’.

Paul: I is the...

Teacher: No, Paul. You must say ‘I am’ not ‘I is’.

John: All right. I am the ninth letter of the alphabet.

‘Paul’ originates from the Latin word meaning ‘small’ or ‘humble’ and is widespread in most European languages. Aaron is English form of Greek Aarōn and means ‘light-bringer’.

To conclude, this paper was set out to understand English male honorifics. It explained the meaning of specific honorifics and the way they came into use. This was conducted via studying English jokes. Apart from touching on the matter of words’ etymology and meaning, the article also discussed the way of using same honorifics towards different social groups, i.e., naming both God and feudal superior as ‘Lord’.

REFERENCES

- 1 Hetzron, Robert. 'On the structure of punchlines'. *Humor: International Journal of Humor Research*, vol. 4. New York: Mouton de Gruyter, 1991.
- 2 Bullon, Stephen. 'Longman Dictionary of Contemporary English'. London: Pearson ESL, 2008.
- 3 Spencer, Herbert. 'The Evolution of Ceremonial Government'. *The Popular Science Monthly*. New York: D. Appleton & Company, 1878.
- 4 Jakobson, Roman. 'Why «mama» and «papa»'. Jakobson, R. *Selected Writings*, vol. I: Phonological Studies. The Hague: Mouton, 1962.
- 5 Ferguson, Charles A. and Macken A. Maryls. 'The Role of Play in Phonological Development', *Children's Language*, vol. 4. London: Lawrence Erlbaum Associates Inc., 1983.
- 6 Fortson IV, Benjamin W. 'Indo-European Language and Culture: an Introduction'. Chichester: Blackwell Publishing, 2010.
- 7 Durkin, Philip. 'The Oxford Guide to Etymology'. Oxford: Oxford University Press, 2009.
- 8 Mory, Robert N. et al. 'The Leech and the Physician: Biology, Etymology, and Medical Practice with *Hirudinea medicinalis*'. *World Journal of Surgery*. Berlin: Springer Science+Business Media, 2000.
- 9 Mencken, H.L. 'The American Language: An inquiry into the development of English in the United States'. New York: A.A.Knopf, 1921.
- 10 Williams, Raymond. 'Keywords: A vocabulary of culture and society'. New York: Oxford University Press, 1983.
- 11 Salvo, Davide. 'The Encyclopedia of Ancient History'. Hoboken: Blackwell Publishing Ltd., 2013.
- 12 Lieber, Francis. 'Encyclopedia Americana', vol. 8. Philadelphia: Carey and Lea, 1831.
- 13 Reid, Alexander. 'A Dictionary of the English Language'. Edinburgh: Oliver & Boyd, Tweeddale Court, 1844.
- 14 Huntley, James W. 'Lordship vs Discipleship'. Bloomington: AuthorHouse, 2013.

ДИАЛЕКТИЛІК ЖӘНЕ КӘСІБИ СӨЗДЕР

АДАМОВА Т.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ТҰРЫШЕВ А. Қ.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ тілінің жалпыхалықтық лексикасы жалпылама лексика және қолдану өрісі тар лексика болып бөлінетінін білеміз. Біз сөз етейін деп отырған кәсіби сөздер мен диалектілер, міне, ұлттық лексика ішінен қолдану өрісі тар лексикаға енеді.

Диалектілік сипаттағы кәсіби сөздерге тоқталмай тұрып, алдымен жалпы қазақ тілінде кәсіби сөздерге қандай анықтама берілгендігін анықтайық.

Ғ. Қалиев пен Ә. Болғанбаев өз еңбектерінде кәсіби сөздерге мынадай анықтама береді: «Кәсіби сөздерге жалпы халыққа бірдей түсінікті бола бермейтін, белгілі кәсіп я шаруашылық саласымен шұғылданатын адамдардың арасында ғана айтылып, соларға түсінікті сөздер мен сөз тіркестері жатады» [1, 158]. Мысалы, иінілік – ау тоқитын ағаш ине, кемпірауыз – шеге сырғыш құрал немесе Шығыс Қазақстан тумасы Оралхан Бөкеев шығармасындағы «Қанша құласаң ауырсынбайтын, қанша аунасаң жапырылмайтын күлтеленген күреңсе балапан табанымызға кілемдей жұмсақ тиюші еді-ау» [4, 127] деген сөйлемде біз үшін бейтаныс сөздер ретіндегі күлтеленген және күреңсе деген сөздерге талдау жүргізейік. Күлтеленген – Ақтөбе облысы, Қарабұлақ ауданы, Орал облысы Чапаев ауданының тұрғындарының тілінде қолданылатын түрлену, көріктену деген мағына беретін қарапайым диалекті, ал күреңсе – сазды жерге шығатын шабынды шөп, бұл сөз Жамбыл облысы, Мерке аудан тұрғындары тілінде кездеседі екен, яғни бұл белгілі бір кәсіпке байланысты болып тұрғандықтан, нақтырақ айтсақ бау-бақша кәсібіне, бұл сөзді кәсіби диалект ретінде қарастыруға болады [5, 377, 383]. Сонымен қатар термин сөздер мен кәсіби сөздердің айырмашлықтарын білген жөн. Аталған зерттеушілер осы екі арнаулы сөздердің түрлерінің өзара ерекшеліктер ретінде басты орынға мына сипаттарын қояды: біріншіден термин сөздер ғылым, техника салаларының дамуымен байланысты мамандар жасап қалыптастырған сөздер, ал кәсіби сөздер белгілі кәсіп түрлерімен шұғылдануға байланысты жергілікті халықтың өз арасында туған сөздер; екіншіден кәсіби сөздерді белгілі бір

территорияны мекендеуші тұрғындар қолданса, ал терми сөздерде ондай территориялық шек жоқ [1, 158].

Қазақ тілінде кәсіби сөз мол кездеседі. Олар таралу сипаты жағынан екі топқа бөлінеді: жалпыхалықтық кәсіби сөздер және диалектілік кәсіби сөздер. Жалпыхалықтық кәсіби сөздер, аты айтып тұрғандай, халық тілінде қолданылып, әдеби тіл лексикасына еніп кеткен сөздер. Ал диалектілік кәсіби сөздерге тереңірек тоқталайық.

Ш. Сарыбаев өз еңбегінде диалектілік сипаттағы кәсіби сөздерге халықтың қолдануынан орын ала алмай жүрген, бірақ әдеби тілді байытуға аса қажетті сөздермен қатар әдеби тілде баламасы бар, сол себепті әдеби тілдің лексикасына кіре алмайтын сөздер тобын жатқызады [2, 74]. Диалектілік кәсіби сөздердің жалпыхалықтық тілде баламалары бар да, әдеби тілде баламалары сирек кездеседі.

Жалпылай алғанда халық тілінде ұшырайтын кәсіби сөздер белгілі аймақтың тұрғындарының айналысатын кәсібіне қарай туындайтыны айдан анық. Мысалы, оңтүстік қазақтарының кәсіптері мақта, бау-бақша, суарылмалы егін шаруашылығы немесе Каспий, Арал, Балқаш өңірлерінде балық аулау кәсібі қарқынды дамығандықтан осы өлкелердің кәсіби лексикасының сөздік қоры аталған кәсіптерге байланысты жиі кездеседі. Н. Жүнісов: «белгілі бір өлкедегі кәсіп түрі – соған сай кәсіби сөздердің тууының басты себебі. Кәсіби сөздердің көп жағдайда халық тілінің жергілікті ерекшелігі болып табылу сыры да осында жатыр» [3, 122] деген пікірі де осыған дәлел болып келеді. Қарақалпақ өңірінің қазақтарының жергілікті тіл ерекшеліктерін зерттеген Н. Жүнісов осы аталған өңірдің шаруашылығына да тоқталып өткен. Зерттеушінің деректеріне сүйенсек аталған өңір қазақтары жібек құртын өсіру, бау-бақша, балық, мақта, егін егу сияқты шаруашылықпен айналысады. Әсіресе Арал төңірегіндегі Мойнақ ауданын қоныстанған қазақтарда балыққа, балықшылық кәсіпке байланысты, ал Тахтакөпір, Қараөзек, Шымбай, Кегейлі аудандарын мекендеген қазақтарда мақтаға, жібек құртын өсіруге, бау-бақшаға, егін егуге байланысты айтылатын сөздер көп кездесетіні анықталған. Осыған байланысты Жүнісов осы өңір шаруашылығына қарай кәсіби сөздердің бірнеше кәсіп салаларына байланысты түрлерін көрсеткен: балық, теңіз кәсібі, мақта шаруашылығына байланысты, егін шаруашылығына, су шаруашылығына, мал шаруашылығына байланысты кәсіби сөздер [3, 124]. Бұл жерден зерттеушінің тек маңызды кәсіп түрлеріне ғана біраз үстіртін тоқталғанын байқаймыз. Ал Ф. Қалиев пен Ә. Болғанбаев еңбектерінде жалпы кәсіби сөздерді кәсіби-өндірістік

мәніне қарай екі үлкен топқа жіктеген. Біздің ойымызша жалпы кәсіби сөздерді алдымен осы зерттеушілер тұрғысында жіктеп алған жөн. Бір саласы әр түрлі шағын кәсіпке (балташылық, ұсталық, өрімшілік, тоқымашылық т.б.) байланысты сөздер [1, 158]. Мысалы, тарақ балта – жүзі кедір-бұдыр балта, пышқы – араның бір түрі немесе тағы Оралхан Бөкей шығармаларындағы тілдік ерекшеліктерге көз жүгіртейік: «Қарағайдың жуан кеспелтек шөркесінен стол жасап, май шам қойыпты» [4, 218] деген сөйлемдегі шөрке кәсіби диалекті, оның ішінде біз сөз етіп отырған шағын балташылық кәсібіне қатысты сөз. Себебі шөрке – Алматы облысы, Еңбекші қазақ ауданы, Семей облысы, Абай, Шұбартау, Ақсуат аудандары тұрғындарының тілінде арамен кесілген кеспелтек ағаш мағынасын білдіреді, сонымен қатар бұл сөз Шығыс Қазақстан облысы Большенарым ауданында ағаш жару үшін пайдаланылатын кеспелтек ағаш деген мағына береді [5, 738]. Ал кәсіби сөздердің екінші тобы ірі кәсіпшілікке байланысты. Бұған жоғарыда тоқталған Жүнісов жіктеуін жатқызуға болады.

Жалпы Н. Жүнісов пікірімен санасып жатқан келесі жіктеу Ф. Қалиев, Ш. Сарыбаев еңбектерінде кездеседі. Тек мұнда біраз өзгешеліктер бар. Мысалы, Жүнісовта кездесетін балық шаруашылығына байланысты кәсіби сөздер аталған зерттеушілерде де бар, бау-бақша, мақта шаруашылығы да мағыналық сипаты жағынан астасып жатыр. «Қазақ диалектологиясы» атты еңбекте Жүнісов жіктеуінен ерекшеленетіні дақыл түрлерін егін шаруашылығынан бөліп қарастыруы [2, 78].

Енді кәсіби сөздердің жасалу жолдарына біраз шолу жасап өтейік. Кәсіби сөздердің көпшілігі тілдің сөздік қоры негізінде сөз тудыру тәсілдері арқылы жасалған. Сонымен қатар Ш. Сарыбаев кәсіби сөздердің жасалуының тағы бірнеше түрлерін көрсетеді. Сөз мағынасының жаңаруы арқылы жасалған сөздер, мысалы, сүзгі – балық сүзетін құрал, өре – ау торының кре жазған бойы; кірме сөздерден жасалған кәсіби сөздер: шөмейке – шемай балық (орыс тілінен енген сөз), шан – балық тұздайтын үлкен бөшке (орыс тілінен енген) [2, 80].

Сөзімізді қорытындылай келсек, жоғарыда келтірілген біраз дәлелдердің нәтижесінде қазақ тіліміздегі кәсіби сөздер таралу жағынан да, әдеби тілге қатысы жағынан да біркелкі еместігін анықтадық, оның ішінде күрделі зерттеуді қажет ететін диалектілік сипаттағы кәсіби сөз екендігі айдан анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» Алматы, «Сөздік-Словарь», 2006, -Б. 158.
- 2 Қалиев Ғ., Сарыбаев Ш. «Қазақ диалектологиясы» Алматы, «Мектеп», 1967, -Б. 74, 78, 80.
- 3 Жүнісов Н. «Халық тілінің жергілікті ерекшеліктері» Алматы, «Мектеп», 1981, -Б. 122, 124.
- 4 Бөкеев О. «Үркер ауып барады» Алматы, «Жалын», 1981, -Б.127, 218.
- 5 Диалектологиялық сөздік, Алматы, «Арыс», 2007, -Б. 377, 383, 783.

ФУНКЦИИ МОЛОДЕЖНОГО СЛЕНГА В ПОВЕСТИ Д. ДЖ. СЭЛИНДЖЕРА «НАД ПРОПАСТЬЮ ВО РЖИ»

АМАНГАЛИЕВА С. А.

студент, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

Сленг всегда выступал и выступает как определенная четко различимая языковая система: хотя, как и другие звенья языка, он постоянно развивается, пополняется новыми словами и новыми значениями слов, основой костяк его лексического, грамматического и фонетического состава остается неизменным. Не теряет сленг и своего функционального своеобразия. Мы склонны выделять общий и специальный сленг. Специальный сленг является принадлежностью тех или иных профессиональных коллективов и включает в себя не принятые в литературном языке слова и выражения, входящие в специальную лексику и различные жаргоны. Общий сленг - широко распространенная и общепонятная социальная микросистема, включающая слова, изначально появившиеся в специальном сленге, но затем, в силу различных причин, расширившие ареал своего употребления. Поэтому существуют функции, которые присущи только специальному сленгу (например, эзотерическая и идентификационная), а для общего сленга эти функции не характерны, т. к. особенностью общего сленга является общность для всех социальных групп носителей языка.

В данной статье на материале повести Д. Сэлинджера «Над пропастью во ржи» рассматриваются следующие функции сленга: номинативная, когнитивная, коммуникативная, эмоционально-

оценочная, экспрессивная, мировоззренческая, идентификационная, дейктическая, эзотерическая (крипто-функция или конспиративная), сигнальная (идентификационная), функция экономии времени.

Коммуникативная функция сочетается с номинативной в силу того, что наименования в сленге и в языке появляются вследствие коммуникативных потребностей говорящего. Номинативные единицы, не имеющие эквивалента в стандартном языке, несомненно, обладают высокой коммуникативной значимостью, т.к. они упрощают, а порой определяют процесс коммуникации. Так, в английском сленге существует лексема to flunk out (быть исключенным из института после несдачи экзамена), которая не имеет соответствия в стандартном языке. Однако главный герой повести Д. Сэлинджера употребляет этот сленгизм в разговоре со своими друзьями, сверстниками, обучающимися в школе-интернате для мальчиков из состоятельных семей Пенсии: «I'm the one that flunking out of the goddam place, and you're asking me to write you goddam composition».

Для них это слово не просто понятно, но и необходимо, т.к. знание сленга позволяет им непринужденно общаться и понимать друг друга с полуслова.

Такие лексические единицы и когнитивно значимы, т.к. входят в языковую картину мира в качестве уникальных элементов. Таким образом, мы можем наблюдать связь коммуникативной функции когнитивной. Последняя проявляется в том, что многие наименования в сленге несут в себе дополнительную информацию, отсутствующую в стандартных обозначениях, и посредством этого репрезентируют дополнительные знания об окружающем мире.

Номинативная функция. В связи с техническим прогрессом, процессом компьютеризации, стремлением следовать тенденциям моды появляются новые сленговые слова, т.к. в литературном языке отсутствуют адекватные обозначения некоторых реалий. В таких случаях, когда слова и словосочетания, входящие в сленг, не имеют словарных соответствий в других пластах лексики, лексикографы вынуждены прибегать к описательным приемам для объяснения тех или иных лексических единиц. Например, в повести «Над пропастью во ржи» встречаются сленгизмы, не имеющие постоянных и равнозначных соответствий, поэтому в словаре Oxford Dictionary of Modern Slang (J. Ayto, J. Simpson) для них даются определения в виде развернутых словосочетаний: lulu – a remarkable or excellent person or thing; tail – woman regarded collectively (by men) as means

of sexual gratification: sexual intercourse: falsies – a padded bra: breast – pads [1, с. 410]

Сленг не только обозначает противоречащие морали и закону явления, он выражает и определенное отношение к ним – эпически-нейтральное, положительное либо несколько высокомерное и пренебрежительное. Таким образом, мы можем говорить об эмоционально-оценочной функции сленга.

В следующем примере из повести Сэлинджера многие слова имеют вульгарно-разговорную окраску, они эмоциональны, экспрессивны и не оставляют никакого сомнения относительно взаимного чувства неприязни и даже ненависти Стрэдлейтера и Холдена Колфилда:

«You don't even know if her first name is Jane or Jean, you goddam moron!

«Now, shut up, Holden, God damn it – I'm warning ya», – he said. I really had him going. «If you don't shut up, I'm gonna slam ya one».

В данном диалоге употребляется сленгизм *shutup*, который выражает сильную степень раздражения, компонент оценки в нем присутствует, но он смещен, т.к. отрицательное отношение направлено не на то, чтобы человек замолчал, а на то, что он говорит. В словах сленга обязательно присутствуют все типы коннотаций: эмоциональный компонент в большинстве случаев иронический, презрительный и соответственно оценочный.

Многие ученые указывают на тот факт, что эмоционально-оценочная функция переплетается с экспрессивной функцией сленга. Это связано с тем, что коллектив, который использует в своей речи сленг, стремится к образному выражению своих мыслей, к передаче своего отношения к окружающему миру, событиям, происходящим в нем, к их оценке.

Сленгизмы представляют собой стилистические синонимы слов и словосочетаний литературной речи, они никогда не являются единственным средством выражения тех или иных понятий. Именно поэтому они как бы вторые, более экспрессивные, чем обычные, названия предметов, почему-то вызывающие эмоциональное к себе отношение. Экспрессивность их опирается на образность, остроумие, неожиданность, иногда забавное искажение. Экспрессивная функция доминирует над номинативной.

Многим словам сленга присущи меткий юмор, гротескное подчеркивание нелепой или смешной стороны обозначаемых ими предметов или явлений: *to chew the rag (fat)* – подробно обсуждать

вопрос, ворчать; *yellow-belly* – трус; *to tickle the pants off some one* – уморить смехом, обрадовать до смерти, рассмешить; *half-assed* – безрезультатный, заурядный, глупый.

Главный герой повести «Над пропастью во ржи» – подросток. Он учится в школе, общается со сверстниками и в своей речи употребляет такую разновидность специального сленга, как молодежный, который очень часто используется молодыми людьми, когда они общаются между собой в непринужденной, неофициальной обстановке. К тому же повествование идет от первого лица в виде искреннего признания Холдена своему другу-читателю, поэтому любой юноша, читающий книгу, может легко идентифицировать себя с героем, в котором ничего нет идеального, или, по крайней мере, без особого труда понять его переживания, проблемы, с которыми нередко сталкиваются подростки в реальной жизни. В речи главного героя огромное количество слов из молодежного сленга, например: *to get (give) the ax* – быть исключенным из учебного заведения; *wiseguy* – всезнайка; *can* – туалет, умывальная.

Говоря об экспрессивности сленга, нужно отметить, что нередко большее значение имеет контекст, реальная языковая ситуация. Его экспрессивность будет выше, если он используется среди носителей сленга.

Общественное или индивидуальное отношение к тому или иному типу речи играет важную роль. Однако, помимо этого, большее значение имеет социальная, внутриязыковая, идиолектная, возрастная мотивированность тех или иных языковых средств, слов и значений. Единицы специального сленга связаны с социальной стратификацией общества и, в конечном счете, с теми или иными аспектами его социальной дифференциации – социально-групповой, профессиональной, социально-демографической и др. Владение тем или иным специальным сленгом является следствием принадлежности к той или иной группе, а порой – к нескольким группам, а иногда отражает жизненный путь человека. Вступая в контакт с представителями других групп, эти люди распространяют сленг. Причем единицы специального сленга – жаргонизмы и арготизмы – отражают специальные установки членов социальной группы, их мировоззрение. И в этой связи мы можем говорить о мировоззренческой функции.

Об интересах той или иной группы мы можем судить по тематике сленговой лексики – раскрывается система культурных, этических, эстетических, социальных предпочтений носителей специального

сленга. Так, в результате исследования речи главного героя повести и его сверстников, мы выявили следующие тематические группы лексических единиц, которые явно свидетельствуют об интересах Холдена и его друзей: алкоголь, алкогольные напитки: *tight, oiled, blind, crocked, stinking, boozehound*; сексуальные отношения: *tail, to rush somebody, to get wise with somebody, pancy, flit, horny, toneck*; части тела: *knockers, butt, can, yap*; драка: *to rough up, to scrag, to slam, to sock*; деньги: *rocks, buck, dough, stuff, single, to haulin, to shell out*; отношения между людьми, оценка: *dopey, rat, snotty, sharp, nut, slob* и мн. др.

Из всего вышесказанного вполне очевидно, что мировоззренческая функция связана с функцией, характерной для специального сленга – эзотерической. Единицы именно специального сленга отражают, присущее членам какой-либо группы, чувство солидарности или даже враждебное, неприязненное, насмешливое отношение к посторонним. Это противопоставление «своих» «чужим» находит отражение в серии пейоративных сленгизмов, применяемых в отношении чужаков, не способных стать «своими», влиться в ту или иную группу.

Например, если рассматривать молодежный сленг, то следует учитывать, что молодежь – это люди самых разнообразных занятий, пристрастий и убеждений, уровня образования. Поэтому и молодежный сленг так же неоднороден, как и сама молодежь. Многочисленные сообщества подростков и молодежи противопоставляют себя не только миру скучных взрослых, но и - в большей даже степени – друг другу. Поэтому именно в молодежной среде сленг отдельных групп – и один из способов узнать «своего», и средство обособления, создания некой «эзотерической» сферы. Сленг различных молодежных групп заимствует из других сленгов (криминального, программистского, хиппи, спорта и т.д.) элементы, которые наиболее соответствуют системе ценностей и эстетическим предпочтениям определенной группы. Так, Холден употребляет слова из актерского сленга (*to go in to this nodding routine* – раскланяться), из области психоанализа (*exhibitionist* – человек, который любит выпендриваться), спортивного сленга (*to sink* – забрасывать мяч в корзину, *flaysup* – игра в мяч), из жаргона джазистов (*lick* – импровизация, *licoricestick* – кларнет). Таким образом, специальный сленг выполняет защитную функцию, оставаясь в некоторых случаях малопонятным для окружающих.

Идентификационную функцию некоторые ученые называют сигнальной, и она также связана с эзотерической функцией.

Суть ее состоит в том, что сленг является своего рода паролем, позволяющим опознать «своего» среди прочих (а также по манере разговора, жестам), он облегчает поиск нужных лиц, помогает устанавливать и поддерживать специфические контакты. В ходе разговора говорящий сигнализирует о себе, об окружающем его мире, по его речи складывается четкое представление о его социальном положении, возрасте, региональном происхождении (т.к. для определенного говора характерны определенные фонетические, грамматические, лексические черты). Речевым поведением говорящий подчеркивает готовность поддерживать контакт с членами данной группы. Так, Холден без труда понимает сленгизмы, употребляемые Стрэдлейтером (*I'll be up the creek* – мне здорово попадет, *buddy* – друг, *sharp* – отлично), и отвечает ему в той же манере с использованием сленга. Такое общение для обоих участников разговора кажется естественным и незаменимым.

Дейктическая или характеризующая функция, как правило, актуализируется в художественной литературе. Сленгизмы, употребляемые тем или иным персонажем, в какой-то степени характеризуют его личность, принадлежность к определенной группе людей. И в этой связи прослеживается связь данной функции с идентификационной, нацеленной на опознание «своего» среди «чужих», как было отмечено выше. Употребление сленгизмов в речигероев придает повествованию определенный колорит, характерный для этой группы, данная лексика употребляется для типизации речевых портретов персонажей и их социальных ролей.

В повести «Над пропастью во ржи» описывается сцена знакомства Холдена с проституткой Сани в отеле Нью-Йорка. На вопрос, сколько Холдену лет, он отвечает, что ему двадцать два, и это вызывает смех у девушки: «*Like fun you are*». Но Колфилду эта фраза показалась неожиданной, т. к. у него уже сложилось представление о поведении и манере разговаривать (в частности, об употреблении сленга в речи), характерной для проституток: «*It sounded like a real kid. You'd think a prostitute and all would say «Like hell you are» or «Cut the crap» instead of «Like fun you are»*».

Функция экономии времени связана с тем, что сленг помогает экономить время и место - пространство написания. Средством реализации этой функции, по мнению Захарченко (2006), является аббревиация. У Сэлинджера также можно встретить следующие сокращения: *dorm* (*dormitory*) – спальный район, *Penceurper* (*preparatory school*) – закрытая школа-интернат для мальчиков из

состоятельных семей, bud (buddy) – друг, butt (buttocks) – ягодицы, аббревиатура BBguns – мелкокалиберные ружья.

Таким образом, сленг в речи выполняет самые разнообразные функции, но самой важной из них является экспрессивная. Это связано с тем, что «сленг - форма речи, которая обязана своим происхождением желанию человеческой особи отклониться от обычного языка, навязанного нам обществом, желанием позабавиться» (Jespersen, 1922: 149). С помощью сленга наш герой Холден Колфилд выражает свое отвращение ко всему на свете, в том числе и к себе. Все функции сленга тесно связаны между собой: коммуникативная и номинативная, экспрессивная и эмоционально-оценочная, мировоззренческая и эзотерическая и др.

ЛИТЕРАТУРА

1 J. Ayto, J. Simpson, Oxford Dictionary of Modern Slang – 2003. – 410 с.

2 Захарченко Т.Е. Эквивалентная лексика в русском и английском сленге: словообразовательный, системный и функциональный аспекты: дис... канд. филол. наук / Т.Е. Захарченко. Ростов н/Д., –2006.

3 Иванова, Г.Р. Функции сленга в речевой деятельности американских студентов.

4 Salinger J. D. The Catcher in the rye // в переводе Риты Райт-Ковалевой – 1951.

АҒЫЛШЫН, ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС ПЕН ҰЛТТЫҚ ТАНЫММЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТЫ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР

АМАНТАЕВА М. Ш.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ИСЛЯМ К. С.

доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазіргі таңда ұлт мәдениетін жаңғыртып, тануда, әсіресе бұрынғы кеңестік жүйеде өмір сүрген сан ұлттар тарихын зерделеу, тарих қойнауынан тіл арқылы жеткен мәдениеттің мәйегін таразылау, салмақтысын, сапалысын сол ұлттың рухани арқауы ету өзекті мәселелердің бірі болып отырғаны сөзсіз [1, 128 б.]. Тіл – әрбір ұлттың мәдениетімен, рухани құндылықтарымен біте

қайнасқан әлемнің тілдік бейнесінің ұлттық бедерін айқындаушы құрал. Әртүрлі мәдениет өкілдерінің санасындағы, танымындағы әлем бейнесі әртүрлі және әр халықтың өмірді тануында, қабылдауында ұқсастықтар, ортақ, жалпы жақтарымен қатар, өзіндік айырмашылықтар мен ерекшеліктер болады. Ол сөз жоқ, тілде көрініс табады, ал сол тілді зерттейтін әр ұлттың өзінің тіл ғылымы бар [2, 173 б.].

Зоонимдерде тіліміздің ұлттық менталитеті, дүниетанымы сақталып қалатын себебі, барлық жалқы есімдер өте көне дәуірден қалыптасқан. Адамды сипаттайтын зоонимдер – кез-келген тілдегі тұрақты тіркестердің көпшілігін құрайды. Бұл тұрақты тіркестерде жануарлар адамның бойындағы белгілі бір қасиеттерді сипаттайды. Зоонимдер – әлемдегі кез-келген тілдің лексикасында орасан зор маңызға ие. Өзін, қылығын, әрекетін, сезімін және сыртқы бейнесін бейнелеуге талпынған адам өзіне таныс, әрі жақын жануарлар әлеміне жүгінген. Сондықтан түрлі халықтардың тілінде зоонимдермен байланысты теңеу, тұрақты тіркес пен мақал-мәтелдер кездеседі. Ата-бабаларымыз адам мен жануар арасындағы ұқсастықты іздестіріп, әр тайпа өзіне «тотем», яғни белгі таңдаған. Бұндай жануарлар қасиетті саналған. Тұрақты тіркестер, әдетте, ауыспалы мағынада қолданылады. Мысалы: көзді ашып жұмғанша – өте тез, тіс жармау – үндемеу. Фразеологизмдердің көбісі тарихпен, ата-бабамыздың әдет-ұрпы, салт-дәстүрімен байланысты. Күнделікті өмірде адам жануарлардың мінез-құлқын еріксіз бақылай отыра, соған орай теңеулер тауып отырған. Бұл фактор ең мол және көне тұрақты тіркестер тобының жануарлар жайлы болуын түсіндіреді. Тіл білімінде І. Кеңесбаев фразеологизмдерді танып білудің басты үш белгісін атайды. Олар:

- 1) қолдану тиянақтылығы;
- 2) мағына тұтастығы;
- 3) тіркес тиянақтылығы.

Осы үш критерийді бір-бірінен бөліп алмай, тұтасымен басты арқау еткенде ғана тұрақты тіркестердің ерекше белгілерін тани аламыз. Орыс тіл білімінде бұл салада көп еңбек сіңірген – академик В. В. Виноградов. Ол француз ғалымы Ш. Балидың фразеологиялық схемасын творчестволық түрде өндеп, фразеологиялық орамдарды

- 1) Фразеологиялық тұтастық;
- 2) Фразеологиялық бірлік;
- 3) Фразеологиялық тіркес деп үшке бөлгенде, мақал, мәтел, термин сөздерді бұған кіргізбеген. Н. Л. Шанский,

В. В. Виноградовтың осылай бөлген жүйесіне төртінші етіп, фразеологиялық сөйлемше (выражение) дегенді қосады. Бұған, мәселен, орыс тіліндегі «қасқырдан қорыққан орманға бармас», «жылтырағанның бәрі алтын емес» тәрізді тіркестерді жатқызуға болады. Сонымен, зоонимдер дегеніміз не және олар тұрақты тіркестер құрылымында қандай қызмет атқарады? Ғалымдардың көпшілігі зооним (зооморфизм) – бұл жануардың атауы болып табылатын сөздің лексико-семантикалық үлгісі деп санайды. Мысалы мысық, ит, жылқы т.б. Әдебиетте зоонимдер «анимизм» деп аталады. Кейбір лингвисттер зоонимдерді фразеологизмдердің жеке тобы ретінде қарастырады, себебі, кей жануарлардың атауы адамды сипаттаудағы тұрақты метафораларға айналған. Мысалы, түлкі – қу, жағымпаз адам. Қорытындылап айтқанда, зоонимдер (зооморфизмдер) – жануар атауы бар сөздің лексико-семантикалық нұсқасы. Олар жеке тіл бірлігі ретінде немесе тұрақты тіркестер (мақал-мәтел, қанатты сөздер т.б.) құрамында қолданылады. Зоонимдер бүгінгі таңда өте кең тараған, әдебиет пен күнделікті қарым-қатынаста кездесе береді. Дәлел ретінде зоонимдерден құралған 3 негізгі топты көрсетуге болады: Өз бетімен мағына беріп тұрған зоонимдер; Зоонимдер араласқан мақалдар; Зоонимдер араласқан мәтелдер; Зоонимдердің біраз бөлігі үй жануарларымен байланысты, алайда көп жағдайда адамдар оларды жағымсыз жағынан сипаттаған. Мысалы, ата-бабамыз алдынан қара мысық кесіп өтсе, жолың болмайды деп ырымдайды. «Араларына қара мысық өтті» деген сөз тіркесі осы салтық ұғымнан туындаған деуге болады. Ит ежелден адамның досы болып саналып келеді. Алайда, итпен байланысты тұрақты тіркестердің көбісі жағымсыз мағынаға ие. Мысалы:

Ит байласа тұрғысыз – адам тұрғысыз

Ит болу – қор болу (собачья жизнь, собаке собачья смерть)

Ит терісін басына қаптау – ұрысу, балағаттау

Иттің қара тұмсығындай көру – жек көру

Иттің құлы итақай – кім көрінген, кез келген [3, 18 б.].

Тұрақты тіркестерде «ақ түйенің қарны жарылды» деген қарық болып қалды мағынасында қолданылады. Мәселен, Сол күннен бастап Итбай ауылында ақ түйенің қарны жарылды (С. Мұқанов). Ал «Сөзі түйеден түскендей» деген тіркес дәрекі, ерсі сөйлейтін адамға байланысты айтылады. Айтар болсақ: Жаманның сөзі түйеден түскендей болады (Мақал). «Түйе үстінен ит қапты» деген фразеологизмде икемсіз, епсіз кісі деген мағына

бар. Мысал келтірер болсақ: Күн жаумай су болып, түйе үстінен ит қапқан келеңсіз жігіт мұнын айтты (Т. Ахтанов). Сондай-ақ «Биені бүгімен, түйені түгімен жұту» тұрақты сөз тіркесі – жебір, жемқор, паракор мағынасында жұмсалады. Мәселен: Бідысың параның, түйені түгімен, биені жұтсаң бүгімен, қақалмай бір-ақ толғайтын (Д. Бабатайұлы). Фразеологизмдерде «алалы жылқы, ақтылы қой» – мыңғырған мал, табын-табын жылқы, қотан-қотан қой мағынасында жұмсалады. Мысалға алар болсақ: Алалы жылқы, ақтылы қой, Аңдыған бөрі жемей ме?, Иесі ұйықтап жатқан соң (М. Өтемісұлы). «Жылқыдай жусатып, қойдай өргізді» дейтін болсақ, айтқанына көндіріп, айдауына жүргізді деген мағынаны береді. Мәселен: Бүкіл Дешті Қыпшақты өзіне бағындырып, жылқыдай жусатып, қойдай өргізуің керек (І. Есенберлин). Ал «Айғыр үйір шолақ жылқы» фразеологизмі аз ғана, бір топ мағынасында қолданылады. Айтар болсақ: Сол жобамен маңайдағы жерлерден, сай-саладан іздеп жүріп, айғыр үйір шолақ жылқыға кездесті (Қазақ ертегілері). Халық даналары: «жаман сиыр өрешіл», «құдай сүзеген сиырға мүйіз бермейді», «сиыр сипағанды білмейді» деп, сиыр мінез-теріс, шыдыр мінезді кісілерді осылай атаған екен. Мүйіздекен сиырдай тіркесі - жанжалдасу, өзара қастасу мағынасында жұмсалады. Ал, сиырдың бүйрегіндей бытырады бұл – бет-бетіне, жан-жаққа тарап кетті мағынасында. Мәселен: Жүр, анда! Сиырдың бүйрегіндей бытырауға айналған екенбіз, тек арты қайырлы болсын (С. Мұқанов). Сиыр құйымшақтатты - аяқсыз қалдырып берекесіз етті мағынасында қолданылатын сөз тіркесі. Мысал келтірер болсақ: Матайдың сөзінің басы қандай болса да, аяғы сиыр құйымшақтап келіп, қылдай болып кетті (М. Әуезов). Момын, жуас деген мағынада көптеп жұмсалатын тұрақты тіркесіміздің бірі - қой аузынан шөп алмас. Түнде қойға шапқан қасқырдай ол әдетте Орта Азия хандарының бөтен елге жорыққа кеткен кезін аңдып тұратын (І. Есенберлин). Осы сөйлемдегі тұрақты тіркесіміз: қойға шапқан қасқырдай – қырып жою, тас-талқан қылу турасында айтылып тұр. «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалады» фразеологизмі – тыныштық, бейбіт заман орнады мағынасында. Мәселен: Асан қайғы желмаяға мініп, жиһан кезіп, «Жер ұйық» дейтін ну орманды, көкорай шалғынды сулы жер, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын қоныс іздейді (Қазақ ертегілері). «Сенген қойым, сен болсаң» – үміт етіп, сенген адамы ойлаған жерінен шықпай, көңілі қалғанда айтылатын тұрақты тіркес. Мысалға, Сенген қойым сен болсаң, күйсегенің құрысын! Ақмоладан оқып келгенде, одан «қосшы болыс» атағанда жылпос Жақыпқа бір

ауыз сөз айта алмадың, – деді Тәуке Әлжанға (Ғ. Мұстафин). «Ақсақ кой түстен кейін маңырайды» деген тұрақты тіркесіміз мезгілінен кешеуілдеу, ерте туып, кеш қалу деген мағынаны білдіреді. Төрт түлікке қоймен қосылып айтылатын мал – ешкі. Мал баққан жұрт ешкінің серкесін қатты құрметтейді. «Серкесіз кой болмайды» деп қоралы қойға басшы ретінде серке қояды да, оны көсем серке дейді. Қолданыстағы «тоқал ешкідей қылды» деген фразеологизм – жатсынды, жатырқады мағынасында жұмсалады. «Ешкі көзденді» – бақырайды, аларды деген мағынаны береді. Мысал келтірер болсақ, Ит көрген ешкі көзденіп, елерме жынды сөзденіп (Абай).

Кең таралған мәтелдер қатарына жатқызамыз:

Сиырға тоқым жапқандай (It's like putting a saddle on a cow)

Жылы сөйлесең – жылан інінен шығады (a little sympathy goes a long way)

Ат тұяғы тимеген жер (where no foot may tread)

Қасқырдан қорыққан орманға бармас (nothing venture nothing have)

Жылқыдай жусатты (pull the wool over someone eyes)

Жалғыз қаздың үні шықпас (One swallow does not make a summer)

Қасқырды қанша асырасаң да, орманға қарап ұлиды (the leopard cannot change its spots) [4, 55 б.].

Шет тілін үйретуде және аударма жұмысында аса бір қиындық туғызатын тілдік бірліктер – фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер. Оның себебін тілдің фразеологиялық, паремологиялық жүйесіндегі тұрақты тіркестердің ұлттық сипатының, ұлттық нақышының ерекшелігімен түсіндіруге болады. Тілдік бірліктердің тұтас мағынасын жете түсінбей, тіркес құрамындағы сынарлар мәнін негізге ала отырып аудару әртүрлі келеңсіз жағдайларға, «сәтсіздіктерге» ұшыратуы әбден мүмкін. Сондықтан мақал – мәтелдің тіларалық семантикасын салғастыра зерттей отырып, ондағы жалпы азаматтық, жалпы халықтық мәнділіктер мен заңдылықтар және этностық ерекшеліктерді, сондай-ақ ұлт, тіл, мәдениет және өркениеттің өзара сабақтастығын айқындау да аса өзекті мәселелер қатарына жатады.

Мақал-мәтелдердің тіл білімінде, оның ішінде, қазақ және ағылшын тілдерінде әр тұрғыдан азды-көпті зерттеліп келгені мәлім. Зерттеу нысанына қатысты еңбектерге тоқталар болсақ, мақал-мәтелдердің тілдік табиғаты, олардың басқа тұрақты тіркестермен ұқсастықтары немесе ерекшеліктері А. Байтұрсынов, І. Кеңесбаев,

Р. Сәрсенбаев, Б. Адамбаев, Ә. Қайдар, С. Нұрышев, Ғ. Мұсабаев, М. Ғабдуллин, Ғ. Тұрабаева салыстырмалы – салғастырмалы тұрғыдан А. Нұрмаханов, Э. Мұқышева, А. Дондаева, Д. Беғалықызының т.б. жұмыстарында қарастырылған. Ағылшын тіліндегі ұлттық болмыс және ұлттық таныммен тығыз байланысты тұрақты тіркестерді, мақал-мәтелдерді жан-жақты, түбегейлі зерттеген ғалымдар – Н. Барли, А. Дундэс, А. Крикман, М. Куузи, Г. Мильнер, А. Тэйлер, Г. Л. Апперсон, Линда және Роджер Флавэлдер. Аталған ғалымдардың зерттеулері жұмысымызда теориялық және әдістемелік тұрғыдан басшылыққа алынды [5, 58 б.].

Қорытындылай келе, тұрақты сөз тіркестерінің көпшілігі – халықтың тарихын, салт-дәстүрін, наным-сенімін, адамгершілік заңдылықтарын, кәсібі мен тұрмыс-тіршілігін, мінез-құлқын, ой-жүйесін бейнелейтін ең қысқа формадағы болмыс пен тұрмыс ережелері десек қателеспейміз. Фразеологизм – сөздік қордың айшықты да, мәнерлі де, бай саласының бірі. Олар өзінің бейнелілік, әсерлілік, экспрессивті-эмоциялық, суреттеме қасиетімен көзге түседі. Осындай көркем, пәрменді, алуан түрлі тұрақты тіркестерді халық орынды пайдаланып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келеді. Біздің де міндетіміз – бұл байлықты бос шашыратпай, қанық бояуларын жоғалтпай дұрыс қолдану [6, 20].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жанұзақ Т., Рысбергел Қ. Қазақ ономастикасы: жетістіктері мен болашағы. – Алматы: Азия, 2004.
- 2 Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы: Санат. – 2003.
- 3 Кеңесбаева І. К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977.
- 4 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1991.
- 5 Жүсіпова Р. Б. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің синонимдік мәні // Қаз ҰУ Хабаршысы – Филология сериясы // N 3- 2003.
- 6 Смағұлова Г. Фразеологизмдердің варианттылығы. – Алматы: Санат, 2000.

ЖҮСІП БАЛАСАҒҰН «ҚҰТТЫ БІЛІК» ДАСТАНЫНЫҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

АМРИНОВА Ү.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ЖУМАНБАЕВА Р. О.

аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы, Павлодар қ.

Қазіргі тілімізде ерте кезендерден бері адамзаттың тілдік қатынасын қанағаттандырып келе жатқан, экстралингвистикалық фактілермен қоса тілдік үдерістерді бірнеше мәрте басынан өткізген, сан ғасырлық дербес даму жолынан өте отырып, жалпытүркілік табиғатын сақтап келе жатқан алтын қазына қоры бар екендігіне тағы да көз жеткіздік. Бұл қазынаның үлкен бір бөлігін бір буынды түбірлер – моносиллабтар құрайды. Тіліміздегі моносиллабтар қазіргі түркі тілдерінің қалыптасу ерекшеліктерін анықтап қана қоймай, сонымен бірге олардың өзара туыстық деңгейін айқындауға да көмектеседі. Біз орта ғасырдың құнды тілдік деректерін сақтап қалған XI ғасырдың ең ірі тарихи жазба ескерткіші – Жүсіп Баласағұнның «Құдатғу білік» дастанының тілдік ерекшеліктеріне назар аудардық. «Құдатғу білік» – орта ғасыр жазба ескерткіштерінің ішінен қазақ тілінің орта ғасырмен сабақтастығын нақты дәлелдейтін тілдік фактілерді бойына сақтаған құнды мұралардың бірі. Біздің заманымызға «Құтты біліктің» үш қолжазбасы жеткені белгілі. Біріншісі – Вена нұсқасы (көшірілген жеріне қарай Фират нұсқасы деп те атайды); екіншісі – араб әрпімен жазылған Қайр нұсқасы; үшіншісі – ең толығы, жақсы сақталғаны Наманған (Ферғана) нұсқасы. Ескерткіш көшірмелерінің бір шеті Мысырдан, енді бір шеті Венадан шығуы, сонымен қатар көне Сарайшық қаласынан табылған XIII ғасырдың ескерткіші деп есептелінетін қыш құмырада «Ақыл көркі – тіл, тілдің көркі – сөз. Кісі көркі – жүз, Жүздің көркі – көз» деген «Құтты біліктің» бір бөлігінің жазылуы аталған ескерткіштің түркі әлеміне өте танымал болғанын, Тұран шахнамасы атанғанын, «Махабхарата», «Шахнама», «Златоуст», «Домо-строй», «Сиасатнаме», «Құпия шежіре» т.б. сияқты әлемге әйгілі түркі халқының орта ғасырдағы ұлы жазба ескерткіш екенін дәлелдейді. Түркологияда ескерткіштің тілі, орта ғасырда түркі халықтары қолданылған бірнеше жазудың ішінде алғаш қай түрімен жазылғандығы туралы зерттеулер көп. Белгілі түркітанушы С. Е. Малов: «Трудно сказать, каким шрифтом писал сам автор свое произведение, но все же, судя по рукописям, хотя и XV в., можно

думать, что Юсуф Баласагунский сочинял и писал свое произведение арабскими буквами, и затем уже, возможно в качестве подарка хану «Кутадгу билиг» было переписано уйгурским шрифтом» – деген пікірін айтты [5, 224-229]. (Фрунзе) ескерткіш тіліндегі терминдерге назар аударып отырып, «арпа, ас, қымыз, сүт, жүн, құрт, киіз, тон, қой, қодас» тәрізді сөздер, терминдер, жалпы ескерткіштің бүкіл терминологиясы Шығыс халықтарының әртүрлі тарихи мәселелерін зерттеу үшін аса бағалы материал» деп түйеді [Хыдыров]. А. Сикалев (Черкесск) Сарайшық қаласынан табылған қыш құмырадағы жазу туралы еске түсіре отырып: «бұл деректің өзі, біздіңше, атақты ақынның ноғай елінде кең танымал екендігінің дәлелі, оның арасындағы көптеген найман, бұғы, байтегі, тағы басқа руларының өкілдері Жүсіп Баласағұнды өздерінің туған ақыны деп санауына да болады» деген ойды білдіреді [5]. Ұйғыр тіліндегі аудармасын баспаға дайындаушылар: «Құтадғу білік» – ұйғыр халқының XI ғасырда жасаған ұлы ағартушы ақыны Юсуф Хас Қажиб қолымен жазылған шоң хажимлік дастан» – деп хабарлайды [23, 1]. Жоғарыда келтірілген қай зерттеушілердің пікірін алсақ та шындыққа жанасады. Себебі «Құтты білік» XI ғасырдың барлық белгілерін, сипаты мен ерекшеліктерін бойына сіңірген, түркі халықтарының рухани-философиялық, моральдық-этикалық құндылықтарымен дүниетанымдық ерекшеліктерімен үндесіп жатқандығын көреміз. Ал ескерткіш тілін қазіргі тілімізбен салыстырып, қыпшақтық негізін айқындау арқылы қазақ тілінің де тарихи тамырын тереңдете түсеміз. «Құтадғу билиг» ескерткішінің транскрипциясын алғаш рет атақты түркологтар В. Томсен мен В. Радлов жасады. Содан кейін түрік ғалымы Р. Р. Арат үш қолжазбаны транскрипциялап, толық текстің жасады және түрік тіліне аударып 1947 жылы Стамбул қаласынан I бөлімін, ал II бөлімін 1959 жылы Анкара қаласынан басып шығарды. Бүгінде «Құтты біліктің» толық аудармасы орыс тілінде (С. Н. Иванов, Ю. Баласагунский, «Благодатное знание», Москва, 1983), орыс тіліндегі көркем поэзиялық еркін аудармасы Н. Гребнев (Ю. Баласагунский «Наука быть счастливым», Москва, 1971), өзбек тілінде (К. Каримов, Ташкент, 1972), ұйғыр тілінде (Шыңжаң ұйғыр автономиялық районы Академиясы, Юсуф Хас Хажиб, «Кутадғу билиг». Пекин, 1984) жарық көрді. Осы басылып шыққан еңбектердің негізінде соңғы уақыттарда Москва мен Ленинградта, Ташкент пен Бакуде, шетелдерде көптеген зерттеулер мен ғылыми жұмыстар жүргізіліп келеді. Қазақстанда Асқар Егеубаев (Алматы, 1986) пен Әбжан Құрышжанұлы (Түркістан,

2004) аталған ескерткіштің поэтикалық аудармасын жасады. XI ғасырдың әдеби тілінде жазылған «Құтты білік» ескерткішінің қыпшақтық негізін анықтау барысында моносиллабтарға талдау жүргіздік. Моносиллабтар XI ғасырдағы түркі халықтары тілінің лексикалық құрамы мен фонетикалық жүйесін, морфологиялық, синтаксистік құрылымы мен стильдік ерекшелігін қазіргі қазақ тілімен табиғи-генеологиялық сабақтастықты ғана көрсетіп қоймайды, жалпытүркілік рухтың, тілдік сананың беріктігіне де дәлел бола алады. «Кутадғу билиг» ескерткіші жазылған орта ғасыр мен қазіргі қазақ тілін жақындастыратын тілдік фактілердің бірі – ақ моносиллабы. Қазіргі қазақ тілінде бұл сөз әр тарапты, зат есім, сын есім, етістік, шылау бола алатын, бес түрлі ұғым беретін омоним түбір. Әсіресе, етістік ретінде туынды, ауыспалы мағыналары жан-жақты дамыған. Түсіндірме сөздікте: АҚ Ш 1 Судың өз арнасымен бірқалыпты жылжуы. 2 Тер, қан, жас, сорпа сияқты сұйық заттардың сорғалап құйылуы. 3 Судың еркімен бірәуді ағызып алып кетуі. 4 Бойдағы ет, сөл сияқты заттардың біртіндеп құрып бітуі. 5 Ауысп. Жүйітқу, зулау. 6 Ауысп. Аспаннан ағып түсу [2, 31].

Ақ моносиллабының семантикалық құрылымы күрделі екендігін тарихи жазба ескерткіштер материалдары да айғақтайды. «Кутадғу билиг» ескерткішінде аталған лексеманың бізге беймәлім жоғары көтерілу мағынасын берген: Көтүрди йашық бакты Машрық тапа, Көрүр ағды йердин йуқару копа – Бас көтеріп, Шығыс жаққа карады, Күн жоғары көтеріліп барады (5557-бәйт). 1 Өрмелеу мағынасында жұмсалған: Аңар ағдым емди бирәр бағнача, Башынгө теги бағна садым нечә – Өрмелеп барады екем ана жаққа, Баскыштың баспалдағын санамаққа (5909-бәйт). Егер өрмелеу іс-әрекеті жоғары жаққа бағытталатынын ескерсек, мұнда да көтерілу мағынасының бір семасын беру үшін қолданылғанына көз жеткіземіз. 2 Ұшу мағынасы: Йа Иса болуб көккә ағдым тақы мен, Йа Нушинравантег төрү түз йурыттым – Исадай ұштым көкке рауандай, Ең әділ заң орнаттым Нәушаруандай (6316-бәйт). 3 Жоғары мағынасында: Йағыз йер йашыл көкда ерди көшүш, Аңар берди тәнри ағырлық өкүш – Қара жерде, жасыл көкте – ең ірі, жоғарғы құрмет берген оған Тәңірі (43-бәйт). 4 Өсіру, арту мағынасында: Кишиг тил ағырлар булур қут киши, Кишиг тил учузлар йарыр ер баша – Тіл сыйлы етер, құтты қылар, өсірер, Бас та жарар, қадір-құтты ол өшірер (159-бәйт). 5 Тұру, орнынан көтерілу мағынасында: Ағырлады хажиб орун берди төр, Адаб бирла Айтолды олтурды көр – Төрден орын беріп хажиб о тұрды, Сақтап әдет Айтолды да отырды (564-бәйт).

Ақ моносиллабының көтерілу мағынасы көне түркі тілінде де кездеседі: 1 Көтеріл мағынасы: Ай йоқары ағар – Ай жоғары көтерілер (ДТС; 16); 2 Тік тұру мағынасында: Мені көрүп йини ағды – Мені көріп (қасқырдың) түгі тік тұрды (қатты қорықты) (ДТС, 16); 3 Шық мағынасында: Зұлқарнайын Қаф тағына ағды – «Ескендір» Зұлқарнайын Каф тауына шықты (Боровков, 1963, 36-б.); 4 Көш, жөңкі мағынасында: Булут ағмыш – Бұлт көшті (Ибатов, 1974, 25-б.). Ақ моносиллабының семантикалық дамуы оның өзге сөз таптарына ауысуына мүмкіндік жасады. Қазіргі тілімізде ақ жауын, ақ жаңбыр фразеологизмі қолданылады, оның мағынасы – ұзаққа созылып, майдалап жауатын жаңбыр. «Кутадғу билиг» ескерткішінде қолданылған мағынасы бойынша тұрақты тіркестің мағынасын қалпына келтірсек: ақ жауын – ағып тұрған жаңбыр. Ақ моносиллабының басқа да орта ғасыр ескерткіштерінде қозғалыстың, процесің, күйдің сан алуан түрін, сипатын білдіргенін Б. Сағындықұлының еңбегінде де талданған [4, 136]. Сонымен ақ жауын фразеологизмінде ақ сөзі сын есім емес, етістік қызметінде жұмсалудан тұрақтанған деген қорытындыға келеміз. Ақсу географиялық атауы – Қазақстанның көп жерінде қолданылатын топоним. Біздің Павлодар облысындағы да бір қалашық осылай аталады. Топырақты өңірлерде немесе жаңбыр жиі жауатын жерлердегі өзен лайланып, мөлдір болмай, ағарып ағатыны белгілі. Бір қарағанда, бұл атау судың түсіне қойылғандай көрінеді. Ал егер орта ғасырдағы жазба ескерткіштерде қолданылған мағыналарын қалпына келтірсек, онда қимыл-қозғалыс мағынасын білдіретініне оңай көз жеткіземіз. Сонда Ақсу – ағын су немесе аққан су. Етістік мағынасы дами келе сын есімге айналып кеткен. Белгілі тілші Б. Сағындықұлы ақ етістігі трансформация (конверсия) тәсілі арқылы ақ сын есімі пайда болған деген пікір айтады. Жиі қолданыстан ақ етістігінің мағынасы абстракцияланып, нәтижесінде түркілік үрүң сөзін ығыстырған дей келе ғалым конверсиялық тәсіл бойынша етістіктен, сын есімдік мағынасы, дамудың келесі сатысында одан заттық мағынасы пайда болған дейді [25, 137]. Ғалым қазіргі сөздік қорымыздағы сау (сағ-), жау (йағ-) үш сөздері, сонымен бірге шыр-ақ; от-ақ; шу-ақ; там-ақ сөздеріндегі түбірге кірігіп кеткен –ақ (-ек, -ық, -ік, -қ, -к) өлі жұрнақ осы байырғы ақ моносиллабынан тарағандығын дәлелдейді [3, 137]. Зерделеп қарасақ, демеулік шылау қызметінде жұмсалатын ақ сөзінің де түп-төркіні Ақ моносиллабына барып тіреледі. Ақ-етістік ретінде қызмет еткенде белгілі бір процесс қимылдың тоқтаусыз, үнемі іске

асатынын білдірсе, ақ шылауы осы күйдің бір кесегін, бір бөлігін үзіп көрсетеді. Сонымен қазіргі барлық түркі тілдерінде аздаған фонетикалық өзгерістермен қолданылатын Ақ моносиллабының семантикалық құрылымы: қозғалыс, жылжу (судың өз арнасымен бірқалыпты жылжуы), шығу; қозғалыстың белгілі бір бағытта іске асуы; сұйықтықтың (тер, қан, жас, сорпа және т.б.) сорғалап құйылуы; сан мыңдаған майда бөлшектердің бірігіп, бір бағытта орын ауыстыруы; орын ауыстырудың ілгері, жоғары қарай бет алуы (көне түркі тілінде: ай ағар – жоғары көтерілер мағынасы); тұру, орнынан көтерілу (ескерткіштердегі хажиб ағырлады (орнынан) – тұрды мағынасы); орын ауыстырудың кейін, төмен қарай бет алуы; сан мыңдаған майда бөлшектер жиналып, белгілі бір күшке ие болуы (судың ағыны қатты болуы, т.б.); орын ауыстырудың белгілі бір уақытқа байланысты болуы; ілгері қозғалудың баяу іске асуы (ескерткіштердегі өрмелеу мағынасы); баяу қозғалыстың артуы, өсуі (ескерткіштердегі тіл өсірер мағынасы); қозғалыстың тез, жылдам іске асуы (жұлдыздың ағуы; ұшу); қозғалыстың үнемі, ұзақ уақыт ішінде іске асуы (ақ жауын); басталған қозғалыстың аяқталуы, сұйықтықтың таусылуы; сұйықтықтың біртіндеп құрып бітуі.

«Кутадғу билиг» ескерткішінің тілі мен қазіргі қыпшақ тілдеріндегі бір буынды түбір-негіздердің тұлғалық ерекшеліктерін анықтау арқылы аталған тілдердің дыбыстық жүйесін, морфологиялық құрылысы мен семантикалық құрылымын тереңірек танып, қазақ тілінің орта ғасырдағы түркі әдеби тілімен сабақтастығына көз жеткізуге болады.

Халық байып, ырысы артты елінің,
Тілін безеп көтерді елі Елігін.
Құт дарыды, өсті халық өрісі,
Бірге жусап, өрді қозы, бөрісі [2, 26].

М. Қашқаридың «Түрік сөзінде» өрісті деген сөзге анықтама берілген: «Ол меңа шағығ шермешді – Ол маған қамшы өрісті. Басқаларға да осылай, бәсекелескенде де осы сөз қолданылады» [2, 299].

Қамшы өру деген сөзге кейінгі тарауда анықтама береміз. Қамшы дегеніміз барлығымызға аян атқа мінген адам ұстайтын, бірнеше таспа қайыстармен көмкеріліп, өрілген, сабы тобылғыдан, ырғайдан, аңдардың тұяғы, мүйіздерінен жасалған атты айдап жүргізетін құрал. Мал өрді деген тіркес өріс ұғымына байланысты қолданылады. Өріс – мал жайылымы(тура мағынада). Малмен күн көрген қазақ халқы үшін мал өрісі маңызды орын алған. Мал күтімі

үшін қыста күзеуге, жазда жайлауға шығып, өрістерін кеңейтіп, жаңартып отырған. Осыған байланысты қазақ лексикасында көптеген тіркестер бар. Мәселен:

Өрісі кеңіді – мал жайылымына жер кеңіді(тура мағынада).

Өрісін кеңісін – ұрпағың көбейсін, үбірлі – шүбірлі бол(ауыспалы мағынада).

Өріс алды – кең тарады, жайылды мағынасында.

Өрісін кеңге жайды - өрледі, өркендеді, қанат жайды және т.б.

Халық байып, ырысы артты елінің,

Тілін безеп көтерді елі Елігін.

Құт дарыды, өсті халық өрісі,

Бірге жусап, өрді қозы, бөрісі [26, 26].

Халық өрісі, өрді деген тілдік бірліктер тікелей өріс сөзінің негізіне байланысты.

М. Қашқари сөзіндегі:

ШЕРМЕЛДІ: өрілді; тоқылды.

Шавығ шермелді – қамшының ұшы өрілді [27, 331]. Өрілді – ырықсыз етіс тұлғасында келген. Қазақ тілінде өрілді, тоқылды деген сөздер жиі қолданылады. Мысалы: шаш өрілді, қамшы өрілді (тура мағынада); әңгіме өрілді (ауыспалы мағынада әңгімелері жалғасты, жарасты дегенді білдіреді).

«Құтты білік» ескерткішіндегі келтірінді мағынаның метонимиялық жолмен жасалуы:

Жақсылардың көтер жебеп, еңсесін,

Жамандардан бүтін сақта ел шетін.

Занды түзе, сұмдық сонда сасады,

Құтың өсіп, абыройын асады [26, 26].

Ақылды адам қарын бақпас, ой бағар,

Жан семіртер, ой семіртер, ойланар...

Қарын бағу, ой бағу – ауыс мағынада. Түпкі мағынасы қой бағу, мал бағу дегеннен шыққан. Мал бағу – адамның істейтін еңбек әрекеті. Ой бағу, аузын бағу – ойына абай болу, байқап сөйлеу мағынасында болса, қарын бағу – тамақ іздеу, қарынының қамын ойлау мағынасында. Бала бағу тіркесі де жиі қолданылады. Балаға қарау, күту, бағып-қағу мағынасында. Жаңа туған жас балаға күтім қандай қажет болса, жас өспірім шағында да ақыл-кеңес, тәрбие қажет. Ата-анасы үнемі әр қадамына назар аударып отырады. Бала белгілі педагог Ы. Алтынсариннің айтуынша, «бақша ағаштары сияқты, қараусыз қалса, қисайып, дұрыс өспейді».

Тән семіртер – нәр ауыздан сінеді,

Жан семіртер – сөз құлақтан кіреді(19 –бап). Семіру тән қатысты құбылыс. Дененің артық салмақ жинауы. Семіру құбылысы малға тән. Тек малға байланысты оң қабылданады. Қазақ үшін малдың семіруі – жақсы соғым, нәрлі азық. Адамның артық салмақ жинауы медицина тарапынан зиянды болып табылады. Қорыта айтқанда, семіру адам мен малға байланысты қолданылса, тура мағынада жұмсалғаны. Жанның семіруі, ойдың семіруі – ауыспалы мағынада. Білдіретін мағынасы: көңілі көтерілу, ойы сергу, жан дүниесінің толығыуы. Қазір халық эстетикасында тұрақты мағыналары қалыптасқан, белгілі бір символдық мәні ежелден қанық «ақ», «көк», «қызыл», «қара», «жасыл» түстер бояу реңдеріне қарай қалыптасқан поэтикалық қызметіне орай жиі қолданылады. Мысалы:

Жаратты ол: жасыл көк, ай, күн, түнді,

Қара жер, ел, заман, уақыт, бұл күнді (1-бап Әзиз уа ұлы тәңірдің құдіреттілігі айтылады).

Келтірінді мағынаның метафоралық жолмен жасалуы:

Тіл – арыстан есік баққан ашулы,

Сақ болмасаң жұтар, ерім, басыңды! (7-бап).

Кісілерге мирас ата сөзі ғой,

Ата сөзі – ұқсаң - құттың көзі ғой(7-бап).

Қорыта келе айтарымыз, Ж. Баласағұнның «Құтты білігі» лексика-стистикалық тұрғыдан өте бай шығарма. «Құтты біліктің» тілдік ерекшелігі біршама зерттеулерге арқау болған. Алда талай зерттеулердің нысанына ілігері сөзсіз. Біз бұған ғұлама туындысына лексика-семантикалық талдау жасау барысында көз жеткіздік.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. - Алматы: Рауан, 1991. - 216 б.
- 2 Тіл білімі сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1998. – 560 б.
- 3 Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь. 2005. – 440 б.
- 4 Қалиев Ф., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы, 2003. – 242 б.
- 5 Виноградов В.В., Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 378 б.
- 7 Құрысжанов Ә., т.б. Ескі қыпшақ тілі. – Алматы, 2007. – 316 б.
- 8 Сабыр М.Б. Көне қыпшақ жазба ескерткіштерінің тілі. – Орал, 2009.

9 Щербак А.М. Грамматический очерк языка тюркских текстов X-XIII вв. из Восточного Туркестана. – М.-Л.: Наука, 1961. – 204 с.

САРТАЙ БАТЫРДЫҢ ӨШПЕС ЕРЛІГІ

АШИРОВА Ұ. А.

студент, Жаяу Мұса колледжі, Ақсу к.

Халқымыз ғасырлар бойы аңсаған Тәуелсіздік жолында өз ерлігімен дараланған, елі үшін, жері үшін жанын аямай күрескен батырларымыздың бірі – Сартай батыр. Қазақ даласы елін-жерін қорғаған батыр-бабалардың ерліктерімен аты шыққан өңір. Тарихымыздың аумалы-төкпелі кезеңіде найзасын қолға алып, Кіші жүз елінен шыққан, нақтылап айтқанда Арал ауданындағы Ақшатау елді мекенінде дүниеге келген Сартай батырдың ерлігіне тоқталғанды жөн көрдім. Жинақталған материалдарға сүйенсек, қазақ-орыс құжаттарында Сартай батыр әрі би болғандығы жайында деректер айтылған. Сартай өскен орта Сартай батырдың өмірдегі жолы сан-салалы, салмақты болып келген. Аңыз әңгімелер және ақын Нұрмағанбет Қосжанұлының (1897-1937) Сартай атты дастаны ел ішіне кезінде кең таралғанымен, 1930 жылдағы көтерілістер, 1932-33 жылдағы ашаршылық, қудалау, оған қосылған, 1937-38 жылдардағы зобалаң бәрін астан-кестен қылып қазақ елінің басына қараңғы ұлт төгілген уақытта адамдар басын қаттап, қолжазбаны сақтауға мүмкіндік болмаған. Алайда ел ішінде ағайын-туыстар ортасында айтып отырған. Кейін ұзақ дастанды жаттап алып ел ішінде ағайын-туыс ортасында айтып отырған. Ұзақ дастанды білетіндер қатары азайып, дастан ұмытылған. Сол үзілгенді жалғаған белгілі журналист Өмірзақ Жолымбетов 1998 жылы «Сартай батыр» дастанын өз оқырмандарымен қауыштырды. Нұрмағанбет Қосжанұлының аталған дастанын оқиғаның аға батырлардай жоңғар - ойраттарға қарсы қазақ қосындарының ұрысы. Бұл ұрыста мың баланы бастап барған Сартайдың аға батырлардай қомданып, жаудың әскерін жеңудегі ерлік ісі ғана дастанға арқау болған. Мың бала қатысқан ұрыс болған өңір «Мың бала» аталған көрінеді. Аңыз ізімен жазылған дастан Сартай туралы осылайша жырлап. Сартай Байжанұлы хақындағы деректер 1732-1817 жылдарды қамтиды. Бұдан біз С. Байжанұлының ел билігіне араласуының деректерін аңғарамыз. Осы жерде ауызша әңгімелер негізінде

жазылған Сартай дастанындағы 15 жасында мың баланы бастап ұрысқа түскен оқиғасымен сәйкес келеді. Екінші бір мәліметтерді нақтыласақ 1785 жылдың 21 шілдесінде 50-ден астам қазақ билерінің Екатерина II-ге Нұралы ханды тақтан түсіру жөнінде өтінішке қол қойғандар басында Сартай бидің есімі тұр. Бұл хатты бекіткендер Кіші жүзге пір атанған Әбджәлел Қосым Қожаұлы мен Сырым батыр. Мұнан кейінгі 1786, 1787 жылғы ант беру қағазына басқа билермен қатар Шекті руының 10 000 үйі үшін Нұбай би Бекарыстанның атасы. Бекарыстан бидің 1765 жылы өмірге келіп, 1858 жылы дүние салған шежірені зерттеу тәсілімен есептесек Нұбай 1714-1715 жылы туған болатын. 1786-1787 жылдары Түркия Ресеймен соғысып жатқан кезі. Олар кіші жүздегі билер мен батырларға арнайы хат жазыпты. Негізгі мазмұны: батыр әскерлерге, билер, ауыл ақсақалдары Сартай биге, Сырым батырға, Садырбек, Барак, Жанбатырларға Алла қолдасын сіздер де, біздер де мұсылманбыз, сіздер тарапынан көмек керек деген мағынада хат жазған. Осындағы Сартай батыр жайлы отырған өздеріңіздің Сартай билеріңіз. Орыс құжаттарында көбіне-көп қазақ есімдерін дұрыс жаза алмайды. Үшінші бір құжаттарында барон Игельстром өзінің патшайымы Екатерина II-ге жазған мәлімдемесінде: «...басқаларға қарағанда өздері артықшылық халде боларлықтай қызмет жүктеу қажет» деп өз ойын білдірген. 1787-1789 жылдар аралығында сайланған тексеру, басқару старшиналығына Әлім әулетінен Сартай би, Қаракөбек, Мұратбектер тағайындалған. Төртінші құжатта Ералы сұлтанның 4 қаңтар 1794 жылғы хатында Сартай батырдың ресейлік Хусейн татар басқарған керуенді тонағаны айтылыпты. Осыдан-ақ Сартай Ресейді шынмәнінде (іс нәтижесінде) қолдамағаны көрініп-ақ тұр. 1817 жылдың 16 тамызында Кіші және Орта орданың билерінің мәлімдеме хатында Шерғазы Айшуақұлын өздеріне хан етуді ұсынып, ол турасында дәйекті деректерді алған таратқан жүзден астам билер қол қойған. 21 ретте «мен би Сартай Байжанұлы өзімнің мөрімді бастым» деген сөздер бар. Демек, зерттеушілер жазып жүргендей Сартай би Байжанұлы 1785 жылы қайтыс болмаған. Ең қызығы осы құжатта Сартайұлы Жабы деген кісі де қол қойған. Мүмкін біз әңгімелеп отырған Сартай би баласы, болмаса атасы болар. Сартайдың баласы Малтабардан Бисен Мендіқара Асан Сәт, Жұма туады. Мендіқарадан Боранбай, одан Әйтен (1883 жылы) туған. Сартай батыр Қалмаққырылған деп атау алған Бәлентіг Біленуті өзені маңындағы ірі соғысқа және шешуші ұрыстарға қатысқан деген деректер де кездеседі. Ел аузында бірде

би, енді бірде батыр атанған өз кезінде айтулы тұлғалардың бірі болған Сартайдың өсиеті бойынша ол Кіші жүзге пір атанған Қосым -Қожа қабірінің маңына жерленген. Қосым – Қожамен сырлас дос болған Дәулет бақсы да осы қорымда, батыстағы ұйтам Сартайдікі екен. Бүгінде ел азаматтары бас болып, Қосымқожаның тікелей ұрпағы Айнақожа Алдабергенұлы, Сартайдан тараған Қарасай, басқа да азаматтардың қолдауымен Қосымқожа қорымы қоршалып, қамқорлыққа алынған. Ортақ тарихымызды жалпы қазақ халқы құрметтеп жатқанда бабамыздың туып өскен ел-жұрты әлі күнге үнсіз. Әншейінде ықпалдың ырқына жығылып, атқа мінген азаматты алдиярға балап жатқандығымыз неліктен екен. Сартай жыры да бұрынғы эпостық дастандар үрдісімен жазылған кейіпкерін ерекше көрсету мақсатында әсерлеу де бар. Мәселен, Кіші және Орта жүздің сарбаздары жиылған шаршы топтың алдында садақ жебесімен атқанда жер тасты қақ айырып тамам жұртты таң қалдыруы. Жырдағы осындай әдеби тәсілдердің өзі де тарихи тұлғаның аңыздық кейіпкерге айналуына да негіз қалаған. Нұрмағанбет ақынның суреттеуі бойынша, Сартай батыр ғана емес, қара қылды қақ жарған Әлім тайпасының әділ биі де болған екен. Ұлы адамдар арасында да кездесетін пендешілік әрекет бақталастыққа байланысты Қаз дауысты Қазыбек пен Қырғауыл бидің арасында ат тұрманы ер үшін дау шығады. Осы сәтте Алшынның ақиығы Әйтеке би атасынан рұқсат сұрап сөз алған Сартай бала Қазыбек биді жаладан арашалап мерейін үстем етті. Дауға негіз болған ерді шын иесі Қазыбек биге ұсынды. Өзін-өзі дәлелдеуі қиынға түсіп, ар-ожданы таразыға түскен сын сағаттың әділ шешіміне риза болған Қазыбек би ақ желең тұлпарды сыйға тартты. Әлімнің биі ретіндегі қызметін ол кісі өмірінің соңына дейін атқарған ұқсайды. Тұлпар мініп, ту ұстаған бала Сартайдың күллі қазақ еліне есімі тараған батыр. Сартайға айналар тұсы да осы оқиғадан кейін екендігі баршаға мәлім. Сыр өңірінде жыр керегін лапылдап ақын атамыз Нұрмағанбет Қосжанов «Сартай батыр» дастанын батырдың жақын туыстарының айтуымен жазғаны белгілі. Ақын осы дастанын жазып, өзі орындап жүргенінде ұсталып, халық жауы ретінде 1937 жылы атылған. Нұрмағанбет Қосжанұлының Сартай батыр бастаған «Мың бала» жорығы туралы жазған. Атаулы дастан арқылы ұрпаққа: азаматтықтың, бостандықтың, тәуелсіздіктің құны мен қадірін жете түсіну үшін;

– ұрпаққа елжандылықты, ұлтжандылықты, отансүйгіштікті үйрету үшін;

– ұрпақ болашағы қыл үстінде тұрғанда, үш жүздің халқының ауызбіріктіруінің арқасында келген жеңістің құнын білуге, ұлт болып жер бетінде қалғанымызды еске түсіруді мақсат еткен.

Отан үшін қазақтық қасиетті алтын қазығы Ұлытау үшін болған негізгі шешуші шайқас 1727 жылы Бұланты мен Білеунті өздерінің арасында кең жазықта болған. Шона-доба бастаған қалың қалмақ пен сардар болып бекіген Әбілхайыр бастаған қалың қазақ сарбаздары оқжетер жерге келіп, қарама-қарсы тұрған деседі. Қаніпезерлігі мен қаталдығы қатар жүретін Жоңғарлар зеңбіректерінен 5-6 оқ атып, қазақ қолын алдын-ала зәре-құтын алады. Қолында қарағай сап найзасы, сірі қалқаны, мықтағанда азды-көпті шиті мылтығы бар қазақ қолы, қаруы сай Жоңғар қолын көтергенде сескеніп қалады. Сол кезде Шона-добаның батыр нояны шығып жекпе-жекке адам сұрайды. Сол кезде жазылмаған заңы бойынша жол Ұлы жүздікі болғандықтан, бәрі Ұлы жүзден батырды күтеді. Қару-жарағына мінген аты сай жоңғар ноянына қарсы шығуға Ұлы жүз батырлары кібіртіктей бастайды. (Негізгі бас батырлар бұл соғысқа қатыспаған). Қолындағы найзасын жоғары лақтырып, қайта қағып алып қазақ қолына айбат көрсетіп, жекпе-жекке адам сұрап ортада айналып шауып жүрген жоңғар нояны бір шетте тұрған жап-жас боз балаларды көріп, қорқытпақ болып соларға тұра шабады барлығын бақылап тұрған Сартай батыр, өздеріне тура салған жоңғар ноянының сауытының жоғарғы түймесінің салынбаған жаудың кеңірдек тұсы ашық келе жатқанын анық көреді. Жанында тұрған Жылқаман мен Жылқайдарға мен мынаны атып құлатсам жауға лап қойып зеңбіректерін қиратындар дейді. Өз астындағы Шалқасқа атқа тақым қысып «Бақтыбайлап» ұрандап алға шығады. Жоңғар нояны да баланы іліп тастамақ ниетпен астыңғы есікпен төрдей теңбіл атты тебініп, далақтап қарсы шаба жөнеледі. Арқан бойы жер қалғанда Сартай батыр жаудың кеңірдек тұсына шолақ найзаны жіберіп ұрады. Серппедей серпінді қолдан шыққан шолақ найза жаудың кеңірдегіне дәл қадалып аттың үстінен аударады. Мұны көріп тұрған «Мың бала», «Сартай, Сартайлап» ұрандап жаудың зеңбіректеріне қарайлап қояды. Әлемнен тай салмай жауға шапқан балаларды көргенде қабағына қар жауған шоқпарын сілтесе қара тасты уататын Қанжығалы Бөгенбай, өзіне сілтеген найзаны ауада қылышпен қақ бөлетін-Тама Есет, тірі жанға ырк бермейтін Шектінің жолбарысы – Бақтыбай, өзіне адам теңгермеген-Тархан Шақшақ Жәнібек қандары бастарына шаншып, «ел үшін, жер үшін» деп ұрандап бұларды жауға лап қояды. Жоңғарлар

бұрынмұндай екпінді шабуыл көрмеген еді.«Бала үшін қалай қырқысады мына қазақтар» десіп шуласыпты. «Қалмаққырылған» соғыс біткен соң Үйсін Төле, Қаракесек, Қазыбек, Алшын Әйтеке билер түскен олжаны бөлуді Сартайға міндеттепті. Сартай батыр туралы ауызша деректер Сартай Байжанұлы (шамамен 1711-1785) – батыр. Кіші жүз Әлім ішінде Жақайым атасынан шыққан. Есімі А. И. Левшиннің «Описание киргиз-кайсацких орд и степей», А. И. Тевкелевтің «күнделіктерінде», М. П. Вяткиннің «Сырым батыр» кітаптарында кездеседі. 1732 жылы 6 наурыз күні Сартай батырмен әңгімелескенін жазады. Генерал-губернатор О. А. Игельсьтомның 1785 жылы Кіші жүзді басқару жөніндегі реформасы бойынша, Сартай батыр, Қара Көбек би мен Мұратбек би үшеуі Әлім руын басқарған Сартай батырдың ерлігі мен елшілік қызметі туралы Н. Қосжанұлының «Мың бала» дастанында айтылады. Жырда мың баланың жасағын басқарған 15 жасар Сартайдың Әбілхайыр хан басқарған сарбаздардың құрамында болғаны айтылады. Батырдың өз өсиеті бойынша денесі Қазалы қаласының оңтүстігіндегі Қызылдың құмындағы Қосым қожа қорымына жерленген. Сартайдың қазақ, қалмақ, башқұрт және қарақалпақтан алған төрт әйелі болған. Балалары ер жетіп есейе келе, әке балаға сыншы дегендей былай депті: «Өз кіндігімнен тараған ұрпақтарымнан менің қасиетім шықпайды. Күндердің күнінде қыздан туған қисық болса да, менің қасиетім бір ұрпағымнан шығады. Әзірге ондай күдірет дарыған ешкімді есіте қойғанымыз жоқ. Дегенмен бабамыз болжаған қадыр-қасиет, тектілікпен бекзаттың ұрпақтары жалғастығында қылаң береріне сенгіміз келеді. Өзін Сартайдың ізіндегі туысы санайтын Жақайымның Асаны, оның Байжан аталығынан тарайтын Нұров Ердеш ақсақал өмір бойы атасының рухын қастерлеп сиынумен, дұғасын тастамай өтті. Ақшатаудың бастауыш мектебінде қырық жыл ұстаздық жасаған Ердеш 1970 жылы ағайын – туғандардың басын қосып, Сартайдың денесін жуған жерге арнайы белгі орнатып, игілікті бір іс тындырды. Сол оқиғаның бел ортасында болған Қайыңбаев Өмірзақ ағамыз көзімен көрген мына бір күдіретті былай деп еске алады. «Белгі орнату жұмысы қызу жүріп жатқан болатын. Жер ошақта баба рухына арналған құдайы ас камалуда. Осы кезде батыс беттен шыққан қалың қара бұлт нөсерін төгіп бізге де жетті. Біздің жұмысымызға кедергі жасауға айналған әлгі бұлт төбемізге шықты. Сонда барып жасап жатқан тірлігіміздің бекер еместігін, баба әруағының тегін еместігін сезінгендей болдық».

Тарихымыздың осы бір аумалы-төкпелі кезеңінде ақ найзасын қолға алып, арғымақ мінген батырлардың бірі, әрі биі, Кіші жүз елінен шыққан нақтылап айтсақ, Арал ауданындағы Ақшатау елді мекенінде дүниеге келген Сартай баба есімі туралы кейінгі ұрпаққа ғылыми, әдеби материалдар тапшы. Сартай есімі аз-кем дерек, әңгімелердің осылайша қағаз бетіне түскенін мақұл көрдік. Бұлай жасамасақ, енді бір ұрпақ жаңарғанда тіпті бұл мәліметтерден айырылып қаларымыз ақиқат.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Т. Дәрменов. «Мырзастан шықты шайырлар». – 2002 ж.
- 2 Н. Мусабаев. «Ортаймаған қазаны, Қасиетті Қазалы». – «Атамекен» баспасы. – 1998.
- 3 А. Мусабаева «Егемен Қазақстан» газеті 11.26.2008 ж.
- 4 З. Шүкіров «Сыр бойы» романы. Қариялардың естеліктерінен.

THE PROS AND CONS OF MULTILINGUALISM

AUBAKUR S. S.

teacher, S. Toraighyrov PSU, Pavlodar

BAIGAZINOVA A. M.

student, S. Toraighyrov PSU, Pavlodar

Throughout the world there are thousands of languages, some common and others nearly unheard. Every country has its own policies about languages, which ones to teach and which not to. Some countries are monolingual and some are multilingual. Multilingual meaning knowing and having the capability to speak or understand more than one language and monolingual understanding just one.

The situation in Kazakhstan reflects this concept. Today, more than 130 nationalities live in Kazakhstan. The majority of people of Slavic origin mainly speak only one language, whereas the majority of Kazakhs speak two languages. Multilingualism is prevailing among Uighur, Uzbek, Dungan, Turkish, Azerbaijani, Tajik, Tatar, and other ethnic groups. In German, Korean, and Chechen communities, multilingualism is also more frequent phenomenon. Due to the recent government attention to the knowledge of multiple languages, multilingualism is growing among the Kazakhs, too. According to the 1989 data, in the former Soviet Union, 73 mln people (23.4 %) were bilingual; the Russian

language was the second language of 61 mln people. A small group of them were multilingual (polyglot) [1].

Multilingualism is often a process of using a combination of more than three languages in a social relationship. «Multilingualism» sometimes refers to many languages. In this case, the issue is not about the process, but rather about language information. Today, countries of the world are, basically, multilingual. Multilingual environment necessitates a common language; that is why international languages are used extensively. Moreover, the language is experiencing globalization. At present, English is recognized worldwide as the language of globalization. In Kazakhstan, more than one hundred nations and ethnic groups use their ethnic languages in daily life. Officially, the Kazakh and Russian languages are used predominantly. Nowadays, more than 17 million people live in the country; 65.2 % of them are Kazakhs, 21.8 % are Russians and 13 % are representatives of other ethnicities [2].

Continuing the above discussion, in today's world in general, and in megacities in particular, people are living in the multilingual environment. Such phenomena as bilingualism or even multilingualism is widespread. Our country is also experiencing this global process. One of the main directions of social-economic development of today's Kazakhstan is to develop an environment where the citizens would speak three languages.

Kazakhstan President Nursultan Nazarbayev presented his idea of the use of three languages for the first time in 2006 in his speech at the Assembly of People of Kazakhstan. In his 2007 annual address themed «New Kazakhstan in a New World», the President proposed gradual implementation of the «Trinity of languages» cultural project. In the 2008 address, he declared that «the Government should accelerate the implementation of the «Trinity of languages» project and should urgently improve the quality of teaching the Kazakh language, as the state language that unites our entire society» [3]. Thus, the Kazakh language was determined as the state language, the Russian language is now the language of interethnic communication, and the English language serves for integration of our country into the world economy and global society. Apart from this, in his address to the people of Kazakhstan «Building the future together» in 2011, the President stated, «I always say that knowing three languages is essential for the success of every Kazakhstani. Our task is to raise the number of citizens speaking the state language up to 80% by 2017. I think, by 2020, the number of Kazakhstanis speaking English should reach 20 %» [4].

Multilingualism is questioned and debated greatly. People wonder if it does more harm than good, and whether it's worth it to be multilingual. It's debated whether children can handle more than one language at a young age. Linguistic professors at Georgetown University, Kendall King and Alison Mackey believe that children can handle a multilingual environment. They state, «Millions of children grow up learning three or more languages and have been doing so for hundreds of year, with no ill effects» (King and Mackey 31). Despite many beliefs research has shown that there aren't any ill effects from teaching a child multilingually.

One of the most common myths is that children can't handle more than one language. If they are taught more than one language at a young age, they will mix and scramble the languages together. They will get confused and they won't be able to tell the difference between the two and so they will speak a mixed language. That is, a mix of the languages they are learning. King and Mackey also say that «results of decades of carefully conducted research point to the fact that young children distinguish early on between their two languages» [4]. It is also stated that children who are exposed to multiple languages from birth view them as means of communication [4].

Another misconception about multilingual learning is that one language should be thoroughly learned first. After that, more can be learned, but only then. Studies have shown otherwise. Learning multiple languages simultaneously is much easier for the child. It is easier to introduce new languages into a child's brain when they are younger and their brain hasn't become very developed yet. UCLA biophysicist Michael Phelps says that our brains are most capable of gathering new information when we are young. He says, «For example, foreign language instruction is often deferred until high school, despite the fact that youngsters can learn to speak like natives – that is, to think in the language without having to translate – whereas teenagers or adults usually cannot. When small children learn a new language, he said, the ability to use that language is wired in the brain» [7].

So, there are many people with the impression that multilingualism is not beneficial and is difficult to teach. The common myths are that children can't handle more than one language, two languages may be a possibility but no more than that, and languages have to be learned individually instead of simultaneously. It has been proven that most of these negative conceptions about multilingual learning are in fact false, but what are the benefits of knowing more than one language?

There are several.

In an article from Time Science and Space the author states that multilingualism is very beneficial to the brain. He says, «New studies are showing that a multilingual brain is nimbler, quicker, better able to deal with ambiguities, resolve conflicts and even resist Alzheimer's disease and other forms of dementia longer». The easiest way to understand this is that being multilingual exercises your brain. Learning languages works and strengthens your brain. Language is one of the things that exercises the brain. So, the more languages being learned, the better condition your brain will be in [5].

Besides individual benefits of being multilingual there are also economic advantages. «Today, the lack of a second language doesn't just isolate people. It makes them less competitive» [6]. Knowing more than one languages helps in the business world. While English is probably the most widely spoken language throughout the world, it gives a very distinct advantage in the business world to know more than one language. Today's global labour market makes the integration of multilingual and multicultural workers crucial for sustainable business growth.

Also, multilingual people better understand and appreciate people of other countries, thereby lessening racism, xenophobia, and intolerance, as the learning of a new language usually brings with it a revelation of a new culture.

The easiest way for Kazakhstan to start becoming more multilingual is to help young children learn because they will pick it up the fastest. Then their children will learn and their children's children and so on. There are many ways Kazakhstan can go about making these changes and creating environments where multilingual learning is not only accepted but encouraged. The ideal environment for a child to learn is at home. «Second language learning works best when it is integrated into all of our busy everyday routines and many activities» [4]. It is best for a child to learn additional languages like they would their first. From their parents, at home, and hearing it in everyday life. Since it is obviously very unrealistic for most children to learn like this due to busy schedules of their parents and home life, there is an alternative. Sufficient language programs at schools would act as this alternative.

Head of State Nursultan Nazarbayev has said: «We must put all our effort on development of the Kazakh language as a main factor of unity of all Kazakhstani people. Besides, we need to provide every opportunity to different nationalities living in our country to speak, learn and develop their own mother tongues».

The tasks of the state program on the development and use of languages in the Republic of Kazakhstan for 2011-2020 are the following:

- 1) Improvement and standardization of the teaching methodology of the state language;
- 2) Development of infrastructure for teaching the state language;
- 3) Stimulation of the process of learning the state language;
- 4) Strengthening the status of the state language;
- 5) Increasing the demand for the state language;
- 6) Improvement and systematization of lexical resources of the Kazakh language;
- 7) Enhancement of the language culture;
- 8) Functioning of the Russian language in the communicative language space;
- 9) Preservation of the linguistic diversity;
- 10) Learning English and other foreign languages

The Kazakh scientists' opinions on the trilingual policy can be divided into two parts:

1 Children should learn three languages. But they should study only Kazakh till the age of 13 and then, they can learn other languages.

2 Children learn languages quickly while they are small, so they should be taught three languages from kindergarten.

In conclusion, this however is not something that can happen overnight. Or in a year or two for that matter. Programs can be put into place but the Kazakhstan's population will not be fully multilingual for a few generations to come. This gives urgency to this matter. Since multilingualism is so important for the business world, and government, and is so beneficial for individuals. If Kazakhstan wishes to become economically advanced country, steps must be taken to insure this. Steps that can start in the homes of parents but that will also hopefully start in the settings of public and private schools as well.

REFERENCES

- 1 The explanatory dictionary of terms of linguistics – Almaty. «Dictionary», 2005. ISBN 9965-409-88-9
- 2 Khassanuly, B. (2013) The State Language: the Society and the Youth. Almaty
- 3 Nazarbayev, N.A. «Increasing the well-being of the people of Kazakhstan is the main goal of the state policy» / The Address of the President of the Republic of Kazakhstan to the People of Kazakhstan. February 6, 2008

4 King, Kendall A., and Alison Mackey. The Bilingual Edge: Why, When, and How to Teach Your Child a Second Language. New York: Collins 2007., Print

5 Kluger, Jeffrey. «Science & Space. «Science Space How the Brain Benefits From Being Bilingual Comments. Time Science &Space, 18 July 2013. Web. 11 Nov. 2013.

6 Chu, Judy. «We Must Promote Multilingualism in Our Schools (Rep. Judy Chu)»The Hill. The Hill, 15 Sept. 2010. Web. 11 Nov. 2013.

7 Nadia, Steve. «Riggs News»The Riggs Institute. N.p., n.d. Web. 11 Nov. 2013.

ДУЛАТ ИСАБЕКОВ ПОВЕСТЕРІНІҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

БАЙҒАНИ Д. Н., АБУБАКИРОВА Р. М.
студенттер, М. Қозыбаев атындағы

Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ.

ҚАДЫРОВ Ж. Т.

ф.ғ.к., профессор, М. Қозыбаев атындағы

Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ.

Жазушының «Гауһар тасы» әдеби сында жоғары бағаланған шығармалардың қатарынан орын алған. «Д. Исабековтың алғашқы туындылары дүниеге келе бастаған тұста кеңестік одақ аясындағы әдебиетте, сондай-ақ қазақ прозасында да лирикалық-психологиялық бағыттағы шығармалар легі молайған болатын. Алайда «Гауһар тасты» лирикалық-психологиялық сипатына қарап немесе әдеби сын атап көрсеткендей, «кейіпкер характерінің табиғилығы, оқиға дамуының, шиеленісуінің нанымдылығына, қарапайым кейіпкерлерінің өмірге құштарлығына» – демек, автордың әдебиеттің әліп-би қағидаларын ойдағыдай меңгеруіне байланысты бағалау, сондай-ақ «Пері мен періштені» адасқан кейіпкердің дұрыс жолға түсуін суреттеуі, «характер даралауда көш ілгері кетуімен» бағалау тым қораштық болар еді» [1, 4 б.].

Және бір байқалатын нәрсе – Дулат өңгіме-новелла жанрында айтар ойын, шығарманың барлық болмысын сіңістіріп жіберетін жазушы. Ал повестерінде өзіне өзі сене қоймағандай ежектеп кететіні байқалады. «Пері мен періште» повесінде Сапар мен Сафура келіншектің арасындағы сүйіспеншіліктің драмасы сәтті суреттеледі.

Әсіресе, характерлерді даярлауда Дулат бұрынғы повестерінен көш ілгері кеткенін танытады [2, 160-161 б.].

Бір ғана Сафураның қатесін ұғыну жолы – психологиялық толғаныс, толқу трагедиясына куә. Ақыры өз ұясына, күйеуіне қайта оралуы да оқырманға көп ой салады. Онымен келісуге де, келіспеуге де болады. Бірақ, осы повесть Сафураның қайтуың, күйеуінен кешірім сұрайтынын баяндаған хатын Құлахметке тапсырумен біткен секілді. Шығарманы бұлай аяқталуы оқырманға ой салады әрі сұрақ туындайды. Өзі біреуден екіқабат боп сегіз ай түзде жүрген Сафура қанша ма сұлу болғанымен – сұлулығы оны қорғап қала ала ма? Оған қоса, Сапардың ойымен берілген мына актау актісі тіпті артық көрінеді. «Осы сегіз ай бойы көзден аққан ыстық жас Сафураның алдамшы, өзімшіл қасиетпен астасқан ойларын жаңбырдай жуып, ішкі дүниесіндегі адамдық ар мен адамдық сезімдерін жаңғыртып өтті.

Күйеуінің көзіне шөп салып, біреуден бала көтеріп келген әйелге – бұл тым жеңіл үкім емес пе? Жазушы өзі таза сезімнің насихатшысы бола тұра осы жолы кейіпкерді тым «аяп» кеткен сияқты. Әйтпесе, Сафура секілді «жеңіл-етек» келіншектердің бағасы басқаша болмай ма?

«Гауһар тастағы» негізгі түйін Салтанат пен Ыбырыштың жан дүниесі қақтығыстарынан, бірін-бірі жете түсінбеуінен туындайды. Екі жас бір-біріне ғашық болып қосылмады. Алайда оларды зорлап қосқан ешкім жоқ. Ата дәстүр жолымен, ата-аналарының келісіміне шаңырақ көтерген олардың мінездері бір-біріне қарсы болып шықты. Күйеуге шыққанында бақытты емес екенін Салтанат ашық айтады. Салтанаттың бойына біткен табиғи зиялылық пен сұлулық Ыбыш бойындағы туа біткен жан керендігімен соқтығысады.

Ел-жұрттан алыста, алдындағы малын ғана біліп, қоңырқай ғана тіршілік кешіп отырған өтенге қуаныш ұшқынын алып келген, осы өтеннің бұлжымас қағидаларын бұзбаққа, рухани жасампаздыққа қанша ұмтылғанымен де ақыры жеңіліс тапқан жас келіншек ұлттық бояуы қанық бейне. Салтанат «өршіл мақсат пен үлкен арман иесі, өмірге келе алмаған сәбидің анасы... адал жар» еді. Бірақ оның жан трагедиясының себепкері Ыбыш қана ма? Повесть аяқталу диалогына зер салайық:

«Қолда бар алтынның қадірі жоқ» деген осы ғой. Сол алтынның қадіріне сен жетпедің-ау, балам. Сенің қаталдығың, сенің жігерсіздігің ғой осыған кінәлі...

Ыбыш көпке дейін үнсіз тұрды да:

– Мені оған үйреткен сіз кінәлісіз, әке, – деді үзе сөйлеп. Бәлкім, бұл сөз оның ойында көптен жүрген шығар» [3, 234 б.].

Салтанаттың өлімі – оның ортасына әсер етуі, Ыбыштың жан дүниесін оятуы рухани-мәдени тыныс-тіршілік қайшылықтарынан. Салтанат армандағандай «адам қараса қызығатындай, тоймайтындай тәтті тұрмыс құра алмауының» сыры қауымдық, үй-ішілік, ауыл-аймақтық бірлік туыстықтың рухани бірлік-туыстық деңгейіне әлі жете алмауында жатыр.

Жазушының жастар өміріне арналған келесі лирикалық повесі – «Кеш туған жұлдыз». Психологиялық толғамға құралған бұл шығарманың негізгі арқауы – махаббат, адамгершілік.

Повестке кеш туған махаббат арқау етіледі. Түйіндеп айтсақ, Бектемір деген председатель жігіттің Еркембайдың әйелі Кәмшатқа асық болу хикаясынан сыр шертеді. Соңында күйеуінен бір түнде кетіп қалған Кәмшат та Бектемірді ұнатып қалатын сияқты. Еркембай болса, бастықтың қарындасымен қол ұстасып кете барады.

Міне негізгі оқиға осы төңіректе өрбиді. Бір жағынан оқиға оқырман үшін таныс. Бұл сынды сюжеттер көптеген шығармалардың өзегі болғаны да бар.

Кәмшат пен Еркембайдың сүттей ұйып отырған тіршілігін Әсила сұлу сыяндап жүріп бұзып кетеді. Оған: шығасыға иесі басшы дегендей Еркембай соғылғанның өзі де оң жамбасын тоса береді. Өйткені, өмірдің үнемі жеңіл жағын ойлап, бір үзім нанды артық жегісі келетін адам екені бірте-бірте ашыла түскендіктен – ең соңында оның іс-әрекетіне тіпті ренжігін де келмейді. Ол өз отбасының намысын да қорғай алмайтын халге жетеді.

Әсила Кәмшатқа нағашы ағасы Бектемір атынан сөз айтады. Ал, Бектемірдің бұл келіншекті ұнататыны рас еді. Әлиса болса Кәмшатты Еркембайдан ертерек айырып – өзі оған тұрмысқа шықпақшы. Ақыры – айла-тәсілмен Кәмшатты арандатып та үлгереді. Мақсатына да жетеді. Кәмшат босанғанда Еркембай Әсилаға үйленіп, өз бетінше кетеді.

«Кәмшаттің көзіне «Бектемірге көнемін» деп хат жазған түн елестейді. Олардың үйіне барғанда ашық терезеден Бектемірдің: «Айтсам ұнататынымды айттым. Мен саған көндіріп бер дедім бе» деген сөз жаңғырып, қайта естілгендей болды. Байғұс Бектемір-ай, оның не істеп жүргенін сен де білмейтін бе едің?!

Кәмшаттың жаны түршікті. Сөйтсе де Бектемірді аяды. Ақыр соңында оны қарындасы да жалғыз тастап кетті ғой.

Ол қос теректі есіне алды. Жапырағынан айырылған ол екеуі келер жаздың тез жетуін күріп дірілдеп тұр ма екен? Бәлкім, оның түбінде қолын маңдайына тіреп, қайратты да жігерлі Бектемір Кәмшатты сағынып, сол теректерге мұнын шағып, егіліп отырған шығар» [4, 158 б.].

Тұтастай алғанда лирикалық шуакты эпизодтар, әдетте жай көзге байқала бермейтін өмір көріністері, адам мінезінің кейбір қалтарыс қырлары да шығармада көрініс табады.

Алайда шығармадағы образдар шешімінде таптаурын схемалар кездеседі. Повесті оқи бастағаннан-ақ санаңда «осылай болмаса еді» деген ой туындайды. Мәселен, мына бір оқиғаға назар аударайық.

Еркембай... Анау кім? – деді кеңет Кәмшат демін ішіне тартып. О не?

– Ана біреу, аттан түсіп жатыр [5, 13 б.]. Кәмшаттың анау кім дегені Бектемір екен. Айтқандай-ақ «демін ішіне тартқан» Кәмшат оған ұнап қалады. Міне, енді Бектемір қайтқалы тұр. «Ол алдымен Еркембайдың, сонан соң Кәмшаттың қолын қысты. Бастықтың алақаны жып-жылы әрі жұмсақ екен. Кәмшат саусақтарын тез тартып ала қойды.

– Сау... сау болыңыз, – деді сыбырлап». Байқасақ Кәмшат та Бектемірді ұнатып қалған сияқты. Осы келтірілген штрихтардың өзін оқығанда-ақ, Бектемір мен Кәмшаттың арасындағы асықтық жырдың алғашқы шумағы жазылып та қалғанына күмәнданбайсың. Өмірде мұндай жағдай кездескенмен оны қата-қайта қайталай беруден табатынымыз аз сияқты. Сондай-ақ Бектемірдің Кәмшатқа жанып-күйіп жазған хаты да сенімге кіре бермейді.

Дулат Исабековтың аталмыш повесінде характерлердің көркемдік шешімін беруде өзіндік ізденіс, шеберлік нышанын таныта алмаған. Сағат Әшімбаевтың сөзімен айтқанда, онда авторлық идея жаңалығы, оқиғалар дамуының сонылығы, беймәлім тартыс жоққа тән. Оның себебі жазушының схемалық ойлаудан шыға алмай қалуында. Сондықтан да мұндағы өмір құбылыстары шын мәніндегі көркемдік шындықтың ауылынан әлдеқайда алыс жатыр. Біз Дулатты бұл жолы «Гауһар тас» сияқты салмақты повесіндегі суреткерлік қырынан көре алмадық [6, 91 б.].

Суреткердің «Тыныштық күзетшісі» повесінің басты кейіпкері – Демесін. Жазушының бұл кейіпкері жарты көңіл, жарымжан адам. Бала кезінде бандылар әке-шешесін көзінше атқан. Сол оқиға баланың жүрегіне жара болған, басына зақым тиген. Бірақ көп нәрсенің байыбына бара бермейтін кейбір адамдар оны күлкі қылады,

кемсітеді. Оған тек жаны ашитын колхоз бастығы Ормантай. Өйткені Демесінді өз баласындай көріп өсірген Ормантай еді.

Демесін бейнесі повесте екі түрлі қызмет атқарады: а) азаматтың соғысқа деген нәлеті; ә) ауыл адамдарының соғыс кезіндегі тауқыметі.

Шыдамдылық шығармада түрлі тұрғыдан көрінеді. Демесін – төзім иесі. Тағдыр оған қанша сыр артса да, ол оны көтеріп келеді. Жарымжан болды, сонда да берілмеді. Елде «тыныштық күзетшісі» болды, қайда жүрсе де ер міндетін ұмытпады.

Суреткер Демесінді әумесер етіп көрсету арқылы өзіміз көңіл бөле бермейтін қорғансыз адамдар тағдырына тағы да терең бойлауымызды талап етеді. Түрлі оқиғаның ортасында Демесінді кездестіреміз. Бірақ бәрінде де айналасындағыларды үлкен ойға қалдырып кетеді. Оны көргенде жұрттың бәрі қашады, бірақ ол сияқты ойлауға өрелері жетпей жатады. Жұрт жырым деп жүрген ол да соғыс десе қаны қайнайды. Балалар соғыс ойынын ойнайық дегенде, бейбітшілік ойынын ойнауды ұсынады. Балалармен қызығып ойнап кетіп, Мүтән деген баланың қолын шығарады.

Жазушының балалардың Демесіннен қорқақтығын білдірерде қолданған тәсілі қызық. Демесіннің дорбасы толы тәтті көмпиттер, ол жақсы ертегі айтқан балаға көп етіп көмпит бермек болады. Бірақ ешкім жоламайды. Ақыры баланың аты – бала, бір бала бастап еді, бәрі де тығылған жерлерінен топырлап шығып, көмпиттерді бөлісіп алды да, дорбаның өзін қалдырды. Осы жерде жазушы соғыстың тағы бір шындығын, яғни аш-жалаңаштық, қара қағазбен келетін қайғы балаларды ерте есейткенін білдіртпей байқатады. Мүтән деген бала ойнап жүрсе де, тек өзін емес анасында ойлап көмпиттің екеуін апасына алып қалады.

Ормантай – сабырлы жан. Демесіннің қанша жындылығын көрсе де, ешбір ашу шақырмайды. Өршеленген мінезін Ормантай оның иығына қолын салып, баяу үнмен сөйлеп басады: «Демесін, сен бұл мінезінді қой... Жоқ жерден жау іздеп аласұрма. Бұл ауылда фашист жоқ. Олар анда, алыста».

Қазақ халқы да басына қандай күн түссе де, қайғыны бірігіп көтереді. Майданнан келген хатты бірге оқиды. Бірге қуанып, бірге жылайды. Баласы соққыға жығылған Хадиша күйеуі майданда қаза тауып, тағы қайғыға батады. Сонда да жылауға үйренген бастары күндегі тіршіліктерін жалғастыра береді. Өзі қара жамылып отырса да, өзгенің халін ойлайды. Бұл жерде жазушы қазақ әйелінің ер басына күн туған уақытта қайсар, шыдамды, батыл тұлғасын

сомдайды. Бұлар әрбір ұлтта болатын ұқсас характер болғанымен, оның бейнесінде, өзінде реңк бар. «Сабыр, Хадиша, сабыр. Мұндай қазаны жыламай қарсы алайық. Еркек тоқты – құрбандық... Амал қанша, мықты бол!» деген Ормантай сөзінің ұлттық бояуы бар. Бұлар үйреншікті, бірақ көңілге демей болатын сөздер. Ғасырлар бойы халық бір-бірін осы сөздермен жұбатады.

«Әйелдердің ортасында Хадиша жер тоқпақтап жылап отыр екен». Шашын жайып, жер тоқтатпақ, бауырымдап, дауыс шығарып жылау – қазақ әйелінің қайғы үстіндегі әрекеті.

Ормантайдың «Иә... тағы да бір азаматтан айырылды» дегендегі «дүние салды» демей «азаматтан айырылды» деген сөзінен үлкен парасат, кең ақыл аңғарылады.

Дулат Исабеков ұлттық характерді тұлғаландыратын ұлттың әдеп-ғұрпы екенін жете түсініп, шебер суреттейді. Ұлтты танытатын басты белгі – тұрмыс салт дәстүрі. Одан оны бөліп қарай алмайсың, санаға берік орнаған, ғасырдан ғасырға жалғаса бермек.

Шығармада аз көрінетін, бірақ ұлттық характер бола алатын кейіпкер – Зейнеп. Мұның да күйеуі майданға аттанған. Екі баласын тастап қыстың қақаған күнінде өзі сұранып барады, қайтарында ұрылардың қолына түсіп, мерт болады. Қыс ішінде ел үшін жалғыз батыл әйел Демесіннен қорқады. Ол оған Хадиша үйінің жылап жатқанын айтқанда: «Мүтән ше? Мүтән жылап жатыр ма?» – деп сұрайды.

– Иә. Иә. Ол байқұстың жылауға да шамасы жоқ... Бағанағы «ойыннан» кейін... – «Сіз соққаннан кейін деп айтуға батылы бармады». Бұлайша тіке айта алмауының себебі: біріншіден, Демесіннен үрейленгендігінен, екіншіден, қайнағасының ісін батылы барып бетке айта алмауынан, яғни қайынағаны сыйлаған келін әдетінен.

Ал, Ардақ бойында, бір қарасаңыз, әйелге тән мейірім, нәзіктік деген жоқ. Оны жазушы Ормантай мен әйелдер сөзі арқылы да жеткізеді. Бірақ «бет – перне ғана, оның аржағына үңіліңіз» дегендей, Ардақ, шын мәнінде, жауыз, қаһарлы адам емес. Мұндай мінез соғыс салмағынан болған.

Ардақ – қажырлы, қайратты әйел. Күйеуінен қаза тапқаны туралы қара қағаз келсе де, оны ешкімге білдірмейді. Өзіне артқан жауапкершіліктің мәнін терең түсініп, ол туралы ешкімге тіс жарып айтпайды. Егер темірдей тәртіп иесі Ардақ жылыса, өзгелер бордай езіліп, күйрейтіні анық. Барлығын ішіне сақтаған қандай төзімді әйел деп таңғаласыз.

Жазушы ұлттық характерді танытпақ мақсатымен Ардақ секілді сенімдердің типтік образын тандап алды және оны өзгеше сипатта ашып берді. Барлық жұмыстың ортасында жүрген қатал Ардақтың да әлсіздігі бар екен. Ол бір күні ашылды.

Перизатты аяйды. Оның шешесінің өлімін айта алмады. Бала жүрегін жаралағысы келмеді. Халқымыз адам жанына ауыр тиетін сөзді тікелей айта алмайды. Бұл кейіпкерді жазушы сол тұрғыдан көрсетуге тырысады. Автор оны іштей тайталасқан екі түрлі мінез етіп суреттейді. Бала көңілі үшін бір айла ойлап табады. Зейнептің күйеуінің атынан өзі хат жазып, оны апарып беріп баланың жандүниесіне үміт шоғын жағады. Мұнан оның қажетті жерде мейірімді бола алатын аяулы ана екенін байқаймыз.

Соғыс көктемі сан балаға жаралы гүл сыйлайды. Соның бірі – Перизат басындағы оқиға. Оны да сол жылдар ерте есейткен. Ойыннан гөрі ойға көп батырған. Үлкендерше ойлап пішетін Перизат анасының байпағы кең болған соң, ұлтарак қып өзінің дәптерін салып береді. Кейін ұрылар қолындағы анасының аяқ киімі екенін сол арқылы таниды.

Қай характерді болсын өзгертетін қоғамдық жағдай. Ардақты қатал еткен – соғыс. Әйтпесе оның бойындағы ізгілік ешқашан өшпек емес. Өйткені ол әйел – Ана. Жазушы айтпағы – осы. Ардақтың шыдамдылығының көрінер тағы бір тұсы – қиындыққа төтеп беру, берілмеу. Ардақ ауыл әйелінің алдында ғана емес аудан өкілдерінің алдында да иілмейді. Өзінің жаңа қырынан көрінеді. Өзін қорғай алады. Күйеуі майданға кеткен әйелдерге әлімжеттік жасау, зорлық көрсету сияқты теріс қылықтар талай көркем шығарманың нысаны болды. Жазушы Сейітжаппардың қылығын Демесін арқылы әшкере етеді. Бүкіл ауыл жарым деген Демесін шолақ белсенді, арсыз Сейітжаппарға қарағанда ақылды. Оны ауыл тыныштығын бұзушы ретінде ұстап, ел алдында абыройын айрандай төгеді. Сейітжаппарды Демесінге кездестіру арқылы жазушы қазақ қызын қалай құрметтейтінін танытты. Елдің қарғысына қалу ерге – өлім. Ал, Сейітжаппар ер емес, ез болып шықты.

Характерді тартыс үстінде ашуда оның ұлттық психологиясы ерекше септігін тигізеді. Ашу ар алдындағы сотпен басылды.

Ормантай сабырлылығы парасаттылықпен астасқан. Соғысқа жіберуді өтінген Демесінге кемістігін бетіне баспай жаймен түсіндіреді. Мүсәпір жанның көңілін өсіріп, қанаттандырады. Демесінге айтқан бір ауыз сөзі мынау: «Сен мұнда керексің. Сен тыныштық күзетшісі боласың». Өзінің ат-шанасын, қолына

мылтығына дейін береді. Оның Демесінге деген жылылығынан азаматтық парыз, биік адамгершілікті көреміз. Жындының тілегін орындағын Ормантайдағы сабырлылық құлдық психологиясы емес, ішкі аяушылық, түсінушілік сезімінен туған құбылыс. Ақыл есі түзу кісінің бір сөзінен шам алып қалатын басқа адам болса Демесіннің дегеніне көнер ме еді? Демек, жазушының авторлық концепциясы: парыз бен қарыз бар жерде төзімді адамға «ыстық қайрат нұрлы ақыл, жылы жүрек» көмекке келеді.

Демесіннің бойында да махаббат атты ұлы сезім бар. Бірақ оны Ардаққа білдіре алмайды. Жазушы жарымжан жандар бейнесін жасауда ерекше жол таңдаған. Бір ғана кейіпкер әрекеті арқылы өзге образдардың реалистік жағын толықтырады, бір ғана бейне арқылы басқа кейіпкерлердің жан дүниесін жаңғыртады, ойын тазартады.

Әңгімелері мен повестері мінез-құлықтық ізденістерінің тереңдігімен ерекшеленетін Д. Исабеков өз туындыларында шынай және жалған құндылықтар проблемаларын шеше отырып, күнделікті тұрмыс-тіршіліктің мәнін, кәдімгі және қатардағы тұлғалардың маңызын айқындады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Дәдібаев Ж. Дәстүр және жаңашылдық. – Алматы, Ғылым, 1980.
- 2 Исабеков Д. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2003.
- 3 Исабеков Д. Қарғын. Роман, повест, әңгіме. – Алматы, Жазушы, 1980.
- 4 Исабеков Д. Кеш туған жұлдыз. – Алматы, Жазушы, 1978.
- 5 Әшімбаев С. Парасатқа құштарлық. – Алматы, 1985.
- 6 Елеукенов Ш. От фольклора до романа-эпопей. – Алматы, Жазушы, 1987.

ЯЗЫК СОВРЕМЕННОГО АНГЛО- И РУССКОЯЗЫЧНОГО ВИДЕОБЛОГА (НА МАТЕРИАЛЕ ВИДЕОХОСТИНГА YOUTUBE)

БАЙЛЬДИНОВА А. Е.

студент, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

ГАФИАТУЛИНА Ю. О.

м.ф.н., ст. преподаватель, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

В настоящее время Интернет стал основным источником информации и с этим уже невозможно поспорить. Он соединил все уголки нашей планеты всеюди и позволил почти мгновенно передавать информацию из одной точки мира в другую. По данным последнего пресс-релиза Международного союза электросвязи от 22.07.2016, количество пользователей интернета в мире составляет 3,5 миллиарда человек [1]7 Согласно исследованию TNS в Казахстане аудиторией YouTube являются 79 процентов пользователей всего казахстанского сегмента интернет в возрасте старше 18 лет, при этом 35 процентов пользователей заходят на YouTube ежедневно [2]. Такой широкий обмен информацией не мог не повлиять на языки. И большинство зарубежных лингвистов уже ведут исследования в данной области. Кроме того, будучи текстами определенного типа, видеоблоги (влоги) изобилуют стилистическими приемами, формируя ряд функций, способных повлиять на восприятие человеком действительности, поэтому они требуют подробного наблюдения и анализа со стилистической точки зрения. В этой связи интересным представляется анализ языка блогов с точки зрения используемых в них средств пополнения лексического состава языка (таких, как неологизмы, эрративы, заимствования, аббревиатуры, акронимы, Интернет-мемы) и когнитивных механизмов (например, метафора и метонимия), особенностей их функционирования в специфической языковой среде.

В соответствии с определением концепта «языковая форма», представленным в Словаре этнолингвистических понятий и терминов [3, с. 178], язык влогеров можно в полной мере назвать самостоятельным структурным образованием. Данная форма существования языка представляет одну из характерных особенностей современного дискурса сети Интернет и является вариантом более емкой категории языка компьютерных пользователей, наряду со сленгом хакеров, жаргоном программистов, языком чатов и т.д.

В чем особенности жанра? Videоблог – это форма блога, где потоковая передача видео является основным способом

передачи информацию. Видеоблог также можно рассматривать как форму интернет-телевидения. Видеоблог основан на концепции интернет-дневника, где записи размещаются в хронологическом порядке (блоге). Одной из заметных особенностей влогов являются аналогичные композиционные компоненты. Все влоги обладают следующими элементами: введение автора, определение обсуждаемой темы или события, оценка с помощью комментариев и видео-ответов, обоснование заявленной позиции, приглашение на групповое обсуждение. Тематическое разнообразие и аутентичность индивидуального авторского стиля делают влог интересным объектом стилистического анализа [4, с. 2].

С появлением интернета и различных видеохостингов, изменения, прежде всего, коснулись лексического состава языка. Особенно широко стало применяться заимствование иностранных слов, в основном, в сфере информационных технологий, поскольку аналогов в русском языке не существует или они являются некомпактными, например: дисплей (англ. display), свитч (англ. switch) [5, с. 1].

Само слово Интернет также является заимствованным. По мнению подавляющего числа лингвистов, слово «Интернет» склоняется по правилам русской грамматики как существительное мужского рода, ничем не отличаясь от таких слов, как «интернат» и «интерфейс». Поэтому писать следует: «в Интернете», «структура Интернета». Также иногда берётся иноязычная корневая морфема и с учётом всех правил словообразования из него получается новое слово, например: твитнуть – добавить запись в системе Twitter, позволяющей пользователям отправлять короткие текстовые заметки. Популярными в использовании таким же способом стали слова фоловер (follower), репост, репостунть (repost), спамить (spam), блокнуть (block), хэйтить (hate), фейл (fail), флуд (flood), хайп (hype) и так далее. Употребление заимствованных слов зависит от классификации видеоблога. Например, в видеоблогах, посвященных красоте используются такие слова, как бьютииндустрия, лук, свотч, финиш, контуринг, нейлфи, блюр, шиммер и так далее. В игровых блогах используются такие слова как, читерить, забанить, флексить, вин, винеры. Если рассматривать видеоблоги, посвященные образованию, то можно заметить, как часто используются слова скилз, типс, рычаги, советы, задействовать, практиковать, укреплять, рекомендовать, предлагать, фокусироваться и так далее.

На данный момент становятся популярными видеоблоги жанра «реакции», отсюда произошли такие слова как «реакционер» (те, кто снимает реакции), «делать реакцию».

Сравнивая англоязычные и русскоязычные видеоблоги, относящиеся к определенному жанру, можно заметить, что лексический состав языка особо не отличается. Например, в англоязычных видеоблогах, относящихся к сфере образования чаще всего повторяются слова to boost, trick, skills, tips, mistakes, hook, methods, strategies, to concentrate, to do, to make и так далее. В обоих случаях можно заметить акцент именно на частом употреблении глаголов.

Помимо заимствования слов существует и другие способы образования новых слов, такого как словообразование. Путем словообразования получились такие сложные имена существительные, как интернет-зависимый, веб-камера и видеоблог. Некоторые слова образуются из иностранных аббревиатур, например: аська (от аббревиатуры ICQ – централизованная служба мгновенного обмена сообщениями сети Интернет), эсэмэска (от аббревиатуры SMS – служба коротких сообщений). Иногда аббревиатуры остаются неизменными, и к ним дописывается русское слово, например: IP-адрес, LED-дисплей.

Наряду с перечисленным существует тенденция к созданию и употреблению новых авторских слов, так называемых окказионализмов. Некоторые из них становятся общепотребляемыми в Интернете, если здешнее сообщество одобряет это. Но постепенно эти слова переходят из виртуального мира в реальный и влияют на всё общество в целом. Трудно сказать, идут ли они на пользу или во вред русскому и английскому языкам. Ведь эти слова создаются далеко не самыми грамотными людьми, а употребляются в основном подростками.

Подводя итоги проведённого исследования, хотелось бы отметить, что оно представляет собой первый опыт рассмотрения языка видеоблогов с позиции лингвистики.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 http://www.bizhit.ru/index/polzovateli_interneta_v_mire/0-404
- 2 <http://today.kz/news/tehnо/2015-09-30/627899-google-zapuskayet-kazhstanskuyu-versiyu-youtube/>
- 3 Словарь этнолингвистических понятий и терминов
Терминографияның негізгі міндеті жіктеудің негізгі принциптерін және терминологиялық сөздіктердің типологиясын өңдеу, терминологиялық сөздіктер үшін арнайы лексиканы жекелеген типтерінің ғылыми негізделген принциптерін іріктелуін анықтау, сондай-ақ біртұтас принциптерді неғұрлым тиімді сипатталуын орнату және терминологиялық лексиканы арнайы сөздіктерде ұсынуы болып табылады. Әдістемені әзірлеу және арнайы сөздіктер жасаудың нақты тәсілдері терминографияның зерттеу пәні деп есептеледі [2, 6 б.]. Терминологиялық сөздіктердің талдауы қорытынды жасауға мүмкіндік береді, яғни терминографияның нысаны терминдер, ал терминологиялық сөздіктер осы ғылыми пәннің нәтижесі болып табылады. Дегенмен, терминологиялық сөздіктің сапасы сол немесе өзге білім салаларының нақты әзірленген әдістер мен тәсілдеріне бағынады, ол терминдерді жүйелеуге және біріздендіруге ықпал етеді.

Терминологиялық сөздік ұғымы зерттеуден бұрын, бірнеше ғалымдардың сөздік ұғымының анықтамасына назар салайық:

Сөздік:

1 Белгілі бір тәртіппен орналасқан лингвистикалық бірліктерден тұратын және олардың мағынасын түсіндіретін анықтама кітап. Сөздік әр түрлі типті болуы мүмкін: лингвистикалық сөздік, политехникалық сөздік, терминдер сөздігі, энциклопедиялық сөздік.

2 Белгілі бір тілдің, диалектінің, қандай да бір әлеуметтік топтың және жеке жазушының Лексикасы, сөздер жиынтығы. Мыс., Пушкин тілі сөздігі, Абай тілі сөздігі, Актив сөздігі, Пассив сөздігі, Қостілдік сөздік [3, 344 б.].

Сөздік – нақты бір тілдің сөздер жиынтығы, аумақтық немесе әлеуметтік диалект; жазушылардың тілін ерекшелейтін тіл құрамының жалпы сөздігі, әдеби бағыт [4, 421 б.].

Сөздік – белгілі бір уақыттың барлық сөздердің жиынтығы. Тілдің сөздік қорын бірнеше критерийлерге жіктеуге болады: 1) семантикалық байланыс негізінде, оған синонимдер, антонимдер және т.б. жатады; 2) сөздің қалыптасуы негізінде (морфология); 3) кірме сөздердің тарихи аспектілерінің негізінде, шетелдік сөздер; 4) аймақтық немесе әлеуметтік дәрежесінде негізделген (диалект, жаргон); 5) статистикалық жиілік және пайдалану негізінде; 6) педагогикалық ой-пікірлер негізінде [5, 1268 б.].

Сөздік – 1 Тілдің, диалектінің, белгілі бір әлеуметтік топтардың жеке бір жазушының т.б. лексикасы, сөздік құрамы; 2 Сөздер мен морфемалардың, сөз тіркестері мен идиомалардың т.б. әліпби тәртібімен орналастырылып, олардың түсінігі немесе аудармасы берілетін анықтамалық кітап.

Сөздік халықтың мәдени, рухани өмірінде үлкен рөл атқарады, одан белгілі бір дәуірдегі қоғамдық білім, таным көрінеді. Сөздік ақпараттық қарым-қатынастық, нормативтік сияқты әр түрлі әлеуметтік қызмет атқарады. Сөздік қатынас құралы ретінде тілдің жетілуіне, бір қалыпқа түсуіне мүмкіндік береді.

Сонымен, жоғарыда айтылған бірнеше ғалымдардың анықтамасы бойынша, сөздік бұл нақты бір тілдің, әліпби тәртібімен орналасқан лексикалық бірліктер жинағы және сол бірліктердің анықтамасы.

Сөздіктердің типологиясын сипаттау кезінде жиі сипаттау нысанына назар аударылады (сөздіктерді сипаттау), демек, оларды энциклопедиялық және лингвистикалық ажыратулары, себебі лексикалық бірліктердің сипаттау тәсілдері берілген сөздіктерде айтарлықтай ерекшеленеді.

Сөздіктің лингвистикалық (тілдік) және энциклопедиялық екі түрі бар. Лингвистикалық сөздіктерге тілге (сөзге) байланысты сөздіктердің бәрі жатады. Олардың негізгі түрлері: түсіндірме сөздік – әдеби тілдегі жалпылама және жиі қолданылатын сөздердің нақты мағыналарын, ауыспалы мағыналарын, оларға қатысты тұрақты тіркестерді талдап түсіндіретін бір тілдік сөздік; аударма сөздік – екі немесе бірнеше тілдің сөздік құрамын салыстыра отырып, тәржімелеу арқылы жасалған сөздік; фразеологиялық сөздік – тілдегі фразеологизмдердің мағынасын түсіндіріп жасаған сөздік; диалектологиялық сөздік – тілдегі диалектілік ерекшеліктердің мағынасын әдеби сөздер арқылы түсіндіріп жасаған сөздік;

сөз-жасам сөздік – сөздің жасалған құрылымын түсіндіретін сөздік; тарихи сөздік – белгілі бір дәуірге тән тарихи сөздерді түсіндіретін сөздік; этимологиялық сөздік – сөздердің шыққан тегін түсіндіретін сөздік; терминологиялық сөздік – тілдегі термин сөздердің мағынасын түсіндіретін сөздік; синонимдер сөздігі – бір-біріне синоним болатын сөздердің сөздік; омонимдік сөздік – бір-біріне омоним болатын сөздердің сөздігі; орфографиялық сөздік – сөздердің орфография ережелеріне сай дұрыс жазылуын көрсететін сөздік; орфоэпиялық сөздік – сөздердің дұрыс айтылуын көрсететін сөздік; жиілік сөздік – белгілі бір мәтін көлеміндегі не нақты бір анықтамалардағы тіл бірліктерінің қолданылу жиілігін көрсететін тізбе. Ал сөздіктің екінші түрі: энциклопедиялық сөздік – қазіргі ғылыми саладағы білім жайынан қысқаша мағлұмат беретін сөздік [6, 258 б.].

Энциклопедиялық сөздік пайдаланушыға тиісті жағдайлар туралы мәліметтерді хабарлайды – заттар, оқиғалар, құбылыстар, онда лингвистикалық сөздік сөздердің мағынасын және қандай ортада қолданылатының түсіндіреді. Айта кететін болсақ, терминологиялық сөздіктер лингвистикалық ретіне жатады, себебі сипаттау нысаны тікелей термин (анықталатын ұғым) болып табылады.

П. Н. Денисов бойынша сөздіктің типологиясын келесі төрт координаттар негізінде анықталады: 1) лингвистикалық, 2) психологиялық, 3) семиотикалық, 4) социологиялық. Осы координаттардың әрқайсысы екі қосымша бағдары бар : 1) нақты берілген сөздік типіне байланысты, 2) кез келген сөздік типіне байланысты.

Сөздіктер типологиясы – бұл сол ғылым классификациясы, идеалды сөздік түсінігінде негізделген үлгі ретінде, тип түрінде, жоғарыда айтылған координаттарды ескеретін сөздік [7, 207 б.].

Терминологиялық жұмыс шеңберінде сөздікті жобалау кезінде түгендеу және нормативтік функцияларының лексикографиялық анықтамалығы ерекше рөл атқарады. Түгендеудің (сипаттаудың) астында барлық терминдерді жинағы және сипаттамасы түсіндіріледі, олар белгілі бір білім саласына немесе оның бір бөліміне тиесілі. Бұл жұмыстың нәтижелері сипаттамалық терминологиялық сөздіктер түрінде рәсімделеді (этимологиялық, тарихи, жиілік және т.б.). Инвентаризация терминологияны алдын ала ретке келтіру жумыстары мен қалыпқа келтіру кезеңіне көшуі болып табылады, соның нәтижесінде терминологиялық сөздік қалыптасады –

терминологиялық стандарт немесе ұсынылатын терминдер жинағы [8, 14-17 б.].

Ал терминдер жинағы терминологиялық сөздікті құрайды. Сондықтан, ғалымдардың анықтамасы бойынша терминологиялық сөздік (лингв.) – бұл белгілі бір тілдегі ғылым мен техника, өнер саласындағы арнаулы атаулардың сөздігі. Қазіргі сан алуан осындай үлкен-кішілі терминологиялық сөздіктер шығып, оларға лингвистика, әдебиеттану, музыка, металлургия өнеркәсібі, тау-кен ісі, физикалық география, математика, физика, астрономия геология, юриспруденция, педагогика, психология, медицина, іс жүргізу, экономика, философия, спорт, құрылыс және құрылыс материалдары, ботаника және топырақтану, теміржол қатынасы, биология, химия, археология, механика мен мәшине, мал дәрігерлік, әлеуметтік-экономикалық, анатомиялық, өсімдіктер физиологиясы мен биохимиясы, қоғамдық-саяси ғылымдарының терминдері енгізілді [9, 154 б.].

Терминологиялық сөздіктер – бір немесе бірнеше арнайы білім салаларының немесе қызмет түрінің терминологиясынан құрылатын сөздіктер. Терминологиялық сөздіктер, ең алдымен, терминологиялық лексикография (терминография) жетістіктерін көрсетеді. Сапалы ерекшеленетін сөздіктердің 3 түрі бөлінеді: жалпы ғылыми және жалпы техникалық сөздіктер; салалық терминологиялық сөздіктер; тар шеңберлі мамандық сөздіктері [10, 148 б.].

Терминологиялық сөздік – белгілі бір тілдегі ғылым мен техника, өнер, білім саласындағы арнаулы атаулардың сөздігі [6, 281 б.].

Терминологиялық сөздікте, яғни оның өзге түрлерінде, логикалық семантика нысаны ретінде жүйе ұғымдарының белгісі емес, ал термин, дәлірек айтқанда терминнің мәні анықталады [11, 27 б.].

Термин – арнайы мақсаттарға арналған белгілі бір тілдің лексикалық бірлігі, жалпы – нақты немесе абстракттілі – белгілі арнайы саланың немесе қызметтің теориялық түсінігін белгілейді [12, 32 б.].

Термин – белгілі бір ұғымдар беретін, ауызша белгілердің ерекше түрі, ғылым мен революциялық тәжірибенің осы кезеңде орнатылған, әрі терминмен берілетін терминологиялық ұғымы сөздік ұғымымен, күнделікті өмірдегі ауызша салмағына тән болғанымен келіспеу мүмкін [13].

Термин – бір және одан да көп сөзден тұратын және белгілі бір қызмет саланың шегінде ұсынылатын түсініктің лексикалық бірлік [14].

Жоғарыда аталған анықтамалар, терминдер бұл сөздер немесе сөз тіркестерінің, белгілі бір ғылым мен техника саласындағы ұғымдарды білдіретінің тағы бір рет растайды. Терминнің негізгі белгілерін көрсете отырып, лингвист – ғалымдар жалпы қолданылатын сөздерді бөліп тастауға тырысады. А. В. Суперанская термин сөздің сыртқы түрі сақтайтынын көрсетеді, бірақ өзінің мазмұны бойынша толық ажырасады. Егер әдеттегі сөз өзінің сыртқы нысаны арқылы танылатын болса, онда терминнің бірінші орында оның мазмұны болады. Терминнің түрі ерте кезеңдерінде анық емес немесе нақтылау мұқтаж етуі мүмкін. Бұл дәлелдеме терминнің жалпы лексика сөздерінен түбегейлі айырмашылықтарын тудырады [15, 83 б.]. Егер терминнің лексикалық және синтаксистік байланыстар туралы сөз шықса, бұнда терминді сөз ретінде қабылдауға болады. Алайда терминтану аясында термин сөзге қарама-қайшы келеді, себебі термин түсінікпен байланысты, ал оның түсінігі жалпыға қайшы келетін ерекше нәрсе ретінде ойланады. Термин тұтынудың арнайы саласына жатады және ұғымдарды атау үшін ғана қолданылады.

Терминологиялық сөздіктер белгілі бір саладағы мамандарына арнайы лексиканы кәсіби тұлғааралық қарым-қатынаста еркін пайдалануға, сондай-ақ белгілі бір білім қорын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Білімі және салалық терминологиялық сөздіктерді қолдануға арналған жаңа салаларының пайда болуы арнайы сөздіктердің жаңа түрлерінің туындауына себеп болуы мүмкін. Нақты әзірленген лексикографиялық параметрлер ғалым-мамандарының арнайы сөздіктер жасау кезінде қате шешімдерді қабылдау мүмкіндігін азайтады. Демек, кез келген терминологиялық сөздіктің сапасы, ең алдымен, автордың сөздікті сипаттау және дайындау кезіндегі неғұрлым маңызды және қажетті лексикографиялық параметрлерін саналы таңдауына байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Beisembayeva G., Zharkynbekova Sh. Development Trends of Technical Terminology in the Germanic Languages // Procedia - Social and Behavioral Sciences. – 2014. – Vol. 143. – P. 487-490.

2 Гринев-Гриневиц С.В. Введение в терминографию: Как просто и легко составить словарь: учебное пособие / 3-е изд., доп. – М.: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2009 – 224 с.

3 Тіл білімі сөздігі. Словарь по языкознанию / под общей редакцией Э. Д. Сулейменовой. – Алматы: Ғылым, 1998. – 544 с.

4 Ахманова О. С. Словарь лингвистических терминов / 2-е изд., стереотипное. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 576 с.

5 Bussmann H. Routledge Dictionary of Language and Linguistics. – London and New York: Routledge, 2006. – 1304 p.

6 Тіл білімі терминдерінің сөздігі. – Алматы: «Фирма ‘Орнак’» ЖШС, 2012. – 388 бет.

7 Денисов П. Н. Лексика русского языка и принципы ее описания. – М.: Русский язык, 1980. – 253 с.

8 Гринев-Гриневиц С.В. Терминоведение: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2008. – 304 с.

9 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14-том / Құраст.: М.Малбақов, Қ. Есенова, Б. Хинаят және т.б. – Алматы, 2011. Т.14: – Т-Ұ. – 800 бет.

10 Дубичинский В. В. Лексикография русского языка: учеб. пособие. – М.: Наука: Флинта, 2008. – 432 с.

11 Авербух К. Я. Терминография: традиционное и специфическое // Теория и практика научно-технической лексикографии: Сб. статей. – М.: Рус.яз., 1988. – С. 27-34.

12 Лейчик В. М. Терминоведение: предмет, методы, структура / 4-е изд. – М.: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2009. – 256 с.

13 Жубанов Х. К. Исследования по казахскому языку. – Алма-Ата, 1966. – С. 273.

14 Besse V. De., Nkwenti-Azeh B., Sager J.C. Glossary of terms used in terminology // Terminology. – 1997. – № 4 (1). – P. 117-156.

15 Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология: вопросы теории / 6-е изд. – М.: Либроком, 2012. – 248 с.

МӘШҮР-ЖҮСІП ЖӘНЕ ДЫБЫСТАР ТІРКЕСІ

ЖӨКЕНОВА Т.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

А. Қ. ТҰРЫШЕВ

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тіл тарихы тіл құрамындағы жеке элементтердің тарихы ғана емес – тілдік құралдар жүйесінің, солардың өзгеріп, дамуының тарихы. Тілдің фонетикалық жүйесінің тарихы немесе тарихи фонетика жеке дыбыстардың немесе жеке фонетикалық құбылыстардың өзгеру, даму тарихы ғана емес, ең алдымен фонетикалық заңдылықтар, фонетикалық құбылыстар жүйесінің тарихы болып табылады. Тарихи фонетика бүгінгі тіліміздің фонетикалық жүйесінің құрылымы мен жүйелік заңдылықтарының қалыптасуын, даму ерекшеліктерін түсіндіруі қажет. «Даму ерекшеліктері» дегенде бір тілдің өзімен ұялас, өзімен түбірлес жеке тілдерден, тілдер тобынан ерекшелену, айрықшалану, соның нәтижесінде дербестену жолдары еске алынады.

Дыбыс жүйесі – дыбыстар туралы ілім. Дыбыстар сөзді, сөздер сөз тіркесіп, сөз тіркестері сөйлемді құрайды. Осылар арқылы ойды білдіріп болсақ, онда сөйлеу дегеніміз дыбыстардың ұзыннан-ұзақ тіркесі болып шығады. Бірақ олар тұтас тіркес емес, түйдек-түйдек тіркес. Жазуда сол түйдектер сөздің ыңғайына қарай іштей бөлшектеніп кетеді.

Әр түйдектегі көрші дыбыстар өзара үндесіп, үйлесіп, кірігіп, тұтасып, басқаша айтқанда, бас түйістіріп, қол ұстасып, тіл табысып тұрады. Яғни дыбыстардың қатар тұруында тарихи қалыптасқан тәртіп, жүйе, заңдылық бар деген сөз. Тілді тіл етіп, бар табиғатын айқындап тұрған да дыбыстардың осы қасиеті деп түсіну керек.

Лексикалық құрамы, грамматикалық құрылымы ұқсас қазіргі түркі тілдері бірін-бірі жөнді ұға алмай қалатын болса, ол дыбыстардың әрқилылығынан емес, сол дыбыстардың өзара өзара қиюласып, ұқсасып тұру тәртібіне көп байланысты. Көне түркі тіліне оларды жақындататын да, алшақтататын да негізгі тетік баршасына ортақ, ұқсас дыбыстардың сөздің әртүрлі деңгейінде (басында, ортасында, соңында) өзге дыбыстармен қиюласу, тіркесу мүмкіндігі мен ерекшелігіне байланысты. Бұдан дыбыстар тіркесі фонетиканың өзекті мәселесі деген қорытынды шығады [1, 73-75]. Айталық, қазақ тілінде сөз басында айтылатын ғ, г, д, з кейде б дыбысы да таза түркілік құбылыс еместігі тарихи салыстырулар арқылы ғана

белгілі болды. Сондай-ақ ішкі қайта құру әдісін қолдану арқылы қазіргі қазақ тілінде кейбір сөздердің бас шенінде айтылатын ж және н, а және ы, а және е, ы және і дыбыстары бір-бірінен ерекше фонетикалық құбылыс емес, бір ғана дыбыстың әр түрлі көріністері екенін айқындауға да болады. Мысалы: жайқалу және найқалу, арс-арс және ыр-ыр, жалт етті, жылт етті, аңқаңдау және еңкендеу, ырк-ырк және ірк-ірк тәрізді параллельдер құрамында аталған дыбыстар бірінің орнына екіншісі айтылған, бірақ бір-бірінен лексикалық дербес мағыналы сөз жасалмаған. Қысқасы, бұл сөздер құрамында сәйкес қолданылған дыбыстар бір ғана фонетикалық құбылыстың әр түрлі көрінісі дәрежесінде ғана [2, 50-51].

Тек дыбыстарды транскрипциялаудың өзіндік қиындықтары (әсіресе баспа үшін) оларды фонемалар деңгейінде қарауға мәжбүр етеді. Олай болса, фонемаларға негізделген біздің жазуымызда дыбыстар тіркесі фонемалар тіркесі екені есте болуға тиіс.

Дыбыстар тіркесі – дыбыстардың бірімен-бірінің қатар тұру мүмкіндігі, тарихи қалыптасқан орны. Бұл – халықтың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жетілген, жүйеленген сөйлеу өнерінің жемісі, нәтижесі.

Қазақ тіліндегі негізгі үндестік заңдар деп жүргеніміздің. Өзі айналып келгенде, дыбыстар тіркесінің нәтижесі болып шығады. Бұл заң бойынша:

Бір сөз деңгейінде тек жуан дауыстылар немесе жінішке дауыстылар ғана тұра алады.

Сөз (түбір) ішінде, сөз бен қосымша, сондай-ақ сөз бен сөздің аралығында қатаң дауыссыздардан соң тек қатандар ғана тұра алады.

Өлгіндей жағдайда ұяндардан соң тек ұяң дауыссыздар тұрады.

Үнділерден соң ұяндар, қала берді үнділен келеді. Міне, бұлар – бүкіл тілдің болмыс, бітімін айқындайтын, өзге тілдерден ерекшелендіріп, айшықтандырып тұратын, ұзақ дамудың нәтижесінде қалыптасқан, бұлжымас заңдылықтар.

Тілдің тазалығын сақтап айту, жазудың дұрыс, бұрысын парықтап, зерделеу үшін тіліміздегі дыбыстардың тіркесімен білудің маңызы зор.

Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың тіркесі жөнінде алғаш орыс тілінде арнайы мақала жазған – Е. Омаров [3, 23-32]. Ол қазақ тілінде 9 дауысты, 34 дауыссыз бар деп анықтайды да, қосымшалардың түбірге жалғану ретін таблица түрінде көрсетеді. Осыған қарап қазақ тіліндегі дыбыстардың тіркесін тануға болады. Қатандарды 1, ұяндарды түрде d таңбалап, 1+d ешуақытта

тіркеспейтінін, қатар келе қалған күнде қатаңдар ұяңданып, немесе ұяңдар қатанданып кететінін мысалдармен дәлелдейді: ат + дорба = атторба, үш + жарым = үшшарым, ақ + бала = ақпала, сегіз + сом = сегіссом, көк + дөнен = көгдөнөн. Қатаң, ұяңдардың үнділермен тіркесуі ерекшеліктерін де дұрыс аңғарған: түрікмен – түрікпен, осман – оспан, дұшман – дұшпан, түк+неме=түктеме, іш+неме=іштеме т.б. Сондай-ақ ол алла – алда, молла – молда, абдолла – әбділдә, Мұхаммет – мағамбет – мәмбет, уммат – үмбет болып айтылатынын да ескерткен. Е. Омаров дыбыстар тіркесін дұрыс танып білген деуге әбден болады.

Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың тіркесін анықтаған ізденістер негізінен орыс тілі үлгісімен орындалған. М. Райымбекова қазақ тілінде 25 дауыссыз фонема барын ескертіп алды да, белгілі фонетист С. Трубецкойдың ізімен әлгі фонемалардың санын анықтауды мақсат етеді [4, 108-113]. Дауыссыздардың өзара тіркесуін көрсететін таблица ұсынады. Таблицада 19 фонеманың өзара тіркесетіні немесе тіркеспейтіні анықталған. Бірде-бір тіркеске мысал жоқ. Таблицаның айтуына қарағанда қазақ тілінде: бб, бр, бй, бл, бн, бр, бу сияқты тіркестер бар. Тіпті й, у фонемалары кез келген дауыссыздан соң қатар тұра алатын сияқты.

А. Исенгельдина қазақ, орыс тілдеріндегі дауыссыздардың тіркесін анықтап, түрлі заңдылықтар табуға тырысқан [5, 99-130]. Ол үшін 1954 жылы шыққан қазақша-орысша сөздіктен 10000 байырғы сөз қолданысты алады. Дауыссыздардың екіден, үштен тіркесу мүмкіндіктерін анықтап таблица ұсынады. Тек бұл тіркестер сөз ішінде кездесе ме, әлде сөз бен сөздің аралығында ұшырай ма, ол жағы белгісіз; мысал жоқ. Қалай болғанда да: нк, нғ, нқ, нб, нр, зр, мр, шр, тр, кр, пр, др, бр, ру, лу, шу, йу, бу, жу, уу, сш, ше сияқты тіркестер қазақ тілі дыбыс жүйесінде ұшырамайтыны анық.

Кейінгі бір тезис мақаласында М. Райымбекова қазақтың байырғы сөздері де қос дауыссыздан басталатынына назар аударады. Мысалы: блек, брақ, ктап, клем, пшак, псір [6, 98].

Қазақ тіліндегі дауыссыздардың тіркесімін – анықтап беруді мақсат еткен А. И. Рабинович тіркесімдерді нақты мысалдар арқылы дәлелдейді. Дауыссыздардың сөз ішіндегі тіркесімдерінен мыналарға назар аударайық:

мл (мемлекет), нм (менмендік), лу (балуан), рр (зәрредей), ру(шаруа), нк (зиянкес), нб (жанбас), нг (мінгес), тн (қатнас), км (тоқмейіл), қл (мақлұқ), бл (қаблан), бр (аброй), жн (мәжнүн), жл (мәжіліс), ғл (мағлұмат), сш (қосшы) [7, 77-87].

Қазақ тіліндегі дауыссыздардың тіркесімін ғылыми түрде жүйелеп, саралап беру міндетін өз мойнына алған С. Мейірбекова бұдан кандидаттық диссертация жазып, табысты қорғады. Мысалы: ру (аруа), рпп (серппестен), лл (алла), йу (хайуан), йқт (ұйқтау), сс (қисса), ну (жануар), км (тоқмейіл) т.б. «Өзге түгіл өзіне пайдасы жоқ» (Абай Құнанбаев) осындай жұмыстардан қазақ тілі жауып болып қалды. Дыбыстардың түрін, үндесуін дұрыс түсінбей тұрып, әріп пен дыбыста ажырата алмай тұрып, дыбыстардың тіркесімін анықтау көзсіз батырлық.

Орыс, қазақ тілдерінің дыбыстық жүйесінің арақатысын салыстыра зерттеген М-Ж. Жүсіпов бұл тілдердегі дауыссыздардың тіркесіне көңіл бөлген. Қазақ тілінде 527 дауыссыздар тіркесімен анықтайды. Оның 259 кірме сөздерде, 268-і қазақ сөздерінің құрамында ұшараған. Тіркестердің түрін көрсеткенмен, қандай сөздердің құрамында кездесетінін анықтау қиын. Тек ғл, ғн, қл, йу сияқты орыста жоқ әріптер тіркестері ғана көңілге күдік ұялатады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. – Алматы: «Сөздік-Словарь».- 1999, 73-75б.
- 2 Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 50-51б.
- 3 Омаров Е.О. О сочетании звуков казахского языка. – 1920-30 жылдардағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Қарағанды, 1994, 23-32 б.
- 4 Раимбекова М. Сочетание согласных фонем в казахском языке. – Сб. «Фонетика казахского языка». Алма-Ата, 1969, с. 108-113.
- 5 Исенгельдина А. А. Типология сочетания согласных казахского и русского языков, в их форме и функции. – Вопросы казахской фонетики и фонологии. Алма-Ата, 1979, с. 99-130.
- 6 Раимбекова М. Стечение согласных фонем в начальной позиции казахского слова. – Тюркская фонетика – 90. Тезисы докладов. Алма-Ата, 1990, с. 98.
- 7 Рабинович А. И. Сочетаемость согласных в казахском языке. – «Советская тюркология». Баку, 1970, с. 77-87.

GENDER STEREOTYPES OF MAN IN KAZAKH AND ENGLISH PROVERBS

IENBERGEN N. N.

teacher, S. Toraighyrov PSU, Pavlodar

ZHURAVLEVA E. A.

master, senior lecturer, S. Toraighyrov PSU, Pavlodar

Relevance of the research topic. In modern linguistics, the mutual connection of language and culture is beyond doubt. As you know, each language is inseparable from culture, which is its content aspect; Language not only reflects modern culture, but also fixes its previous states and passes its values from generation to generation. It should be borne in mind that the cultures are diverse and that social behavior in general and speech behavior in particular are extremely variable. Each culture has its own rules for conducting a conversation, closely related to culturally-conditioned ways of thinking and behavior, since a person lives in a certain life environment from the moment of birth and is in constant interaction with it.

Gender research is a new direction of the humanitarian science. Gender (social or sociocultural sex) is not a linguistic category, but its content can be revealed by analyzing linguistic units, which explains the relevance of linguistic competence for studying the cultural representation of gender. The notions of masculine and feminine, masculinity and femininity are very different in different cultures, which is reflected in the language. In these conditions, the study of the linguosociocultural aspect of gender relations becomes especially urgent.

Modern researchers note the need to study not only the verbal behavior of men and women, but also the system of language for the specificity of femininity and masculinity. Thus, in order to get the most complete idea of how gender manifests itself in the stereotypes fixed by the language, we consider it appropriate to describe the proverbial-speaking units of the Kazakh and English languages, which reflect gender stereotypes. Many European languages have been thoroughly studied to reflect the gender factor in them, but this aspect of the Kazakh language has not been studied so deeply, especially with comparing other languages. The study of each of the poorly studied languages in the gender plan will allow to more accurately describe the features of the conceptualization of masculinity and femininity in different languages. The above facts indicate the relevance of the theoretical interpretation of the cultural representation of sex in the language and the need to

systematize the knowledge obtained from the material of different languages.

The main reason of choosing proverbs in my work. Because proverbs are a rich material for studying the culture and mentality of the people. They helped the person understand the surrounding reality. It is in the proverbs that the most complete idea of the carriers of the given language is contained, since it is in them that reflects the history of the people, way of life and worldview. Studying the proverbs of different languages, the researchers have long paid attention to the fact that their composition, even more than words, reflects the peculiarity of each language and has a pronounced national character. At the same time, the mismatch of phraseological facts testifies to the national identity of the languages being studied, just as the coincidence of facts often indicates a commonality of traditions, customs, norms of behavior peculiar to the respective ethnic collectives.

This work is devoted to a comparative analysis of the concepts «man» in Kazakh and English language cultures. The relevance of the chosen topic is determined by the increased interest in gender issues in the modern world, the comparative analysis of gender stereotypes in various languages and cultures, the study of the positions occupied by women and men in it, and the attitudes towards them in different linguistic cultures. «...All people are born not just people, but always men or women» [Abubikirova, 1996: 124]. Therefore, it is quite natural to be interested in these two key figures. And it is natural that many facts related to them have repeatedly become the object of various kinds of linguistic research. In recent years, the communicative behavior of women and men has been studied in great numbers. However, in each of the studies on this topic, in particular, great attention has been paid to the study of gender inequalities in women and the example of one language. Despite the interest of modern linguists to the sex difference of man, the study of the concepts «man» and «woman» can not be called complete. But I want to give great attention to the study of the concept of men on the material of proverbs of the two languages: English and Kazakh, which was not conducted.

The object of our study is to study the concepts of «man» in Kazakh and English culture. The subject of the study is proverbs about a man in English and Kazakh. The purpose of this study is to compare English and Kazakh proverbs about men to analyze thematic content and emotional assessment and to reveal their cultural characteristics. At present, much is said about the fact that different systems of values are at the basis of

different cultures. Analysis of proverbs about men to establish certain value priorities of Englishmen and Kazakhs.

The Kazakh language has hundreds of proverbs and sayings. They were created by many generations of people, developed and perfected over the centuries. The study showed that proverbs are effective and imaginative means of expressing the worldview of Kazakh speakers. In particular, they clearly demonstrate the Kazakhs' idea of a man and a woman as part of their language picture of the world. In modern Kazakh linguistics, among the research works of the anthropocentric trend, many works have been published that deal with language problems in the framework of gender linguistics. These include the studies of G. Smagulova, Zh. Isayeva, B. Khasanuly, A. Baigutova, G. Mamaeva, G. Shokym, M. Eshimov, and others. According to Zh. Isayeva, who studied the paremiological picture of the world in the linguocultural aspect, Understanding of the Kazakhs, the social and social status of men is higher than the family role of women in society [3, c. 21], by origin the woman is below the man and the fact that it is the son in the Kazakh family who is the heir, and the daughter has absolutely no rights to inheritance even in the event of the parents. For instance:

If the son remained after his father, then he remained himself; If the daughter was left after the father, then he left a trace after himself.

Атадан ұл қалса, өзі қалғаны, қыз қалса, ізі қалғаны.

Mother, who gave birth to her son, is waiting for happiness.

Ұл туғанға – күн туар.

If we proceed from the point of view of A. V. Kirilina, then the associative space of women is generalized and humanized, and in men it is associated with hunting, sports, professional and military fields. With the desire to be stronger, stronger, to be in sight, to feed the family, work and do business. In the analysis of the proverbs of the Kazakh language, the main dominant signs of men are revealed. It's determination, courage, superiority, straightforwardness [4, c. 57].

A man dies in battle, a hare in the reeds.

Ерді намыс өлтірер, қоянды қамыс өлтірер.

Djigit is the son of his people and the slave of his honor.

Ер жігіт елінің ұлы, намысының құлы.

Probably, therefore, when it comes to men, these stereotypes come to mind, the image as a leader, strong, decision-maker, strict, demanding, careerist, warrior, breadwinner of the family.

V. Dal's conclusion that proverbs and sayings are a historical category, changing in accordance with social and social circumstances:

«People give birth to proverbs. Which change depending on people's views of the world, traditions and customs, with the development of knowledge, culture begins to demand a deep meaning, ideologically adjusted values. «And I can not disagree with this, because during the study was discovered a nomadic image of Kazakhs and that they appreciated horses very much considering that a real man should have a good horse, even judging by the horse one can understand what the owner of a horse is like.

Horse man's wings

Ер қанаты – ат.

Djigit is known in trouble, a good horse is at the races.

Ер сасқанда белгілі,

Ат шапқанда белгілі.

The long road is a test of a horse, a hard way is a test for a djigit.

Алыс жол атты сынайды,

Ауыр жол ерді сынайды.

And also it was revealed that bravery and courage are the main feature of the Kazakh djigit. And it was found a lot of proverbs related to the batyrs and his nations, where it is said that the birth of a batyr is an honor for the nation.

Rain will go – earth happiness, batyr will be born – people happiness.

Батыр туса – ел ырысы, жаңбыр жауса – жер ырысы.

The djigit will justify the hopes of the people, the people protect the glory of the jigit.

Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар.

The connoisseur of djigit's merits is his own people.

Ердің сыншысы – елі.

Djigit is the mirror of his people.

Ер – елдің айнасы.

The name of the hero in the memory of the people.

Ер есімі ел есінде.

It was also believed that men should always be responsible for their words:

It's better to die than to promise twice for djigit.

Ер жігіттің екі сөйлегені – өлгені.

Generous does not recall what he gave; The djigit will not give up on what he said.

Жомарт бергенін айтпас, ер айтқанынан қайтпас.

The djigit's word – the word of the people, spoken in defense of the people.

Ер айтса – ел айтқаны, елдің қамын жеп айтқаны.

Proverbs from the Kazakh language reflect the desire of the male sex to find his life path and achieve heights.

To the persistent djigit happiness itself comes to meet.

Талапты ерге нұр жауар.

Each djigit has its own peak.

Ер жігіттің өзі шығар биігі бар.

Possible mistakes in the life of men are more likely admissible accidents, of which there is always a real way out.

Without a descent, there is no rise, there is no one able to correct the error of the djigit.

Ылдисыз өр болмайды, қанысын таппас ер болмайды.

Likewise, the Kazakh people attached great importance to genetic bases, problems of origin, so any man tried not to tarnish the honor of parents, tribe-tribe, they first of all sought to be people who did not have shortcomings. In the following proverbs and sayings that have arisen in this connection and preserved in the memory of the people:

The good glory of his father for forty years serves as an unsuccessful son

Жақсы әке – жаман балаға қырық жылдық ризық

Father is the main critic of his child.

Ата-балаға сыншы.

Analysis of proverbs and sayings related to gender stereotypes has yielded the following results: in the stereotypical image of a man there are qualities, first, correlated with activities such as enterprise, the desire to achieve goals, determination, perseverance, courage, self-reliance. Secondly, the «masculine» characteristics are usually correlated with the positions of power and government - responsibility, strength, and intelligence. A propensity for meditation, a quicker mind, resourcefulness is attributed to a man; In the male stereotype there is directness. In addition to macroframe branches that transmit «knowledge of the» woman «and» man «concentrated in Kazakh proverbs, show the Kazakh paremiological picture of the world in the androcentric (with the predominance of the position of «masculinity» characteristic. For example:

Even a copper-headed man is better than a golden-headed woman.

Алты басты әйелден, бақыр басты еркек артық.

A smart djigit will sit on a horse and on the throne.

Ақылды жігіт атқа да мінер, таққа да мінер.

In English, the concept of «woman» is represented by the word woman, and also the words «wife», «maid». The concept of «man» is represented by the word man. Therefore, when selecting the actual material in English,

a certain difficulty arose in distinguishing the meanings «man» and «man» from the word man. In most of the proverbs man has the meaning of «man». At that time when in Kazakh proverbs the concept of a man was represented in different words (man, batyr, djigit and etc). The meaning of «man» can be determined by sense and by the following features:

If proverbs have a woman component: A man without a woman is like a ship without a sail.

If proverbs have a wife component: Three things drive a man out of his house: smoke, dropping of rain and wicked wives.

Proverbs about marriage: A young man should not marry yet, an old man not at all.

Thus, we found very rare proverbs about only men. Many English proverbs are full of contrasts between male and female beginnings and in these comparative parallels the women again come out of negative positions. Which also was seen in Kazakh proverbs in previously examples when man had higher status rather than woman.

Man, woman and devil are the three degrees of comparison. By the principle of «bad, worse, worst» we can see the woman's place in these comparisons.

Deeds are males, and words are females – 'actions are of a masculine nature, words are feminine'. Again we can feel a hint at the talkative and uselessness of women.

The group of proverbs positively describing women occupies a significantly smaller place in the total mass of the units studied. However, despite numerous proverbs about the poverty of the female mind, we found several statements that highly appreciate the female mind. When male's position slightly decreasing.

Women's instinct is often truer than men's reasoning – 'the instinct of women is often more correct than male arguments'.

Women on mischief are wiser than men – 'in the misfortune of a woman is wiser than men'. The woman makes the man. So, we also found some Kazakh proverbs when was said; Good wife can made you a big people. Which means that it depends from woman how will be look her husband in others view.

Comparing the data of the two languages, we came to the conclusion that the proverbs with the «male» component are not numerous as in English, but in the Kazakh language the number of proverbs about men is much larger. The small number of proverbs and sayings with the male component in the English language proves that there is no need for separate proverbs that characterize men, because All the proverbs,

with the exception of a small group of so-called female proverbs, are perceived as male. So, for example, there are concepts of female logic (female logic is the absence of any logic), the female mind (stupidity in a woman is unfeminine), a woman's heart, female tricks, female flattery, female language and etc. But there are no concepts for men logic, the male mind, the masculine heart, and so on. These concepts are absent, because they are not needed. Human logic – this is the «male» logic, because if a man, whether he is a woman or a man, reasoning correctly, they will say about him that he is logical, and if he gets confused in his reasoning, then he has a woman's logic. In the same way, proverbs with a subject in the masculine gender will be perceived as referring to the description of a man. This fact explains such a small number of proverbs with the male component in comparison with the proverbs with the female component. Also in the Kazakh culture, the status of a man was higher, and similar features can be seen in some English proverbs. For example: «It's a man's world» that means everything in life is arranged to the advantage of men. Life is tough for women.

Thus, after a comparative analysis of the proverbs of both languages, it turned out that the stereotypes about a man are described almost parallel to Kazakh and English cultures. Despite the fact that the English and Kazakh languages belong to different groups, that our peoples did not have close contacts, and each went its own way of historical development, many folk sayings fully or partially correspond, and some coincide in meaning. Basically, these are international proverbs, reflecting views on the relationship of men from the standpoint of universal human values. In the quantitative ratio of proverbs in both languages, we found approximately the same. Our hypothesis was confirmed that stereotypes about man in both cultures is equally significant.

REFERENCES

- 1 <https://superbotanik.net>
- 2 <http://www.gadel.info/2011/10/men-quotes-sayings-and-proverbs.html>
- 3 http://www.englishclub.com/ref/Sayings/Men_and_Women/
- 4 <http://www.goodreads.com/quotes/tag/gender-roles>
- 5 <http://www.special-dictionary.com/proverbs/keywords/boys/>
- 6 <http://esnuir.eenu.edu.ua/bitstream/123456789/9862/3/Gender%20Stereotypes.pdf>
- 7 <http://cyberleninka.ru/article/n/otrazhenie-gendernyh-stereotipov-v-yazyke-i-kulture>

М. ҚАШҚАРИДІҢ «ТҮРКІ СӨЗДІГІНДЕГІ» КЕЙБІР ҚҰС ПЕН БАЛЫҚ АТАУЛАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ КӨРІНІСІ

ИСАБЕК Н. Ж.

студент, Е. А. Бөкетов атындағы

Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.

ТҰРСЫНОВА М. А.

ф.ғ.к., Е. А. Бөкетов атындағы

Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.

Тілдің сөздік құрамын дұрыс меңгеру үшін сөздерді зерттеп, оларға тән мағыналарды танып білудің маңызы зор. Лексика жүйесі бізді қоршаған ортамен тікелей байланысты болып келетін күрделі құбылыс.

Түркі қоғамында адамзат тілінің биік дәрежеге жеткені анық. Зерттеу барысында көне түркі тілінде құстардың түріне байланысты атаулардың көптеп кездесетінін байқауға болады. Олардың кейбірі қазіргі түркі тілдерінде бірінде болмаса, бірінде кездесіп жатады. Махмұт Қашқаридің еңбегінде құс атауына байланысты сөздер жиі кездеседі. Жалпы құс атауын көне түркі тілінде «құш» деп атаған [1, 389]. Кейін айырым сөздер қосылып, бөлек-бөлек тарамдалып кеткен. Қазіргі қазақ тілінде құс; өзірбайжан тілінде қуш; қарақалпақ тілінде қуш; хакас тілінде хус; ғағауз тілінде қуш; түрікмен тілінде қуш; түрік тілінде қуш; тува тілінде қуш; татар тілінде кош; қырғыз тілінде куш; өзбек тілінде куш деп атайды. Қазіргі түркі тілдеріндегі құс мағынасындағы сөздердің көне түркі тіліндегі құш сөзімен ортақ сипатын байқаймыз. Тек осы мағынада чуваш тілінде кайақ; якут тілінде көтөр сөздері қолданылады [2]. Яғни, құс сөзіне байланысты басқа түркі тілдерімен салыстырғанда чуваш тілі мен якут тіліндегі айырмашылықты атап өткеніміз жөн.

Сөздікте келесі «үһі» сөзін кездестіруге болады [1, 192]. Қазіргі қазақ тілінде үкі; түрікмен тілінде һүwi; чуваш тілінде үхё; тува тілінде үгү; қырғыз тілінде үкү; өзбек тілінде икки деп атайды. Көне түркі тілінде қолданған «үһі» сөзімен ортақ көріністі көруге болады. Осы мағынадағы сөзді өзірбайжан тілінде бауқуш; түрік тілінде бауқуш; татар тілінде байғыш деп атайды. Мұнда да өзара ортақ сипатты байқауға болады. Ал ғағауз тілінде gesä kuşu (buhu); якут тілінде модьу атах деп кездеседі [3].

Махмұт Қашқаридің еңбегінде кездесетін жыртықш құстардың бірі «шівек қиғуј» сөзіне келсек, қазіргі қазақ тілінде тұйғын,

қырғи деп қолданылады. Қырғиды көне түркі тілінде «кыққи» деп те атаған [1, 446]. Әзірбайжан тілінде қиғи; хакас тілінде хартыға; ғағауз тілінде атмаса қуш (alaca kuş); тува тілінде хартыға; түрікмен тілінде гуғу; түрік тілінде şahin; татар тілінде карчыға; якут тілінде кыырт; қырғыз тілінде карчыға; өзбек тілінде кирғий; чуваш тілінде хурчка деп атайды [2].

Көне түркі тілінен бері қазіргі қазақ тіліне дейін өзгеріске түспеген құстың атауы «қағға» [1, 485]. Қағға сөзі кейбір түркі тілдеріне де ортақ сипатқа ие. Мәселен, әзірбайжан тілінде қағға; хакас тілінде харға; ғағауз тілінде garga; түрікмен тілінде gaqagarganiñ; түрік тілінде karga; татар тілінде кара; қырғыз тілінде қарға; өзбек тілінде қарға деп аталады. Ал тува, якут, чуваш тілдерінде өзгешеліктер байқалады. Тува тілінде қуқун, якут тілінде тураах; чуваш тілінде улақурақ деп атайды [3]. Қазіргі қазақ тіліндегі сауысқан сөзі көне түркі тілінде «сағзыған» деп кездеседі [4]. Кейінгі түркі тілдерінде де сауысқан сөзі көрініс табады. Әзірбайжан тілінде сағсаған; хакас тілінде саасхан; ғағауз тілінде saksan; түрікмен тілінде кырк; түрік тілінде saksagan; татар тілінде саесқан; қырғыз тілінде сағызған; өзбек тілінде сағизған; чуваш тілінде чакак деп аталады [2].

Келесі құстың атауы көне түркі тілінде «қишғаш», «шапшарға» деп атаған [1, 514;]. Бұл құстың қазіргі түркі тілдеріндегі атауына келетін болсақ, қазақ тілінде шымшық; әзірбайжан тілінде алақанад; ғағауз тілінде кара başlıkuş; түрікмен тілінде çij; түрік тілінде karabaşlıskete; татар тілінде сары чыпчык; қырғыз тілінде боз чымчык; өзбек тілінде саъва деп атайды [3]. Қазіргі түркі тілдерінде кездесетін құстың бір атауы көне түркі тілінде «сығышшық» деп аталған [1, 560]. «Сығышшық» сөзі қазақ тілінде қараторғай; ғағауз тілінде surcık; түрікмен тілінде sar; хакас тілінде парчык; түрік тілінде siğircik; татар тілінде сыерчык; қырғыз тілінде чыйырчык; өзбек тілінде чуғурчук; чуваш тілінде шанкәрч; әзірбайжан тілінде siğircindep аталады. Бұл арада да ортақ сипатты байқауға болады.

Махмұт Қашқаридің еңбегінде кездесетін келесі құстың атауы – «қағғылаш» [1, 585]. Қазіргі түркі тілдерінің ішінде, атап айтқанда қазақ тілінде қарлығаш; ғағауз тілінде kırlangaç; татар тілінде қарлығач; өзбек тілінде қалдирғоч деп аталып ортақ сипатқа ие болып отыр. Қарлығаш мағынасындағы сөз чуваш тілінде чекес; қырғыз тілінде чабалекей; хакас тілінде харачхай; әзірбайжан тілінде udmaq; түрік тілінде утмак; тува тілінде хараачыгай; якут тілінде хара-аччы деп аталады [3]. Аталған сөздерге байланысты хакас, тува,

якут тілдеріндегі және әзірбайжан тілі мен түрік тілі арасындағы ұқсастықты көруге болады.

Қазіргі түркі тілдерінде көрініс табатын, көне түркі тілінде қолданыста болған құстың тағы бір атауы – «қашғалақ» [1, 586]. «Қашғалақ» сөзі қазіргі қазақ тілінде қасқалдақ; әзірбайжан тілінде qaşqaldaq; қырғыз тілінде қашқалдақ; түрікмен тілінде sakarbalak; түрік тілінде sutavuşu; татар тілінде су тавығы; якут тілінде ураанай; өзбек тілінде қашқалдоққуш деп аталады [2]. Сөздікте «sanduvash», «sanduwach» сөздері кездеседі [1, 587]. Қазіргі түркі тілдерінің ішінде құс атауына байланысты татар тілінде сандугач сөзі бар. Қазақ тілінде бұлбұл; әзірбайжан тілінде bülbül; чуваш тілінде шәпчәк; қырғыз тілінде булбул; ғағауз тілінде bülbül; түрікмен тілінде dumanlaarsiñ; түрік тілінде bülbül; татар тілінде сандугач, былбыл; якут тілінде түүннү чыычаах; өзбек тілінде булбул деп аталады [2]. Чуваш, түрікмен, якут тілдерінде «бұлбұл» атауына қатысты өзгешеліктерді көруге болады.

Қазіргі түркі тілдерінде қолданыста жүрген, көне түркі тілінен бері келе жатқан құстардың келесі атаулары: «тоғыға» (торғай), «көкүгчкүп» (көгершін), «туғна» (тырна), «қиғи» (аққу), «қаз» (қаз), «tuğmtaj» (тұрымтай) [4]. Көне түркі тіліндегі «көкүгчкүп» сөзі қазақ тілінде көгершін; әзірбайжан тілінде göyәçin; чуваш тілінде кәвакарчән; қырғыз тілінде көгүчкөн, кептер; ғағауз тілінде guğuş; түрік тілінде güvercin; тува тілінде көге-буга; татар тілінде күгәрчен; якут тілінде холууп; өзбек тілінде қаптар деп аталады [2]. «Тоғыға» сөзі қазіргі қазіргі түркі тілдерінде, атап айтқанда, қазақ тілінде торғай; әзірбайжан тілінде сәғсә; чуваш тілінде сәрси; қырғыз тілінде таранчы; ғағауз тілінде saçak kuşu; түрікмен тілінде serçe; түрік тілінде serçe; тува тілінде бора-хәкпеш; татар тілінде чыпчык; якут тілінде барабыай; өзбек тілінде чумчук деп атайды [2]. Келесі «туғна», «қиғи», «қаз» сөздері қазақ тілінде тырна, аққу, қаз; әзірбайжан тілінде kran, qu, dərziütüsü; чуваш тілінде тәрна, ақаш, хур; қырғыз тілінде турна, ақ куу, қаз; хакас тілінде турна, хуу, хас; ғағауз тілінде turna, kaz; түрікмен тілінде leññe, guw, gaz; түрік тілінде vınc, kuğu, kaz; тува тілінде дуруя; куу, қас; татар тілінде торна, аккош, қаз; якут тілінде туруйа, куба, хаас; өзбек тілінде турна, оққуш, ғоз деп аталады [3].

Жоғарыда атап өткен құстардың атауынан бөлек, Махмұт Қашқаридің сөздігінде басқа да құстардың атауын кездестіруге болады. Бұлардың ішінде қазіргі түркі тілдерінде қолданылатын да, қолданылмайтын да атаулар бар. Мысалы, қазға ұқсас қызыл реңді бір

құсты «аңыт», ал ерте көктемде келетін, үйрекке ұқсас құсты «қы қиш» деп атаған [1, 395]. Үлкендігі көгершін шамалас, суда тіршілік ететін «шулық», аяғы, тұмсығы қызыл, қанатында ақ жолағы бар «шумфиқ» құстарының атауы кездеседі. Сөздікте кездесетін «süglin», «қишған», құйрығы қызыл болып келетін «қызлақ», «tartar», «вағылық», балықпен қоректенетін ақ құс «валықшып», «turulğan», «sundylash», қаршығаға ұқсас «күзкүпек», шымшықтан кішірек алашұбар құс «шекік», «кекүк», бұлбұлға ұқсас «semütgük», «bajbajuk», «ша», «сеча», «kordaj», «сунқа», қаршыға тектес кішкене құс «teñelgүш», жыртқыш құстың бірі «toғтыл» сөздерін атап өтуге болады.

Түркі тілдерінде балық шаруашылығына байланысты сөздер, оның ішінде балық атаулары көптеп кездеседі. Ондағы жекелеген кейбір түркі тілдеріндегі ұқсастықтарды байқауға болады. Қазақ тіліндегі балық сөзі басқа түркі тілдерінің көбісінде көрініс табады. Түркі тілдерінде балықтардың түрлеріне байланысты жалпы атаулар аса көп кездеспейді. Олардың өздері барлық түркі тілдерінде кездеспегендіктен, бұл атауларды ортақ түркі тілдеріне жатқыза алмаймыз. Тек кейбір түркі тілдерінде ортақ көрініс табады. Мысалға, балық сөзі башқұрт және қазақ тілдеріне, одан кейін балық татар, алтай, қырғыз, түрікмен тілдеріне; balik түрік тіліне; балығ әзірбайжан тіліне; балиқ өзбек тіліне; белик ұйғыр тіліне; пула чуваш тіліне; baluq көне ұйғыр тіліне тән болып келеді [3]. Түркі тілдеріне ортақ балық атауларына келетін болсақ, қазақ тілінде алабуға; татар тілінде алабуга; башқұрт тілінде алабуға; өзбек тілінде олабуға; алтай тілінде алабуга; чуваш тілінде уланка деп атайды. Келесі қазақ тіліндегі шортан сөзі татар тілінде чуртан; башқұрт тілінде суртан; алтай тілінде чортон; түрікмен тілінде чортан; чуваш тілінде сарттан деп кездеседі. Қазақ тілінде қарабалық (оңғак); татар мен алтай тілдерінде кара балық; башқұрт тілінде кара балық; чуваш тілінде хура карас болып келеді. Аталған түркі тілдеріне ортақ болып келетін балықтың тағы бір түрі қазақ тілі мен башқұрт тілінде табан балық (мөңке балық); татар тілінде табан балық деп аталады. Қазақ тіліндегі ақсерке балығы татар тілінде ак балық, әзірбайжан тілінде ағ балығ деп аталып, ұқсас көрініс табады [2].

Түркі тілдерінің ішінде татар, башқұрт, чуваш тілдеріне ортақ нәлім балығының атауы. Мәселен, татар тілінде шамбы, жумба; башқұрт тілінде шамбы; чуваш тілінде шампа деп атайды. Осы сияқты қазақ тіліндегі жайын (лақа) сөзі татар тілінде жәен; башқұрт тілінде йәйен деп атайды. Ал сүйрік, шоқыр балығын татар тілінде чеге; башқұрт тілінде сөге; чуваш тілінде сөкә деп кездеседі.

Жоғарыда атап өткендей, бір түбірден болған балықтың түрлері татар тіліндегі карпы балық пен корбан балық башқұрт тілінде карпа және корбан балық деп аталады. Мұндағы карп балығы орыс тілінде де осылай аталады [2].

Түркі тілдерінің бәрінде көрініс табатын балық сөзі Махмұт Қашқаридің еңбегінде балық деп кездеседі. Осы еңбекте балықтың түріне қатысты түрік көлдерінде болатын кішкентай балықтың түрі «шабақ» және шөміш балық «қамышақ» сөздері де кездеседі. Сонымен қатар көне түркі тілінде үлкен балықты «вашған» деп атаған [2].

Жазба ескерткіштері, сөздіктері, тілдік материалдарды өзек етіп, қазіргі тіл жағдайының заңдылықтарын таныта көрсетеді. Бұл сөздіктерден мәліметтерді талдаудағы, олардың түп төркінінің сол ескерткіштерде жатқандығы терең танытуға септігін тигізбек.

Кез келген тілдің сөздік құрамы мен грамматикалық құрылымындағы көптеген құбылыстардың тарихи қалыптасуын ең алдымен көне дәуірден бері сақталып келе жатқан жазба әдеби ескерткіштердің тілдік деректерін жан-жақты зерттеу арқылы ғана анықтауға болады.

Қорыта келгенде, М. Қашқаридің «Түрік сөздігіндегі» кейбір құс пен балық атауларының қазіргі түркі тілдеріндегі көрінісін салыстыру барысында төмендегідей ерекшеліктерді байқадық:

Қазіргі түркі тілдерінде кездесетін құс пен балыққа қатысты атаулар сол халықтың тұрмыс-тіршілігіне, орналасу аймағына байланысты ерекшеленеді. Сондай атауларға қатысты сөздердің көп кездесуі таулы аймақ немесе өзен-көлді жер болуы да салыстырған атаулардың қолданылу аясына әсер етеді;

Салыстырылған атаулар түркі тілдерінде фонетикалық өзгерістерді есепке алмағанда, лексикалық жағынан да біршама ерекшеленетіні көрінді;

Салыстырылған тілдерде көне түркілік тектектікті сақтап, ескі жазба ескерткіштермен үндес келетін атаулар болса, кей тілдерде жаңаша сипатқа ие болған.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қашқари М. Түрік сөздігі. I том. – Алматы: Хант, 1997. – 375 б.
- 2 Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Часть третья. Лексика. – Москва: Изд. АН СССР, 1955. – 298 с.
- 3 Историческое развитие лексики тюркских языков. – М.: Издательство академии Наук СССР, 1962. – 461 с.

4 Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – М.: Наука, 1974. – 754 с.

5 Древнетюркский словарь. – Л.: Наука, 1969. – 676 с.

ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДА ХУДОЖЕСТВЕННЫХ ТЕКСТОВ НА МАТЕРИАЛЕ РОМАНА СТЕФАНИ МАЙЕР «СУМЕРКИ»

ИСИНА М. Д.

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Перевод – это несомненно очень древний вид человеческой деятельности. Как только в истории человечества образовались группы людей, языки которых отличались друг от друга, появились и «билингвы», помогавшие общению между «разноязычными» коллективами. С возникновением письменности к таким устным переводчикам – «толмачам» присоединились и переводчики письменные, переводившие различные тексты официального, религиозного и делового характера. С самого начала перевод выполнял важнейшую социальную функцию, делая возможным межъязыковое общение людей. Распространение письменных переводов открыло людям широкий доступ к культурным достижениям других народов, сделало возможным взаимодействие и взаимообогащение литератур и культур. Знание иностранных языков позволяет читать в подлиннике книги на этих языках, но изучить даже один иностранный язык удается далеко не каждому.

Актуальность темы исследования обусловлена устойчивым интересом к проблемам понимания авторского замысла и адекватной передачи смысла иноязычного текста, функционирующим как в художественной литературе, так и в реальной жизни. А так же в том, что в настоящее время современная литература не переводится на казахский язык.

Предметом исследования явились особенности художественного перевода в романе Стефани Майер «Сумерки».

Цель исследования состоит в переводе романа «Сумерки» с английского на казахский язык и обозначить главные проблемы и особенности при переводе художественных текстов с английского на казахский язык.

Задачи исследования: 1 Обозначить основные проблемы перевода художественного текста. 2 Изучить связь между решаемыми в произведении художественными задачами и спецификой переводного текста. Избранная для исследования проблема не утрачивает своей актуальности, поскольку интерес к переводу художественного текста в наше время чрезвычайно велик.

Первыми теоретиками перевода были сами переводчики, стремившиеся обобщить свой собственный опыт, а иногда и опыт своих собратьев по профессии. Понятно, что с изложением своего «переводческого кредо» выступали наиболее выдающиеся переводчики всех времен и, хотя высказываемые ими соображения не отвечали современным требованиям научности и доказательности и не складывались в последовательные теоретические концепции, все же целый ряд таких соображений и сегодня представляет несомненный интерес.

Так, еще переводчики античного мира широко обсуждали вопрос о степени близости перевода к оригиналу. В ранних переводах Библии или других произведений, считавшихся священными или образцовыми, преобладало стремление буквального копирования оригинала, приводившее порой к неясности или даже полной непонятности перевода. Поэтому позднее некоторые переводчики пытались теоретически обосновать право переводчика на большую свободу в отношении оригинала, необходимость воспроизводить не букву, а смысл или даже общее впечатление, «очарование» оригинала. Уже в этих первых высказываниях о целях, которые должен преследовать переводчик, можно найти начало теоретических споров нашего времени о допустимости буквального или вольного перевода, о необходимости сохранить в переводе то же воздействие на читателя, которым обладает оригинал, и т.п.

В 1790 г. в книге англичанина А. Тайтлера «Принципы перевода» основные требования к переводу были сформулированы следующим образом:

- 1) перевод должен полностью передавать идеи оригинала;
- 2) стиль и манера изложения перевода должны быть такими же, как в оригинале;
- 3) перевод должен читаться так же легко, как и оригинальные произведения.

В отличие от переводов, к примеру, научных текстов, перевод художественных произведений можно в полной мере сравнить с искусством, чьей задачей является не буквальная передача текста, а

нечто большее. Сложность перевода художественных текстов можно объяснить специфическими способами отражения мира в разных языках и различием культур, к которым принадлежат языки перевода и оригинала, из-за чего дословный перевод зачастую просто не в состоянии передать всю глубину художественного произведения.

Перевод художественный текст и иностранного языка на русский, переводчик, как правило, сталкивается с целым рядом трудностей. В теории перевода художественных текстов бытует следующее мнение: оригинал художественного текста, изначально написанный для читателей своего языка, обладает своими национальными особенностями и характеристиками, которые характерны, только для данного народа, практически не может быть в абсолютной точности воссоздан на языке другого народа [1, с. 13].

Далеко не каждый, даже практикующий, переводчик в состоянии качественно перевести художественное произведение, так как зачастую переводчику приходится не столько репродуцировать текст на иностранном языке, сколько создавать его заново, предварительно всесторонне осмыслив оригинал. Для создания грамотного литературного перевода переводчик должен обладать умением интерпретации игр слов, способностью передачи художественных образов. Следовательно, переводчик художественных произведений – это не просто человек в совершенстве владеющий двумя языками, это также и писатель.

Иными словами, перевод художественного произведения не есть просто буквальный дословный перевод текста и зачастую художественный перевод текста может не совпадать с оригиналом, так как главная задача такого перевода – чтобы перевод означал для носителей языка перевода то же самое, что значило исходное высказывание для носителей своего языка [2].

При первоначальном анализе особенностей перевода художественного текста, переводчик может столкнуться с рядом проблем, например проблема перевода устойчивых выражений и игры слов. Переводчик, применяя словарь устойчивых выражений, может легко добиться желаемого результата.

При переводе текста переводчик использует переводческие трансформации. То есть, это преобразования, с помощью которых можно осуществить переход от единиц оригинала к единицам перевода в указанном смысле. Поскольку переводческие трансформации осуществляются с языковыми единицами, имеющими как план содержания, так и план выражения, они носят

формально-семантический характер, преобразуя как форму, так и значение исходных единиц.

В данной статье были использованы разные трансформации, рассмотрим несколько предложений из романа Стефани Майер «Сумерки». Имена персонажей, названия городов были переведены при помощи транскрипции и транслитерации. Например, Isabella Swan – Изабелла Свон, Phoenix – Феникс, Washington – Вашингтон, Charlie – Чарли, Port Angeles – Порт-Анжелес. То есть транскрипция и транслитерация – это способы перевода лексической единицы оригинала путем воссоздания ее формы с помощью букв переводимого языка.

Так как структуры английского и казахского языков не схожи совсем, при переводе используются такие трансформации, как членение и объединение предложений, антонимический перевод или же опущение и т.д. Например, I'd never given much thought to how I would die – though I'd had reason enough in the last few months – but even if I had, I would not have imagined it like this [3, с. 1]. Бұрын ажал туралы шындап ойлаған емеспін, бірақ соңғы уақытта осындай ойларға айтарлықтай көп себеп туды. О дүние жайлы ойласам да, бәрі де дәл солай болатынын елестемедім. В данном случае предложение разбили на две части. Таким образом сложное предложение было преобразовано в два самостоятельных предложения.

Разберем следующий пример. Surely it was a good way to die, in the place of someone else, someone I loved. Noble, even. That ought to count for something. Сүйгенің үшін құрбан болу – батылдықтың белгісі. В этом же случае наоборот используется объединение предложения. То есть синтаксическая структура в оригинале преобразуется путем соединения двух предложений в одно.

I felt a spasm of panic as I stared at her wide, childlike eyes. Оның үлкен ботадай көзіне қарап, жүрегім ауырып кетті. Фраза a spasm of panic в английском языке была переведена, как «жүрегі ауыру». То есть в казахском языке вы не сможете перевести дословно данную фразу, поэтому применяется идиоматическое выражение, полностью понятное любому казахогворящему человеку.

I felt my breathing gradually creeping toward hyperventilation as I approached the door. Кірмес бұрын, қорқыныш сезімі тұла бойымды биледі. Слово «hyperventilation» переводится на русский язык, как «учащенное дыхание». В данном предложении предполагается, учащенное дыхание в результате страха, поэтому вышеназванное слово переведено на казахский язык просто, как «қорқыныш сезімі».

Русский писатель Александр Иванович Куприн очень метко подметил: «...для перевода с иностранного языка мало знать, хотя бы и отлично, этот язык, а надо еще уметь проникать в глубокое, живое, разнообразное значение каждого слова и в таинственную власть соединения тех или других слов» [4, с. 26].

Художественный перевод произведения – это долгий и трудоемкий процесс, который является своеобразным вызовом для любого переводчика, так как он требует не только исключительного уровня знания двух языков, но и их культуры. При этом в силу тех или иных причин, не всегда представляется возможным передать всю ту информацию, которую несет в себе оригинал. Отличительной чертой художественных переводов является то, что они передают не только смысл оригинального текста, но и, в силу своей специфичности, особенности восприятия самого переводчика. В общем же, суть этого процесса можно определить как попытку устранения языкового и межкультурного барьера между автором и читателем, пропуская оригинальный текст, сквозь «призму восприятия» переводчика.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Комиссаров В. Н. Теория перевода (лингвистические аспекты): учебник. М.: Высшая школа, 1990. 253 с.
- 2 Тернистый путь переводчика: [Электронный ресурс]. URL: http://moiperevod.ru/info/articles/article_detail.php?id=96
- 3 Майер С. Сумерки. М: роман, 2009. – 447 с.
- 4 Куприн А. И. Юникера. М.: Эксмо-Пресс, 2007. С. 1-78.

ШЕШЕНДІК ӨНЕРДЕГІ ТЕКТІЛІК МӘСЕЛЕСІ

КАВЕРИНА М.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ҚОЖАХМЕТОВА Б. Р.

аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақтар «өнер алды қызыл тіл», деп шешендікті тектіліктің белгісі ретінде қабылдаған. Ойшылдарға сүйенсе айтсақ, шешендік – кісі көркі, ақылмен билеу өнері, тіл өнері мен сөйлеу мәдениетінің ең жоғарғы сатысы. Тындаушысының жүрегі мен ақыл-ойын баурап, сендіруге, иландыруға мүмкіндік беретін, кез келген нақтылы зат туралы шебер сөйлеу өнері жас тұлғаның жетістіктерге жетуі үшін қажетті қабілет.

Бүгінгі қазақ елінде, туған жерімізде қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алып, ана тіліміздің қоғамдық қызметі жоғарылаған кезеңде шешендік сөздің әлеуметтік мәнін ұғындыру ісі және мемлекеттік тілде шешен сөйлеу мәдениеті мәселесі аса өзекті. Ал жастарды шешен сөйлеу мәдениетіне баулу ісі – өз алдына мән-мағынасы зор мәселе. Қазіргі таңда шешен, шешендік, шешендік сөз, шешендік өнер, шешендіктану, риторика, шешен сөйлеу мәдениеті, шешендікке қойылатын талаптар, қағидаттар қандай, қазақ шешен-билерінің, шешендік сөздердің тағылымы неде, шешендікке баулу амалдары қандай, т.б. мәселелер турасында жан-жақты ойлану – жас ұрпақ алдында парызды іс.

Тектілік – атадан балаға берілетін мұра, генетикалық тұрғыда адамның бойындағы жақсы қасиеттердің белгілерін тұқым қуалау арқылы 75-80 пайызын тектен, ал қалғанын тәлім-тәрбие, қоршаған әлеуметтік ортадан алады екен. Сонымен қоса, ата текпен берілетін асыл қасиеттер мен бірге жаман қасиеттердің берілетіні де ұмытпаған жөн. Тектілікті тәрбиелемесе, ол ешқашан да дамымайды. Адамның өмірге бейімделуі мен қоршаған әлеуметтік ортасының оның индивид, тұлға болып қалыптасуына әсері мол «Жақсыдан жаман ұл туар, бір аяқ асқа алғысыз, Жаманнан жақсы ұл туар, адам айтса нанғысыз» деген даналықтың ғылыми мәні тереңде жатыр.

Шежіренің ғылыми әлеуеті «Жал күйірығы қаба деп, Жабыдан айғыр салмаңыз. Қалың малы арзан деп, Жаман қатын алмаңыз. Жабыдан айғыр алсаңыз, Жауға шабар ат тумас, Жаман қатын алсаңыз, Топқа кірер ұл тумас. Жақсыдан жаман туса да, Жаманнан жақсы туса да, Тартпай қоймас негізге!» – деп Бұқар жырау тектің әлеуметтің өміріне әсерін дәл айта білген [1].

Шешен сөйлеуге баулу мәселесі машықтық бағыттың басымдылығымен ерекшеленеді. Бұл күрделі шеберлік білім мөлшерінің молдығын қажетсінуімен бірге өзіндік жеке тәжірибелер негізіндегі икем-дағдылармен де тығыз бірлікте сомдалады. Мәселен, жағада отырып суға түсушілерді бақылау арқылы суға жүзуді, малтуды үйрене алмайтынымыз сияқты, үнемі жүргізілетін тәжірибелер мен жаттығуларсыз шешендік дағдыларды бойға бойлату, денеге дарыту мүмкін емес.

Шешен болу үшін, тек туа біткен талант болу керек деген ұғым дұрыс емес. Дарынды болып тумаса да, өз ісінің майталман шебері болу – әркімнің қолында, тек бойын жалқаулықтан аулақ ұстау қажет. «Сөйлей-сөйлей шешен боларсың», деген халық сөзі бекер

емес. Дегенмен, көп көргеннің бәрі көсем, көп сөйлегеннің бәрі шешен емес. Әрине шешен болу үшін, көп еңбек пен тәжірибе керек. Шешендікті әрбір сауатты адам меңгере алады деп ойлаймын. Сол себептен, кез-келген мамандық иесі жоғары дәрежеге сай болуы үшін шешендік қабілетін дамытып, жүрек қалауын нақты анықтап алуы қажет. Бірақ, шешенді оның ерік-жігерінен тыс тәрбиелеу мүмкін емес, ерекше жоғары деңгейдегі қабілет-қарымын дамытып, өрістете өрбіту үшін, жүйелі де сатылы іс-әрекеттер қажет.

Сонымен, адам сөзсіз өз генінің, отбасылық тарихының жемісі. Адам тәуелсіз емес! Ол – буынды жалғаушы ғана. Бірақ, әрбір пенде әулеттен келе жатқан әлеуеттен басқа келер ұрпағына не бере алады? Бұл практикалық мәні бар сұрақ. Әр адам өзінің өткені мен бүгінгі өмірінің мәнін ертеңгі ұрпақ алдындағы жауапкершілігін сезінгенде ғана мақсатты әрекет ете алады. Осының бәрін сезіну, келер ұрпаққа мұра қалдыру мен азаматтық, қайраткерлік болмыстары тектілікпен ұштасып жатқандай. Тектілік биігіне көтерілу шын бақытқа ұмтылумен сипатталады. Ал, бақытқа апарар жолдың арман екендігі анық.

Халық: «Жаманнан жақсы туады адам айтса нанғысыз, жақсыдан жаман туады бір аяқ асқа алғысыз», деп тегін айтпаған. Тектілік адамның ізгілікке, баянды мақсаттарға ұмтылып, жақсы үлгі-өнеге қалдыруынан көрінеді. Ал пендешілік пен нәпсіқұмарлықтың теріс жолына түскен азамат тексіздіктің құрсауына шырмала түседі» [2].

Нағыз текті адам сыпайы, кешірімпаз, мейірбан бола тұра, ешкімді төмендетпей, шеттетпей өзі биіктейді. Әрине, текті адам халқының, Отанының мүддесін жоғары қоя біледі, сонда қоғамдағы қайшылықтар шешімі де жеңілдейді.

Қазақ менталитетінің бір қыры болған тектіліктің мәні тереңде жатыр. Тек – адамның түп нәсілін, арғы атасын білдіретін тарихи ұғым. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «текті» сөзіне келесідей анықтамалар берілген: «1) шыққан тегі бір, тұқымдас, тектес; 2) тегі, шыққан жері жақсы. Текті жер – үлгілі, өнегелі ел, ауыл». Демек, қазақта тектің физиологиялық тұқым жалғаудан бөлек, адам ұрпағының сапалық белгілерін айқындайтын индикатор екендігін аңғаруға болады.

Текті зерттеу Еуропада XIX ғасырда ғана кең етек жая бастады. Ал, халқымыз оның тәжірибесін ықылым заманнан-ақ қолданып келеді. Текті ғылыми тұрғыда, тірі ағзалардағы тұқымқуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтарын анықтайтын генетика ілімі зерттейді. Тұқым қуалаушылық дегеніміз ағзалардың келесі ұрпақтарында ата-

бабаларына ұқсас белгілердің сақталу қабілеті және осы қасиеттің негізінде түрдің біртектілігінің сақталынуы болса, ал, өзгергіштік – ағзалардың өз аталық-аналықтарынан басқа, жаңа белгілерге немесе қасиеттерге ие болу қабілеттілігі.

1865 жылы чех ғалымы, сопы Грегор Мендель тұқым қуалаушылықтың негізгі заңдылықтарын зерттеп, «Өсімдік будандарымен жүргізілген тәжірибелер» еңбегін жазған болатын. Ядролық тұқым қуалаушылықтың негізгі тасымалдаушысы жазуша ядросында орналасқан хромосома. Әрбір хромосоманың құрамы химиялық компоненттерден тұрады. Кейде жазушаның микроскопиялық өлшемі кезінде ұзындығы бірнеше сантиметрге жететін ДНҚ-ның (дезоксирибонуклеин) бір алып молекуласынан тұрады. Мысалы, адамның ең үлкен хромосомасының ұзындығы 7-смге дейін жететін бірінші хромосомасы болып табылады. Адамның бір жазушасындағы бір хромосомадағы ДНҚ молекуласының жалпы ұзындығы 170-смге жетеді. Ғылым бүй дегенімен, халқымыз «түбін білмеген тексіз, тегін білмеген түбін білмейді, тегі мен түбін білмегеннен келелі кеңес шыға қоймайды» деп кесіп айтқан.

Қазақи шежірені зерттеуші ғалым, Дәуірхан Айдаров: «Ғылыми тек (ген) – адамның шыққан негізі, нәсілін, тұқымын білдіреді. Ал, қазақи танымдағы тектіліктің мазмұны тереңде» – деп тек пен тектілікті ажыратады. Жазушы Қ. Түменбай тектілікті шыңырау құдыққа теңеп, «оның суы мөлдір болғанындай, тектілік те мөлдір болады» – дейді. Тектіліктің дәл анықтамасы болмағанымен, белгілі бір нышандары мен қалыбын анықтасақ, бірінші белгісіне әулеттің өсіп-өнгендігімен сипатта едік. Егер, тұқымында белгілі бір дарын иелері болса, ол қан арқылы келесі ұрпаққа берілетінін қазақ зерттемей-ақ қалай дәл білген?! Сондықтан, «көріп алған көріктіден, көрмей алған текті артық» деп жар таңдауда текке қарауды ең бірінші критерий ретінде ұстанған.

Академик Досмұхаммед Кішібековтың пайымдауынша, текті болуға ата-баба, ана, туған жер, өскен орта әсер етпей қоймайды, бірақ, осылардың ішінде ең бастысы – әр адамның өз басы, ақыл-есі, парасаты, жігері, алдына қойған биік мақсаты, жаманнан жиреніп, жақсыға ұмтыла білуі. Сонда ғана, адам дараланып, сомдалып, тұлғалық дәрежеге көтерілуі мүмкін. Осылайша, қоғам қашан да тектілерге сүйенеді. Текпен берілетін қасиеттерге өнеге-үлгі, инабаттылық, кішіпейілділікті әбден жатқызуға болады. Себебі, баланың бойындағы бұл қасиеттер әке-шешеден бастау алады. Адамгершілік, азаматтық, қайраткерлік, қолбасшылық, зиялылық,

діншілдік, әділеттілік те адам бойына текпен дарыса керек-ті. Ғалым, философ Ж. Молдабеков текті жанды «ол өнер жолын қуады, сертінде тұрады, уәдесін орындайды, қолы ашық, көңілі жайдары, тілі майда, әрекеті батыл келеді» деп сипаттайды.

Қазақтың атақты ғалымы, профессор Мәтжан Тілеужанов «Сөзбен қаймықтыру, сөзден жаңылыстыру, жауларын сөз тыңдарлық жағдайға түсіру – мықты өнер. Ол қару-жарақтан да күшті. Суырылған қылышты қынабына қайта тықтыру – қарсыласыңды қаһарлы сөзіңмен, тапқырлығыңмен, шешендігіңмен иілткенің. Ал бұл ойлау қабілетіңе байланысты, оның күштілігіне, құбылмалылығына байланысты» деген екен [3]. Текті адамның бойындағы асыл қасиеттері мен парасаттылығы ұрпақтан-ұрпаққа рухани сабақтастықта беріліп отырады. Демек, жақсы адам кездейсоқ қалыптаспайды, әдетте дүниетанымы, ділі мен психологиялық болмысы және т.б. бейімділіктері ата-бабаларынан берілген деп жатады. Бірақ, адам өзін жақсы жағынан көрсетіп, қабілеттерін жетілдіру арқылы белгілі бір қоғамдық дәрежеге жетуі де мүмкін. Өзінің жеке басының кемшіліктерімен күреспеген адамға халық өз бағасын беріп отырған. Сондықтан қандай текті жерден шыққанмен де өмірде өз жолын таба алмай, жеке басының ғана мүддесінің аясынан аса алмаушылықты тектілік деп танымаған.

Ендеше, қазақ халқының бай мұрасының бірі болып табылатын, шешендік өнер де бүгінгі ұрпақтың бойына тегі арқылы беріліп отырғандығы сөзсіз. Тектен дарыған қазынамызды тәрбиелеп, келер ұрпаққа қалдыра алсақ игі деген қорытындыға келемін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. <http://alashainasy.kz/>
- 2 «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия (Ә.Нысанбаев - Алматы) 8-том;
- 3«Ақиқат» ұлттық қоғамдық саяси журнал №4-2013 жылы;
- 4 «Ақиқат» ұлттық қоғамдық саяси журнал №4-2014 жылы;
- 5 <http://anatili.kazgazeta.kz>

С. МҰҚАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

КАНАТОВА Т.

студент, Еуразия гуманитарлық институты, Астана қ.

РАЙНБЕКОВА Г. С.

п.ғ.м., аға оқытушы, Еуразия гуманитарлық институты, Астана қ.

Фразеологизмдер – кешенді белгілерінің негізінде басқа тілдік бірліктерден ажыратылатын оралымдар болып табылады. Олар тұтасқан күйінде даяр тұрған оралым ретінде, фразеологизм құрамындағы компоненттер бұрыннан тіркесіп қойған қалпында қолданылады, олардың орын тәртібі тұрақты десек те, жалпы фразеологизмдердің шыққан тегі сөз тіркестері мен сөйлемдер екеніне ешкім шек келтірмейді. Фразеологизмдердің мағынасы туынды, астарлы, даму барысында семантикалық өзгерістерге түсіп қалыптасқан, олар экспрессивтік қызмет атқарады.

Фразеологизмдердің шығу негіздеріне байланысты төмендегідей пікірлерді айтуға болады:

– фразеологизмдер сөздердің тіркесіп, мағыналық әрі құрылымдық жағынан тұрақтануы негізінде қалыптасады; фразеологизмдердің тууына фразеологиялану процесі себепші болады;

– фразеологизмдерден халық танымын байқаймыз және олар ғасырлар бойы халық жадында сақталып, жатталып, қолдануға даяр күйінде енетін тілдік құралға айналған;

– фразеологизмдер бейнелі, астарлы ұғымды білдіреді.

Фразеологизмдердің семантикалық мағыналарынан ажырағандықтан деактуализация негізінде лексикалық мағынасы да тұрақсызданады. Компоненттердің семантикалық және грамматикалық негізінде фразеологизм компоненттері өздерінің бастапқы мағынасынан айырылып, тың мағынаға ие болады. Бұл қағида С. Мұқанов шығармаларындағы фразеологизмдерді қарастыру барысында да дәлелденетіне көз жеткіздік.

С. Мұқанов қолданысындағы фразеологизмдерді прагматикалық аспектіде қарастырғанда, ақынның коммуникативтік іс-әрекетінде өзінің ниет, аялық білімінен қоса белгілі прагматикалық мақсатқа құрылған ойлау стилі арқылы тілдік таңбаларды тандай отырып, өз туындысының мағыналық-ақпараттық және эстетикалық мән-мазмұнын ашып бере алатындығына көз жеткіздік. Фразеологизмдер ақынның объективті шындық болмысты қабылдауындағы сезімдік

және танымдық іс-әрекетінен туындай келіп, өмір тіршілігінің барлық саласымен ұштасып жататыны анықталды. Осындай фразеологизмдерінен ақынның өмірлік тәжірибесінен танымдық деігейдегі қорытынды пайымдары байқалады.

Мәселен, Желкеме шор түсер деп

Сөзде фразеологизмдердің қолданылуы – шығарма тіліне тән. Фразеологизмдік қолданыстардың құпиясы тым әріден, ертедегі грек ғұламасы Аристотельден бастап зерттеліп келе жатса да, әлі күнге толық ашылып, лингвистикалық қырлары айқындалады деп айта алмаймыз. Оның басты себебі, көркемділік-эстетикалық құралы ретінде ғасырлардан ғасырларға жалғасын табуда, олардың берілу, көріну қырлары да уақыт озған сайын жаңа мағынатуып ұштала түсуде. Соған байланысты сөз мағынасын ауыстырып қолданудың көркемдік және танымдық саясаты да өзгеше мәнге ие болып отырады.

Осы тұрғыдан келгенде, ілгеріде де ескертілгендей, С. Мұқановтың шығармалық дүниелері өзінше бір көркемдік әлемді қалыптастырған, жалпы қазақ шығармасында алатын орны белгілі, әдеби мұралар болып табылады. С. Мұқанов туындыларындағы фразеологизмдік қолданыстарда бір нәрсені екіншісіне балап немесе өзара мәнделес құбылыстарды ұқсатып қана қоймай, бейнелі сурет беріледі. Айталық, қазақы тұрмыс-тіршілікті, мыңғырған малды жазушы былай суреттейді:

Төрт түлік мал өргенде құрттай қайнап,
Құмырсадай қыбырлап жапқан жерді...
Түйелері түздерде бота туып,

Қойы жүрген жерінен қозы терді! («Сұлушаш»)

Өлең жолдарында «қой көп төлдеді» мағынасында Қойы жүрген жерінен қозы терді деп жазушы өте әдемі келтіреді. Әдетте, «бір нәрсені жинау» және «аз-аздан жинау» мағынасындағы «теру» етістігі (мысалы, гүл теру) берілген шумақта өзгеше семантикалық ренке (көбею) не болған, яғни «амал-әрекет» мәнінен «өсіп-өну» мәніне қарай мағына ауысқан. Бұны жазушының тілді жұмсау зертханасындағы өзіндік қолтанбасы демеске лажың жоқ. Енді бір мән мәтінде жеке алғанда «теру» етістігі тура мағынасында жұмсалады:

Сұлушаш бала еді аз жыл бұрын,
Балалық өмірдің жай терген гүлін

Сонымен бірге Балалық өмірдің жай терген гүлін деген жолдардың мағыналық түсіндірмесі тұтасымен «алаңсыз, уайым-

қайғысыз балалық шақты» суреттейді. Екі мысалда да өмірге көркемдік көзбен қарау бар. Көз алдымызға қазақ өмірінің шынайы суреті келеді. Ақын сөзді ауыспалы мағынада қолданудың ерекшеліктерін жете түсінген.

Классик жазушымыздың өзіндік қолданысын паш ететін өзге де фразеологизмдік үлгілерді шығармасынан көптеп кездестіруге болады. Бір-екі мысал:

Шөп таусылып, болып қалды,

Көтерем «бақыт» қонып қалды... («Шоқпыттың шаруасы»)

Жері азат, елі азат, кені азат,

Ол еңбектің даласы жатқан жалпақ («Қарақалпақ»)

Алғашқысында жазушы халық тілінде малға қатысты қолданылатын «көтерем» сөзін дерексіз ұғыммен (бақыт) тіркестіру арқылы жаңа сөз өрнегін қолданудан қаша отырып, тың ұғым тудырған. Сондай-ақ «келіп қалды» етістігін «қонып қалды» етістігімен алмастыру арқылы астарлы ой түзеді. Келесі мысалдағы еңбектің даласы фразеологизмдік қолданысы да сол жолдарға жарасымды нәр беріп тұр. Егер еңбектің даласы жалпы халықтық тілгеберік сіңісіп, дәстүрлі фразеологизмге айналып кетсе, ал көтерем бақыт фразеологизмдік қолданысы өзінің жекелік сипатын сақтап тұр деп айтамыз.

Келтірілген өлең жолдарынан «сұлу» деген сөзді кездестірмейсіз, алайда қарапайым сөздер арқылы ақын тың мағына тудырған. Ол тың мағына қазақтың болмысына жақын бейнелі суреттерді бере алған. Демек, автор өзіндік жеке қолданыстары арқылы қазақ болмысын, кең мағынасында қазақ әлемін (тұрмыс-тіршілігі, рухани келбеті, дәстүрі т.т.) қалыптастырады. «Қойы жүрген жерінен қозы терді», «Көтерем бақыт» сияқты жекелік-авторлық қолданыстары – солардың бір тобы. Мына мысалға назар аударайық:

Күйдің кілтін осымен бұрап ашып,

Енді күйдің түп-тура өзіне енем («Сұлушаш»)

Күй – қазаққа тән саз өнерінің бір түрі. Күйдің әсері қазақ үшін, қазақ халқының рухы үшін үлкен мәнге ие. Бұл мәнінде күй сөзінің ауыспалы мағынасы «жыр», «дастан» сөзіне көшірілген. Күй тәрзді жырдың қазақтың рухани дүниесінде ықпалы мол. Екі ұғымның бір мәнде тоғысқан көрінісі арқылы ақын ұлттық ойлау ерекшелігін, психологиялық жай-күйін ескереді. Бұдан ақын қолданыстарындағы фразеологизмдердің когнитивтік сипаты айқын көрініп тұр. Осы орайда А. Б. Әмірбекованың: «Поэтикалық мәтінде индивидуалды-авторлық көзқарас арқылы ойда дүниенің бейнесін,

сыртқы формасын қалыптастыру жағдайлары кездеседі» [1, 15], – деген тұжырымының дұрыстығын көреміз.

Фразеологиялық тіркестер тілге ұлттық ерекше сипат, нақыш береді. Фразеологизмдер – ұлттық психологияны, оның тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын бойына сіңірген, соларды баяндайтын лингвокультуремалар.

Жазушы шығармаларында фразеологиялық тіркестерді молынан пайдаланған.

Қай қаламгердің болмасын өз шығармасында фразеологизмдердің дайын күйінде де, авторлық өңдеумен де (перифраза жасап) қолданатыны сөзсіз. Әрине, мұнда да жазушының талғамы мен тілдік қоры шешуші болмақ. Соларға орай фразеологизмдер біреуде аз, екінші біреуде мол кездеседі, екіншілері өңдеуі, толықтыруы, ал қайсы бірі оны тыңнан туындатуы мүмкін.

Ө. Қайдаров «Қазақ тілінің өзекті мәселелері» атты жинағында фразеологизмдердің қасиеті жөнінде мынадай ой айтады: «Фразеологизмы – весьма сложные лингвистические образования. Сложность их объясняется не только множеством структурных типов и синтаксических моделей, но и тематической и семантической многоплавностью, а также способностью выражать самые различные эмоционально-экспрессивные оттенки мысли». Демек академик-ғалымның пайымдауынша, фразеологизмдер-бейнелі ойлаудың жемісі.

С. Мұқанов романдарында фразеологизмдерді молынан пайдалана отырып, шығарма тіліне мәнерлегіштік, бейнелегіштік әр берген. Жазушы фразеологизмдерді талдап, тандап кейіпкердің образын сомдауда, мінезін ашу, портрет жасау, шығарманың идеялық қоркемдік жақтарын жетілдіруде тағы басқа толып жатқан мүмкіндіктеріне сай етіп, белгілі бір стилдік мақсатпен қолданады.

Ғалымдар арасында ара-тұра авторлық фразеологизмдер когнитивтік ұғымдарының астарында қарама-қайшы мән бар ма деген күмәнді сауал бой көрсетіп қалады. Біздің ойымызша, бұл дәлелсіз күмәндану болмақ. Өйткені дәл осы авторлық фразеологизмдер арқылы жазушының немесе ақынның тілдік тұлғасы, оның қолданыстарының когнитивтік табиғаты кең көрінеді. Автор өзіне тән жекелік қолданыстар арқылы халықтың ұлттық танымын сөзбен береді. Оның жекелік сөз мәнерінде ұлтқа тән болмысты жинақтаушы қасиет болады.

Тағы бір нақтылап алатын түс, тілдік фразеологизм мен тұрақты сөз тіркестерінің, сондай-ақ тұрақты сөз тіркестерінің соған ұқсас

келетін бірліктерден аражігін ашып алу мәселесі. Фразеологизм қолдану сипатына қарай екі түрге бөлінеді. Олар:

- 1) тілдік(сөздік) фразеологизм;
- 2) поэтикалық (сөйлеу кезінде туындайтын мәнмәтіндік) фразеологизм.

С. Мұқанов қолданысындағы тұрақты сөз тіркестерін осы ерекшеліктеріне қарай іштей мынада түрлерге ажыратуға болады:

- 1) дәстүрлі фразеологизмге айналып кеткен қолданыстар: тілсіз жау, сөз дүкені, еңбек майданы, жүйрік көңіл т.б.;
- 2) тілдік ерекшелік ретінде дәстүрлі фразеологизмге айналған, алайда, танымдық мәні тұрғысынан келгенде, жекелік болып табылатын авторлық фразеологизмдер: өмір «концепсіне байланысты сұм өмір, еске өмір, жаңа өмір, тәтті өмір т.б.;
- 3) тек ақын қолданысына ғана тән өзіндік қолданыстар: тұрмыс тоны, жалшылық тоны, жүрегім суық мұзға төселеді т.б.;
- 4) ақынның өз туындысында белгілі бір мән мәтіндерде ғана қолданылатын авторлық фразеологизмдер: тұйық көрпе, мұз көрпе, жүрегі байдың инелі шибұт, шабан т.б.;

Көркем туындыларда фразеологизмдердің қолданылуы әрдайым табиғи әрі заңды болып табылады. Фразеологизм әлемді поэтикалық тұрғыда танумен органикалық байланысты. Шығармаға берілген анықтаманың өзі кейде фразеологизммен синонимдес ісаетті. Өйткені фразеологизмнің қасиеттерінен поэтикалық тілдің белгілері көрінеді. Белгілі бір автордың шығармашылық туындылары оған тән болып келетін фразеологизмдер арқылы анықталады.

С. Мұқанов қолданған сөз өрнектері қай қазақтың болмасын рухани жан-дүниесін, тілін паш ететін және бей-жай қалдырмайтын сөз кестелері болып табылады. Ақын өлеңдері негізінде С. Мұқановтың тілдік тұлғасы айқын көрінеді. Олай дейтініміз жазушы өзінің саналы ғұмырында сөзді, онда да асыл сөзді қару етіп, ойы, іс-әрекеті, қызметі арқылы халқының сүйікті перзенті бола білді. Бұған табиғи дарынды қоссаңыз, С. Мұқановтан алатын тіл тағылымы мол икемдігіне көзіміз жете түсті.

Жазушы шығармасындағы фразеологизмдік қолданыстардың түпуі сырларына неғұрлым терең үнілу деп білеміз.

С. Мұқановтың тілдік тұлғасы өзінің бастауын когнитивтік лингвистикадағы жалпы тілдік тұлға теориясынан алатынын көреміз. Тілдік тұлға – когнитивтік лингвистиканың ең бір іргелі ұғымдарының бірі. Оның термин ретінде қалыптасуы екі мәселенің – тіл мен тұлғаның (адамның) басын бір арнаға біріктіреді.

С. Мұқановтың авторлық фразеологизмдерін тануда біз жұмыста бір-бірімен байланыстағы екі нәрсені басты өлшем етіп алдық:

- 1) автордың сөз қолдану даралығы, өзіндік мәнері;
- 2) автордың когнитивтік – ассоциялық ойлауының жекелігі, яғни автордың белгілі бір сөз топтарын фразеологизм ретінде қолданудың танымдық жекелігі мәселесі. Көрсетілген осы өлшемдерге байланысты ақын қолданысындағы тұрақты сөз тіркестерін төрт түрге ажыратуға болады.

С. Мұқановтың шығармаларында мақал-мәтелдер тақырыптық жағынан әр алуан. Олар түрлі мақсаттарда қолданылған. Мақалдардың қолданылу аясына қарай талдап қарастыратын болсақ:

1 Кейіпкер бейнесін ашуда: «Біреу тойып секіреді, біреу танып секіреді» ақындардікі тойғандық. Өйткені олардың жазғандарының өз қара басына көбінесе көпейкелік пайдасы тимейді.

2 Портрет жасауда: «Құс баласы үшін торға түседі», «Қарға баласын аппағым, Кірпі баласын жұмсағым дейді». Әкесінің баласына деген махаббатын өз хатында толығымен әдеби түрде жеткізу үшін қолданылған. Баласының алдындағы әкесінің портретін жасайды.

3 Тәлім-тәрбиеге байланысты: «Қыран құс қисық ұшып түзелер».

4 Туыстық қатынасқа байланысты: «Кіріспесе, туған жат» шартты бағыныңқы құрмалас; «Жетімнің құрсағы жеті қабат». «Туғаныңды жасырасың, өлгенде кайтесін» [2, 88].

Қазақ мақал-мәтелдері мазмұны жағынан болсын, тақырыбы жағынан болсын орасан көп дүние екендігінің білеміз. Халықтың ғасырлар бойы сақтап келген және өзінің тіршілік – тұрмысында, қоғамдық өмірде қолданған мақалдары халықтық сипатын жоймай біздің заманымызға С. Мұқанов сияқты кемеңгер жазушымыздың шығармалары арқылы жеткенін байқаймыз. Халықтың арманын, көзқарасын, әрбір қоғамдық, таптық жағдайларға берген бағасын білдіретін, өсиет, нақыл сөз ретінде айтылатын бұл мақалдар бүгінгі күнде де өзінің қасиетін жойған жоқ. Сондықтан, мақал-мәтелдер тіл тұрғысынан зерттеуге тиісті қызықты да өзіндік ерекшелітері мол күрделі мағыналық бірлікке жатады. Сондай-ақ мақал-мәтел табиғатына тән ерекшеліктердің бәрі этнолтаным, лингвомәдениеттаным, психоллингвистика, когнитивті лингвистика тұрғысынан зерттеуді талап етеді.

С. Мұқанов ұлттық тілдің бай қазынасы – сөздік құрамын мейлінше шебер пайдаланып, әр сөзін, сөйлемін, тұтас мәнін мәнерлі, өткір шебер тілмен өрнектеген және оларды белгілі бір стилдік мақсатпен ұтымды пайдаланып отырған. Жазушы шығарма тіліндегі суреттеліп отырған заман мен оқиғаны жан-жақты ашып көрсету және мүмкіндігінше шындыққа сай беру үшін, сонымен қоса мәнерлеп жеткізу үшін мақал-мәтелдерді ұтқыр әрі дәл қолданған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әмірбекова А. Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі ербалдану ерекшелігі (М. Мақатаев шығармасы бойынша) – филол.ғыл.канд.автор.реф. – Алматы, 2006. – 31 б.

2 Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. – Алматы: 2007. – 312б

3 С. Мұқанов Адамдар романы. – Алматы, 1995.

МӘШҰР-ЖҮСІП ЖӘНЕ АНТРОПОНИМДЕР

КЕРЕЕВА А.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ТҰРЫШЕВ А. Қ.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Жер-су аттарының әр түрлі ғалымдар тарапынан зерттелуінде басты орынды тіл білімі алады, өйткені атау дегеніміз ең алдымен сөз, ал сөзді зерттеу лингвистиканың сыбағасы (Әбдірахманов – 17). Ономазиология тіл білімінің негізгі саласының бірі. Ономазиология зат немесе құбылыс ұғымының белгілі бір сөзбен аталуы нәліктен екендігін қарастырады (Аханов-81) [1].

Онома – грекше ат, есім деген сөз. Ономастика, тұтасынан алғанда, ат, есім атауларының шығу, қалыптасу жайын тексереді. Ономастиканың өзі бірнеше тармаққа бөлінеді: топонимика, антропонимика, этнонимика, астронимика, зоонимика, гидронимика, ойконимика сияқты салаларын қамтиды. Аукымды саланың әрқайсысына жеке тоқталсақ: ономастика (грекше:onomastike – атау, techne – өнері) – жалқы есімдерді зерттейтін тіл білімінің саласы. Объектілер категориясына қарай ономастика дәстүрлі салаларға жіктеледі. Олар: антропонимика – адам есімдерін зерттейді, топонимика – географиялық атауларды зерттейді. Ономастика халықтың этнографиясымен тығыз байланыста қаралып, басқа

халықтармен жүргізген тарихи, мәдени қарым-қатынастың сыр-сипатын танытады. Ономастика қазақтілінде ғылым ретінде соңғы 20 жыл ішінде дами бастады [2].

Антропонимика (гректің адам және есім) – адам есімдерін, жеке есімдерді, патронимдерді әкесінің атын, тектерді, жалған аттарды, псевдонимдерді, криптонимдерді жасырын аттарды зерттейтін ономастиканың бір бөлімі [3]. Антропонимика (гр. *anthropos* – адам, *опутаат*) – адамдардың өзіне меншікті есімдерін, аты-жөнін, жалған, бүркеншік, жасырын аттарын, ру аттарын – антропонимді зерттейтін ономастиканың тармағы.

Антропонимика соныменбірге әдеби шығармалардағы антропонимдер мен ауыз әдебиетіндегі кейіпкерлердің аттарын зерттейді. Антропонимика халықтық және канондық есімдерді, сол сияқты бір есімнің әдеби және диалектілік, ресми және биресми түрлерін ажыратып қарастырады. Әрбір этностың әрдәуірде өзіне тән антропонимиканы (есімдер тізімі) қалыптасады. Антропонимдердің жиынтығы антропонимия деп аталады. Жеке адам есімдері басқа көптеген жеке атаулардай өздерінің дербестігімен ерекшеленеді: әр адамның жеке есімі бар. Есімдер тізілімі шектеулі. Жеке есімдер қайталап отыратындықтан, оларға қосымша атаулар беріледі [1]. Дамыған қоғамда адамның ресми атауларының өзіндік жүйесі болады. Мәселен, антикалық Римдегі есімдердің тұрақты жүйесі мынадай: адамның жеке есімі + ру тегі + жалған аты + ата тегі, есімі + қосымша аты. Үнді елінде бұл жүйе 3 құрамнан тұрады: гороскоптық есімі, жыныстық немесе діни секталық есімі, касталық есімі. Мысалы, Рабиндранат Тагордың есімі: Рабиндра (Күнқұдайы), Натх (еркек), Тхакур (жер иеленушілер кастасынан) құралымынан тұрған.

Антропономия есімге қатысты хабарларды: адамның қасиетін, әкесі, руы, отбасымен байланысы, ұлты, кәсібі, қай жерден шыққан т.б. зерттейді. Теориялық антропономия белгілі этнос антропонимдерінің пайда болу, даму заңдылықтарын, құрылымын, жүйесін, үлгілерін, тарихи қабаттарын, тілдердің антропонимиялық өзара байланысын қарастырады. Оның зерттеу әдістері ономастиканың басқа түрлеріндегідей (адам есімінің әлеуметтік сипаты, салт-әдет, дін мен моданың ықпалы т.б.).

Қолданбалы антропономия есімдерді нормаландыру мәселесін, есімдердің әртінде берілу тәсілдерін зерттейді. Антропонимия ономастикадан 20 ғасырдың 60-70 жылдарында бөлініп шықты, бірақ олардың бірқатар мәселелері бірге қаралады. 60-жылдарға

дейін «Антропонимия» термині орнына «ономастика» қолданылып келді [4].

Жалқы есімдердің олардың ішінде, топоним, антропоним, этноним, космономимдерді этимологиялық тұрғыдан зерттеудің өзіндік сыр-сипатқа ие екендігі нақтылы жағдайлармен байланысты қаралуға тиіс. Бұл ерекшелік қасиет – жалпы есімдер мен жалқы есімдердердің лексика-семантикалық дихтологиясына, яғни лексикалық жүйенің екі жақтылығына, атап айтқанда, мәнді сөз (апеллятив) бен лексикалық мәнсіз сөз (оним) қатысына байланысты болып отырады. Жалқы есім бойында денотативтік мағынаның басым екендігі, оның есесіне сигнификат жоқтығы айқын байқалады. Яғни атаудың бойында нақты заттық мағына жоқ деген пікірге бой ұру үрдісі көбірек сөз болады. Сондықтан да жалқы есімдер этимологиясын зерттеу жайында әртүрлі болжам, екіұдай пікір бары аян. Кейбір ғалымдардың пікірінше, этимологиялық зерттеу барысында әдістемелер жеткілікті десе, басқалары кешенді әдіспен тәсіл тым қолайлы дегенді бетке ұстайды. Ал шынтуатқа келгенде, жалқы есім этимологиясы, жалпы есімдер – апеллятив этимологиясынан, көбіне, ерекше айырмасы бар, ғылыми тұрғыдан қарағанда, өзіндік қасиетке ие келеді [5].

Ономастиканың барлық салалары сөз ретінде тілге тікелей қатысты болғандықтан, оларды зерттеудің әдістері мен тәсілдері тұтастай алғанда, ортақ тәсілге бағынышты келеді. Яғни, тіл білімінің лексиканы зерттеуде қолданатын әдістері мен тәсілдері ономастикалық этимология зерттеулерінде де дерлік, тұтас қолданыс табады. Атап айтқанда, лингвистикада кеңінен қолданылып жүрген негізгі әдістер ономастикалық зерттеуде қолданылады. Олар: 1) дескриптивтік (сипаттама), тарихи-салыстырмалы (компаративтік), тарихи-салғастырмалық (типологиялық), фонетикалық, морфологиялық.

Алада ономастикалық материалдарды зерттеудің әдістері мен тәсілдері бірнеше бағытта болып, талдау тұрғысынан көп қырлы болатыны да белгілі. Олардың ішінде – этимологиялық талдау, сөзжасамдық талдау, тұлғалық (форманттық) талдау, статистикалық талдау. Дифференциалдық-генетикалық талдаудың орны бөлекше [5].

Қазақ жеріндегі ономастика мәселесі туралы XIX ғ. П. П. Семенов-Тянь-Шанский, Н. А. Северцов, И. В. Мушкетов, В. В. Радлов, Ч. Ч. Уалиханов, С. У. Ремезов, А. Л. Левшин, П. И. Рычков, А. Е. Алекторов, Н. А. Аристов, П. С. Паллас, Г. Н. Потанин, А. Н. Харузин т.б. еңбектерде әр кезде жазылып келді.

Қазан төңкерісінен кейін ономастика саласына көңіл бөліне бастады. 30-40 жылдары Х. Досмұхаметов, Қ. Жұбанов, А. Аманжолов, С. Алиев, А. В. Маракуев, Н. Баяндин Қазақстандағы кісі аттары мен географиялық аталымдарды зерттей бастады. Кісі аттарына ең алғаш талдау жасаған Х. Досмұхаметов: Махамбет деген сөзді қазақ екіге бөліп айтады: біреуі Махам-Махан. Екіншісі-бет. Сондықтан Махамбет деп айту пайда болады. Ханибет, Ханден деген сөздерді де қазақ Қанибет, Қанден деп екіге бөліп айтады. Қ. Жұбанов «Из истории порядка слов в казахском предложении» деген зерттеуінде: «По вопросу о генезисе личных имен наука располагает в настоящее время достаточным данными, говорящими что более сложные имена появились позднее. До их возникновения отдельные личности носили общее имя племени или рода».

Антропонимдер мен топонимдерді Қазақстанда лингвистика аспектісінде қарастырғандар А. Әбдірахманов «Қазақстанның жер-су аттары» (1959). Т. Жанұзақов «Қазақ тіліндегі жалқы есімдер» (1965). В. Н. Папова, Е. К. Койчубаев, О. А. Султаньяев т.б. Бұл арада академик Әбдуали Қайдаровтың тіл білімінің қай саласында болмасын зерттеу еңбектерін атап өткен ләзім. Оның «Қазақ тілінің өзекті мәселелері» (1998) орны айрықша. Мысалы, «Состояние и перспективы развития казахской ономастики», «Қазақ эпосындағы жер-су атаулары мен кісі аттары жайында» («Қозы Көрпеш – Баян сұлу» дастаны негізінде) деген мақалаларының құны ерекше [6].

М-Ж. Көпейұлының шығармаларынан ономастикалық атаулар көптеп кездеседі. Әсіресе, «Қазақ шежіресіндегі» ономастикада жеке дара есім арқылы бүкіл ұлтты, ру басшысын беретін белгінің байланысы көрінеді. Мысалы, М-Ж. Көпейұлы «Баянауыл қойсайшы жердің атын» деген өлеңінде он екі ата-бабаларының есімдері аталып, олардың қай рудан тарағаны келтіріледі:

... Қарақожа бабамнан Арғын туып,
Дәулетке сондай толған айналасы.
Онан соң Мейрамсопы бабам өткен,
Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендікпен.
Бес бала Мейрамсопыдан туған екен,
Қаракесек анасы басқа тектен...
... Екінші атам – Сермұхамед,
Көпжасар – Көпей мағырып өз баласы.
...Солардың бір қалған жұрағаты,
Көпеев фамилиясы – Мәшһүр-Жүсіп [7].

Сонымен қатар, Мәшһүр-Жүсіпте басқа шежірелерде кездеспейтін бір тақырыпқа тоқталады, ертеде ел билеп, жұрт ұстаған атақты адамдардың арулап қойылған жерлері, зираттары туралы айтылады. Мысалы, Қаржас: Анай, Есенаман, Жарқын; Ақбұра: Айырбай, Батырбай, Шанышқұл; Қаракесек: Алшынбай, Тіленші, Жидебай, Жолшора, Қожантай, т.б. ел аузындағы адамдардың молалары, тамдары қай жерде, қай өзеннің жағасында екенін анықтайды [8].

М-Ж. Көпеев шығармаларындағы антропонимдер құрамын қысқаша түрде бірнеше бөліктерге жіктеуге болады:

1 Адам есімдер лексикасының морфологиялық тәсіл арқылы жасалғандары: -ай, -ей, -й, -лік, -шы, -ші, -ше, -ті, -бы, -лы, -лі, -кы, -кі, -ыш жұрнақтары арқылы есімдер кездеседі. Мысалы, Малай Жәдігер, Анай, Көпей, Дүйсекей, Тұтқыш, Суғыныш, Ышқыш, Сейдалы, Құтболды және т.б.

2 Жеке сөз табынан жасалған есімдер:

Зат есімнен пайда болғандар саны жағынан басқа туынды сөздерден басып озады. Негізгі сын есімнен болған есімдер: Есен, Жабық, Жарқын, Қара, Сарыкелімбет, Ақбике.

Туынды сын есімнен болған есімдер: Баралы, Бағаналы, Жақсылық, Күреңше, Құлатай, Мүйізді, Майқы.

Бір сыңары немесе екі сыңары да сын есімнен біріккен елу жалқы есімдер кездесті: Алтынтөре, Ақсары, Айтайлақ, Ақжар, Сары Қозған, Мырзақара, Құлажын, Ақботаш, Қарабұжыр Күреңбей.

Есімдік арқылы жасалынған жалқы есімдер төртеу: Өлдекүн, Қайсары, Қайдауыл, Ешмұхамет.

Етістіктен болған есімдер: Көгер, Айдапкел, Сүріпкел, Жәйілмес, Елемес, Қойгелді.

Сан есімнен болған антропоним кездесті: Бестібай, Бесімбай, Алтыбасар, Бесім, Бесмұхамет, Мыңбас, Төртуыл, Сексен батыр, Ондан.

3 Адам есімдер лексикасының синтаксистік тәсіл арқылы жасалуы:

-Бай, -бек, -бет, -күл, -тай, -әлі, -ұзақ, -мырза, -жігіт, -торы, -сай, -қай сөздерімен өте көп антропонимдер жасалады. Мысалы, Жылқыбай, Ырысбек, Жиенбет, Ниязқұл, Құлымбет, Тілеумбет.

Тәуелдеулі, меншікті мәндегі есімдер арқылы туған жалқы есімдер: Қызылым, Жиренім, Жолым, Бесім.

Қала аттарына сәйкес антропонимдер: Еділ, Самарқан, Орал [9].

Есімдер сөздік қорға енуші бай саланы құрайды да, жалпы халықтық сипатқа енеді. Тілдегі сөздердің барлық салаларының ішкі заңдылығына сүйене дамиды. Қазақ есімдері арқылы халқымыздың өткен өмірі мен мәдениетін, тарихы мен географиялық мекенін, таным түсініктері мен қалау тілектерін аңғарасың [10]. Шежіредегі есімдердің жасалу қабаттарының негізінде лексика тұрғысынан төмендегідей лексика-семантикалық топтарына жіктеуге болады:

Мал шаруашылығы мен байланысты есімдер: Тайлак, Тұлпар, Бұқабай, Қозыбай.

Андар мен құстарға, жәндік пен түрлі мақұлықтарға байланысты туған жалқы есімдер: Балапан, Сұңқар, Төбет, Үкібай.

Табиғат құбылыстарына байланысты есімдер: Бораншы, Жаңбыршы, Боранбай, Қайдауыл, Амалдық.

Асыл металдар мен қымбат заттарға байланысты туған жалқы есімдер: Алтынтөре, Алтынбай, Жібек, Ақша, Бақыр.

Өсімдік, тал, ағаш аттарымен байланысты туған есімдер: Шыбық, Аргүл, Сарғалдақ, т.б.

Туыстық атаулармен қойылған жалқы есімдер: Жиенбет, Ұлболсын, Апай, Қызбике, Ұлбике.

Балық кәсібіне байланысты есімдер: Сазан, Сазанбай, Ұзынсазан, Балық, Балықшы, Қармақшы.

Үй жиһаздары мен мүліктеріне байланысты есімдер: Балға, Балғабек, Айырбай, Өтек, Ақбелбеу.

Қару-жарак аттарынан туған жалқы есімдер: Найза, Жаскылыш, Балта.

Ай, күн, жұма аттарына байланысты туған жалқы есімдер: Рамазан, Ақпан, Наурыз, Сәрсен, Бейсен.

Асханалық заттарға байланысты қойылған есімдер: Ошак, Қазан, Саба, Алаяқ, Қазанғап.

Ұлттық киімдер негізінде туған есімдер: Сәлде, Бөркін, Ішпек.

Дене мүшесіне телініп қойылған есімдер: Мандай, Тілмәмбет, Мұрынбай.

Әскери киім негізінен туған жалқы есімдер: Дулыға.

Екі-үш түбірдің бірігуі арқылы жасалған зат есімдер: Қыстаубай, Саққұлақ, Үкібай, Аспантай, Аманбол, Мейрамсопы, Жанбаба, Байнабай, Еркебұлан, Жантемір, Айдабол, Мұратқожа, Төртуыл, Бесмұхамет, Жайпаңқажы, Мұхамедрахым және т.б. [9].

Қазіргі түркі тілдеріндегі кісі аттары құрылысы мен жасалу сипатына қарай көне түркі тіліндегі кісі аттарымен тым ұқсас та сәйкес келеді. Оған көне түркі тілдеріндегі кісі есімдерінің қазіргі

түркі тілдерінде де сақталып, сәйкес келуі толық дәлел бола алады. Мысалы, М-Ж. Көпеев шығармаларындағы Ақбас, тувада Ақбаш, шорда Ақпаш, осымен қатар Сарыбас, Қарабас, қазақта Бұқа, тувада Буга, қазақ тілінде Дархан, Тархан, шор тілінде Чарык (Сәуле), қазақ тілінде де Жарық сияқты есімдер бары белгілі. Осылармен қатар компоненттерінде бег, бек, бай, бөрі, пору сөздері бар кісі аттары да толық сақталып отыр. Оны қырғыз, қазақ тіліндегі Кушбек, Құсбек, Нұрбек; тув. Қарабай, Сарыбай; қырғ. Борубай, қаз. Бөрібай сияқты есімдерден анық көреміз. Ал ақ, кара, сары, қоңыр сияқты сөздер көне түркі және қазіргі түркі тілдерінде күрделі тұлғалы кісі есімдерін жасауда негізгі тірек сөз ретінде кеңінен кездесер құбылыс [10].

XI ғ. тән Махмұт Қашқаридың «Дивану-Луғат-ит-турк» атты еңбегімен салыстырсақ, олардың құрылымдық жүйесі, құрамы, қолдану, жұмсалы аясы, қоғамдық-әлеуметтік қызметінің топоним, этнонимдердің әлдеқайда басым екендігі көрінді. Құрылымдық жүйесі мен құрамына қарай ескерткіштегі антропонимдер бірнеше топ құрайды. Олар:

1 Жалаң тұлғалы, яғни бір құрамды есімдер: Шон, Шата, Ораз, Ақыл, Қуан, Омар, Арын, Фияш т.б.

2 Туынды тұлғалы есімдер: Көтеш, Жазқын, Құтан, Бұлан, Нұрғали, Дүйсен, Шұбыш, Көпей, Айдар, Жаныс т.б.

3 Екі құрамды есімдер: Қарақожа, Құтан-Қоғам, Ғабдолғазиз, Есенаман, Әбілпейіз, Ғабдол момын, Шағыр-Бөлтірік, Құлболды және т.б.

4 Күрделі тұлғалы кісі есімдері: Токқұлқожа, Мұхаммедшарафи және т.б.

V-VIII ғасырлардағы көне жазба ескірткіштері мен тарихи деректердегі антропонимдермен М-Ж. Көпеевтің «Қазақ шежіресіндегі» есімдермен салыстырып көрелік: Бури-шад, Бурихан – Бөрібай, Жанғар – Жангір, Жәңгір, Йарук-тегін – Жарық, Орыз – Ораз, Шугай – Шығай сияқты есімдердің шығу тегінің көне түркі есімдерімен лексика-семантикалық ұқсастығы байқалады.

XI ғасырда жазылған Махмұт Қашқаридың еңбегіндегі 98 антропонимнің ішінде 53-ке жуығы қазіргі қазақ антропонимдерімен сәйкес келеді, солардың ішінде шежіреде кездесетіндері: Абу-Бакыр-Әбубәкір, Ібраһим – Ибрагим, Тәкіш-Тәкіш, Тоқіш – Тоқыш, Кабан –Қабанбай, Чучу-Шөже.

Қорыта келгенде, М. Ж. Көпеев шежіресіндегі көп есімдер халық тарихындағы ерекшеліктер мен дәстүрге, дүниетанымдары

мен психологиясына, географиялық жағдайларына байланысты қарастырылды. Ономастиканы жеке тарау қылып алып, оны іштей бірнеше тарауларға бөліп, оның антропонимика тарауына жеке тоқталып өтілді. Шежіре көбіне жер-су, кісі аттар, ру атаулары болып келеді. «Қазақ шежіресінде» жалпы алғанда 4073 антропонимдік атаулар бар екенін Тұрышев А. Қ. өз еңбектерінің бірінде айтып кетеді. Сол есімдерді барлығын қамту, тізіп жазып шығуды мақсат тұтпадық [11]. Тек «Қазақ шежіресінің» этнолингвистикалық сипатын, оның ішінде: адам аттарының кейбірінің этнолингвистикалық сипатын қарастырып, шежіредегі антропонимдердің жасалу қабаттарының негізін лексика тұрғысынан кейбір лексика-семантикалық топтары қарастырып өттік.

Жеке есім болса да, жалпы есім болса да өз бетінше тілдік заңдылықтардың негізінде дамып, ұлттық сана мен салт-дәстүрді де айналып өте алмайтыны анық. Олардың жасалуы мен қалыптасуы тікелей халықтың дүниетанымымен, тарихымен байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Тұрышев Айтмұхамет Қасымбайұлы. М-Ж. Көпеев шығармаларының лексикасы. Монографияға қосымша. II том. -Павлодар, 2004, 79 бет.

2 Қазақ тілі. Энциклопедия. -Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 ж., 509 бет.

3 Лингвистикалық түсіндірме сөздігі. -Алматы: Сөздік, 1998. 224 б.

4 Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі -Алматы. «Сөздік-Словарь», 2005.

5 Т. Жанұзақ. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры 3. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007.-9б, 11 б, 427 б.

6 Тұрышев А. Қ. М-Жүсіп шығармаларының этнолингвистикалық сипаты. Монография. –Павлодар ПМУ, 2003ж, 92 б.

7 Көпеев М. Ж. Қазақ шежіресі. Алматы: Жалын, 1993.-12 б

8 М-Ж оқулары. I жинақ. - Павлодар, 2000 ж. -28 бет, Т. Енсебаев мақаласы «М-Жүсіптің шежірелік қызметі».

9 Мәшһүр-Жүсіп тағлымы III конференциясында жарияланған мақалалар. Павлодар ПМУ 2003 ж. 3, 189, 221, 222 б.

10 Жанұзақов Т. Есіміңіз кім? -Алматы, 1995, 17, 30 б.

11 Тұрышев А. Қ. Мәшһүртану. Оқу құралы. 2 том. – Павлодар ПМУ, 2006 ж, 20 б, 31б.

12 Мәшһүр-Жүсіп. Қазақ шежіресі. Шығармалары 10 том. - Павлодар: ТОО НПФ «ЭКО», 2007. 1-35 б.

ВТОРАЯ МИРОВАЯ ВОЙНА В ТВОРЧЕСТВЕ РУССКИХ И НЕМЕЦКИХ ПИСАТЕЛЕЙ XX ВЕКА

КРЕСТЬЯНИНОВА Н. Ю.

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Бүгінде әлеуметтік желі 1995 жылы Рэнди Конрадс іске қосқан «Classmates» (Сыныптастар) желісінен бастау ала отырып, қазіргі әлемге танымал «Facebook», «Twitter», «В контакте» т.б. сайттарымен жалғасын тапқан. Соның ішінде ең көп пайдаланылатын желілердің бірі (қазақстандық тіркелушілер саны 11 миллионнан астам) – «В контакте» сайты.

«В контакте» сайтына орыс зерттеушісі Н. Г. Марченко арнайы тоқталып, 2013 жылы кандидаттық диссертация қорғаған. Сонымен қатар ғаламтордағы тіліміздің кейбір сөйлеу актілеріне лингвопрагматикалық аспект тұрғысынан қарастыру қазақ зерттеушілерінің еңбектерінде де дамып келеді.

Виртуалды байланысқа түскен адресат санадағы реалды көріністі (оқиғаны) немесе басынан кешкен түрлі көңіл-күйді екінші бір адресатқа түрлі тілдік құралдар арқылы жеткізуге тырысады. «В контакте» желісіне шоғырланған «хабарлама, жаңалық, бірлестік» сияқты қызметтік бөлімдердің бәрінде дерлік ақпараттар мәтін арқылы жеткізіледі, коммуниканттар мәтін арқылы тілдеседі. Адресанттың өз анкетасына жазған статусы, өз парақшасына шығарған жазбалары, адресатқа жіберген хабарламалары оның өзіндік жеке тұлғасы мен қайсыбір әлеуметтік топтың өкілі екендігін анықтайды. Демек, әртүрлі әлеуметтік топтардың таным-түсінігі, білімі мен мәдени ортасына байланысты өзіндік сөйлеу стильдері қалыптасады. Ж. Абдрахманованың еңбегінде былай делінген: «Сөйлеу жанрлары мәтіндерінің авторлығы дәстүрлі ұғым тұрғысынан қарағанда жеткілікті деңгейде шартты болып табылады (анекдот, частушка, қалжың және т.б.), сондықтан да коммуниканттардың аялық білімі мәтін тудыру барысында айқындалушы білім болады» [3, 66 б.]. Оның ішінде жастар тобының виртуалды қатынасқа түсу кезіндегі тілдік қызметтің көрінісі өзгеше танылады. Аталмыш ерекшелікті саралайтын болсақ, бір-бірімен

күнделікті диалог құру барысында: «Сәлем қалайсың?, Жақсы өзін?, Не істеп жатырсың? Не жаңалық? Әңгіме айта отыр» деген сияқты сөйлемдерді қолдану кезінде фонетикалық, морфемдік өзгерістер байқалады. Біріншіден, мәтіндер көпшілігінде дерлік орыс, латын графикасымен жазылады (Салем, жақсы озин? Ne jan? Sabak kalai?), екіншіден, сөйлемдер түрлі қысқартуларға ұшырайды (См, жақсы оз, не ист, анг айт, не жан), үшіншіден, кейбір жастар сөздерді айтылуы бойынша таңбалайды (Не истеватсын, каз келед, бош тез). Бұл көрініс жастардың уақытты кетірмеу, көп әріптік таңбаларды теруге еріну салдарынан туған.

Келесі бір спецификалық ерекшелік – жастардың дистантілі қарым-қатынас құру кезінде де жаргон, арго, сленг, варваризм, диалект сөздерді көптеп қолдануы. «Интернеттегі әңгімелесуде ауызша сөйлеу мәнері көбірек ұшарасады. Ауызша әңгімелесу барысында бұқаралық сөйлеу тілі белгілі ережелерді сақтап айтылмайтыны секілді коммуникациялық байланыс тілінде де осы орын алады. Жаргондар мен диалектизмдердің, варваризмдер мен қысқартылған сөздердің көптеп орын алуы соның айғағы» [4, 140 б.]. Ғаламтор коммуникациясында мәтін ауызша және жазбаша сөйлеу тілінің арақатынасы негізінде жарыққа шығып отырады. Адамның санасында бейнеленген көріністер игерусіз, яғни спонтанды түрде туылып, сол арқылы таңбалаынады. Айталық, байланыста отырған екі коммуникант:

«Айбек: Братан ка отем саган, косякка кирип кеттим.

Дархан: Ее мөе койш, базар жок кел брат.

Айбек: Батян уииндема?

Дархан: Уиде жок оте берш)))) жакындаганда маяк таста ок».

Бұл диалогтегі «косякка кирип кеттим» – қиындыққа тап болдым, «базар жоқ» – сенімді болу, «батя» – әке, «маяк тастау» – қысқа түрде қоңырау шалу деген мағынада қолданылып тұр. Бүгінде жаргон сөздер қазақ жастарының сөйлеу кезіндегі негізгі сөздік қорлары қатарынан орын алады. Ауызекі сөйленіс тіліне тән жаргондардың (сленг, арго) жастар үшін интернет қатынасында да хабар алмасудың тиімді әрі түсінікті жолы екенін байқауға болады.

Тіл және тілдік құралдардың уақыт ағымына қарай өзгеріп, жаңарып отыруы – табиғи процесс. Жылдан-жылға тоқтамай дамып келе жатқан дистантілі қатынас тілдік бірліктің қызметін басқа да қырынан аша отырып, ғаламторға тән өзіндік стильді қалыптастырды. Қазіргі ХХІ ғасыр жастарының бір-бірімен әңгімелесу қатынасын ғаламторсыз бір сәт елестету мүмкін емес.

Ол коммуниканттардың когнитивтік танымы мен аялық білімінің деңгейінде ғана мәтін жанданып, екі жақтық ортақ әңгімелесу қатынасы орнайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мейірбеков А. Ғаламтордағы қазақ тіліндегі құттықтау және тілек мәнді сөйлеу актілерінің лингвопрагматикалық аспектілері // Научный журнал Павлодарского государственного университета имени С.Торайгырова. Серия филологическая, 2014. – №4. – Б. 181-187

2 Марченко Н. Социальная сеть «в контакте»: лингвопрагматикалық аспект. – Ростов-на-Дону, 2013. – 160 с.

3 Абдрахманова Ж. Сөйлеу жанры мәтінінің прагматикалық құрылымында кездесетін фразеологизмдердің окказионалды өзектіленуі // Вестник КазНУ. Серия филологическая. № 3(143). 2013. – 161 б.

4 Өтеген Н. Қазақтың әңгімелесу салты және оның ағылшынша таптаурын баламалары // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. – Алматы, 2014. – 147 б.

ПОЭЗИЯЛЫҚ ДИСКУРСТАҒЫ АВТОРДЫҢ КӨРКЕМ ӘЛЕМІ

ҚАЛЫМ А. Б.

студент, Қазақ заң-гуманитарлық университеті, Астана қ.

ШАХМЕТОВА Н. А.

ф.ғ.к., қауымд. профессор, С. Торайгыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Адам тілді қарым-қатынастың құралы ретінде игереді. Тілді игеруге делдал болатын – сөз. Сөз ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Ішкі сөз – көру, есту, сипап-сезу, иіс сезу тәрізді адамның туа біткен қабілеті. Ал сыртқы сөзді игеру үшін бала өзінің ішкі сөзін үлкеннің тілін игере отырып, соған лайықтап отырып қалыптастырады.

Л. С. Выготский ішкі сөзді сыртқы сөздің ойдағы шимайы деп түсіндіріп, сыртқы сөз ретінде пайымдаған коммуникативтік актілерді белгілеу үшін дискурс категориясының қажет екендігін атап өтті [1, 25 б.].

Дискурс терминінің интерпретациясы әртүрлі (В. В. Виноградов, Н. Д. Арутюнова, М. М. Бахтин, А. Ф. Лосев т.б.; Г. Г. Бүркітбаева, К. Қ. Садирова, К. К. Еңсебаева т.б.). Кейбір зерттеулерде дискурс

«мәтін» сөзімен синоним ретінде, «тіл – сөз – дискурс» байланысында қарастырылады.

К. Қ. Садиrowаның пікірі бойынша, дискурс тек өзінің креативтік, рецептивтік, коммуникативтік қызметтер арқасында ғана іске асырылады [2, 86 б.]. Біріншіден, дискурс оқырманға түсінікті болу үшін белгілі бір стильмен жазылады. Ол дискурстың креативтік қызметін айқындайды. Екіншіден, дискурсты қабылдайтын субъект, яғни оқырман мәтінді өзінің ішкі күйіне, санасына байланысты қабылдайды. Бұл дискурстың рецептивтік қызметінің бағыты болып табылады. Үшіншіден, коммуникативтік қызметте дискурс оқырман мен автордың арасындағы байланыс көпірі бейнесінде болады. Жоғарыдағы қызметтерді қарастыра отырып, К. Қ. Садиrowа мынандай екі коммуникативтік байланысты алады. Нақты айтсақ, дискурсты туғызушыға қатысты «А креативтік нұсқасы» аталатын үшбұрыш түзіліп, оның бұрыштарында «А креативтік интенциясы», «А коммуникативтік интенциясы», «А референттік интенциясы» түзіледі. Дискурсты қабылдаушыға қатысты «N рецептивтік нұсқасы» түзіліп, оның үш бұрышында «N коммуникативтік интенциясы», «N референттік интенциясы», «N рецептивтік интенциясы» түзіледі [2, 88 б.]. Бұл байланысты суретке түсіріп көрелік:



Сурет 1 – Дискурстың қызметтері

Ғалым Н. Д. Арутюнованың пайымдауы бойынша, дискурс дегеніміз «речь, погруженная в жизнь» [3, 234 б.], өмір жүктелген

сөз және коммуникацияға қатысушылар арасындағы ақпараттық ағымның қозғалысы. Жалпы, басқаша айтқанда, дискурс деген коммуникация барысында креативтік нұсқада туындап, рецептивтік нұсқада қабылданатын, онтологиялық негізін интерсубъективті мән мен объективті танбаларды жалғастырушы буынды түзетін күрделі коммуникативті жағдай [2, 88]. Осыдан ғалымдардың пікірлерін зерделей отыра, біз өз тарапымыздан дискурсты былай түсіндірер едік: Дискурс – бұл сөйлеушінің немесе жазушының ішкі жан дүниесіндегі пайда болған ойдың ерекше стильмен құралған, бірқатар тілдік құралдардан тұратын мәтін арқылы көпшілікке берілуі.

Қазіргі таңда көптеген филология ғылымдарының зерттеу бағыты дискурсқа бағыттталып, оның ішінде көркем дискурсты өздерінің негізгі зерттеу нысанына айналдырған. М. М. Бахтиннің анықтамасы бойынша, дискурс – бұл барлық гуманитарлық пәндердің және «жалпы барлық гуманитарлық-филологиялық ойдың» алғашқы шындығы [4, 37 б.]. Дискурс сол тікелей шындық, осы пәндер мен осы ой туындай алатын ой мен іштей ойлап қайғырудың шындығы болып табылады. Дискурс жоқ жерде зерттеу үшін және ойлау үшін нысан жоқ.

Көркем дискурс мазмұны оқырманнан мағынасын ашуды талап етеді, өйткені шынайы көркем дискурс әрдайым көпмағыналы және имплицитті, ауыспалы мағыналы ақпараттың болуымен сипатталады. Көркем дискурс тұтастықтың және құрылымдылықтың жоғары дәрежесімен сипатталатын жеке эстетикалық тілдік құралдар жүйесі болып табылады. Ол бірегей, ерекше және сондай-ақ типтелген құрастыру амал-тәсілдерін қолданады. Бұл – белгілі бір уақытта қабылданатын және сызықтың бойы бар эстетикалық нысан. Көркем дискурс әрдайым арналған хабар: бұл «автор-оқырман» коммуникациясының формасы. Дискурс «эстетикалық қатынасты» ескере отырып қызмет етеді, осы үрдіс барысында адресат автордың интенцияларын қабылдауы және шығармашылық белсенділік танытуы қажет. Оқырман назар аударған кез-келген көркем дискурс оның белгілі бір «күткен үмітін» (ойларын) оятады [5, 226]. Көркем дискурс әрқашанда кез келген көзқарас арқылы ұйымдастырылады, белгілі бір субъектіні көздейтін және оның санасының саласын көрсететін лирикалық монолог, баяндау түрінде іске асырылады [5, 227 б.].

Көркем дискурс өзіне қатысты бірнеше қызметтерді атқарады: – ең бірінші қызметі, көркем дискурста айтылатын ой әрқашанда тілдік тәсілдер (авторлық метафоралар, тенеулер, лексикалық

окказионалдык құрылымдар) аркасында түспалданып, терең мағыналы ойдың жүйесін құрайды. Бұдан біз көркем дискурстың ойды жеткізудегі басты құралы бұл көркемдеуіш құралдар екендігін анық көре аламыз.

– екінші қызметі – бұл оқырманға дискурсты жеткізу тәсілі. Көркем шығармада міндетті түрде бір тақырып туындап, өзіндік қызығушылық дәрежеде болуы тиіс. Бұл автордың қандай көркемдеуіш құралын таңдап алуына байланысты. Неғұрлым айтылатын ой ауыспалы мағынада тұрса, соғұрлым оқырман бұл мағынаның сиқырын, шешімін табуға ынталы болады.

– келесі көркем дискурстың қызметі – ол шығарманың оқырманға әсер ету деңгейі, яғни оқырман шығарманы оқығаннан кейін қандай тұжырымда болады әрі өзінің ой иірімінен алынған түсінікті қалай өткізетіне басты назар аударылады. Алынған ақпарат өзіндік құндылығы болу керек. Көркемдеуіш құралдарының саны емес, олардың әсер ету сапасы жоғары деңгейде болуы тиіс.

Міне, бұл қызметтердің орындалу барысында оқырман алдында толық көркем образдар жүйесі қалыптасады. Жалпы, көркем дискурс, оның ішінде поэзия әлемі, сонау ықылым заманнан бері оқырмандардың ішкі жан толғанысын тербететін бірден-бір құралы болып табылады. Сөзімізді тұжырымдай келе, әдеби аспектісінде дискурс үш өлшемдік құрылымнан тұратындығын айта кетелік: объективті әлем (А) → автордың көркем әлемі (В) → оқырманның қабылдауынан туындаған объективті әлемі (С). Демек, дискурс дегеніміз тұлғаның «талғамындағы» дара стилі, сөйлеушінің ия болмаса жазушының этникалық ерекшелігі.

Поэзия әлемі ақындардың тілдік шеберліктері негізінде құрылады. Тілдік шеберліктерге жоғарыда айтылған көріктеу құралдар, яғни троптар жатады. Троп (грек тілінен аударғанда «tropos»-айналу) – сөздердің дағдылы мағынада емес, ауыспалы мағынада қолданылуы. Троптың негізінде бір-бірімен белгілі бір қасиеттері арқылы байланысқан екі құбылысты салыстыру жатыр. Тура мағынаны ауыспалы мағынаға айналдыру сипатына байланысты троп төмендегідей түрлерге бөлінеді: метафора, метонимия, гипербола, ирония және т.б. Көркемдеуіш құралдардың ішінен метафораның орны бөлек. Метафора белгілі бір құбылысты шамадан тыс мәнерлеу емес, ол автордың көркем ойын әсерлі етіп жеткізу, бейнелеу болып табылады. Сонымен, «метафора (грек тілінен аударғанда «metaphora» – ауыстыру) – белгілі бір ұқсастықтар мен салыстырулар негізінде ауыспалы мағынада қолданылатын, сөздер

мен сөйлемшелерден тұратын сөз орамы» [6, 77 б.]. Метафораларды, әсіресе авторлық метафораларды, ақын-жазушылар тосын көркем образдарды, ерекше экспрессияда құрылған сюжеттерді жасау үшін қолданады, яғни, көркем шығармада қолданылған авторлық метафоралар ақынның өзіндік қолтаңбасы ретінде қызмет атқарады.

Ең бастысы, авторлық метафоралар әрбір ұлтқа тән ұлттық сурет әлемін жасайды. Ұлттық сурет әлемі дегеніміз бұл ұлттық мінез айқыштарды бейнелейтін, сол белгілі ұлтқа тән мінез-құлықтар мен аса ерекше белгілерді көркемдеуіш құралдар арқылы суреттеу, яғни, тек мысалы, қазақ немесе орыс ұлтына тән қасиеттерді өрнектеп көрсету.

Осы бір ұлттық сурет әлемінің қоржынын аса дарынды қазақ ақындарымыздың бірі әрі бірегейі Мұхтар Шаханов өзінің әсерлі авторлық метафоралармен толықтырады. Ерекше сипатқа ие тосын метафоралар Мұхтар ақынның да тілдік тұлғасының болмысын көрсететін көркемдеуіш құралдары сапынан да табылады. Ақынның еңбегін зерттеу барысында, оның поэтикасы образды үндеулерге, шақыруларға толы екендігін көруге болады. Белгілі бір жер, су, ауа проблемалары Отан Ананы қорғау шеңберінде түрлі көзқарастар тудырып, ел, халық үшін намыс, абырой рухын асқақтата көтереді. Бұған қоса, ақын өзінің үндеулерінде ұлтымыздың басты байлығы тіліміздің болашағы туралы айта отыра, оның өзге тілдер ішінен ең бай тіл екендігін атап өтеді. Тілге деген құрмет және оның күдіретін бағалау, оның өз шығармаларында метафораларды орынды қолданудан көрініс тауып отыр.

Мұхтар Шаханов қазақ халқына тән ерекше қасиеттерді, мінез-құлық сипатын, ұлттық құндылықтарды оқырманға әсерлі жеткізе біледі. Ақынның метафоралары кең даламызды мекен еткен бағалы аң, қасиетті құстар образдарымен тығыз қарым-қатынаста қолданылған және адам тағдырының өзгеруін заман ахуалымен байланыстырған. Атап өтсек: «Өттең, тағдыр қоса алмадым / Сорым ба? / Заман-жылан / Жатып алды-ау жолымда, / Бірақ менің бақытым да, барым да / Қорлан берген алтын жүзік жарқырап, / Елу бір жыл сәуле шашты қолымда» («Ғашықтық ғаламаты», 18-19 б.). Ақын жоғарыда көрсетілген метафораны қолдану арқылы өлеңнің басты кейіпкерлері Естай мен Қорланның ғашықтық жолындағы құрбан болуын, сол кездегі орныққан қисынсыз заманмен ұштастырады. Бұл өлең жолдарында қазақ жастарына ғана тән қасиет бұл ата-бабаларымыз қалдырған дәстүрлерді бұлжытпай орындап, өз бақытынан бас тарту қағидалары ежелден келе жатқан құбылыс

ретінде ақын қарастырады. Қос ғашықтың махаббат өзегінде өртеуіне сол замандағы орныққан ережелердің кедергі болуы, ақынның бұл заманды жылан деп атауына тура келеді.

Жылан – бауырымен жорғалаушылар тобына жататын, уы бар жәндік. Ауыспалы мағына жағынан қарастырғанда, жылан араға іріткі салатын арамза, зәлім адам [7, 326 б.]. Ақын бұл сөзді қолдану арқылы заманның, уақыттың құбылмалығын кейіпкерлерімізге удай ащы тигенін атап өтеді.

Мұхтар ақынның басқа өлеңдеріндегі метафораларға тоқталайық: «Мен сағындым, сол адамның ақ жүрегін сағындым, / Бәйтерегі секілді еді ол менің балғын шағымның / Сол бәйтерек, өр бәйтерек құлады екен неге ерте, / Неге ертерек тартты терен құшағына кең өлке» («Мұра», 118 б.). Ақын метафораны қолдану арқылы өзінің нағашысына, Ысқаққа деген сарғайған ыстық сағынышын жеткізгісі келді. Оның ақын үшін үлкен бәйтерек секілді мықты тірек болғанын айқын білдіреді.

Бәйтерек – терек туысына тән ең биік ағаш. Қазақ халқы үшін әрқашанда сүйеніш, таяныш ретінде образды бейнеленген [8, 119 б.]. Тіпті арман орындайтын ағаш секілді қарастырылады. Ақынның өз нағашысын бәйтерекке балауы бұл тұлғаның оның өмірінде ерекше сезім қалдырғанын көруге болады әрі нағашысының өмірден өтуі ақын үшін үлкен ауыр соққы екендігін көруге болады.

Ақынның авторлық метафораларын терең зерттеу үшін келесі мысалға көшсек: «Жаным – жайлау, көңілім – мөлдір бір ағын, / Бәріне де түріп жатыр құлағым. / Кей шақтарда дос деп ұғып қасымды, / Дарқандықпен құшақ жайып тұрмын» («Адал жүріп келеміз-ау десек те...», 132 б.).

Жайлау – жазда жайлайтын, биік таудағы не шүйгін шөпті жазықтағы мал жайылымы [7, 249 б.]. Жайлау – қазақ жерінің кендігін көркем бейнелейтін нағыз пейзаж. Ағын – судың жылжып ағу қарқыны, ағысы. Ауыспалы мағынада, бір заттың бойындағы күштің екпіні, қарқыны [7, 16 б.]. Ақын өзінің жанын «жайлау», көңілім «мөлдір бір ағын» деу арқылы қазақ қоғамына тән кеңпейілділік, достарға деген құрмет, қиындықта қол ұшын беретін адамгершілік қасиеттерді нақты образды түрде айқындап береді.

Қорытындылай келгенде, жоғарыда көрсетілген барлық мысалдар Мұхтар Шахановты аса дарынды ақын ретінде, әдеби тілдің дамуына үлкен үлес қосушы тұлға ретінде танытады. Қолданылған метафоралар негізінен, біздің ойымызша, автордың көркем дискурсына әсерлі реңк беруші, терең ойға жанама мағына

беруші негізгі авторлық қолтаңбалар, яғни авторлық құрал-жабдықтар рөлін атқарып отыр. Жалпы, метафоралардың қолданылу аясына байланысты біз әрбір жазушының жазу стилін, ұстанатын көзқарасын тани аламыз. Сонымен, біз метафораларды қолдану арқылы өз ойымызды оқырманға әсерлі, түсінікті тілде жеткізе аламыз, яғни орынды троптар тізбегі оқырман жүрегін, санасын баурайтын негізгі әдіс. Бұған қоса, ақын бұл әсерлі метафораларды қолдану барысында, біз үшін, яғни халық үшін маңызды үндеу туғыздырып, ел мүддесін қанағаттандыратын негізгі мәселелер шеңберін кеңейтіп отыр.

Жоғарыда айтылған ойларды қорытындылай келе, мынандай бір өзекті ой айтқымыз келіп тұр: көркем дискурс ішіндегі қолданылған әрбір метафора өзіндік құндылық ақпаратты тасушы құрал болып келеді және бұл құралды дұрыс бағытта қолдану ол автордың тіл шеберлігіне, ой-санасының мазмұнды құрылуына байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Выготский Л.С. Психология искусства. – Минск: Современное слово, 1998. – 480с.
- 2 Садирова К.Қ. Қазіргі лингвистикадағы «дискурс» терминінің интерпретациясы // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2007. – № 4 (103) – 85-89 б.
- 3 Арутюнова Н.Д. Функции языка // Русский язык. Энциклопедия. – М.: Дрофа, 1998. – 234 с.
- 4 Бахтин М.М. Вопросы литературы и эстетики. – М.: Просвещение, 1975. – 323 с.
- 5 Еңсебаева К.К. Көркем мәтін – автор мен оқырман коммуникациясының формасы // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2008. – № 2 (110) – 225-228 б.
- 6 Қалиев Ф., Болғанбаев Ә. Қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы. – А., 2003. – 212 б.
- 7 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
- 8 Құралұлы А. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь баспасы, 1997. – 367 б.
- 9 Шаханов М. Дара талғам қасіреті. – Алматы: «Раритет», 2007. – 264 б.

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕГІ АНТРОПОНИМДЕРДІҢ КӨРІНІСІ (С. МҰҚАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

ҚАЛЫШБЕКОВА Н.

студент, Еуразия гуманитарлық институты, Астана қ.

РАЙНБЕКОВА Г. С.

п.ғ.м., аға оқытушы, Еуразия гуманитарлық институты, Астана қ.

Жер жүзі халықтарының бәрінде әрбір кісінің өзіне тән аты-жөні бар. Адамзат қоғамында есімі, аты жоқ адам кездесуі мүмкін емес. Бірақ кейбір елдерде фамилиясыз, фамилия (тегі) иемденбейтін адамдар ұшырасуы мүмкін (кейбір мәліметтерге қарағанда, исландықтарда фамилия болмайды екен).

Жеке адам есімдері басқа көптеген жеке атаулардай өздерінің дербестігімен ерекшеленеді: әр адамның жеке есімі бар. Есімге қатысты хабарларды, адамның қасиетін, әкесі, руы, отбасымен байланысы, ұлты, кәсібі, қай жерден шыққанын, т.б. ономастиканың тармағы антропонимия зерттейді.

Антропонегіз кісі есімдерінің мағыналық бөлігі, негізгі қаңқасы. Кісі есімі жасалуының ұйытқысы, тірегі. Антропонегіз – «антропонимдік негіз» ұғымының қысқарған түрі. Кез келген нәрсенің бастау негізі болатыны секілді антропонимдердің де әуел баста жасалу тарихы бар. В. А. Никонов «Есім іздейміз» («Ищем имя») атты еңбегінде, кісі есімдерінің шығу тарихына, Гомердің он мың жыл бұрын жазылған «Одиссейіндегі» «адамдар арасында есімсіз ешкім болмайды» – деген өлең жолын мысалға келтіреді [1, 12 б.]. Алғашқы адамзат есімдерінің қандай болғандығы туралы ғалымдардың көп ойланғаны туралы айта келіп, Ивашко оны анықтау мүмкін емес дейді, алайда өз болжамын ұсынады. Алғашқы есімдер жекелеген ерекшеліктерді (особый) білдіретін, еркін дыбыстардың кешені түрінде пайда болуы мүмкін, яғни адамдар қоршаған ортадағы нысандарды атай бастаған уақыттан бері есімдер де пайда бола бастаған дейді [2, 26 б.].

Қазақ есімдерінің құрылымдық жүйесі түрлі элементтерден тұрады. Антропонимжасамдық тұлға ретінде алғанда олардың өзіне тән ерекшеліктері бар: түбірі мен қосымшалардың жігін ажыратып қарау немесе түбір орнында тұрған элементтің табиғатындағы дәстүрлі жүйеге сәйкес келе бермейтін белгілер арнайы талдаулармен зерттеп, зерделуді талап етеді. Антропонимжасамдық негіз ұғымы кей тұстарда түбір, түбір морфема, морф ұғымдарына сәйкес келеді. Сондықтан оның өзіндік ерекшеліктерін айқындау үшін

тіл біліміндегі кей зерттеулердің тұжырымдарына тоқтала кетуге тура келеді. Тіл біліміндегі түбірге берілетін анықтамаларда, сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін мағыналық түпкі формасы және түбірдің әр сөзде міндетті түрде болатын негізгі морфема, сөздің лексикалық қазығы екені, сондай-ақ түбір сөздердің ішінде қазір дербес тұрып қолданылмайтын, сол себепті әрқашан да айқын көріне бермейтін тарихи түбірлер болатыны туралы айтылады: майысу, майыру, майып, маймақ сөздерінің түбірі: майы-, май- [3, 333 б.].

Антропонимжасамдық негіз кісі есімдерінің басты бөлігі, ұйытқы-тірегі болғандықтан, құрылымдық жүйенің басты элементі ретінде түрлі зерттеулерде сөз болғаны белгілі. Көпшілігінде түбір тұлғалы, туынды тұлғалы, біріккен тұлғалы немесе алдыңғы екеуі біріктіріліп дара және соңғысы күрделі тұлғалылар деп топтастырылып жүр. Қазақ есімдерімен қатар өзге тілдердегі зерттеушілерде де құрылымдық жүйені осы қырынан келіп қарастырады. Бұл зерттеулердің барлығында компоненттердің бірігуі, тіркесуі дәстүрлі грамматикалық жүйенің аясында қарастырылады. Кісі есімдерінің қалыптасу жолдары тілдік жүйенің негізінде жүзеге асатын болғандықтан, зерттеулердің бұл бағытты басшылыққа алуы заңды да. Дегенмен, кей ғалымдар тарапынан антропонимдердің тілде ерекше қабат түзетіні туралы айтылады. Мысалы, Б. Ю. Хигр «Есімдердің мағынасын талдау мен түсіндіру антропонимияның міндеті. Алайда, антропонимдік мағынаны өзі жасалған сөздің мағынасымен салыстыруға болмайтынын» айтады [3, 3 б.].

Антропонимдердің жасалуына байланысты өмірлік жағдаяттар көркем шығармаларда жиі кездеседі. Кейіпкер есімдерінің қойылу уәждерінде антропонимжасамдық мағынаның белгілері көрініп тұрады. Әсіресе, ауыз әдебиетіндегі көптеген есімдер автор тарапынан кейіпкер бейнесін сомдауға арналады да, мағынасы арқылы берілетін ақпараттар есім иесінің кім екенін алдын ала айғақтап тұрады. Антропонимжасамдық мағынадағы басты мәселелердің бірі «есім ретінде таңдалған сөз өзі атайтын адам болмысын қаншалықты сипаттап бере алады?» – деген сұрақтың төңірегінде. Осыдан келіп, есім мен адам арасындағы байланыс мәселесі туындайды. Есім таңдалғанда, таңдап алынған сөз мағынасы арқылы баланың болмысын сипаттап беру көбіне мақсат етіле бермейтіндіктен, екеуінің арасында алшақтық байқалып тұрады. Мысалы, өзен, көл, теңіз т.б. судың жағасында туған ұлдың аты Өзенбай, Көлбай, Теңізбай т.б., қыздың аты Дәрия деп қойылады, ал ол есімнің баланың табиғатына ешқандай қатысы жоқ. Ат қою

дәстүріндегі ерекшеліктерге байланысты, тілдік тұрғыдан алғанда ғана байқалатын, осындай қайшылықтар болғанымен, тіліміздегі «Атына заты сай», «Алтын десе алтын» т.б. секілді тіркестердің адамның аты мен затының үйлесімін қалаудан туғанын жоққа шығаруға болмайды. Сонымен қатар үйлесім таппағанда «Жаман итінің атын бөрібасар қояды» – деп кекететіні бар. Көркем әдебиетте кездесетін кейбір авторлық суреттеулер де осыған саяды: «Қайдан қалай тауып әкелгені есімде жоқ, төтем бір күні қалқиған қара әйел алып келді. Шектен шыққан олақ та, салақ та жан екені көрініп тұр. Шаш дегенін таралмай, дудырап, орамалдың жан-жағынан шығып кеткен, бөренедей аяқ-қолы қап-қара. Беті балшықтан жасағандай бытқиған майбет. Үстіндегі киімдері әрі лас, әрі тозып біткен. Қап-қара күс шынтағы көйлектің жыртқық жеңінен көрініп жүреді.

Тұр-түсі осындай бола тұрып, әйелдің аты тамаша-ақ еді – Бибіжамал. Соңынан ере келген, өзіне аумап тартқан бес-алты жасар қызы бар. Оның да аты осал емес – Айгүлсім» [4, 179 б.] немесе «Күміс әкемнен үлкен бе деп қалам (жас жағынан). Ал бойы жағынан Ыдырыстан биік: бет бітімі кесек, қалбиған қара әйел. Аты Күміс демесең, өзі де киген киімі де шойынға көбірек ұқсайды» [4, 289]. Қазақ ұғымында адамның аты мен затының бір-біріне сай, үйлесімді болуы қашан да эстетикалық құндылық ретінде жоғары бағаланғанын осындай кері мысалдар айғақтай түседі. Ата-бабамыздың негізгі кәсібі мал шарушылығы болғандықтан да төрт түлік малға байланысты кісі есімдері жиі кездеседі. Түйеге, қойға немесе жылқыға бай болсын деген мақсатпен төрт түлік малға байланысты балаға ат қойған. Мысалы, қазақтың белгілі ақын-жазушысы Сәбит Мұқановтың «Ботагөз» романындағы Итбай, Бүркітбай сықылды кейіпкерлерді атап өтуге болады. Сонымен қатар, адамның жаман, жақсы қасиеттерінің бәрі ең бірінші атымен байланыстырылады. Мысалы, «Сұлушаш» поэмасындағы басты кейіпкердің бірі Сұлушаштың сұлу да сымбатты, ақылды қыз екенін қырдағы портретінен аңғара аламыз:

Қарақат көз, қыр мұрын, ұзын кірпік,
Тістері меруерттің тізген тасы.
Бетінен нұры бөртіп, қаны тамған
Толқыған сұлу айдай кесер басы.
Мойыны иірілген аққу сынды,
Тамағы торғындай боп тартты күнді.
Қан-қызыл, жұқа ерін, оймақ ауыз,
Қиылып құмырсқадай белі үзілді.

Сонымен бірге, «Ботагөз» романындағы Асқар бейнесі арқылы жазушы қазақтың дарқан даласынан шыққан оқыған, әділ азаматты көрсеткен. Ботагөз болса, оқыған, өзіндік ой-өрісі қалыптасып, төңкерістік дәрежеге дейін жеткен жаңа тұрпатты қазақ қызы ретінде суреттеледі. Ботагөздің бойындағы адалдық, әділдік, махаббат, достыққа беріктік, сабырлылық, батылдық секілді қасиеттер кейіпкердің атына заты сай келеді.

Қорыта келе, антропонимдер ономастиканың антропонимдерді, яғни, кісі аттарын, фамилияларын лақап аттарын және бүркеншік есімдерді зерттейтін саласы. Қазақ антропонимдері қазақ халқының дүниетанымдық болмысымен, ырымдарымен, тыйымдарымен, дінімен тығыз байланысты. Сонымен қатар, тілімізде халықтың осындай ұлттық психологиялық түсінік, ырым, наным-сенім негізінде дүниеге келген есімдер өте көп. Айталық, аты аңызға айналған Қорқыт есімінің шығу тарихы «Қорқыт ата» кітабында: «Қорқыт ата дүниеге келгенде, табиғат алай-дүлей қаһарына мініп, көк аспанды қара бұлт басып, бірнеше күн қараңғылық билеп, елдің зәре құтын қашырған күн болыпты» делінген. Халықты қорқытқан бала деп атын Қорқыт атапты десе, енді бір деректерде Қорқыт түбірі – күт - береке, байлық, ырыс мағынасында қойылған есім делінеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Никонов В.А. Ищем имя. – М.: Совр. Россия, 1998.-128с.
- 2 Система личных имен народов мира. – М.:ИНаука, 1989. – 383 с.
- 3 Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 440б.
- 4 Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1971. -218 б.
- 5 С. Мұқанов «Ботагөз» романы, - Алматы: «Жазушы», 1989, – 480 б.
- 6 Әбдуәлиұлы Б. Қазақ антропонимжасамы: теориялық және практикалық негіздері. – Астана: «Астана полиграфиясы», 2012, - 320 б.

М. ӘУЕЗОВТІҢ ДИАЛЕКТІНІ ҚОЛДАНУЫ

ҚАРАТАЙ Б.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ТҰРЫШЕВ А. Қ.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазіргі қазақ тілі бүкіл қазақ халқына ортақ біртұтас қарым-қатынас құралы болып табылады. Бұл ортақтық, біртұтастық сөздік құрам (тек неізгі сөздік қор ғана емес) мен грамматикалық құрылыстың негізі жалпыхалықтық, барлық қазақ тілінде сөйлеушілер үшін ортақ екендігіне байланысты. Бірақ тілдің біртұтастығы деген ұғым қашанда оның барлық элементтері сол тілде сөйлейтін жердің бәріне бірдей деген ұғымды білдірмейді. Тілдегі заңдылықтардың бәрі бірдей емес, олардың ішінде тілдің бірлігі үшін маңыздылары, негізгілері бар да, сондай-ақ маңызды еместері де бар. Аса маңызды бүкіл тілді қамтиды, олардан тілдің біртұтастығы көрінеді. Ал онша маңызды еместері тілдің белгілі бір тармағын, аз ғана бөлігін қамтиды. Мәселен, аса қажетті заттық, қимылдық, сапалық т.б. ұғымдарды білдіретін сөздер, негізгі грамматикалық байланыстар мен сөздердің өзгеру тәсілдері, сол сияқты дыбыстық құрылыстың негізгі заңдары қазақ тілінің барлық жергілікті диалектілерінде де, жалпыға бірде әдеби тілге де ортақ негізі бір. сол себепті оларды жалпыға бірдей ортақ элементтер дейміз. Ал тек диалектілерде кездесетін жергілікті ерекшеліктер тілдің неғұрлым маңызы аз элементтерінен құралады және олар барлық аймақтарға тарамай, шағын территорияларда ғана қолданылады.

Диалектілік ерекшеліктердің бәрі бірдей бір дәрежеде қолданылмайды. Біреулері жиі қолданылса, енді біреулері өте сирек қолданылады. Бірқатар ерекшеліктерді тұрғын халық жаппай қолданса, енді бірқатары көп тарамай, тек қарт, егде тартқан адамдардың тілінде ескінің сарқыншағы ретінде ғана сақталып қалады. Қазақ тілінде жалпыхалықтық сипат алмаған, әдеби тіл нормасынан аулақ жатқан немесе белгілі бір аймақ көлемінде ғана қолданылып, әдеби тіл дәрежесіне көтеріле алмай жүрген жергілікті ерекшеліктер кездеседі. Олардың лексикалық, фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктер деп, үлкен үш топқа бөліп қарауға болады. Осы үш топтың сандық арақатынасы тұрғысынан алып қарағанда, фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктерге қарағанда лексикалық ерекшеліктердің әлдеқайда басым екені байқалады [1, 12].

Жергілікті диалектілер мен говорлар жүйесі өте күрделі. Олардың қазіргі жағдайы, өзара қарым-қатынасы және ұлттық тілге қатысы туралы түсінікті жеңілдету үшін тіл тарихына тоқтауға тура келеді.

Жалпы, әдеби тіл қашан және қалай қалыптасқанына қарамастан, жалпыхалықтың сұрыпталған түрі болып табылады да, олар бір жағынан, сол жалпыхалықтық тілдің бір құрамы ретінде өмір сүреді де, екінші жағынан, жалпыхалықтық тілдің әдеби тілге еңбейтін бөліктерімен (қарапайым сөйлеу тілі, диалектизмдер, кәсіби сөздер, жаргондар мен варваризмдер т.б.) әр түрлі қарым-қатынаста болады. Әдеби тілдің жалпыхалықтық тілмен қатынасы біркелкі болмайды, өзгеріп, дамып, құбылып отырады [2, 31]. Бірқатар ғалымдар әдеби тіл дегеніміз жалпыхалықтық тілдің өңделіп, қырланған түрі деп таныса, кейбір ғалымдар жалпы хатқа түскен дүниелердің тілін әдеби тіл деп табады. Күні бүгінге дейін «қазақ әдеби тілі», «қазақ жазба әдеби тілі», «қазақ ауыз әдебиеті тілі», «қазақтың жалпыхалықтық тілі» деген категориялар бір-бірінен ажыратылып, әрқайсысына нақты анықтама жоқ. М. Балақаев: «Әдеби тіл жазба тіл. Жазба әдебиет арқылы тіл байлықтары, оның құрылысы сымбатты қалыпқа түсіп екшеленеді. Жазуы болмаған халықтың тілі әдеби тіл дәрежесіне көтеріле алмайды», деп жазады [3, 16]. Әдеби тіл жайын арнайы сөз еткен М. Әуезов: «қазақтың әдеби тілін Абайдан басталады дейтін тілшілерге дау айтамыз. Абайдың алдындағы қазақ халқының көп ғасырдан келе жатқан мол эпостардағы, ұзынды қысқалы салттық, тарихтық жырларындағы, шебер, көркем өлең үлгілеріндегі тілдерді ұмытуға бола ма? Бұқар, Махамбеттерде қазақ әдеби тілінің үлгі өрнектері жоқ дегуге бола ма?» дейді [4, 60-61]. Осыған үндес пікірді І. Кеңесбаев та айтты: «Абайға дейін де қазақ әдеби тілінің ұрығы себілген болатын... олар жаңа туа бастаған жазба әдебиеттің кейбір уәкілдерінің (Махамбет Өтемісов, Ы. Алтынсарин сияқты) шығармаларынан табылады, – деп жазды [5, 125]. Абайдың алдында өткен Шортанбай, Базар, Бұхар жыраулар жазба әдебиет өкілдері, Абайдың ірі ақын болуына себепкер осы бай әдебиет дегенді С. Мұқанов та айтты.

Халық тілінің екінші бір бөлігі болып табылатын ауызекі сөйлеуге байланысты қарапайым сөздер, белгілі бір территорияға байланысты жергілікті тіл ерекшеліктері, кәсіпке байланысты белгілі мөлшердегі адамдарда ғана түсінікті кәсіби сөздер, халықтық бір тобына ғана қатысты жаргон сөздер, жөнсіз қолданылған бөтен тілден енген кірме сөздер варваризмдер әдеби тілге қарама- қарсы

құбылыс болып келсе де, олардың қоғамдық өмір сүруінде байланыс бар, бір-бірімен қатынасып тырады, кейде ол әдеби тілге еніп, нормаланып, әдеби тілді байытуға байланысты қызмет атқарады. Олардың әдеби тілмен қарым қатынасқа түсіп, жалпыхалықтық көрініс алатын орны- көркем шығарма. Көркем шығарма тілінде қарапайым сөздер де, диалектілік ерекшеліктер де, кәсіби сөздер де, жаргондар мен варваризмдер де жиі кездесіп отырады. Әсіресе кейіпкер тілінде орынды қолданылған ондай тілдік элементтер көркем туындының нәрін келтіріп, оған образдылық мән береді. Қарапайым сөйлеу тілі-әдеби тіл нормаларынан тыс тұратын тілдік бірліктер негізінен ауызекі тілінің элементі. Қарапайым сөздердің әдетте әдеби тілдік эквиваленті болады. Олардың мағыналары көпшілікке таныс болып келеді, әрі таралу изоглосы болмайды, яғни еліміздің барлық аймақтарында ұшырасады. Басым көпшілік тұрпайы мағынада келетін, экспрессивті-эмоциональді реңкі бар тұлғалар. Сондықтан ресми жағдайдағы қарым-қатынаста қарапайым сөздерді қосып сөйлеу әдеби тілдің нормасына жат болып саналады. Мысалы, оттама, былшылдама, құрғыр, сандалма, пысықай [6; 26, 46-48]. т.б. дегендердің мазмұны төмен болса, мисәлі (мысалы), сәбеп (себеп). киттай (күрттай) т.б. дыбыстық құрамы жағынан «жарым-жан» сөздер. Варваризмдерге әдеби тіл нормасында жоқ шет тілдік сөздер жатады [7; 106]. Кейбіреулер конечно, так что, если, почти т.б. сөздерге үйреніп алады да, сөз арасында тықпалай береді. Мұндай сөздерді орынсыз қолдана беру тыңдаушысын мезі етіп, жағымсыз әсер қалдырады. Варваризмдерді уәжсіз, мақсатсыз қолдану тілдік түйсіктің, тілдік сананың төмен екенін көрсетеді. Варваризмдердің көркем мәтінде, кейіпкер тілінде ұшырасатындығы белгілі. Кейіпкерлердің портретін жасап, даралау үшін варваризмдерді эстетикалық қызметке жегеді.

Мысалы, Абай «Шегіртке мен құмырсқасында»:

Шырылдауық шегіртке,
Біршып жүріп ән салған,
Көгалды қуып гуляйттап,

Қызықпен жүріп жазды жазды алған, – делінеді. Неге гуляйттап? Тіпті орыс текстіндегі жоқ гулять сөзін Абай неге алған? Селеңдеп бос қыдыруды, болашақ күн көрісін ойламай, бір сәттік қызықтың соңына түсушілікті, соған деген автор көзқарасын айқын байқату үшін гуляйттап сөзі сәтті қолданылған.

Көркем әдебиеттің тілі, шығарманың идеясы, мазмұны, оның көркемдік ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Көркем

әдебиет тілінде диалектизмдерді пайдалануды сөз еткенде екі нәрсені шатастырмауымыз керек. Диалектизмдерді автордың өз баяндауларында қолдану мәселесі бар да, кейіпкер тілінде беру жағы бар. Кейде жазушы сипаттап отырған кейіпкерін өзіне тән ерекшеліктерімен толық көрсету мақсатында диалектизмдерді әдейі қолданады. Бұл жазушының кейіпкерді неғұрлым нанымды, жан жақты көрсетуіне мүмкіндік береді. Мысалы, М. Әуезов «Абай жолы» романында (екінші кітап, 1961 жыл, 588-589 беттер). Жамбыл мен Мағаштын кездесуін суреттегенде, Алматы маңында айтылатын жергілікті сөздерді орынды келтіреді: ояқ, бұяқ, мұқым, тегі, әкем, айталы т.б. Айталық сөзі айталы тұлғасында қолданылуы, С. Аманжоловтың пікірі бойынша, оңтүстік диалектісінің негізгі грамматикалық ерекшеліктеріне тән. Яғни, оңтүстік диалектіде «бұйрық райлы етістіктің көпше І жағының -лы, -лі қосымшалары арқылы жасалған тұлғалары кездеседі» [1, 148-149].

М. Әуезов «Білекке білек» повесіндегі Түлкібас өңіріндегі ғана емес, басқа да жерлердегі қазақтарды сөйлеткенде, олар Мұқтарша сөйлемейді, өздерінше сөйлейді:

- Бірақ оралып, буынып қалады-ау, тыпыршыған қараңқағыр.
- Оны мен бүйгіп қоймаймын. Жиішкертем.
- Жемің азайып қапты-ау!
- Бұдан артық қаяққа апарам сені?
- Қанша үрмет қысам да болмай-ақ қойдың ғой, жүдә!

«Білекке білектегі» осы сөйлемдердің ішіндегі диалектизм, қарапайым сөздердің бәрі қасқартылып айтылған: қараңқағыр-қараң қалғыр, жиішкертем – жіңішкертемін, қапты-ау- қалыпты-ау, қаяққа апарам- қай жаққа алып барамын, үрмет қылсам- құрмет қылсам. «Құрмет» сөзінің «үрмет» деп қолданылуы туралы Н. Жүнісов: «тіліміздегі х мен к дан басталатын дыбыстардың кейбір кірме сөздердің басқы дыбыстарының түсіріліп айтылуы- аферезис. Бұл құбылыс әсіресе араб, парсы тілдерінен енген сөздерде кездеседі: әзір көзір, үрмет құрмет, әсірет хасірет, әжет хажет, айран қалу қайран қалу, үрдің қызы хордың қызы т.б. Бұл сияқты сөз басындағы дыбыстың түсіріліп айтылуы қазақ тілінің басқа говорларында бар. Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас, Сайрам аудандары тұрғындары тілінде (үрмет, айран, үрмәт), Шу бойы қазақтары тілінде де (үрмет, әсірет, әжет, айран қалу) бірсыпыра сөздердің құрамында сөз басындағы х, ғ дыбыстарының тұрақсыз екенін көреміз» дейді [8, 43].

А. Айғабылұлы: «көркем әдебиетте диалектизмдерді қолдануға болады, бірақ орнын, мақсатын түсініп алу керек. Егер автор өз кейіпкерін қай аймақта тұратынын, жас шамасын, білімін көрсету үшін аузына диалектизмдерді салып, сол арқылы оның өзіндік ерекшелігін сомдауға әрекет жасайды, – дей келе, – мұндай жағдайда диалектизмнің қолданылуы орынды болады. Ал автор сөзінде диалектілерді кездесуі орынды бола бермейді»– деп қорытады [9, 34-35]. Мысалы, М. Әуезов Жетісу өңіріндегі оқиғаға құрылған «Қилы заманында» мұттайым, сұрау, демегін сияқты сөздерді әдейі қолданады. «Арызымыз тыңдалмай, ақ-қарамыз тексерілмей өле беретін болған соң, бізде бір, белгілі мұттайым кісі де бір болғаны ғой. Ел сұраған ұлығы бұлай десе, қоялық... – Қой олай демегін... – деп, ақырын басып қойды. Қонағы жоқ асбұзыл жұтағандай қағырап тұр». Келтірілген мысалдағы мұттайым сөзі оңтүстік диалектіде (Жетісу) қу, бұзық мағыналарын білдіреді. Диалектологиялық сөздікте сұрау сөзі билеу, басқару мағынасын білдіреді. Жамбыл, Алматы, Шу, Шымкент, Ташкент, Түрікменстанда қолданылады. Сол байдың баласы болыс болып сұраған екен осы арада [10, 596].

«Демегін» сөзі деме мағынасында қолданылған. Бұл грамматикалық ерекшелік туралы Ж. Досқараев «Некоторые вопросы диалектологии и истории казахского языка» атты еңбегінде, оңтүстік-шығыс сөйленісіндегі грамматикалық ерекшеліктердің бірі ретінде көрсетеді. «Бұйрық райдың жекеше екінші жағы – -қын, -ғын, -кін, -гін қосымшалары арқылы жасалады: айтқын, барғын (айт, айтыңыз, бар, барыңыз орнына) [1, 154-157].

«Қанша үрмет қысам да бармай-ақ қойдың ғой, жүдә? Сен албасты! Секендеген шайтан... Қараңғы үйде қамап қоятын ба шыли... Көзінді бозартып!» («Білекке білек» повесі) дегендегі албасты қарапайым сөздер қатарына жатқызылады және дәрекі сөз болып есептеледі. Ал жүдә сөзі диалектологиялық сөздікте – Жамбыл, Маңғыстау, Торғай, Қарақалпақстанда «тіпті», «тым», «аса», «мүлде» мағынасын береді деп көрсетілген: [10, 300].

«Оған шекті мынау екеуі осы арадан табылмайды» [12, 741] дегендегі шекті сөзі әдеби тілдегі шейін, дейін шылауларымен мағыналас және бұл Семей, Қостанай, Зайсан, Орынборда қолданылса, Семей облысында шектейін деп [10, 718], Моңғол Халық Республикасының қазақтары тілінде шекім [10, 719], Павлодар, Баянауыл ауданы, Жезқазғанның қазақтары шекейін деп сөйлейді. Бұл жергілікті ерекшеліктердің диалектаралық қатысы тұрғысынан алып қарағанда, яғни бір ерекшеліктердің басқа

сөйленістік топтарда балама сыңарының, сәйкес құбылыстардың болуына қарай өзара сәйкесті диалектизмдер.

«Биік сүйек төсектегі шағи дүриялаған көмкерулер де сол дөңгелек бір санмен жиырма бестен жасалыпты» [11, 749]. Мысалдағы шағи сөзі Семей облысында шәйі, сырт киім тыстайтын жібек матаны білдіреді. Бұл ерекшелік бір нәрсенің атауының әр жерде әр түрлі аталуымен байланысты болғандықтан диалектінің лексикалық ерекшелігіне жатқызамыз. «Қандай матор, қандай сұлусыз сіз, Мағыш!» дегендегі матор сөзі сұлу, әдемі (Семей) мағынасын береді. «Бақанас аулынан оңтүстікке қараған жақ өзгеше бір бүк, ыстық болушы еді» [11, 180] дегендегі бүк сөзіне диалектологиялық сөздікте Семей, Үржарда «желсіз, тымырсық», ал Қытай Халық республикасында «орман, тоғай» деген мағынасын берген.

«Мына көп кедей көршіңмен қыйталасып жатқаның қалай?» [12, 741] мысалындағы қыйталасу – жанжалдасу, шатақтасу мағынасын береді. Жоғарыда аталған мысалдардың барлығы диалектінің лексикалық ерекшелігіне жатады. Ал «жігітек ішіндегі намыскер, отты, пысық жігіттердің бірі» [12, 741] деген мысалда намыскер сөзі Семей, Абай аудандарында әдеби тілдегі намысқой сөзімен синонимдес қолданылған. – Қой жұрнағының орнына – кер жұрнағының алмасып қолданылуы шығыс диалектінің негізгі грамматикалық ерекшелігі.

Тіл білімінде диалектизмдер- негізінде болашағы жоқ категория деп саналады. Өйткені әдеби тілдің даму барысында олардың біразы жалпы халыққа тарап, тегіс түсінікті болып кетсе, біраз ұмытылып қалады. Қазіргі қазақ тілінде лексикалық, фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктерімен оқшауланған, өздеріне ғана тән негізгі сөздік қорымен ерекшеленген диалектілер жоқ. Бір тілде сөйлейтін халықтың барлығына түсінікті бола бермейтіндіктен, говорларды әдеби тілдің басты бөлшегі деп есептеуге болмайды. Сондықтан диалектілік ынғайда сөйлеу, жазу әдеби тіл нормалары болып табылмайды. Әдетте диалектілер жергілікті халыққа тән сөздермен қоса, тілдің ескі элементтері, тілдердің тоғысуынан пайда болған қалдықтар мен басқа тілдердің әсерінен пайда болған ерекшеліктер өзінің таралу шегі бар, әдеби тілге тән емес. Сондықтан М. Әуезовтың жоғарыда аталған жергілікті тіл ерекшеліктерін авторлық баяндауларда емес, кейіпкер сөзінде, онда да белгілі стильдік құбылыс ретінде қолдануында өзінше эстетикалық мән бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қалиев Ғ., Сарыбаев Ш. Қазақ тілінің диалектологиясы- Алматы: «Ана тілі» 1991ж. –Б. 12, 147-149, 154-157.
- 2 Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. - Алматы: «Ана тілі», 1996ж. -Б. 31-32.
- 3 Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы: «Арыс», 2008ж. -Б. 16.
- 4 Әуезов М. Қазақтың әдеби тілі туралы. // Әдебиет және искусство. 1951ж, №4. -Б. 60-61.
- 5 Кеңесбаев І. Абай- основоположник казахского литературного языка. //Советский Казахстан 1955. № 9. С. 125.
- 6 Әуезов М. Қорғансыздың күні. Әңгімелер мен повестер. - Алматы: «Атамұра», 2002ж. –Б. 28-48.
- 7 Оразбаева Ш., Сағидолла Ғ., Қасым Б., т.б. Қазіргі қазақ тілі. - Алматы: «Print- S», 2005ж, -Б. 106.
- 8 Жүнісов Н. Халық тілінің жергілікті ерекшеліктері. - Алматы: «Мектеп», 1981ж. -Б. 43.
- 9 Айғабылов А. Қазақ тілінің лексикологиясы. Оқу құралы. –Алматы: Зият- Пресс, 2007. –Б. 34-35.
- 10 Диалектологиялық сөздік. - Алматы: «Арыс», 2007ж. -Б. 300, 596, 719.
- 11 Әуезов М. Абай жолы І. - Алматы: «Жазушы», 1962ж. -Б. 180, 324, 749.
- 12 Әуезов М. Абай жолы ІІ. - Алматы: «Жазушы», 1962ж. -Б. 19, 450, 741.

КЕЙІПКЕР БЕЙНЕСІН БЕРУДЕГІ ТЕҢЕУДІҢ ҚЫЗМЕТІ

МАДМАРОВА А.

студент, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.
САЛЫҚЖАНОВА Ш.

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Жазушы қарапайым қолданыстағы халықтық тілді өзіне ғана тән ерекшелікпен, жаңа бір тәсілмен, өзгеше түр, оң беру жолымен көрсеткен. Бұл ерекшелік жазушыны бөлектеп, дараландыра түседі.

Қаламгер шығармаларында қолданысқа көп түскен көріктеу құралдарының бірі – теңеу. Шығармада кейіпкерлер бейнесін жасауда теңеудің алатын орны ерекше. Теңеу – көнеден келе жатқан сөз сомдау тәсілдерінің бірі. Сөзге шешен қазақтар ауызекі сөйлеу

барысында да теңеуді жиі қолданған. А. Байтұрсынов, Қ. Жұмалиев, З. Қабдолов, Т. Қоңыров, З. Ахметов т.б. ғалымдарымыздың еңбектерінде теңеуге жан-жақты сипаттама беріліп, теңеудің табиғаты ашылады.

Қаламгер еңбектерінде кейіпкер бейнесін сомдауда теңеудің де алатын орны ерекше. А. Байтұрсынұлы теңеуге төмендегіше анықтама береді: «Көріктеу нәрсені айыра көрсетіп, айқын шығаруға жарағанмен, нәрсенің бейнесін сүгіреттеп көрсетуге күші жетпейді. Ондай орында белгісіздеу сипатты белгілі сипатқа, белгісіздеу нәрсені белгілі нәрсеге теңеп, көрнектеп, ашығырақ көрсетеміз. Теңеу екі түрлі: Әншейін теңеу, әдейі теңеу. Екеуінің арасындағы айырмасы сол: әшейін теңеу-әдетті теңеу болады, мәселен, удай ащы, айдай жарық, күйедей қара дегендегі «удай», «айдай», «күйедей» деген сөздер-әдейі теңеу» [1 157].

Өзінің «Қазақ теңеулері» атты еңбегінде ғалым Т. Қоңыров «Теңеу дегеніміз ұқсас ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші бір затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы» – дейді [2, 7].

Ғалымның жіктеуіне сүйене отырып, Ә. Нұрпейісов шығармаларында кездесетін теңеулерді төмендегідей жолмен көрсетуге болады:

- көру теңеулері;
- есту теңеулері;
- дәм сезім теңеулері;
- тері сезім теңеулері;
- иіс сезім теңеулері;
- сезім күй теңеулері.

Көру теңеулері арқылы кейіпкердің бойындағы, тұлғасындағы ерекшелігін танимыз. Мәселен, Сүзетін бұқаша басын бауырына алып, бұған тұздай көк көзінің астынан кірпік қақпай қадала қарап, жақындай берді. Сүзетін бұқаша, тұздай тәріздес жазушы қолданысындағы теңеу түрлерін алуға болады. Негізінен, жазушы шығармаларындағы кездесетін теңеулерді кейіпкер бейнесін беру ерекшелігіне қарай, суреттеу қызметіне қарай тағы да екі топқа бөлеміз. Олар: адамның жеке мүшесіне қатысты және көңіл-күйіне қатысты теңеулер деп бөлінеді. Мәселен, «Іші тартылып қалған жарау аттың кеудесіне ұқсас, тынысы мол кең кеудесіне онша көп үйлесе қоймайтын шошақтау келген кішкене басы сомдап соққан жұмыр

темірге орната салған секілді», «Тоят іздеген бүркіттей», «бытыр еткізе түсіретін бүркітке ұқсап», «мойын емес, темір дерсін», «сурет секілді», «үлкен обаға ұқсап» т.б.

Теңеулерден кейіпкердің сыртқы бейнесін анықтасақ, «итше ырылдасып қайтемін», «қызғыштай қорыған», «ысқырған жылан секілді», «тышқанның арыстанға шапқаны секілді», «көктемде бұрқырап аққан Сарысу секілді алып кетеді, ағызып кетеді. Шілденің аңызғағы секілді қуартып кетеді, күйдіріп кетеді».

Бұл келтірілген теңеулер кейіпкердің мінез ерекшелігін көрсетіп, ішкі сезімін-көңіл күйін сездіреді. Жазушы қолданысындағы теңеулер өзгеше өрнектер тудырып, шынайы суреттер жасайды. Халық арасында ерте кезден қалыптасып, құлаққа сіңімді болып кеткен бұл теңеулердің де өзіндік ерекшеліктері бар. Ал автор көбіне-көп теңеулерді ыңғайлап алған. Мәселен, «Итше ырылдамаймын, немесе тышқанның арыстанға шапқаны секілді» деген теңеулер – авторлық теңеулер. Жазушы қолданысында ерекше мәнге ие болған. Осы тәріздес қолданыс түріне белгілі қаламгер М. Әуезов: «Жеке сөз өзінің орны мен сәтін тапқан шақта жаңаша жанданып кетеді. Сондай шағына жетіп, жанданған сөздің демі, лебі білініп, тың тірлік етіп бал-бұл жанып тұрады. Ол көп қолданылатын өлі болып кететін сөз емес, қызықты, ыстық лепті қайнар сөз болады», – дейді [3, 84].

Авторлық теңеулерге мысал келтірер болсақ,

Қара тырыспай жылы жастай өлген ағасының үлбіреп отырған уыздай келіншегін ағайындары зорлап бұған алып беріп еді.

Үлбіреп отырған уыздай – халықтық теңеу. Яғни триллогияда халықтық теңеулер де орнын тауып қолданылған.

Демек, жазушы қолданысындағы теңеулер өзінің жеке дара ойларынан қорытылып шыққан ерекше мәні бар, өзіндік орны бар теңеулер болып танылады.

Жазушы қолданысындағы көріктеу құралдары ерекше реңк беруімен қатар, оның шеберлігін, сөз қолданудағы өзгешелігін де білдіреді.

Шығармада кейіпкерлер бейнесін жасауда теңеудің алатын орны ерекше.

Мысалы, Бет ұшындағы қара меңі енді мүлде айқын, көз қарашығындай мөлдір қара ноқатқа айналған.

Бірі – кірпішешеннің инесіндей тікірейтіп шаш қойған, қалқан құлақ қара жігіт, ал екіншісі тым жүдеу, жақ еті суалған, сонысына қарамастан осы жақтың әйелдерінің салтын сақтап, көк жаулық, оның үстіне қоқырайтып шаршы тартқан қарт адам..

Теңеу – көнеден келе жатқан көріктеуіш тәсілдерінің бірі. Сөзге шешен қазақтар ауызекі сөйлеу барысында да теңеуді жиі қолданған.

Қаламгер шығармаларында теңеуді:

- екі затты салыстырып көрсету мақсатында;
- айтылар ойды әсерлі ету негізінде;
- кейіпкердің мінез-құлқын көрсету үшін;
- іс-әрекетті айқындау мақсатында жұмсайды.

Сонымен теңеудің стильдік қызметінің өзгешелігі жөнінде З. Ахметов: «Әдетте теңеу туралы сөз болғанда, салыстыру үшін не нәрсе алынды, қандай нәрсемен салыстырылады, соған көп мән беріледі. Асылында, мәселе тек онда ғана емес. Екі нәрсені теңестіруден, олардан артық сипат-белгі табудан қандай мағына туып, қандай ой аңғарылады, қандай сезім-әсер жалғастығы (ассоциация) пайда болады – міне, осы толық ескерілуі керек», – дейді [4, 15].

Ақын-жазушылардың көпшілігі теңеудің қызметіне сүйенеді. Теңеу прозада да, поэзияда да стильдік қызмет атқаратын, әрі жиі қолданылатын тілдік құрал болып табылады. Мысалы, Ф. Мүсірепов шығармаларындағы теңеудің стильдік мәніне көңіл аударсақ, жазушы теңеулерді бірдей кейіпкерлердің кескін – келбетін, бет пішінін, сыртқы көрнісін, тұлғасын, портретін беру үшін қолданса, бірде кейіпкердің мінез – құлқын, көңіл – күйін, ішкі сезімін ашуда таптырмас тәсіл ретінде пайдаланады»Қанды жүзі қан қатқан, тот басқан жалпақ алмас пышақ секілді» (Оянған өлке, 76).

«Жалпақ жаурыны қақпақтай, жұдырығы тоқпақтай, сыртынан қарағанда құйған пештей болып, оқ бойы алдымызда отырады; астында сар қасқа аты бар, шекіп тастап, оқтаудай ойнап, киіктей ыршып келеді» (Оянған өлке, 87). Прозада кейіпкерлердің көңіл – күйін, ішкі сезімдерін ашатын төмендегідей теңеулер кездеседі. «Нұрсыз көзі бозарып, қорыққан қояндай алайып, ұясынан шығып барады» (Оянған өлке, 68).

Ал Ә. Нұрпейісов шығармаларында да теңеу оқырман сезіміне суреттелер затты өзге нәрсеге ұқсату арқылы бейнесін әсірелеп жеткізу құралы ретінде т.б. қызметтерде жұмсалады. Мысалы,

Анау шоқы аяғының ұшынан басып, аспанға қарай мойнын созғанда талғар бар ауыр тұлғасымен тұтас көтерілген сияқты.

Қазақ тілінде теңеуді жан-жақты зерттеп, ғылыми тұжырымдама жасаған ғалым Т. Қоңыров теңеудің жасалу жолдарын жан-жақты зерттеп, тоғыз түрін көрсетеді [2].

Ә. Нұрпейісов шығармаларында теңеулер қаламгердің шеберлігін, тілінің байлығын, орынды сөз ұйқастыру тәсілдерін айқындаған.

Сонымен, адам сезімін, көңіл – күйін, психологиялық халін суреттеуде теңеулердің атқарар ролі ерекше. Мысалдардағы кейіпкерлердің күйін, өкінішін, аянышын, ызасын, қорлық пен зорлығын, жиреніш сезімдерін жинақтап жеткізген.

Біз қарастырып отырған көркем әдебиетте: Аш иттей әр үйді бір торып, әр қораны бір тіміскілеп шетке шыққанға ауыз салып жүрген аштық біздің үйге аранын ашып келе жатты.

Автор дерексізді деректендіріп, жан бітіріп көрсеткен.

Мұз үсті шахмат тақтайы секілді. Адамды жұтар ажал аузындай болып, ойдым-ойдым үңірейіп көрінген үлкен қара тесіктер көкшіл мұзбен жиі алмасады. Солардың қарауытқан арғы тұңғиық тереңінде, заманша зырлап аққан балық көзді бұйра-бұйра ағын су жылтырап, өзінің жылуы жоқ салқын өрі нұрсыз сәулесін тітіреген жүрекке қанжарша сермеп, өн бойынды сескендіреді.

Мұз үстіндегі кейіпкердің сезімін мұз ойықтарын ажал аузына теңеу арқылы, мұз астындағы судың солғын сәулесінің қанжарша сермелетіндігі арқылы жеткізіледі.

Көк ауысып жерге түсіп, жер ауысып көкке шығып кеткен секілді.

Теңеулер адамның сезімдерін, өзіндік көзқарасын білдіру үшін қолданылған. Мұндай теңеулер көбінесе секілді, бейне, ұқсап, сияқты сөздері арқылы жасалған.

Келіншек үндеместен зып беріп төргі бөлмеге кіріп кетіп еді, төбедегі аспалы шамнан түскен сәулеге жаңағы келіншектің аппақ балтыры шағылысып, тұра қашқан ақ бөкеннің таңындай бір жарқ етті де, көзден ғайып болды.

Еламан қара тас сияқты, не дерге сөз таппай түйіліп тұр. Әр қаһарманның бір сәттік кезін ішкі сезімімен байланыстырып, қара тас сияқты теңеумен көрсеткен. Бұл арада автор қара – эпитетті, тас сияқты – теңеуімен қабат алып, бірнеше көріктеу құралдарын біріктіре жұмсаған. Тас сияқты сөзін қара сөзі әсерлендіре түседі.

Кейіпкерлердің қимыл-әрекетін теңеулер арқылы бейнелейді:

Темір келгенше Құдайменде ұлық алдында «тақсыр-тақсыр» дегеннен басқа түк айта алмай, сақау кісіше өзара ымдасып қана отырған.

Көне заманнан қазақ елі теңеуге жұп етіп, малды, құстарды немесе ұлттық танымға байланысты атауларды алады.

С. Шаймерденов шығармаларында кездесетін теңеулерде осы тәріздес болып келеді. Мәселен,

– Тоның не? Атан түйедей бола ма, соны айтсаңшы.

Ол тоят іздеген бүркіттей қомданып алыпты.

Жазушы кейіпкердің әдетін, қалыпты күйін теңеулер арқылы береді:

Амал бар ма, тасыған көңіл судай басылды.

– табиғатты суреттеуді кейіпкер сезімімен ұштастыруда қолданылған теңеулер:

Аспан мен кең жазықтың көз жетер шетінде ғаламат бір күш тегеуірінімен көкке шапшып барып, бұрқылдай қайнап, асыла қатып қалған су толқынына ұқсайды.

Сұр күйін лезде аппақ боп белі ирелендеп ұзарып шыға келді. Төбенің басына шығып ап, жынша құтырып, өз қылығына өзі мәз боп ойнақтап кетті. Құйын әуеге қарай өрлеп, ирелендеп тұрды да, кенет әйел жаулығын ала қашқан баладай жалт беріп, бермен қарай салды.

Ә. Нұрпейісов еңбектерінде қолданылған қазақтың көнеден келе жатқан тұрақты теңеулері, яғни халықтық теңеулерде өзгеше қызмет атқарған.

«Проза тілінде кез келген екі құбылысты алып, салыстырып, бір-біріне теңей бермеген, әрбір теңеу шығарманың идеялық, соған орай эмоциялық мазмұнына байланысты құрылған», – дей келе зерттеуші Ж. Қоңыратбаева қазақ көркем прозасындағы тұрақты теңеулердің қолданылу мақсатын:

– «теңеу негізді фразеологизмдер, ең алдымен, кейіпкерлердің бет-пішінін, сыртқы тұлғасын жасау үшін қолданылады;

– проза тілінде кейіпкерлердің тұлғасын, қасиет-қарекеттерін беруде фольклорлық персонаждармен келген тұрақты теңеулер;

Адам сезімдерін, ішкі психологиялық халін, әсерлері мен ойларында нақтыландыру амалы ретінде пайдаланылады,

– кейіпкердің іс-қимылын, әдетін бейнелеуде жұмсалады» [4, 88-92], – деп топтап береді.

Біз қарастырып отырған көркем проза тіліндегі тұрақты теңеулердің стильдік қызметін осы жіктеуге сәйкес талдауға болады. Мысалы, автор тұрақты теңеулердің стильдік қызметін кейіпкердің іс-әрекетін бейнелеуде пайдаланады.

Темірке кенет қан исін сезген көрі жыртқыштай дүр сілкініп, басын көтеріп алды.

Адамның ішкі толғаныс, қуаныш, күйініш т.б. сезім иірімдерін жеткізудегі қызметіне мысал келтірер болсақ,

Темірке әлі де болса күйген терідей бүріскен күйі.

Осыған дейін бір ашып, бір жұмып отырған шүнірек көздің жанарына шоқ түскендей жарқырап кетті.

Кейіпкердің іс-қимылын білдіру мақсатында автор қызғыштай қору деген тұрақты теңеуді жұмсайды.

– Қызғыштай қорығаны қалай?.

Тұрақты теңеулер шығарманың өн бойында белгілі мақсатта жұмсала отырып, көркем прозаның тіліне дәлдік, айқындық, табиғилық, әуезділік, бейнелілік т.б. береді.

Қазақ халқының ертеден қалыптасқан салт-дәстүріне, жоралғысына қатысты алынған теңеулер арқылы кейіпкерлердің дүниетанымы, сөйлеу ерекшелігі, ұғымы көрінеді. Мысалы, Кеңет мына кісінің ат құлағын қаққандай қос тізесіне көзі түскенде құман ұстаған қолы қалтырап қоя берді.

Прозада әдеттегі ауылдың өмірінде кездесетін ауызекі сөйлеу түрі де қолданылған. Қарапайым ауыл адамының өзіне тән мінез, сөйлеу ерекшелігін күшейту, әсірлеу мақсатында қаламгер тойған қозыдай, текенің мүйізіндей, табаны күректтей теңеулерін қолданған. Бұл сөздер арқылы әрі суреттеу, әрі кейіпкер мінез өзгешелігін жазушы шебер көрсеткен. Автор тарапынан мысқылдау, келемеждеу де бар. Мәселен, текенің мүйізіндей, табаны күректтей теңеулері астарлы түрде беріліп, жазушының кекесінін жеткізіп тұр. Келемеждеуді әсерлі етуде теңеулер белсенділік көрсетеді. Кейіпкердің бір сәттегі сезімін, тұрмыс-тіршілігін суреттеуде теңеудің қызметін пайдаланады.

Табиғатты суреттеуде теңеу ұтымды жұмсалып, бейне жасауға қызмет етеді.

Мысалы, Іркес-тіркес кесе тұрған ақ жолдар ми қабығының тарамдарындай болып әр түрлі бейнелер жасайды.

Қол шананың соңында тартылған сымдай болып, ап-айқын жіп-жіңішке қос сызық қалады.

Ми қабығының тарамдарындай – теңеуі шым-шытырық болып таралып жатқан жол тармақтарын дәл басып бейнелесе, тартылған сымдай болып – теңеуі жолдың айқындылығын береді.

Теңеулердің жасалу жолын зерттеген ғалым Т. Қоңыров: «Бүкіл қазақ теңеулерінің 70 %-дан астамы -дай/-дей/, -тай/тей/, -дайын/дейін/, -тайын/-тейін тәсілі арқылы дүниеге келетін» [2, 20] деп тұжырымдайды.

Ә. Нұрпейісов шығармаларындағы теңеудің жасалу жолдары килы тәсілдерден тұрады.

-дай //-дей, -тай //-тей жұрнағы арқылы жасалған (кірпі шешеннің инесіндей, қара өрттей, сендей соғылысқан, оттай, сойталдай, ағаштай т.б.) теңеулер жиі ұшырасады;

-ша //-ше жұрнағының көмегімен жасалған (тамыршыша, жылқыша, елікше) теңеулер кездеседі;

Ұқсап, бейне, сияқты секілді сөздерінің тіркесуімен жасалған (бейне бір жылан, өлген қойдың жамбасына ұқсап, жер бетінің мендері секілді, т.б.) теңеулер қолданылған.

Қаламгер шығармаларында теңеудің күрделенген түрлері кездеседі. Теңеудің мұндай түрін қолданудың стильдік маңызы да бар. Күрделенген теңеулер – кейіпкердің мінез-құлқын, кескін-келбетін эмоциялық тұрғыда көрсету үшін жұмсалған тілдік құралдар.

Т. Қоңыровтың теңеулер жөніндегі пікірлеріне сүйенсек, онда күрделі теңеулер жөнінде: «Өзінің структурасы жағынан күрделі теңеу - жалаң теңеуге қарама-қарсы құбылыс. Мұнда не образ немесе жай теңеу, екеуі де өздеріне бүтіндей күрделі ұғымын негіз етіп алады да, соның нәтижесінде күрделі ойға негізделген, шытырман суретке құрылған, эмоциялық-экспрессивтік әсері күшті теңеулік образдар жасалады. Осындай күрделі ұғымның нәтижесінде жаңа заттар мен құбылыстарды былай қойғанда, ескі бұрыннан белгілі заттар мен құбылыстардың өздері жаңа сипатқа ие болып жаңа қырларынан көрінеді, – дейді [2, 21].

Кірпікшешеннің инесіндей тікелей тіп шаш қойған, бір мезгілде тасқұдайға ұқсап, қара шыбын сияқты, шоқ ағаштар бейне теңізде жүзген ғажайып кемелерге ұқсап, т.б. теңеулер белгілі бір затты немесе кескінді суреттеуге арналған. Қазақ прозасындағы тұрақты теңеулер қолданысының бір ерекшелігі – оның кеңейтілген, күрделенген, тіпті сөйлем тәрізді болып келетіндігі. Жоғарыдағы мысалдар соның айғағы.

Сонымен қорытар болсақ:

– қаламгер шығармаларында жай теңеуден басқа күрделенген теңеу түрлері жиірек қолданылған;

– көбінесе теңеу түрлері эпитетті теңеулер болып келеді;

– теңеулер қазаки нанымдар мен сенімдерге негізделген.

Авторлық теңеулермен қатар қолданылған сөйлеу тілінде кездесетін тұрақты теңеулер шығарма тілін көріктендіріп, ажарлай түскен.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байтұрсынов А. Шығармалары. Алматы, 1989.-302 б.
- 2 Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. Алматы, 1978.- 192 б.
- 3 Әуезов М. Әр жылдар ойлары. -Алматы, 1959.-556 б.
- 4 Қоңыратбаева Ж.

АЙТЫС ЖАНРЫ ТУРАЛЫ ЖАЗБАЛАР

МАҚСАТХАН А.

студент, ПМПИ, Павлодар қ.

СҮТЖАНОВ С. Н.

ф.ғ.д., профессор, ПМПИ, Павлодар қ.

Айтыс – халық ауыз әдебиетінің ерекше бір түрі. Айтыс қазақтан басқа арабтың бәдеуилер тайпасында және түрік тілдес елдердің бірқатарында, ірі ақындар айтысы Үндістан халықтарында бар.

Кейбір зерттеушілер айтыстың алғашқы шығу тегі өте ерте заманнан келе жатқанын айтады. Оның әуелгі элементі көркемөнердің түрлері сараланып, бір-бірінен әлі ажырамай, бәрі бірігіп бір бүтін өнер саналып, әні де, өлеңі де, оны шығару да, орындау да, қимыл, бет құбылысы, тағы басқалары да қосыла жүрген дәуірде туса керек деп топшылайды. Айтыстың алғашқы адымы осы кезеңде басталса керек.

Айтыстың ескі түрі деп есептелетін бәдік айтысының негізінде адам баласының табиғатқа әсер ету мақсаты жатса, басқа айтыстардың ішінде қайсысы ерте, қайсысы кеш туды, оны айту қиын.

Айтыс туралы алғаш рет ой қозғап, пікір білдірген әдебиеттанушы ғалымдар А. Байтұрсынов, М. Әуезов және С. Мұқановтар болды [1]. Әрине, тұшымды да, тұжырымды пікір айтып, тамсандырған жазбалар Мұқтар сынды ғұламаға тиесілі екені анық.

Әуезовтің «Қазақ әдебиетінің тарихына» енген (1-том, 2-кітап, 1960, 671-714-беттер), 1948 жылы жазған «Айтыс өлеңдері» атты еңбегі «Совет ақындарының айтысы» деген атпен берілген [2] Еңбекте автор қазақ халқының ежелден келе жатқан төл өнері – айтыстың жаңа заман, жаңа кезеңдегі өзіндік ерекшеліктерін айқындайды. Егер өткен дәуірлердегі айтыстарда ақынның негізгі арқа сүйері ру, ата-баба сияқты ескі әдет-салттар болса, кейінгі ақындар өздерінің елі, ұжымшар, аудан, қала, облыс жайын тілге

тиек етеді. Сол арқылы сын мен өзара сынды өткірлеп, өрістете түседі. 1922 жылы Семейдің екі ақыны (Иса мен Нұрлыбек) бірі қала, екіншісі ауыл атынан айтысқанын, «Шашубайдың қасқырмен айтысын» (1932) мысалға келтіріп, айтыс өнерінің жаңаша мазмұн, түр сипатқа ие бола бастағанын сөз етеді. Осы сияқты «Қасқыр мен қойдың айтысы», «Қарагер ат пен директордың айтысы», «Бай мен кедей айтысы» туралы, 1939 жылы Алматыда өткен Нартай мен Нұрлыбектің айтысына және 1943 жылы республикалық көлемде өткен үлкен айтыстың кейбіріне қысқаша тоқталады. Жазушы кеңес кезеңіндегі айтыстарда қоғамдық-әлеуметтік, шаруашылық мәселелері мейлінше кең, терең толғаныспен сөз болатынын атап көрсетеді [3].

Әуезовтің айтыс жанры туралы сүбелі еңбегінің бірі – 1946 жылы Жамбылдың 100 жылдық мерейтойында жасаған «Жамбылдың айтыстағы өнері» дейтін баяндамасы («ҚазКСР ғылым академиясының хабарлары. Әдебиет сериясы», 1948, №255). Бұл еңбегінде автор ақындар айтысының үш халықта - қазақ, қырғыз, қарақалпақтарда бар екенін айтады. Ақындар айтысына ұқсас жанрдың көшпелі араб тайпаларында бар екеніне (мұғалақат) тоқталып, қазір ірі жанр ретінде жоқ болғанмен, ертерек уақыттарда Еуропа халықтарында да айтысқа ұқсас жанрлар болғанын атап көрсетеді. Айтыскер ақынға тән қасиеттер ретінде алғыр импровизаторлық қасиет, дүниетанымның кеңдігі, тапқырлық, батылдық тағы басқа қасиеттерді санамалап айтқан. Жамбыл айтыскерлігін мысалға ала отырып, айтыстағы демократиялық үрдістің дамуын және жыршылық дәстүрдің айтыс ішіне кіру ерекшеліктерін талдаған. Айтыс жанры - 19 ғасырда Ш. Уәлиханов, В. Радловтардан басталған үлкен ғылыми-зерттеу тарихы бар жанр. Әуезовтің әсіресе 50-жылдардағы зерттеулері бұл саланы жаңа сапалық биікке көтерді. Қазақ КСР Ғылым академиясының М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының 1960, 1964 жылдары шығарған «Қазақ әдебиеті тарихында» (1-том, 1, 2-кітаптар) дәстүрлі айтысқа және кеңес дәуіріндегі айтыстарға арналған тарауларында айтыс жанрының зерттелуі туралы салиқалы ойлар келтірілген. Ондағы «Айтыс» тарауын, 60-жылдарда шыққан 3 томдық «Айтыс» жинағының алғы сөздерін Әуезов жазып, айтыс поэтикасы туралы озық ойлар, тартымды тұжырымдар айтқан. Айтыстың жиналуына, зерттелуіне қал-қадерінше еңбек сіңірген алғашқы ғалымдар Ш. Уәлиханов, В. Радлов, Ә. Диваевтардың еңбектеріне тоқталған. Әуезовтің «Ақындар айтысы – көпшілік

алдында, тындаушы, сыншы журттың көз алдында туып, орындалады. Әнмен не әр ақынның арнаулы сарынымен: қобызға, домбыраға, гармонға қосылып айтылады. Ақындардың бірі жеңіп, бірінің жеңілгеніне төрелік айтушы да сол жиынның өзі болады» деген пікірлерін айтыс поэтикасының негізі, әліппесі деу керек. Тындаушы орта жайындағы пікірлері де әлі күнге дейін өте маңызды. «Оның үстіне, көбінесе, тындаушы жұрт екі жақ болып, екі ақынның туысы, тілеулесі, жақын ортасы болады. Сондықтан тартыс, талас тек екі ақын арасында ғана емес, бөсеке тілеулестік екі жарылған жиында да болады» деген қағидалар ұсынады. «Осы айтылған ерекшеліктердің барлығы, ақындар айтысын, тындаушы көпшілік үшін әр кезде театрлық, драмалық аса қызу әсері бар, өнер түріне айналдырады» деп, айтыста драматизм элементтері, театрлық белгілер бар екеніне ден қояды.

Әуезов ақындар айтысы салт айтысының дамуы негізінде шыққанын, 16-18 ғасырлардағы ақындар айтысының бізге жетпегенін айтады. Арабтардағы «мұғаллақат», Үндістан, Иран елдерінде «мұшайра» жанрлары талданған Еуропа халықтарындағы импровизация белгілері бар әдеби фактілер келтірілген. Ақындар айтысы (қазіргідей, бірден жазып алынбаған) дәл айтылған қалпында сақталмайды, айтушылар ақынның өзі, одан ұғып алған басқа ақындар, шәкірттері негізін сақтай отыра жырлайды, бірақ бәрібір өзгеріске ұшырап, редакцияланады. Жеңу мен жеңілу мәселесіне талдау жасалып, күр шешендіктен, төкпеліктен гөрі логикалық қарым негізгі себеп екенін дәлелдеген. Айтыстың тақырыбы мен идеясына келгенде, таптың, халықтың мәселелерін қарап, ақынның идеялық көзқарастарынан барып туындайтын айтыскерлік бітім, шығармашылық ерекшеліктері талданады. Әуезов айтысты негізінде – әдет-салт айтысы және ақындар айтысы – деп екі түрге жіктеген. Ақындар айтысын -түре айтыс және сүре айтысқа бөлді.

Ғалымның айтыс түрлеріне берген анықтамалары әлі күнге айтыс түрлерін ажыратудағы негізгі пікір болып келеді. Түре айтыстың бір шумақ өлеңін екі түрге ажыратқан. Бірі – қайым өлең, екіншісі – қара өлең. Әдет-салт айтыстары «аса ескісі, жекелеген айтыс емес, топ-топ болып айтысқан, салттан туған, ескілікті наным әдеттерден туған айтыс» деп, бұл айтыстарды діни салт айтыстарына (бәдік), үйлену салт айтыстарына (жар-жар) жіктеген. «... әдет-салт айтыстарында «жеңу», «жеңілу» сияқты қорытындылар болмайды» дейді. Ақындар айтысына тусуші ақындардың өзіндік стилі, ерекшеліктері болғанымен, көп ақындарға тән тақырыптар, мотивтер болатынын

айта келіп, ең алдымен көп жағдайда ақындар алдымен өздерін мадақтайтынын, белгілі бір ру, тайпаның мүддесін көздейтіндігін, белгілі бір әлеуметтік топтың жоқшысы болатындығын айтады. Бір топ ақындар ауқатты үстем тап өкілдерінің мүддесін көздесе, екінші бір топ ақындардың жалпы халық мүддесіне жақын тұратынын мысалдармен дәлелдеген.

Бұл еңбекте Жамбыл, Құлмамбет, Майкөт, Сүйінбай, Біржан-Сара айтыстарына баға беріліп талданған. Тараудың соңында діни айтыстардың табиғатына тоқталады. «Қазақ әдебиеті тарихының» 1-томының 2-кітабындағы «Айтыс» тарауында кеңес дәуіріндегі айтыстар қаралады. Бұл дәуірдегі айтыстың дәстүрлі айтыспен қарым-қатынасы, ұқсайтын, ұқсамайтын жақтары қарастырылып, осы ерекшеліктерді тудыратын себептер айтылған. Қоғамдағы ірі өзгерістерге, белгілі оқиғаларға байланысты жаңа тақырыптардың тууы, ақындардың өзіне баға берудегі өзгешеліктер, жаңа жағдай туғызған ақындық этика нормалары, шаруашылық мәселелерін тақырып ету, белгілі оқиға, тақырыпқа бейімдеп айтысу, жазып айтысу тағы басқа айтыс проблемаларын Әуезовтің зерттеулерінен көреміз. Кеңес өкіметі кезіндегі ақындар айтысы туралы ойларын сол кездегі идеологиялық талаптарға сәйкес талдаған жерлері де бар. Иса Байзақов, Шашубай Қошқарбаев, Нұрлыбек Баймуратов, Көшен Елеуов, Нартай Бекежанов тағы басқа ақындардың айтыскерлік ерекшеліктеріне жан-жақты баға берілген. Әуезов 1943 жылы Алматыда өткен 1-республикалық ақындар айтысына ғылыми қорытынды жасап, баға берді. 1961 жылы өткен халық ақындарының республикалық мәслихатын да басқарады. Осы күнге дейін Әуезовтің айтыс жанры туралы, әсіресе айтыс поэтикасы туралы зерттеулері қазақ әдебиеттану ғылымындағы ең озық еңбектер болып саналады.

«Айтыс өлеңдері» – жазушының құнды зерттеу еңбегі. 1948 жылы шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихына» (1-том, 237-267-беттер) арнап жазған. Кейін Әуезовтің «Әр жылдар ойлары» атты (1959, 318-359-беттер), 12 томдық (11-том, 1969, 421-471-беттер), 20 томдық (17-том, 1985, 279-336-беттер) шығармалар жинағына енген. Ал 1960 жылы шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихына» (1-том, 1-кітап, 671-714-беттер) енген нұсқасында айтыс өлеңдерінің жиналып, зерттелуі жайлы және басқа аздаған толықтырулар қосылған. 1948 жылы нұсқадағы «Совет ақындарының айтысы» атты тарауы «Қазақ әдебиетінің тарихы» 1-том, 2-кітабына (1964, 194-240-беттер) «Айтыс» деген атаумен еніп, оны О. Нұрмағамбетова жалғастырып, толықтырған. Айтыс

өлеңдері туралы Әуезов алғаш рет 1927 жылы шыққан «Әдебиет тарихы» кітабында және 1939-1940 жылдары Л. Соболевпен бірге жазған «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» («Эпос и фольклор казахского народа») атты еңбегінде қысқаша тоқталған. Әуезов кейінгі зерттеуінде айтыс өлеңдерінің жиналып, зерттелу тарихына және басқа халықтардың ауыз әдебиетінде кездесетін кейбір ұқсас жанрларына қысқаша шолу жасап, қазақ айтыс өлеңдерінің өзіндік әр алуан ерекшелік, өзгешеліктерін ашып айқындайды. Айтыс өлеңдері ауыз әдебиетінің сонау ескі замандардан келе жатқан ең көне әрі кең тараған мол түрі болумен қатар, онда халық театр өнерінің де «анық, дәл ұрығы бар деуге болады» деген пікір айтады. Айтыс өлеңдерін автор әдет-салт айтысы және ақындар айтысы деп, үлкен екі түрге бөліп, әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, талдаулар жасайды. Әдет-салт айтысын өте ескіден келе жатқан түрлі наным, салттан туған, топ-топ болып айтысатын «бәдік айтыс» және «жар-жар» деп екі түрге бөліп қарастырады.

Ақындар айтысын сыртқы көлеміне, түр ерекшелігіне қарай «түре айтыс» және «сүре айтыс» деп екі топқа бөліп, түре айтыстың өзін «қайым өлең», «қара өлең» деп екі үлгіге жіктейді. Мұнда жазушы айтыс өнерінің жүйірігі ретінде аты шыққан Біржан, Сара, Майкөт, Сүйінбай, Құлмамбет, Шөже, Жамбыл, Әсет, Ырысжан, Кемпірбай, Шәді төре, Манат қыз, Түбек тағы басқа ақындар айтысының кейбір үлгілеріне тоқталған.

Айтыс – ақынның талантын шындайтын үлкен өнер жарысы. Өткен ғасырда Жанақ, Сабырбай, Шөже, Сүйінбай сияқты ғажайып айтыс ақындары болған. Бұл үлкен дәстүрді қазір Әсия, Әселхан, Қонысбай, Баянғали, Әлфия, Абаш, Мұхамеджан сияқты айтыс ақындары жалғастырып келе жатыр [4].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Алаш, 2003.
- 2 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: DPS, 2011.
- 3 Мұхтар Әуезов энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 2011.
- 4 Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2005.

ЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ И КУЛЬТУРНЫЙ КОМПОНЕНТЫ НАИМЕНОВАНИЙ ДЕРЕВЬЕВ В РУССКОМ ЯЗЫКЕ

МУЗЫКА А. В.

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

ПОПОВИЧ О. А.

к.ф.н., доцент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Вопрос о связи языков и культур различных народов впервые был затронут ещё Вильгельмом фон Гумбольдтом в XIX веке, и сегодня по-прежнему очень актуален. Глобализация сегодня занимает одну из ключевых позиций общества, поэтому данный вопрос уже имеет своё собственное направление в лингвистике. Большая часть современных учёных сходится в том, что язык, будучи социальным явлением, может и должен рассматриваться не только с чисто лингвистической точки зрения, но и с культурологической, поскольку он сам – часть культуры, «зеркало», которое отражает её своеобразие.

Одной из важнейших функций языка является кумулятивная, которая позволяет накапливать и хранить в вербальной форме весь опыт нации. Не вызывает сомнения тот факт, что культура народа отражается в языке как на лексическом, так и на грамматическом уровне. Однако наиболее ярко данная функция языка проявляет себя в лексике, поскольку именно словарный состав языка отражает фрагменты социального опыта, связанные с повседневной жизнедеятельностью этноса.

Национальная специфика в семантике языковых единиц является результатом влияния экстралингвистических факторов – культурных и исторических особенностей развития народа. Каждый язык обладает определённым количеством единиц с национально-культурным компонентом значения. Впервые о национально-культурном компоненте значения упоминает русский лингвист Н. Г. Комлев. Согласно его мнению, в слове помимо информации о предмете содержится и некий социальный фон, ассоциирующийся с этим словом. Некоторые слоёв лексики наиболее ярко выражают национальное своеобразие данной лингвокультуры.

Большое количество трудов посвящается сегодня данному вопросу. Проявления взаимодействия языка и культуры рассматриваются на всех языковых уровнях – от фонетического до текстового.

В данной работе представлены результаты исследований лексических единиц, входящих в тематическую группу «деревья»

в русском языке. Представленная группа интересна для нас тем, что определённый пласт слов является лингвокультурами – комплексными межуровневыми единицами, представляющими собой диалектическое единство лингвистического и экстралингвистического компонентов.

В процессе исследования нами было рассмотрено 48 лексических единиц данной тематической группы. Этимологический анализ показал, что 60 % наименований (28 лексем) данной тематической группы являются исконными, 40 % наименований (20 лексем) являются заимствованными (таблица 1). Большая часть слов данной тематической группы с позиции современного русского языка является производными наименованиями.

Таблица 1– Происхождение наименований деревьев в русском языке

Исконные		Заемствованные
Индоевропейские	Общеславянские	
Берёза	Багряник	Абрикос (голл.)
Бук	Восковница	Айлант (лат.)
Вишня	Ель	Акация (лат.)
Вяз	Клён	Альбиция (лат.)
Граб	Липа	Гимнокладус (лат.)
Дуб	Лиственница	Гледичия (лат.)
Ива	Ольха	Дзельква (лат.)
Каштан	Осина	Карагач (тур.)
Кипарис	Рябина	Катальпа (лат.)
Кедр	Сосна	Либодедрус (лат.)
Можжевельник	Тополь	Магнолия (лат.)
Хмелеграб	Чёрмуха	Пихта (нем.)
Черешня	Шелковица	Платан (лат.)
Ясень	Яблоня	Псевдотсуга (лат.)
		Самшит (пер.)
		Сирень (нем.)
		Софора (лат.)
		Сумах (нем.)
		Таксодий (лат.)
		Туя (лат.)

Большая часть исконных наименований данной тематической группы содержит лингвокультурный компонент.

Исследователи отмечают, что наименования деревьев интересны в этом плане тем, что в них лучше всего обнаруживается взаимосвязь природы и культуры, так как именно в растениях «с какой-то удивительной простотой выступают изначальные закономерности бытия» (М. Эпштейн). Следовательно, отношение

к природе, отраженное в зеркале мифологии, фольклора и поэзии, можно считать и феноменом языка, и феноменом культуры [1].

В. А. Маслова отмечает, что в основе сакрализации деревьев древними лежит архетип дерева-тотема [1, с. 116]. Архетип Мирового дерева символизирует связь низа и верха, подземной, земной и небесных сфер, земного (греховного, телесного) и небесного (священного, духовного) начал; единство животных, людей, мифических существ и богов. Кроме того, он несет в себе семантику роста, развития, приобщения к высшей мудрости, истинному знанию и добру.

В мифологических представлениях восточных славян центральное место принадлежит дубу. В древности дуб был одним из наиболее почитаемых деревьев не только у славян, но и многих других европейских народов.

В мифологической системе славян дуб связывался с культом бога грома и молнии Перуна.

В мифологических представлениях, нашедших отражение в фольклорных текстах, дуб воплощает образ мирового древа, которое являет собой модель мирового пространства. Ветви, ствол и корни мирового древа соединяют, соответственно, верхний, средний и нижний миры, а ветви – стороны света. Именно так выглядит дуб в русском заговоре: «Есть святое Акиян море, на том море остров, на том острове стоит дуб, от земли до небес, от востоку и до западу, от молодца месяца и до ветху» Как мировое дерево дуб изображается и в русской загадке о мире, небесах и солнце: «Стоит дуб-вертодуб, на том дубе-стародубе сидит птица-веретеница; никто ее не поймает: ни царь, ни царица, ни красная девица».

Ранние свидетельства о почитании дуба у славян относятся к X-XII векам. Константин Багрянородный в трактате «Об управлении государством», написанном в середине X века, описывает жертвоприношения россов около священного дуба на острове Хортица (остров Св. Георгия).

Представление о виде священных деревьев древних времен также дают археологические находки XX века. Одной из них является причудливый мореный дуб, обнаруженный в 1975 году при расчистке русла Днепра.

Интересным является происхождение слова «дуб». Первоначально это слово обозначало дерево вообще. Не случайно происходящие от него слова дубина, дубинушка относятся не только

к дубовой палке. Ср. также полабское *jablkodaþ*, которое имеет значение «яблоня».

По мнению М. Фасмера, в этимологии слова «дуб», по-видимому, следует исходить из **dombros* от **dom-gos*, которое могло развиваться в праславянском в основу на -и под влиянием какого-либо другого названия дерева (например, **dubъ* или **grabъ*, как **grabъ* по аналогии **dobъ*). Первоначально корень этого слова связан с греч. *δέμω* «строю», дреснеисландским *timbr*, англосакским *timber*, древневерхненемецким *zimbar* «строительный лес, деревянное строение, жилище, комната», готским *timþjan* «строить, сооружать». Таким образом, этимология слова «дуб» подтверждает значимость обозначаемого данным словом реалии объективной действительности.

По одной из версий, слово «берёза» появилось в VII веке и произошло от глагола «беречь». Во все времена язычества у древних у древних славян было божество, которое считалось матерью всех духов – Бергиня, а поклонялись ей в образе священного белого дерева – березы. Со временем берёза стала особо почитаться на «русалиях» – празднествах в честь бергинь (русалок).

Одним из интересных также является наименование «береза». Берёза в мифологии славян представляет одну из спутниц Макоши – Доль (Счастье, Среча, Жива и др. ипостаси), отвечающую за возобновление и продолжение жизни на Руси, бракосочетание, рождение новых Русов. В этом значении берёза отражает женскую символику, включая символизм Русалки – Матери русов. Берёза – символ Руси и России, ассоциируется с живой водой. Береза также является символом молодости, чистоты. Образ березы в русском фольклоре часто связан с образом молодой девушки.

По мнению М. Фасмера, лексема «берёза» имеет более древнее происхождение – индоевропейское, об этом свидетельствует то, что в современных славянских языках это слово имеет сходное звучание: белорусское *бяро́за*, украинское *бері́за*, болгарское *бре́за*, сербохорватское *бре́за*, словенское *bréza*, чешское *bříza*, польское *brzoza*, верхнелужицкое *brěza*, нижнелужицкое *brjaza*. В свою очередь, можно проследить более древнюю основу ж. р. на -о: литовское *bėržas*, древнепрусское *berse*, латышское *bērgs*, древнеиндийское *bhūgjas* «вид березы», осетинское *bærz(æ)* «береза», древнеисландское *björk* ж. «береза», древневерхненемецкое *birihha* «береза»; далее родственно албанскому *bardh* «белый», готскому *baihrhts* «светлый, блестящий». Таким образом, мы приходим к выводу.

что лексема «берёза» имеет индоевропейское происхождение и её первоначальное значение отличалось от современного.

Весьма важным является также тот факт, что, кроме лингвокультурологического компонента, слова тематической группы «деревья» также имеют концептуальное содержание. Это связано с тем, что дерево в русской культуре является одним из базовых концептов и определяется его исключительной ролью в жизни человека. Истоки сакрализации дерева связаны с растительным тотемизмом, возникшим в древности и закрепившемся в мифах, фольклоре, поэзии [1].

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Маслова В.А. Лингвокультурология. – М.: Академия, 2001. – 208с.
- 2 Красс Н.А. Концепт дерева в лексико-фразеологической семантике русского языка: На материале мифологии, фольклора и поэзии. - М., 2000.
- 3 Воробьев В.В. О статусе лингвокультурологии // Материалы XI Конгресса МАПРЯЛ. – М., 1999.

ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АБАЙ ДӘСТҮРІНІҢ ЫҚПАЛЫ

МҰҚАНОВА Ұ. А., ЕРҒАЛИ Қ.
студенттер, М. Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ.
ҚАДЫРОВ Ж. Т.
ф.ғ.к., М. Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ.

Шәкәрім Құдайбердиев – кейінгі тарихи кезеңде, яғни ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінде көркем өнер алдындағы ауыр жүктің салмақты бөлігін көтеріп, оны тиісті көркемдік-идеялық дәрежеде, мөлшерде бейнелеген үлкен суреткер, жаңашыл, ізденгіш ақын. Ш. Құдайбердиевте Сұлтанмахмұт Торайғыров сияқты, өз заманының әдебиетке деген жаңаша талап-тілегін және әдебиеттің алдына дәуір қойып отырған күрделі мәселелерді ұсақтатпай, оны кесек ойлар, суреттеулер, көркем туындылар арқылы шешудің қажеттігін жетік түсінген, ақындық мәдениеті мол,

ойшыл қаламгер. Кезінде әдебиетімізге үлкен үлес боп қосылған оның поэмалары, міне, осы өреде туған. Бұл айтылғандардан, әрине, Шәкәрім Құдайбердіұлының ақындық өнерінде, қоғамдық, көркемдік ой-пікірлерінде қайшылық, кемшіліктер жоқ екен деген пікір тумасқа тиіс. Өмірге өте күрделі бұл суреткердің аяғын шалыс басқан кездері де мол. Ол өзінің халқымен, қауымымен бірге өсіп, солардың әрқайсысы көрген, кездестірген қайшылықтарды, қиыншылықтарды бірге өткізіскен адам. Оның жеке өз басына, творчествосына тән қате-кемшіліктердің өзі де осы үлкен мақсатқа жету жолдағы ізденуден, әрбір қадамын заманмен, халықпен бірге алу талабынан туған. Ізденудің барлық уақытта бірдей сәтті, нәтижелі бола бермейтіні белгілі. «Ақиқатты іздемеген адам қателеспейді де. Бірақ, бұл ешкімді қызықтырмақ та емес» [1, 47 б.].

Шәкәрім Құдайбердіұлының поэмаларына ортақ қасиеттерді сөз еткенде, алдымен олардың адам бойындағы ең қымбат, ең абзал қасиет – махаббат тақырыбына байланысты екенін айту қажет. Бірақ, бұл махаббат ақын ұзақ уақыт бойы творчестволық байланыс жасаған шығыстың классикалық әдебиетіндегі арманмен, қиялмен, мистикамен ұштасып жатқан көктегі махаббат емес, кәдімгі жұрттың көбіне тән, қоғамдық өмірдің қатпар-қатпар шындығын ашуға негізделген махаббат. Бұл жағынан алғанда махаббат ақын үшін қоғамдық тұрмысты зерттеуге, білуге батыл қадам жасаған көркемдік құралы, тәсілі ретінде жемісті қызмет еткен. Ол махаббат бостандығын дін жолымен байланыстырса да, бұл оның аса салмақты саласы ретінде көрінеді, танылады. Адамды сүюді, әділдікті, адамдықты ардақтауды өмір бойы уағыздаған ақын, сөйтіп, махаббат сияқты мәңгі жас, мәңгі жаңа тақырыпқа өзінше келіп, өзінше жырлады. Бұл үшін оны жазғыруға болмайды. Керісінше, оның сыры мен сипатын айыра танып, ұғына білу, тиісінше бағалау ғылым үшін абыройлы міндет.

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» поэмалары ұлы сыншының поэмаға қойған негізгі талаптарына лайықты жауап береді.

Ақын поэмаларының қайсысы да халқымыздың арғы-бергі тарихындағы белгілі аңыз-әңгімелердің негізінде туған. Бірақ, бұл оның шығармаларында қоғамдық шындықты мол қамтып, өмір, болашақ туралы өз идеяларын нақты білдіруіне, кесек-кесек әдеби тұлғалар жасауына кедергі келтірмеген. Өмірде болған жеке оқиғаның төңірегін алыстап, ақындық қиялдың өріне өрлегенде, ол қоғамдық шындықты, өмір ақиқатын шебер білдіретін жинақтаушы

келелі ойлар, көркем бейнелер жасау биігіне сәтті көтеріледі. Ақын поэмаларына ойшылдық пен шешендік тән. Тапқыр айтылған аз сөздерден мол мағыналар орын тауып, шығарма мазмұнын тереңдетіп, күрделендіре түсіп отырады.

Әдебиетіміздің күрделі жанрына, оның ішінде поэма саласына көптеген көркемдік тәсілдер Шәкәрімнің осы шығармалары арқылы келіп, кейінгі тұста орныға, қанат жая түсті. Бұл ретте, әсіресе, адам портретін жасау, психологиялық мінездемелер беру, диалог, монолог арқылы кейіпкерлерді даралау, ұнамды, ұнамсыз кейіпкерлер жасау, шығарманың сюжеттік, композициялық желісін өмір шындығына лайықтап, тартымды түрде құра білу т.т. айтуға болады.

Шәкәрім шығармаларының архитектуралық біркелкі және қарапайым. Алдымен автор шығарма прологында ұстанған принципі мен оқиғаның тарихын таныстырады, кейін эпилог ретінде берген қысқаша қорытындысында өзі айтпақ идеяны айқындап, нақтылай түседі. Бұл байырғы, көне тәсіл өз тұсындағы оқушысының әдеби талап-талғамына толық үндесумен, жауап беру мен қатар, ақынның ақындық шабытына да ешқандай салмақ салып, кедергі келтірмегенге ұқсайды.

Ақынның поэма негіздерін халық тарихындағы аңыз-әңгімелерден алуын – оның «Өткен істен адамзат үлгі алмақ» деген ағартушылық идеяларымен байланысты тану қажет. Поэмалары арқылы ол оқушысына өткенді білдіру, өз тұсын таныту, болашағын аңарту сияқты мақсаттарын жеткізуді көздеген. Бұл, басқаша айтқанда, талантты ақынның «Өмір оқулығын» жасауға өз жолы, өз бетімен келуі еді. Осы айтылғандардың түйіні Шәкәрім поэмаларының үлкен әдебиет жасау тәрізді игі тілек-мақсаттан туғанын білдіреді.

Шәкәрім өз ұстазы Абайдың толық адам іліміне терең мән бере отырып, өз шығармаларында ұждан мәселесіне ерекше тоқталып өтетіні бар. Ол XI ғасырда жазылған Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу біліг» дастанымен жете танысып, ондағы жауәнмәрттік іліміне назар аударған, Йасауидің кемел адам туралы хал ілімін де білген. Абайдың толық адам ілімінің арғы түп төркіні осы аталып өткен шығармалардан желі тартып, өз заманы шындығына орай қазақ әдебиеті тарихында тың тақырып болып енген толық адам ілімін қалыптастырды. Осы ілімнен идеялық бағыт-бағдар алған Шәкәрім адамды рухани тазалық жолына түсіретін:

Ар түзейтін бір ғылым табылмаса,

Зұлымдықты ешқашан әділ жеңбес [2, 209 б.] – деген қорытынды ойға келді. Өйткені білімді жұрт, өркениетті ел

деген Еуропаның өзі (ар түзейтін ғылымы жоқ болғандықтан) хайуандықтан шыға алмай отырғанын атап өтеді, сонымен қатар:

XX ғасырдың адамынан

Анық, таза бір елді көрмей өттім [2, 209 б.], – деп, ауыр да өткір сын айтып «мылтық билеп тұрғанда, әділет жоқ», – деп отаршыл басқыншы елден, бар табысын адамды қыратын, басқыншылық жасайтын қару-жарақ ойлап табуға жұмсауы – әділеттіліктен алыс кетуі деп қараған.

Жантану ілімі Абай мен Шәкәрім мұрасындағы философиялық лирикалары мен қара сөздерінде желі тартады. Жантану ілімі жайында Жүсіп Баласағұн мен Йасауи шығармаларында теологиялық тұрғыдан тереңірек қарастырылса, ХҮ-ХҮІІІ ғғ. Қазақтың ауызша жырланған поэзиясында да тікелей болмаса да, жанама түрде ой-пікірлер айтылып табиғи жалғастық тауып келген. Ал ХІХ ғасыр аяғы мен ХХ ғасыр басында жантану ілімі Абай мен Шәкәрім мұрасының өзекті желісінің ғылыми рухани кілтін айналып, өз заманының шырқау биігіне көтерілді. Абайдағы:

Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі,

«Мені» мен «менікінің» мағынасы – екі.

«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,

«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі [3, 28 б.], – деп, «мен»,

яғни, жан өлмейді, ал тән өледі деген байлам жасалады. Жан туралы Абай танымы екі түрлі. Біріншісі – 27 қара сөзде жан өлмейді деген таным дәстүрлі діндерде айтылатын дәстүрлі танымы тұрғысынан тән өлсе де, жан өлмейді делінеді. Екіншісі – Абай бес сезім мен жанның қуаты арқылы жинақталған іштегі ой қазынасы өнердің бір түрі арқылы сыртқа шығып, ол ой қазынаның иесі (тәні) өлсе де, оның рухани ой қазынасы ретінде ақындық өнердің қуатымен сыртқа шығып, мәңгілік рухани азық көзі болып қалады екен. өзінен кейінгі ұрпақтардың рухани жан азығына айналады. Осы себепті де Абай:

«Өлді деуге сыя ма, ойландаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған», – деп, рухани ой қазынасына айналған жанның не себепті өлмейтініне мән бере қараған. Ал, Шәкәрім болса, осы идеяны жаңа қырынан көрсетуге ұмтыла отырып:

Фибрат қылар артына із қалдырсаң –

Шын бақыт, осыны ұқ,

Мәңгілік өлмейсін, – деп өзіндік ой-байламын жасап отыр.

«Адам жаны қайдан келді?» деген мәселеге Абай да, Шәкәрім де ерекше мән бере қараған. Абай 27 қара сөзінде осы мәселе

төңірегінде ой жүгіртеді: «Жә, сен бұл ақылға қайдан ие болдың? Әрине, қайдан келсе де, жан деген нәрсе келді де, сонан соң ие болдың» [3, 179 б.], – деп ақыл мен жанның ара қатысы жайлы пікір көтереді. Осы ойдың желісін Шәкәрім нақтылай дамытып, жан ұғымына тереңдей отырып, өзінің тынымсыз ізденуден туған жаңаша ой-танымын оқырман назарына ұсынғанда жан күннің нұрынан келген деген өзіндік жаңаша танымын ұсынады:

«Жанымыз күннен келген нұрдан,

Тәніміз топырақ пенен судан.

Күн – атам, анық жер – анам...

Кетеді жаным күнге таман,

Жазықсыз болса, барады аман,

Қиянат істі қылмаған, – деп жанның көп қырлы сырын аша отырып, жанның мәңгі өлмейтіні жайлы ой-танымын бар болмысымен алдымызға жайып салады.

Шәкәрім Құдайбердіұлы қазақ философиясындағы шоқтығы биік тұлға... Поэзияға тән көркемдікті сақтай, сабақтай отырып, әрбір сөзге осыншама терең мазмұн, мағына жүктеу Шәкәрімдей әрі талантты ақын, әрі ойшыл, философ адамның ғана қолынан келетін іс. Ақынның сол аз сөзге сыйғызған мол мағынасын қарасөзге айналдырғанның өзінде, айтып жеткізу өте қиын. Ол қазақ сөзін үлкен ой, салмақты түйіндер жасауға орнымен, лайығымен жұмсайды, сөйтіп, ұлы Абайдың осы саладағы игі дәстүрін онан әрі жалғастырып, жандандыра түседі. Қазақтың өлең сөзіне Абай енгізген тереңдік, ойлылық Шәкәрім шығармаларында өзгеше мағынасын тауып, философиялық бояуын едәуір қоюландырды.

Шәкәрім қазақ халқының дәл сол тұстағы тұрмыс-ахуалын, жай-күйін нақты байыптайды. Абай бедерлеген өмір суретін кеңейте, айқындай түседі. Қуы алдап, сұмы еліріп, байы бас қамын ғана күйттеген, игі жақсылар дау-дамай ғана қуған елдің бүгінгі тірлігі тым сұрықсыз. Батыстың оқу, ғылымынан, өнер-білімінен махрұм жұрттың тура жолға түсер, оналар түрі көрінбейді.

Ойда жоқ өнер біліп жол табайын,

Жалмауға жалықпайды өз маңайын.

Мұның түбі не болар деген жан жоқ,

Ұрлық, ұрыс, араздық күнде дайын, – дейді төңірегінен түнілген ақын. Абай: «Өз бетіңмен түзелер дей алмаймын, – Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың», – деп еді. Сөйте тұра заманды өзгертпесе де, адамды түзеуге күш салған. Шәкәрім де сүйектен өтер ащы сөзін, ақиқат сырын айта отырып, туған халқын бақытқа жеткізер

амал іздейді. «Қазағым, қам ойлаң, – Сен де адам едің ғой!» – деп зар шеккенде ұсынар жолы – ағартушылық. Ғылым – жұрттың бәрін сусындатар шалқар көл, халықты бақытқа, байлыққа бөлер таусылмас кең, рухани дерт атаулының бәрін аластайтын, елге қуат, күш беретін дәру. Күнбатыс халықтарын қуат-қүдіретке жеткізген ғылым-білімді игерсе, қазақ та тарих көшіне ілеспек, басқалармен басы теңеспек. Ал ғылым-білімді игеру үшін жас балаларды жаңаша оқыту қажет.

Ақын туған халқын жарық сөулеге үндеумен ғана шектелмейді. Ел тірлігіндегі кеселді құбылыстарды ашады, алға жылжуға бөгесін, кертартпа сананы әшкерелейді, діни және рухани соқырлықтың мән-мағынасын ашуға тырысады. Адам баласының басқа тіршілік иелерінен айырым белгілерін сөз етеді. Адамның өзгеше болмыс-бітімін, оның ақыл-ойын ғана емес, түйсік-сезімін, тіпті физиологиялық ерекшеліктерін де өлеңге арқау етеді. Еуропа ғылымының адамтану саласындағы жетістіктерін көпшілік алдына тартуды мұрат тұтады. Ақын шығармашылығындағы, қазіргі оқырманға әншейін ақылгөйлік көрінуі де мүмкін осындай сыпаттардың өзі қазақ халқының қоғамдық ойының даму жолындағы үлкен белесі еді.

Батыстың отаршыл мемлекеттерінің түпкі саясатын нақты тану, әсіресе бірінші дүние жүзілік соғыс тек Шәкәрімге ғана емес, сол тұстағы ағартушылық жолын ұстанған бүкіл қазақ зиялысына қатты әсер еткен еді.

Шәкәрім білім-ғылымның қадір-қасиетін кеш түсінсе де өз бетімен оқып, үйреніп, рухани қазыналарға көп үңілген. Мінезінің даралығы мен алғырлығы алған бетінен қайтпайтындығын анық байқатады.

Ақынның бойын билеген ой талант, орнықты қиял, білмегенін білуге асыққан күштарлығы өмірінің соңына дейін сақталғаны таңғажайып. Адамның осындай ерекше мінезі туралы: «Дүниедегі бүкіл ләззат екінші мәртәбада қалып, бір ғана хақты таппақ, әрбір нәрсенің себебін таппақпенен ләззаттанады», – деген Абай. Осы тақылеттес мінез келешек руханият зерттеушісі, дербес ойдың, асқан ақылының иесі Шәкәрімге тән болса керек.

«Қош» деген өлеңінде Шәкәрім жасынан білім ала алмағанына өкініш білдіргені рас.

Жас өтті тынымсыз
Өнерсіз, ғылымсыз
Надандық жолымен

Кеттім-ау білімсіз.

Ойына не келсе, соны істеп ғылымсыз өстім деп жастық кездің желіктерін ол кейін өкіне еске алады.

Әрине, ақынның бұл өкініші ғылым тұрғысынан қарағандағы өткен жастық шағын бағалауы. Ол жеті жасында әкеден жетім қалған тұрмыс таукіметінен туған дәрменсіздік салдары.

Алайда, ұлы ғұламаны балалық шағында білім мен өнерден мүлдем хабарсыз болды деп ойлау қисынсыз және оны кесіп айта алмаймыз. Шәкәрімнің бала кезінен хат танып, өз талабымен өнердің әр түрін үйренуге бет қойғанын харекет екенін ескермеуімізге болмайды. Шәкәрімнің табиғи ақындық қуатын, өнер-білімге күштарлық қасиетін және зор қабілетін ерте танып ерекше бағалаған – Абай.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы, Ана тілі, 1999. – 247 б.
- 2 Құдайбердиев Ш. Шығармалары. Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. – А., «Ана тілі», 1988 ж. – 560 б.
- 3 Абай шығармалары. I т. – Алматы, 1995. – 225 б.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АРНА

МҰХТАР Н. С., ҚОБЛАН А. Қ.
студенттер, М. Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ.
ҚАДЫРОВ Ж. Т.
ф.ғ.к., М. Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ.

Мағжан Жұмабаев – қазақ халқының ғана емес, исі түркі дүниесінің ұлы дауылпазы. Оның ашық түрікшілді ұрандағы жырлары көптеп кездеседі. Мағжан – халқын шексіз сүйген адам. Оған ақынның мына пікірін мысал ете аламыз: «Міне, алашты халық десек, халықты шын сүйген адам «жарты жоңқасы» қалғанша халық үшін қызмет етуге тиіс. Өз елін сүю дегеннен адам өз халқынан басқа халықтарды мейлінше жек көрсін, басқа халықтарға қасқыр болып тисін деген сөз шықпайды. Бұлай болса, жер қанға тұншығып, бұзақылық белең алып, жауыздық өрлеп, жер жүзінде тыныш тұрмыс болмас еді» [1].

Мағжанның өсиет сөзінен-ақ халқын сүйгендігін, бірақ та ұлтшыл болмау керек екендігін көреміз. Олай болса, ақынға тағылған «ұлтшыл» деген айыпты жоққа шығаруға болады. Ақынның ұлтын, халқын, жерін сүйгендігі «Сүйемін» деген өлеңінде көрініп тұр.

Бірге жусап, бірге өрген.
Алаш деген елім бар,
Неге екенін білмеймін,
Сол елімді сүйемін! [2, 61 б.].

Ақын осы жыр жолдары арқылы халқының қандай қасиеттері, жетіспеушіліктері болса – болсын сол елін сүйетіндігін ашық та, айқын көрсете білген. Мағжан түсінігінде Отанына деген сүйіспеншілік халық үшін қандай да бір құрбандылыққа баруға апарады. Өзі соның құрбаны да болды. Оның Қазақстанның өз алдына дербес мемлекет бола алатынына сол кезде-ақ көзі жеткен болатын [3, 114 б.].

Әсіресе, Мағжанның осы ойлары «Түркістан» өлеңінен көрінеді.

Түркістан – екі дүние есігі ғой,
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған,
Түріктің тәңірі берген нәсібі ғой [2, 215 б.].

Мағжан Жұмабаев «Түркістан» өлеңінде тек қазақты ғана емес, заты түркі халықтарының барлығын сөз етіп, сол кезде осы Түркістанда барлық Тұран мемлекеті болғаны туралы айтады.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім туып-өскен.
Тұранның тағдыры бар толқымалы,
Басынан көп тамаша күндер кешкен [2, 215 б.].

Мағжан Жұмабаев сол кездегі өткен күндерді сағынады. Сол кездегідей барлық түркі халқы бір болса деген ойға барады.

Тұранда түрік ойнаған ұсап отқа,
Түріктен басқа от болып жан туып па?
Көп түрік енші алысып тарасқанда,
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па? [2, 218 б.].

Міне, осы Тұран барлық түркі халықтарына бір болған кездерде қандай болғанын, түркілер басқа халықтардан дарынды болған деп суреттейді. Мағжанның өз жерін қатты сүйгенін осы өлең шумақтарынан көруге болады. Мысалы:

Тұранның теңіз дерлік көлдері бар,
Шалқыған шегі-шетсіз Теңіз, Арал.
Бір шетте қасиетті Ыстықкөлдің,
Бауырында дүние көрген түрік көкжал [2, 216 б.].

Немесе:

Балқашты бауырына алған Тарбағатай,
Жоталы, жер кіндігі – Памир, Алтай.
Қазықұрт қасиетті тау болмаса,
Толпанда Нұқ кемесі тоқтар қалай? [2, 216 б.].

Осы өлең жолдарынан кейін Мағжанды елін, жерін сүймеген ақын деп айта да алмаймыз. Егер елін сүймеген болса, мұндай өлең жолдарын жазбас еді.

Мағжан қазақ әдебиетінің өзге ел әдебиетімен тең болуын қалады. Қазақ елінің мәдениеті мешеу, тарихы белгісіз, «бұратана» ел атануына намыстана қарады. Әсіресе, қазақ төңкерісі алдындағы «қазақ халқының тарихы кірмейтін жабайы халық» деп есептеген шавинистік пиғылдағы пікірлер намысына тиді [3, 3 б.].

Осындай жағдайларға байланысты Мағжан өзінің «Түркістан» өлеңінде осы халықтың жерінен шыққан ұлы ойшыл әл-Фарабиді, Шыңғыс ханды, Ибн-Синаны ешкім жоққа шығара алмайды деген пікірге келген. Осы ойшылдар, хандар барлығы да осы Тұран елінен шыққанын көрсетеді.

Тумайды адамзатта Шыңғыстай ер,
Данышпан, тұңғық ой, болат-жігер.
Шыңғыстай арыстанның құр аты да,
Адамның жүрегіне жігер берет.

Немесе:

Тұранның билері бар Тарағатай,
Сол биден темір туған от боп ойнай.
От шашып жер жүзіне Ақсақ Темір,
Жарқ етіп өте шыққан нажағайдай.

Мағжанның осы жолдарынан оның тарихты терең білгендігін аңғарамыз. Ол қазақ, түркі халықтарының тарихын жетік білген. Егер де осындай елін, жерін сүйген болмаса ол тарихқа тереңнен қарар ма еді? Мағжан тарихты терең білгендігінің арқасында түркі халықтарынан ойшыл-ғұламалардың шыққанын да жаза кетеді:

Асыл қан – қасиетті түрік қаны,
Сол қаннан Ибн-синаӘбуғали.
Молдығыбілімініңсикырдерлік,
Дүниегемұндай Адам тудымаәлі?

Немесе:

Түріктің кім кеміткен музыкасын,
Фараби тоғыз шекті домбырасын.

Шерткенде тоқсан тоғыз түрлендіріп,
Жұбанып, кім тыймаған көздің жасын?!

Мағжанның жанын жеген уайым – қазақтың қайғысы болды. Ол ұлт қайғысын бүкіл поэзиясына арқау етті, саналы ақындық дәуірінде жазған басты шығармаларының бәрінің негізгі тақырыбы да осы болды. 1915 жылы:

Мезгілше, мейлі келсін,
Тісі батсын,
Сұр жылан өзі оятар, қатты шақсын.
Жанадан жолбарыстай ұмытармыз,
Көрелік төңіректі, тек

Таң атсын! – деп, жазған Мағжанның («Есімде... тек таң атсын!»).

Содан бері бір талай заман өтті,
Алашты улай-улай жаман етті.
Тұлпар-тулақ, ел арып аруақ боп,
Сарыарқа сайран жердің сәні кетті.
Жолбарыстар жортатын сар далада
Қорсылдаған доңыздар мекен етті, –

деуінде қаншама көп сырлар жатыр. Он жыл ішінде дүние аударылып, төңкерілсе де қазақ қайғысы бір сәт те бәсеңдемегенін көреміз. Мағжан творчествосындағы торығушылық, өмірден түңілушілік сезімдерінің пайда болуына әкеп соғады.

Ер азды, Арқа тозды, қайғы басты,
Күніреніп біздей бейбақ жыр толғайды.
Құдай-ау, мәңгілікке қарғамасаң,
Кеңедей енді неге ер тумайды?
Кеңе жоқ, ізін басар іні де жоқ.

Дарига, жүрегімді дерт улайды, – деген ақынның көңіл-күйі кім-кімге де ұғынықты болар. «Оқжетпестің қиясында» атты бұл шығармасын ол 1922 жылы жазған. Дәл сол жылы жазылған «Ертегі» поэмасында да осы сарын айқын сезіледі.

Ертеке, ертеке, ертеке, ертеке – ерте екен,
Ерте күнде ерлер екпінді өрт екен.
Хандарынан ерлерінен айрылған,
Алты алаштың жүрегінде дерт екен!

Осы екі үзіндінің өзі-ақ Мағжанның ұлт қайғысын қай дәрежеде түсінгенін айқын аңғартып тұр. Мағжанды біз қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы, өшпес із қалдырған ұлы ақын ретінде

танымыз. Бірақ Мағжан жай ақын емес, ол ұлт қайғысын өнерінің өрісіне айналдырған ақын. Мысалы, «Қазақ тілі» өлеңін алар болсақ,

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың...
Алтын Күннен бағасыз бір белгі боп,
Нұрлы жұлдыз – бабам тілі, сен қалдың!

Мағжан Жұмабаевтың бұл өлеңінде де ұлттық қайғысы көрініп тұр. Сол кезден қалған ана тілдің де жойылып бара жатқанын көрсетеді.

Мағжан поэзиясының пантүріктік, мұсылмандық бағыты империялық үкіметті қатты шошытқандығы белгілі. Оның бұл тақырыптағы поэзиясына сол кезеңдерде жылы сөз айту, жағымды пікір білдірудің өзі қиын болғандығын біз сол кездегі жазылған зерттеулерден де байқай аламыз. Мысалы, Мағжанның ең жақын сырлас, пікірлестері болған, қазақтың тағы бір аса көрнекті сөз зергері Жүсіпбек Аймауытұлының да өз мақала зерттеуі сол кездегі саясаттың ыңғайына жығыла жазғандығы аңғарылып тұр. Мағжан талантын ең алғаш танып бағалаған Жүсіпбек Аймауытұлының «Мағжанның ақындығы туралы» атты мақаласы өзінің терең пайымымен, теориялық байыптылығымен өз кезеңі түгілі, қазір де шоктығы биік тұр десек қателеспейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Аяпбергенов С. Ұлтының ұлтжанды Мағжаны. «Солтүстік Қазақстан» газеті, 2003 жыл, 17 наурыз.
- 2 Жұмабаев М. Шығармалары. (Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер) – Алматы, Жазушы, 1989. – 447 б.
- 3 Ұлттық поэзия падишасы. – Алматы, Орталық ғылыми кітапхана. 2001. – 314 б.
- 4 Бес арыс. Мағжанның ақындығы туралы. – Алматы, Жалын, 1999. – 274 б.

SEMANTIC APPROACH TO THE STUDY OF PLACE-NAMES (BASED ON RESEARCHING BRITISH COUNTY-NAMES)

NURANOVA A. A.

student, The Eurasian Humanities Institute, Astana

VOLKOVA L. V.

k.p.s., associate professor, The Eurasian Humanities Institute, Astana

The theme of the paper is «Semantic approach to the study of place-names (based on researching British county-names)». As place-names express significant historical changes throughout decades, centuries, or even millennia, it is obvious that the study of those names draws out a huge canvas of the events, which took place in certain territories. Concerning the problem of British place-names, we would draw your attention to the origins and peculiarities of British county-names, i.e. semantic features of all the counties that stretch from Lancashire to Lincolnshire, and from Yorkshire to Leicestershire. Each county-name derives from various linguistic origins: some of them have Scandinavian, Latin, French and Celtic backgrounds, other express geographical landmarks that formed the basis of each place-name. Contemporary toponymic researches have won renewed interest on the part of modern linguists. This means that the latest results of linguistic studies will fill the blank space in the problem of semantic analysis of British county-names.

All the above-mentioned provisions determine the actuality of the work.

Subject matter of the study is the British place-names. Object of the investigation is semantic significance of the British county-names.

The purpose of the work is to define semantic diversity of the English county-names that leads clearly to the study of their peculiarities and characteristics.

To achieve the purpose of the work, it is essential to perform the main tasks:

- to outline the importance of the science of toponymy in modern linguistics;
асыру барысында бұған дейінгі тәжірибелерден байқағанымыздай мәселені басқаша түсіну немесе дағдылы жағдайдан шыққысы келмеу сияқты жағдайлардың болатыны сөзсіз. Оның үстіне аталған маңызды мәселе жайлы қазақ тілінде ақпараттың тым мардымсыз болуы да бұл жағдайға өз көлеңкесін түсіруде. Мәселен ресми құжаттардан басқа, бейінді оқытуды методологиялық, педагогика-психологиялық, әлеуметтік-социологиялық тұрғыдан талқылаған мақалалар немесе іргелі еңбектер бұл күнге дейін көпшілік талқысына ұсынылған жоқ» [3, б. 13]. Кезінде Ахмет Байтұрсынов «Оқу жұмысының үш жағы үш нәрсеге тіреледі: бірі ақшаға, бірі құралға, бірі мұғалімге. Осы үш тіреу бірдей тең болса, оқу қисаңдамай, ауытқымай тұзу жүреді. Осы үшеуі тең болмағанда оқу жұмысы аумалы жүк сияқты, орнықсыз...» [2, б. 5]. Демек, қазақ тілін кәсіби салалар бойынша оқыту-үйрету жұмыстары барысында да осы үш талап орнықты болса, атап айтқанда, қазақ тілін орыс дәрісханаларында оқытатын базалық білімі бар оқытушының болуы, осы салада пайдаланылатын оқу-әдістемелік құралдар және осы бағыттағы жұмыстардың қаржыландыруы. Осы жұмыстарды орындау қазақ тілінің барлық салада толығымен дамуы мен толық түрде қолданылуына жол ашары сөзсіз. Расында, қазақ тілін кәсіби сала бойынша оқытудың өзіндік талаптары да жоқ емес. Бұл кезекте, ең алдымен, оқытушыларға қойылар талаптың саны өте көп.

Кәсіби қазақ тілден сабақ беретін оқытушы кәсіби сала терминдерін, терминдерінің аудармасын, кәсіби сөздерді, сол салада жүргізілетін құжаттар тізімін білу керек.

Сала бойынша оқытуда ең алдымен білім алушының мамандығына сәйкес маңызды тақырыптарды алу қажет. Сол тақырыпқа қажетті лексикалық минимумдарды ұсыну, оларды коммуникативтік дағдыда қолдана білуге дағдыландыру студенттің сол тақырып аясындағы сөздік қорын молайта түседі. Терминдер нақты бір салаға қатысты ұғым болғандықтан, оны меңгеру қажет. Бірінші кезекте мамандық атауларын білу қажет. Мәселен бір саланың өзінде сан алуан мамандық иелері болуы мүмкін, соларға ассоциация жасату арқылы меңгерту керек. Екіншіден оларды күнделікті өндірістік оқыту сабақтарында жиі пайдаланып отыру қажет. Сондықтан мемлекеттік тілді техникалық мамандықтарда оқыту мәселесі кәсіби қазақ тілінің оқытушысына ғана тікелей байланысты болмауы тиіс. Егерде оқушыларға өндірістік оқыту сабағы кезінде мамандығына қатысты терминдерді, қарапайым күнделікті қолданылатын амандасу, қоштасу тіркестерін айтқызса,

сол кезде оқушының кәсіби қазақ тіліне яғни мемлекеттік тілге деген құрметі мен қызығушылығы артар еді. Біздің колледжде өндірістік оқыту шеберлері сабақ барысында тақырыпқа байланысты терминдердің қазақша баламасын міндетті түрде беріп отырады. Кез келген сабақ жоспарында мамандығына қатысты құрал-саймандардың атаулары қазақша аударылады. Білім алушы шәкірттер техникалық терминдерді қайталап, сөйлеу дағдысына енгізіп тұрады.

Н. Құрман қазақ тілін кәсіби салаларда үйретудің міндеттерін былай көрсеткен: «қазақ тілін үйретудің жаңа мазмұндағы бағдарламалары әзірленуі керек. Ондағы тақырыптар кәсіби салаларға толығымен бейімделуі керек» [4, б. 8].

Қазақ тілін кәсіби салаларда үйретудің маңыздылығы:

- өзінің мамандығы аясында қажетті мәліметтерді игереді;
- өзінің болашақ кәсібі бойынша ойын толық жеткізе алады;
- өзінің қызметіне байланысты терминдердің орысша-қазақша

аудармасын, мағынасын түсінеді;

- мамандығына қатысты мәселелерді талқылай алады;

Осы аяда бірер әрекеттер жасап көрдім. Мәселен «Кәсіптік қазақ тілі» пәні бойынша құрылыс, дәнекерлеуші, автокөлікті жөндеуші, электромонтаждаушы мамандықтарына арналған терминдер жинағын құрастырып жатырмын. Себебі, осы мамандықтың оқитын студенттерге қазақ тілін сала бойынша оқытуға арналған оқулықтар жоқтың қасы. Тек бір-сараң сөздіктер бар, олардың өзі толық сын көтермейді.

Өзінің таңдаған мамандығының нағыз шебері болу үшін оқытушы термин жасаудың жолдарын үйретіп, студенттің қызығушылығын арттыруы қажет.

Бүгінгі таңда қазақ тілін мамандықпен байланыстыра үйретуге көп көңіл бөлінуде. Жоғары оқу орындарының өзгетілді дәрісханаларына қазақ тілін мамандыққа қатысты үйрету, негізінен, қарым-қатынастық (коммуникативті) тұрғыда меңгеріледі.

Кәсіби қазақ тілі оқытудағы талаптар төмендегідей ерекшеленеді:

- а) лексикалық минимумды анықтау;
- ә) кәсіби терминологияны қамту;
- б) кәсіби мазмұндағы мәтіндерді жинақтау, жасау, құрастыру;
- в) берілген мәтіндер мен тапсырма-жаттығулар, лексикалық минимум арқылы жоғары коммуникативтік уәждемені қалыптастыру;
- г) мамандыққа қатысты оқыту түрлері мен әдістеріне және ғылыми стильге үлкен талап қою;
- д) аударма сөздіктермен қатар,

түсіндірме сөздіктерді, қазақша-орысша терминологиялық сөздіктерді қолдану; е) мамандық тілін терең және жан-жақты игеру;

- д) оқу материалдарын практикалық бағытта негіздеу.

Қазақ тілін студенттердің мамандығына сай мына бағыттарда жүргізіледі:

- жалпы ғылым терминдері бойынша ғылыми ұғымдарды қалыптастыру және одан ары қарай дамыту;
- нақты мамандығына байланысты арнайы терминдер қалыптастыру;
- техникалық терминдер негізінде студенттердің техникалық ұғымдарын қалыптастыру; (ортақ терминдер бойынша).

Болашақ маман алған білімін өзінің кәсіби қызметінде пайдаланатын дәрежеде болуы тиіс. Сонымен қатар мамандықтарына қатысты ой-пікірлерін анық, нақты түрде ауызша және жазбаша жеткізу дағдысы қалыптасады. Тілді мамандыққа сай оқытуда тіл үйренушінің кәсіби тілді меңгеруіне мүмкіндік туады.

Кәсіби қазақ тілі сабақтарында терминдерді оқытудағы басты мақсат-болашақ маман қазақ тілімен қатар мамандыққа, кәсіпке байланысты атау сөздерді үйреніп, сөздік қорын байытады, терминдердің түсініктемесіне мән береді және оны келешекте қызмет барысында қолдану-олардың өз саласын жетік меңгерген маман болуына септігін тигізеді. Терминдермен жұмыс барысында сөздердің мағынасын меңгерілмейінше, еш нәтиже бермейді.

Өзінің таңдаған мамандығының нағыз шебері болу үшін оқытушы термин жасаудың жолдарын үйретіп, студенттің қызығушылығын арттыруы қажет.

Ғылым мен техникада терминдердің мәні күшті. Ғылым мен техниканың белгілі бір саласын меңгеру үшін сол салаға тән терминдердің мағынасын, ғылыми мәні мен білдіретін ұғымын жете түсіну қажет.

Термин жасауда негізгі мынадай тілдік тәсілдердің басты нысанаға алынатындығы баршамызға аян. Біріншіден қазақтың өз сөздерін термин қатарына тарту, екіншіден, туыстас түркі тілдерінің сөздік қорын және озық тәжірибелерін пайдалану, үшіншіден, халықаралық терминдерді алғанда тіліміздің дыбыстық ерекшеліктерін ескеру [6, б. 2].

Терминдер түрлі жолдармен жасалады.

1 Әдеби тілде бұрыннан бар кейбір төл сөздер терминдік мағына алып, белгілі саланың терминологиясына телінеді де, сонда әбден орнығып қалыптасады. Мысалы, қазақ тіліндегі айналым (оборот),

күн (стоимость), нұсқау (инструкция) т.б сөздер білімнің әр саласында қолданылатын термин сөздерге айналып, қалыптасып кетті.

2 Ғылым мен техниканың алуан түрлі салаларында қатысты терминдердің ішінде дүниежүзіндегі тілдердің бәріне ортақ көптеген терминдер сөздердің халықаралық қоры болып саналады да, интернационалдық терминдер деп аталады. Мысалы, роман, дирижер, циклон, поэма, синтаксис, т.б.

3 Терминдердің туынды түрлерін қабылдау қажет болғанда, олардың түбір тұлғасы аударылмай, сол қалпында қабылданады да, ал кейбіреулерінің орыс тіліндегі қосымшаларының орнына қазақ тілінде сайма-сай келетін қосымшалар жалғанады. Мысалы, аграрный-аграрлық, редактировать-редакциялау, т.б.

Мамандыққа қатысты сөздік қорды байыту дегеніміз – мамандыққа қатысты лексикалық единицалар мен терминдердің толық түсінігін қалыптастыру. Терминдерді аударғанда сыртқы пішін ұқсастығы, қызмет бірлігі, мағыналық жақындығы болуы шарт.

Терминдерді түсіндіру, игерту мақсатында студенттердің өзара тілдік қатынас жасауы төмендегідей сөйлеу түрлері арқылы жүргізуге болады:

ұжымдық; 2) екеуара; 3) жеке-дара сөйлеу.

Студенттердің мамандығына сай сөздік қорын молайту олардың болашақ мамандығы бойынша қазақша тілдік қатынас жасауына мүмкіндік береді.

Термин сөздерді үйрету тек жалаң сөздер тізбегі беріліп, оларды көшірумен немесе жаттатумен іске аспайды. Уақыт талабына сай, кәсіби білімі жоғары, жан-жақты білікті маман тәрбиелеу үшін:

1) термин сөздерді жеке тіркесі, сөйлем, мамандыққа қатысты мәтіндер түрінде өзара бірлікте алу;

2) баспасөз материалдарымен студенттердің өз бетімен жұмыс жасауын жетілдіру;

3) алынған материалдардың тәрбиелік мақсатына баса назар аударып отыру керек [7, б. 31].

Мамандыққа, кәсіпке қатысты тіл үйрету бір жағынан осы тілді оқытудың мотивациялық аспектілерін кеңейтуді көздесе, екінші жағынан, олардың жалпы тіл туралы дүниетанымын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жалпы термин, оны оқыту мен меңгерту бір күндік немесе бір мақаланың төңірегінде айта салатын мәселе емес, сондықтан тіл мамандарының негізгі мақсаттары: а) білімді, білікті мамандар дайындау; ә) келешек әр мамандықтарға терминдерді игертумен

қатар, сол терминдердің мағынасын, түсінігін қалыптастыру; б) ғылыми-техникалық терминдердің жасалу жолдарын тәсілдерін игерту; в) әр сала бойынша терминком бекіткен, ғылымға негізделіп жасалған терминдерді дұрыс пайдалануға студенттерді үйрету.

Бүгінгі студент – ертеңгі білікті маман. Техникалық-кәсіптік оқу орындарында студенттің термин меңгерудегі білімі жүйелі берілсе, келешекте оны тәжірибе жүзінде пайдалануда ақсамайтыны мәлім. Қазақ тілін әр топтың өз мамандығына сәйкестендіріп, сала бойынша оқыту – мемлекеттік тілді меңгерудің бірден – бір тиімді жолы екендігі сөзсіз.

Жалпы, тіл жеке адамның шаруасы емес. Мемлекеттік де басыбайлы дүниесі емес. Тіл – халық қазынасы, ұлттық жаны. Тілдің мәселесі – ұлттық мәселесі. Мерейін асыратын да өзіміз, құтын қашыратын да өзіміз. Тіл отбасынан бастау алады, отан аясында дамиды. Отбасы өзіміз де, Отанымыз Қазақстан! Елбасымыз айтқандай, «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде». Ендеше, тілімізді, ұлтымызды отбасымызды қадірлегендей қадірлейік!

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Байтұрсынов А. Ақжол 5-б

2 Кенжеғалиева Л.Ф., Мұханбетқалиев Ә.С. Мемлекеттік тілді кәсіби салалар бойынша меңгерудің әдістемелік аспектілері // «Мемлекеттік тілді кәсіби салалар бойынша оқыту-үйрету мәселелері» атты республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары. Астана, 2009.13-б

3 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы.2009. 3-б

4 Құрман Н. Қазақ тілін кәсіби салаларда үйретудің ғылыми – әдістемелік негіздері // «Мемлекеттік тілді кәсіби салалар бойынша оқыту-үйрету мәселелері» атты республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары. Астана, 2009. 8-б.

5 Насиева Н. Мамандыққа қатысты лексиканы игеру жолдары // «Мемлекеттік тілді үйретудің ғылыми – әдістемелік мәселелері» атты республикалық ғылыми – практикалық семинар материалдары. Астана, 2009. 31-б.

6 Ақаев С. Терминнің танымдық табиғаты. Алматы, «Комплекс», 2000 ж. 7, 8-б.

7 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. Алматы, Ы. Алтынсарин атын. Қазақтың білім академиясының Респ. баспа кабинеті, 2000 ж. 31-б.

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ КӨК БӨРІ БЕЙНЕСІ

САГАТБАЕВА А. М.

студент, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

СҮЛЕЙМЕНОВА Д. Д.

т.ғ.к., профессор,

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Түркі халықтарының мифологиясына зер салғанымызда, олардың бастау алатын бұрынғы мекені Алтай мен Сібір, Монғол жерін мекендеген түркі тайпаларының мифологиясына иек артатынымыз да тегін емес. Себебі Алтай мен Сібірді мекендеген түркі халықтарының арасында миф пен мифологиялық әңгімелер басқа түркі халықтарына қарағанда анағұрлым көп әрі өзгеріссіз таза сақталған. Ал, батыс пен батыс-оңтүстікке қарай орналасқан түркі халықтары сол жақтағы отырықшы халықтармен ертеден араласқандықтан біраз өзгеріске ұшырағанын көреміз. Түркі-қытай ауқымында туып-өскен буддизм, ата-бабаларымыз ұстанған шаманизм, сақ, арий тайпаларынан шыққан зәрдушт діні, ислам діні, осылардың бәрі де ескі қазақ руларына өз кезінде дінмен байланысты біршама мифология әкелген.

Зерттеу жүргізе келе түркі халықтарының мифологиясында кездесетін Көк бөрінің шығу тегіне тоқталғанды жөн көрдік. Ата-тегін білу – бағзы заманнан бері келе жатқан түркі халықтарына тән құбылыс. Олар бір анды өздерінің арғы тегі деп санайды, яғни сол жануарлардан таралды деген ұғым бар. Мәселен, тибеттіктер өздерінің ата-тегін еркек маймыл және ұрғашы рақшасадан (орман перісі) таратады; монғолдар өздерін көк бөрі және маралдан таралды деп санайды; телестіктер де қасқырдан және ғұн патшасының қызынан тараймыз дейді; ал түріктер – ғұн бекзадасы мен қаншық қасқырдан тарағанбыз деп келеді. Яғни көк бөріден таралды деген пікір осы бір сенімнен басталған.

Көк бөрі – түркі мифологиясындағы киелі ұғымдардың бірі. «Қасқырды түркілер «бөрі» дейді. Түркілердің шығу тегі көне түркі тілінде айтсақ «Көк Құртқа» қазақша айтсақ «Көк бөріге» тығыз байланысты екендігін дәлелдейтін бірнеше аңыздар бар. Солардың кейбіріне тоқтала кетейік.

«Бір халық жаугершілік заманда қырылған екен. Бетпақ дала ішінде аяқ – қолы шабылып жараланған он жасар бала ғана тірі қалғандығы айтылады. Ол балаға бір қаншық қасқыр жолығып, емізіп, қанын тоқтатып, жарасын жалап жазып, аштықтан аман

алып қалып, ақырында оның балаларының анасы болады. Жаулар сезіп қалып екеуін де өлтірмек болады, қасқыр мен бала Гауачан тауының терістігіндегі бір үңгірге барып жасырынып, жан сақтайды.

Қаншық қасқыр осы үңгірде 10 ұл табады. Он ұл есейіп, үйленіп, көбейіп үлкен елге айналыпты – мыс. Он ұлының ең күштісінің есімі Ашина, яғни «мейірімді қасқыр» деген мағынаны білдірген. Бұл олардың жалпы атына айналыпты, кейін халық үңгірге сыймайтын болған кезде Ашинаның ұрпағы Асянь – Шад деген елбасы халықты үңгірден шығарып, олар түрік деген атпен Алтайды қоныс еткен» [1, 23 б.]. Н. Бичуриннің қытай жылнамаларынан келтірген ұйғыр халқының ендігі бір аңызында Ғұн көсемінің асқан сұлу екі қызы болыпты. Мұндай сұлуларға ешқандай адам баласын лайық көрмеген көсем, олар өздерін аспан көкке арнасын деп қыздарына көк аспанмен таласқан зәулім қамал-мұнара салғызады. Төрт жылдан кейін бір қасқыр келіп қамалдың түбін қазып ішке кіріп, сонда тұра бастайды. Көсемнің кіші қызы мұны көріп, оған төменге түсіп барғысы келеді. «Көк аспанмен байланыссын деп атамыз бізді осынау мұнараға әкелді. Ал бізге бөрі келіп тұр. Мүмкін тағдырдың сыйлаған бақыты осы болар?» деп ойлайды. Сөйтіп қыз төменге түсіп, қасқырға келеді. Оған күйеуге шығып, қасқырға ұл тауып береді. Олардың өсіп-өнген ұрпақтары түгелдей патшалықты құрайды. Мұндағы адамдар дауысын ұзақ созып, қасқырдың ұлығаны сияқты әуенге салғанды жақсы көретін болған.

Тіпті Қытай ғалымдары «түркі қағаны» мен «бөрі» сөзі синоним, бір ұғымды білдіреді деп таныған. Ежелгі түркілер туға алтынмен әдіптелген көк бөрінің басын бейнелеген. Ал, түркі қағандары шет елден келген елшілерді басы салынған туды көрсеткенде ғана қабылдаған [2, 220, 237, 311 б.].

Осындай қадірлі де қасиетті Көк бөрі бейнесі барлық түркі халықтарының ежелгі дәуір әдебиетінде, фольклорында есте жоқ ескі заманнан бері келе жатқан образ. XIII-XVI ғасырларда жазылған, түркі халықтарына ортақ көне мұрағат «Оғыз-наме» дастаны. «Оғызнама» эпосында Оғыз қағанды жеңістен-жеңіске бастайтын көк бөрі әдемі суреттеледі. Оғыз қаған жорыққа шығар алдында өзінің тайпаластарына:

Мен сендердің қағандарың болдым.

Қолдарыңа қалқан мен садақ алыңдар,

Ол сіздерге «игілік» таңбасы болсын,

«Көк бөрі» ұранымыз болсын! – деп жар салады [3, 208 б.].

Мұндағы «Ұранымыз «Көк Бөрі» болсын!» деген тіркестің мәні

өте зор. Себебі Көк Бөріні түркі халықтарының аса қадір тұтқаны соншалық ол ұран дәрежесіне дейін көтеріліп тұр.

Ал «Шыңғыс-намеде» Көк бөрі бейнесі оның аға-інілерін тауда жатқан ақ боз атты, ақ киімді, алтын дулығалы, алтын қалқанды Шыңғысқа алып келеді [4, 75-77 б.]. Көк бөрі бейнесі әлем әдебиетінің інжі-маржаны «Қорқыт ата кітабында» да ұшырасады. Мысалы жорықтан оралып келе жатқан Қазан хан ел-жағдайын білу үшін бір бөріден жөн сұрайды. Сонымен қатар бөрінің қиын-қыстау жағдайда алған мақсатынан қайтпайтын өжеттігін, табандылығын дәріптеп сөйлейді. Көріп отырғанымыздай көк бөрі бейнесі түбі бір түркі халықтарының туыстығымен қатар, олардың әдебиеті мен фольклорының бастау алар көздерінің бір екендігін, бірлігін аңғартса керек.

Көк бөрі бейнесі ауыз әдебиетінде хандар мен батырлардың ұлылығы, ерлігін суреттеуде бірден-бір теңестіріле көрсететін образ. Мысалы, Қырғыздың ұлы дастаны «Манаста» бас кейіпкер туралы былай дейді:

Манас был недаром учен,
Вольчим слухом был наделен.
Ал оның жау түсірген батырлары жайында:
Есть сорок волков у тебя
Восемьдесят четыре стрелка [5, 56-58 б.].

Қазақтың эпостық жырларында бөрі бейнесі ылғи да ұнамды сипатта алынып, жауға жалғыз шапқан батырдың асқан ерлігін суреттеу мақсатында қолданылады. Мәселен, Қобыланды батыр жырында:

Жалғыз өзі батырдың
Жойып кетіп барады.
Қойға тиген қасқырдай

Сойып кетіп барады, – деп берілсе, ал «Ер Тарғын» жырында Тарғын батыр да жауға тигенде «Ай бетінен кіріп, күн бетінен шығатын көк бөрідей» деп бейнеленеді. Сонымен қатар мұндай суреттемелер майданға шыққан жау батырының ерлігін, өжеттігін көрсетуге де кеңінен қызмет етеді. Қазақ эпостарында Көк бөрі ерлік пен батырлықтың баламасы ретінде алынған. Түркі халықтарының ертегілерінде де Көк бөрінің өзіндік бейнесі сомдалған. Ертегілерде қасқыр мен адам қарым-қатынасын бейнелеу эпостық жырлардан гөрі өзгешелеу құрылған. Қиял-ғажайып ертегілердегі қасқырлар басты кейіпкерлермен адамша сөйлесіп, достасып жүреді. Қиын-қыстау кезеңде адамға жол көрсетіп, түрлі

кедергілерді жеңіп, арман-мақсатына жетуіне көмектеседі. Осы жағынан алғанда ертегілердегі бөрілер эпостардағы бөрілерден гөрі «Оғыз-намедегі» бөріге бір табан жақын. Мәселен, қазақтың «Қасқырдың жасаған қамқорлығы», «Елеместің көргендері» деген ертегілерде бөрі мен адамның достық қарым-қатынасын суреттейді.

Түрік халқының фольклорында Көк бөрі туралы аңыздарды да көптеп кездестіреміз. Көк бөрі образы түркі халықтарының мақал-мәтелдерінде, қанатты сөздерінде үлкен орын алған.

XIX ғасырдағы қазақ халқының ақыны Сүйінбай Аронұлының елді ерлікке шақырған өткір жырларында «бөрі» сөзіне ерекше мән берілген. Мәселен, «Бөрілі менің байрағым» толғауынан үзінді келтірейік.

Жау тисе жапан далада,
Бөрілі найза атамыз.
Қарасайлап шабамыз,
Қызыл қанға батамыз.
Бөрілі байрақ астында,
Ту түсіріп, жау алған
Қазбек, Қастек атамыз

немесе:

Бөрі басы ұраным,
Бөрілі менің байрағым.
Бөрілі байрақ көрінсе,

Қозып кетер қайдағы! – деген жолдардағы бөрі сөзінің жауынгерлердің жан-дүниесіне елеулі ықпал етіп, олардың жігерін жанып, рухын көтеруде мәні зор [6, 55 б.]. Өйткені Көк бөрінің аруағына сыйыну – Ананың аруағына табыну. Ата-ананды, Отанды жаудан қорғау – әрбір ердің абыройлы міндеті.

Қорыта айтқанда, түркі халықтарының әдебиетінде Көк бөрі образы – ықылым заманнан бері көптеген қасиеттерімен, тотемдік қызметімен жан-жақты суреттеліп келе жатқан бейне. Яғни Көк бөрі бейнесі – түркі халықтарының әдебиетінде мәңгі өлмейтін, жалғасын таба беретін қасиетті образ. Өйткені қасқырдың өжеттігі мен қазақтың қанындағы өр мінез егіз ұғым ретінде өз мәнін жоғалтпай бүгінгі таңға дейін жетіп отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Л. Н. Гумилев, Древние тюрки, М., 1967.
- 2 Н. Я. Бичурин, Собрание свидения о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена, т. I. М-Л., 1950.

3 «Оғыз-наме», А., 1986, 208 б., аударғандар: Ә.Дербісәлин, Ө.Күмісбаев, М.Жармұхамедов.

4 «Короглы». Х.Огузский. Героический эпос. М., 1976.

5 «Манас», Киргизский эпос, Великий поход, кн.Первая М., 1946.

6 «Түркі мифологиясындағы көкбөрі бейнесі», Р.Әбілхамитқызы, Астана.

СТРУКТУРНО-СЕМАНТИЧЕСКИЕ И ФУНКЦИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ПОСЛОВИЦ И ПОГОВОРОК

САГНАЕВА А. Ж.

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

ХУДИЕВА С. Р.

PhD, ассоц. профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

В последнее время особый интерес представляют исследования в области фразеологии. Во фразеологических единицах и, особенно в паремиях ярко проявляется своеобразие быта, жизни, истории и культуры народа. Знание и активное владение фразеологическим богатством не только украшает речь, но и способствует лучшему пониманию менталитета народа изучаемого языка.

Структурно-семантический тип устойчивых сочетаний слов, называемых пословицами и поговорками изучает паремиология – раздел фразеологии.

Под термином «паремия» большинство современных исследователей понимает афоризмы народного происхождения, прежде всего пословицы и поговорки. Паремии обладают планом выражения и планом содержания и, следовательно, включаются в систему синтагматических и парадигматических отношений языка. Паремии образуют тематические группы, могут вступать в отношения синонимии и антонимии, кроме того, различные варианты пословиц и поговорок образуют варианты парадигмы [1].

При рассмотрении парадигматических особенностей паремий следует учитывать, что план выражения у пословиц и поговорок имеет различный характер. Пословицы всегда имеют структуру предложения, а поговорки могут быть представлены как предложениями, так и словосочетаниями. Таким образом, план выражения паремии – это структура предложения (для пословиц и некоторых поговорок) и структура словосочетания (для поговорок) [2].

Под планом содержания пословиц подразумевается смысловая структура, представляющая собой сложное взаимодействие мотивирующей основы (лексического состава) и выраженного в умозаключении прагматического смысла.

Пословица обладает и прямым и переносным планом, в отличие от поговорки, которая имеет только буквальный план значения. Однако существует немалое количество пословиц, которые выражают только прямой смысл.

С семантической точки зрения, поговорки могут быть характеризующими или оценивающими, поскольку их функциональная специфика заключается в выражении своего отношения к предшествующему контексту. Вследствие этого высказывание о предмете, ситуации, человеке может быть положительным или отрицательным. Поговорки могут быть с точки зрения семантики также междометными или модальными. Такие выражения обладают особенно высокой степенью идиоматичности.

Что касается структуры поговорок, то наряду с повествовательными и вопросительными существует множество восклицательных поговорок. Для структуры поговорок характерной особенностью является возможность интегрирования в контекст с помощью соответствующего местоимения или местоименного наречия.

Как пословицы, так и поговорки характеризуются высокой национально-культурной составляющей и относятся к коммуникативным фразеологическим единицам. Однако, как отмечает М. Р. Бакирова, Д. Ф. Каюмова пословицы и поговорки имеют ряд существенных отличий, которые могут быть сведены к следующим аспектам:

- представляют собой структурно законченные синтаксические конструкции в отличие от поговорок;
- семантика пословицы выступает обобщенной в отличие от конкретизированной семантики поговорки;
- пословица характеризуется высокой образностью, тогда как поговорка буквальна.

Этому узкому пониманию объема фразеологии противопоставляется его широкое понимание. Можно считать установленным тот факт, что фразеология (от греч. *phrasis* «выражение, оборот речи», *logos* «учение, понятие») – раздел языкознания, изучающий фразеологический состав языка в его современном состоянии и историческом развитии [3].

В толковом словаре мы находим следующее определение фразеологии: фразеология – раздел языкознания, изучающий устойчивые словосочетания [4].

В языке важна его национально-культурная семантика, отражающая особенности природы, характер экономики и общественного устройства страны, особенности быта, нравов, обычаев, опыт своих предков и историю народа, мировоззрение, нравственные нормы и эстетические идеалы. Национально-культурная семантика присутствует на всех уровнях языка, но наиболее ярко проявляется в пословицах и поговорках, которые непосредственно и прямо отражают внеязыковую действительность, называют предметы, явления и ситуации окружающего нас мира.

Семантика – это раздел лингвистики, изучающий значение единиц языка, который в качестве инструмента изучения применяет семантический анализ. Семантика представляет собой деятельность, которая заключается в разъяснении смысла человеческих высказываний. Ее цель состоит в том, чтобы выявить структуру мысли, скрытую за внешней формой языка.

Изучением происхождения пословиц и поговорок занимались многие лингвисты, ими выдвинуты различные гипотезы об их появлении и функционировании в языке [5].

По словам фольклориста – паремиолога Пермякова Г. Л., в пословицах и поговорках, как и в любом другом жанре фольклора, находит свое отражение всё, чем живет и с чем сталкивается тот или иной народ на протяжении веков. Здесь и полный набор этнографических реалий: начиная от орудий труда и кончая нарядами, и всесторонняя характеристика географической среды с её ландшафтом, климатом, животным и растительным миром; здесь и воспоминания о давно минувших событиях и выдающихся исторических личностях, отзвуки древнейших религиозных верований, истории народа и подробная картина современной организации общества.

Толковый словарь русского языка Ожегова С. И. дает следующие определения:

«Пословица – краткое народное изречение с назидательным смыслом, народный афоризм» [6].

Самое главное в пословице – умение выразить суждения о жизни в сжатой, меткой форме. В пословицах нет ничего случайного. Гоголь Н. В. прекрасно определил художественные достоинства пословицы. Он писал: «В пословицах наших видна необыкновенная

полнота народного ума, умевшего сделать все своим орудием: иронию, насмешку, наглядность, меткость живописного изображения».

«Поговорка – краткое устойчивое выражение, преимущественно образное, не составляющее, в отличие от пословицы, законченного высказывания» [6].

Жуков В. П. под пословицами понимает «краткие народные изречения, имеющие одновременно буквальный и переносный план или только переносный план и составляющие в грамматическом отношении законченные предложения».

Под поговорками он понимает «краткие народные изречения (нередко назидательного характера), имеющие только буквальный план и в грамматическом отношении представляющие собой законченное предложение: Money can be made – Деньги дело наживное».

Таким образом, Жуков В. П. видит отличительную особенность пословиц в том, что они сохраняют два плана - буквальный и переносный. Пословицы, употребляющиеся в иносказательном смысле, синтаксически нечленимы.

По мнению Жукова В. П., между пословицами и поговорками размещается обширный тип пословично-поговорочных выражений, которые сочетают в себе признаки пословиц и поговорок. Эти выражения характеризуются тем, что часть слов в их составе сближается или совпадает со словами свободного употребления, а другая часть (нередко реальные или потенциальные фразеологизмы) имеет фигуральное, переносное значение [7].

В отдельных работах по фразеологии главное отличие пословиц от поговорок усматривается в том, что пословица выражает общее суждение, а поговорка – суждение частного характера. По мнению ученых, стоящих на такой позиции, не только пословицы, но и поговорки могут иметь форму законченного предложения.

В противовес им Пермяков Г. Л. склонен придерживаться мнения, что признак грамматической завершенности всегда считался решающим или, по крайней мере, очень существенным для классификации пословичных изречений, и в первую очередь, для отделения собственно пословиц от поговорок. И хотя разные исследователи по-разному отвечают на вопрос о сущности этих изречений, все они, по его мнению, сходятся на том, что пословицы имеют вид предложения (т.е. отличаются грамматической завершенностью), а поговорки – лишь его части (т.е. грамматически

незавершенны). При этом все отмечают близость пословиц и поговорок друг к другу и зыбкость границ между ними [8].

Снегирев И. М. обращается и к анализу формы пословиц. Сопоставляя их с другими видами устойчивых словесных комплексов, исследователь называет такие особенности формы данного вида изречений, как краткость и выразительность, приобретаемые за счет использования при их создании стилистических фигур, в частности «сравнений или противоположностей» (т.е. антитез).

К числу формально-семантических особенностей пословицы Снегирев И. М. относит иносказательность: «...пословица оформляется, по большей части, в двуличной одежде иносказания, которая часто не относится ни к лицу, ни к обстоятельству, подчиняясь только своим взаимным условиям – месту и времени [9].

Наблюдения над конкретным материалом привели нас к убеждению о возможности описания пословиц и поговорок с позиции средств их номинации (обозначения типов, моделей), с точки зрения их структурно-смысловых характеристик, условий и правил функционирования. Такой комплексный подход позволит получить целостное представление о пословицах и поговорках, в которых диалектически связаны собственно языковое и внеязыковое содержание. Комплексный анализ предложений выявляет способы репрезентации смысловых единиц и особенности структурно-семантического состава близких по значению синтаксических моделей.

Какую же функцию выполняют пословицы и поговорки в речи, в чем особенность их использования?

Прежде всего, пословицы и поговорки позволяют говорящему:

- Охарактеризовать человека, предмет, явление, действие, состояние;
- Дать совет, как поступить в той или иной ситуации, чего следует остерегаться;
- Обобщить свойства людей и явлений (вот как бывает), даёт им оценку (то хорошо, а это плохо) или предписывает образ действий (следует, или не следует поступать так-то). Обязательное наличие обобщения и очень частое оценочно-предписывающее содержание образуют характерный для пословиц и поговорок назидательный смысл;
- Сообщить явления или свойства;
- Дать оценку;
- Получить предписание;

– Употреблять в совершенно конкретной ситуации, но не обозначать их отдельных элементов, а всю ситуацию связывать с какой-либо общей закономерностью, которую они, собственно, и выражают.

Пословицы и поговорки нужны нам и сегодня, они, прежде всего, украшают нашу речь. Являются живостью нашего языка, умом и начитанностью говорящего, они необходимы в нашем общении. И правильное их использование в нашей речи отражает уровень воспитанности, образованности и культуры. Пословицы и поговорки, являясь частью культуры данного народа, всегда оставались и останутся актуальными, несмотря на развитие экономики и техники, на прогресс. В любое время пословицы и поговорки будут характерной чертой данного народа, объектом внимания и исследования [10].

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Байжанова Н. Р. О подходах к изучению пословиц [Текст]. Гуманитар. науки в Сибири. - 2007. - № 3. - С. 63-67
- 2 Алефиренко Н.Ф., Семенов Н.Н. Фразеология и паремиология. М.: Флинта: Наука, 2009. – 344 с.
- 3 Ярцева В.Н. Большой энциклопедический словарь. Языкознание. 1998. – 685 с.
- 4 Крысин Л.П. Толковый словарь иноязычных слов. 2-е изд., доп. - М.: Рус. яз., 2000. – 760 с.
- 5 Дубровин М. И. Английские и русские пословицы и поговорки, Москва: Просвещение, 1993 год; Кузьмин С.С., Шадрин Н. Л. Русско-английский словарь пословиц и поговорок, Москва: Русский язык, 1989год.
- 6 Ожегов С.И. Толковый словарь русского языка.
- 7 Жуков, В.П. Словарь русских пословиц и поговорок/ В.П. Жуков - М.: Советская энциклопедия, 1966. - 535 с
- 8 Пермяков, Г. Л. Основы структурной паремиологии/ Г.Л. Пермяков - М.: Наука, 1988. - 235 с.
- 9 Снегирев, И. М. Русские народные пословицы и притчи./ И.М. Снегирев - М.: ЭКСМО-Пресс, 1995. - 510 с.
- 10 <http://nsportal.ru/shkola/vneklassnaya-rabota/library/2012/05/13/funktsii-poslovits-i-pogovorok-v-nashey-zhizni>

МҰХТАР ШАХАНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР

САҒЫНДЫҚОВА А. Б., НҰРҒАЗИНА М. Б.
студенттер, М. Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ.
ҚАДЫРОВ Ж. Т.
ф.ғ.к., профессор, М. Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ.

М. Шаханов поэзиясы өз халқының тарихи тәжірибесіне сүйене отырып, бүгінгі таңдағы аса ділгер, жан толқытар проблемаларға жаңа кілт таба білуімен қуантады.

Дарын танылды. Адал күш танылды. Ар-намыс танылды. Бұл ақынымыздың әрбір шығармасын оқығаннан кейін, азды-көпті ойланбай қала алмайсыз. Ой мен сезімге едәуір жүк түседі... Адамзаттың ата жауы адамның өзі екені қашаннан бері айтылып келе жатқан шындық. Мұхтар Шаханов шығармасының басты жетістігі осы мәңгілік проблемалар хақында ой жарыстыруында.

М. Шахановтың ақындығы мен ойшылдығы бір бөлек әңгіме болса, философиясы бір басқа дүние. Бізге керекті – М. Шаханов поэзиясының, яғни өлеңдерінің ой-ілімдері. Оның өзі де, ойы да әлемді шарлап кеткен. Сөйтіп барып ой түйген, содан барып, адамзат туралы толғанысқа түскен, әлемге жауар бұлттай түнеріп тұрған зұлымдықтан, апаттан құтқару үшін дабыл қаққан. Мұндай ерлік – Мұхтар Шаханов сияқты санаулылардың қолынан ғана келмек.

Біздің ойымызша, адамзаттың бүгінгі таңдағы рухани көркем ойының биігінен қарай отырып, М. Шаханов рухани-адамгершілік құндылықтар тұрғысынан сан қырлы, еліміздің таза ұлттық рухынан тыныс алған күрделі туынды – тұлпарларын әлемдік әдебиеттің үйіріне қосты. Поэзия есігін алғаш ашқанда, М. Шаханов әлі ешкім бастамаған жол іздеуге мақсат ұстанған болатын. Бұл күнде оның өз жолы бар. Оқырман қауым сол жолдың әлі де болса кеңі түсіп, ақынның алда талай татымды дүниелер беретініне сенімді.

Қоғам тіршілігін майданға теңесек, Мұхтар ең алдыңғы шепте, оқтың өтінде өлімге бас тіккен жанкешті жауынгер секілді. Бұл жолда:

«Мықты болсаң, жарқыным, ізінді сал елсізге,

Ізсіз жандар өнерде толып жатыр сенсізде» – деп, кейінірек жазған бір өлеңінде жолын қууға талап білдірген бір інісіне айтқандай, Мұхтардың талай талпынысы, еңбегі зая кетпеді».

Мұхтар шығармаларының негізгі лейтмотиві – адамдықты, адалдықты, әділдікті, тазалықты, пәктікті паш ету; ездікті, зұлымдықты әшкерелеу. Тегінде, бұл – бүкіл ақ ниетті өнер атаулының мұраты болса керек. Бірақ, Мұхтар осы жайларды ешкімге ұқсамай, өз даусымен, өз дәлелімен өрнектеуге тырысады. Мысалы:

«Өмір жайлы сан толқыдым, толғандым,
Достар, достар менен үміт үзбендер
Мені кілең адал ойлы жандардың
Қатарынан іздендер» [1, 210 б.], – дейді ақын.

Оның өлеңдері бірде осылайша жан сезімін алдыңызға бар ақиқатымен жайып салған адамның сырындай қабылданса, енді бірде жігерлендіруші күш танытып отырады:

Өзің-ақ айтшы ғаламда мынау
Жеңудің бәрі жеңіс пе?
Жігітке арман жеткізіп пе еді
Өз сорын өзі жеңбесе.
Өмірдің барлық сәтсіздіктері
Бақытсыздық емес ендеше! [1, 93 б.].

Өмірде өз қабілетінді дұрыс танып, қоғамның, халқының қажетіне жарау үшін арманды дұрыс таңдай білу керектігін уағыздай отырып, осындай қорытындыға келді.

Мұхтар Шаханов сонау поэзияға алғаш келген кезінен бастап ел тағдырын жырлаудан жалыққан жоқ «Сейхундария», «Күре тамырды іздеу», «Сенім патшалығы» секілді философиялық поэмаларында ақиқат пен жалған, сенім мен күдік, махаббат пен қызғаныш, адалдық пен арамдық, ізгілік пен қиянат, ерлік пен сатқындық секілді рухани өмір өлшемдерінен болмыс заңдарына бойлай отырып, бар жақсылықтың басы – туған анаға, туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталатынын дәлелдейді:

«Төсінде өзім қызық күндер кешірген,
Дархан далам кетпейді бір есімнен.
Қанша үнілсем, көрінбейді жас шегі,
Сенен шырқау таулар да көп еңселі.
Даңқы сенен биіктер бар.
Солардың барлығынан артық сүйем мен сені.
Ақ қарыңа арманымды түнеткен,
Өзіңнің ғой жүрегіме гүл еккен.
Сол жүрекпен қызды сүйсе несі айып,
Сені сүйем қызды сүйген жүрекпен.

Өміріңде бір адамды беріле

Сүймегендер – сүйе алмайды сені де!» [1, 295 б.].

Мұхтар шығармаларының ерекшелігі, адамды селт еткізер тұсы – өлеңнің ішкі мазмұны, өлеңдегі ойдың тереңдігі мен көкейкестілігі. Табиғатында суреткерлік қасиеті басым болғандықтан ол ашынған жүрек, ақырған ашу, канжылаған қайғыны мезгіл, мекенсіз өлеңнің өзегіне итере салмайды, соған әкелген жағдай мен заманды, тарих пен тағдырды баяндап, тұтас бір өмір келбетін жасайды. Айтар ой, айшықты сезім кейіпкер тағдырымен, ақынның өз тағдырымен тікелей астасып жатады. «Сенім патшалығы» поэмасын оқыған адам осының куәсі болар еді:

Бірдей төзіп ыстыққа да,

Салқынға

Жер астында жатпай ма алтын көзден таса қалпында?

Қашан қазып алғанша күтетін

Шындық кейде ұқсайды сол алтынға!

Сен ақынсын өніп шыққан ертеңге

Қандай өрсі ұсынасың ертеңге?

Қандай жеміс ұсынасың ертеңге?

Ойлан, ойлан...

Әділеттің қылышы

Енді сенің желкенде,

Енді сенің желкенде! [2, 294 б.].

Ол ой маржанын бүкіл әлемнен, ал поэзияның басуларын халықтық жырдан іздейді. Мұхтардың «Жеңілген жеңімпаз хандығы Отырар дастаны немесе Шыңғысханның қателігі» атты шағын поэмасындағы қираған қаланың тағдыры бүгінгі халық тағдырымен тікелей астасып, ұрпаққа ауыр да абыройлы жауапкершілік жүктелгендей болады. Сатқындықтың құрбаны болған Отырар ойран болды. Осы кезге дейін дауасы табылмаған сатқындық туралы, адам бойындағы ең жек көрінішті қасиетті ақын осылайша өз жырына арқау етті.

Қазір адамның ақыл-парасатымен бірге нәпсісі үстемдік құрған кезең. Нәпсі қуаты бүгінгі жылтырақ «бұқаралық мәдениетті» туғызады. Адамды өлтіру, қорлау, зорлау, азаптау, міне қазіргі күннің қызықтырар басты тақырыптары. Ал, қазір жер жүзі «соғыс алаңына» (ойындар, кинофильмдер арқылы) айналды. Мұның бәрі жас ұрпақ санасына мысқалдап сіңе бермек. «Нәпсі философиясынан Рух философиясын жоғары қою адамзат мүддесіне сай екенін Мұхтар Шаханов тамаша дәлелдеп шыққан және ол Рух болмысын қорғауды

проблема етіп көтерген. Бұл биік гуманистік позиция автордың әлемдік деңгейдегі ой-санасының көрінісі».

Жалпы байқап отырсақ нені жырласа да – достықты ма, махаббатты ма, табиғатты ма – тереңнен тартып, философиялық ойға құру, күтпеген тың байламдар жасау – Мұхтар творчествосына тән бір ерекшелік.

Әуел баста Алланың рухынан жаратылған Адам өмір айналымына не үшін жіберілді. Әрине, эволюциялық жетілу жолынан өтіп, өсіп, өркендеп, пенделіктен періштелік биіктікке дейін көтеріліп, тазалап барып Ұлы Рухқа – Аллаға қайта қосылу үшін жіберілген деп түсіндіреді қазіргі заман ойшылдары. Адамзаттың эволюциялық даму жолына көз жіберетін болсақ, талай тар жол, тайғақ кешуден өтті. Мың өліп, мың тірілді.

Қазір біз компьютер, интернет дәуірінде өмір сүріп отырмыз. Шегімізге жеттік, енді Жерді қойып, Ғаламның тағдырына да жауаптымыз біз! Біз енді Мейірім мен Махаббатты төрге шығаруымыз керек. Біз сонда ғана Ұлы Мейірімге, Ұлы Махаббатқа қосыла аламыз. Онсыз түйыққа тірелеміз.

М. Шаханов «Өркениеттің адасуында» маңызды мәселені көтерген, ол – адамзаттың қазіргі адасуы. Енді оның екінші проблемасы бой көрсетпек, ол – адасқан цивилизацияны жөнге салу. Міне, осы тұста жалған пайғамбарлар, әуесқой әулиелер, дүмше саясаткерлер көптеп өсіп-өніп кетсе, сөйтіп олар жығылған үстіне жұдырық дегендей, суға батыр-батып болып тұрған жанды мүлдем батырып жіберсе не болмақ? Шаханов саға поэмасын оқығанда осындай терең ойларға ақынмен бірге сүңгі бересің, ол адамды ой тұңғиығына батыртып, санаға салмақ, ойға өріс береді.

Мұхтар Шаханов «Желтоқсан оқиғасына» орай азаматтық әрі парасаттылық көрсетті. Өзі айтқандай:

Ұлттың бағы жанар ма екен хас тұлпары, нары жоқ,

Ал, біреулер намысы жоқ, жігер, қауқар, қоры жоқ.

Кемсітпекші «желтоқсанның жалаң аяқтары» деп

Жоқ!!! Кешегі сын сағатта көкірегінде жанып от,

Тұрған олар аяз сорған қызыл беттің ары боп,

Дәуірінің тауығына шашылмаған тары боп [3, 37 б.].

Мұхтар Шаханов жайлы қандай еңбек жазылса да, «желтоқсан оқиғасы» мен ақын Мұхтар есімі аталары хақ. Халық намысы жер етілген сол жылдары Мұхтар Шаханов болмағанда күні бүгінге дейін «желтоқсанға» қатысты мәселелердің кейбірі, бәлкім, әлі де жабулы қазан күйінде қалар ма еді?

«Желтоқсан» Мұхтардың азаматтығының, парасаттылығының, нағыз халық ақыны екендігінің айшықты мезеті болғаны аян.

М. Шаханов поэзиясы тоғанға жиналған судың бөгетін ашқанда арындап ағатындай көрінеді. Мұхтардың да көкірек сарайында көптен жиналып қордаланған ой-армандары арындап жыр жолдарына құйылғанын байқаймыз.

Ақын шығармасына ойлы сөз жазған Шыңғыс Айтматов «Қазақ поэзиясында бұрын-соңды мұндай қуатты дүниені кездестірген емеспін», – деп өте жоғары бағалапты. Шыңғыс айтса айтқандай, адамзат тарихынан сыр тартқан небір тағлым аларлық жәйттер, кесек-кесек қанатты тың ойлар, батыл тұжырымдар жан-дүниенді баурап алып, асыл армандарға жетелейді. Тек өзің емес еліңнің, бүкіл адамзаттың болашағы үшін ақынмен бірге толғанасың.

Өзің де бір міндет жүктелгендей болады. Өмірден өз орныңды іздейсің. Қанша оқығанда сусының қанбайды. Қазақ поэзиясының әлемдік деңгейге көтерілгеніне мақтанғың келеді. Өлеңдерін айтпағанда алғашқы поэмасы «Танакөзбен-ақ» ол талайды тамсандырған. Бұған қарап талантты таланттың танитынына көзің жететін секілді. Мұхтар Шахановтың поэзиясының мықты бір ерекшелігі – бұрынғы дәуірлерден қалған үлгі, ғибрат әңгімелерді қазіргі заманның құбылыстарына байланыстыра айта алатындығында. Оның халыққа кең танылған поэмаларының, өлеңдерінің басқа ешбір ақынның жаратылысына ұқсамайтын тосын келбеті осы тарапта болатын. Қандай тақырыпта ой қозғамасын өлеңдерінің ішкі астарында адамға, достыққа, халыққа, Отанға деген құрмет сезімі сезіліп тұратын рухани-адамгершілік құндылықтарға толы екенін байқадық. Егемендігімізді алғанымызбен, қоғамдағы көптеген жастарымыздың ұлттық рух пен ұлттық болмысын жоғалтып бара жатқандығы бәрімізді толғандырады. Сол рухсыздық апатынан сақтануда Мұхтар Шахановтың адамгершілік құндылықтарға толы поэзиясы көмекке келетініне сеніміз мол.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Шаханов М. Эверестке шығу. – Алматы, Атамұра, 2003. – 369 б.
- 2 Шаханов М. Дәуір дастандары.– Алматы, Жазушы, 1992. – 298 б.
- 3 Шаханов М. Танакөз.– Алматы, Рауан, 1996. – 347 б.

СЛОЖНОСТИ ИДЕНТИФИКАЦИИ ФРАЗОВЫХ ГЛАГОЛОВ В ЮРИДИЧЕСКИХ ТЕКСТАХ НА АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ

САДЫКОВА А. К.

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

ХУДИЕВА С. Р.

ассоц. профессор (доцент), ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Фразовый глагол является одним из наиболее продуктивных источников вдохновения, развития и пополнения лексического состава английского языка, поскольку новые комбинации слов и выражений образуются за счет присоединения частиц и послелогов, тем самым давая жизнь новому понятию. В современном английском языке насчитывается более двенадцати тысяч фразовых глаголов, и наблюдается тенденция к увеличению их количества. Об этом свидетельствуют словари, лингвистические исследования, посвященные фразовым глаголам и их употреблению: L. Smith, 1948; D. Bolinger, 1971; K. Stroka, 1972; M. П. Ивашкин, 1973; J. Povey, 1990; Г. Э. Белая, 1995 и другие.

Хотя считается, что фразовые глаголы в основном используются в неформальном контексте и живом общении, тем не менее, стоит отметить, что в современном языке они все чаще встречаются и в деловых текстах. Многие из фразовых глаголов стали неотъемлемой частью языка газет, юриспруденции [1].

Глаголы можно разделить на основные виды:

Предложные глаголы: глагол + предлог

Все предложные глаголы имеют дополнение, так как после предлога всегда следует объект (существительное или местоимение).

Например: to look after smb. / ухаживать за (кем-либо), заботиться о (ком-либо)

He is looking after the dog / Он ухаживает за собакой.

Предложные глаголы не могут быть разделены. Это значит, что мы не можем поместить дополнение между его двумя частями.

Например: Who is looking after the baby? / Кто присматривает за ребенком? (верно)

Who is looking the baby after? (неверно)

Фразовые глаголы: глагол + наречие (послелог/частица)

Например: I have always got on well with Henry / Я всегда ладил с Генри.

Данное сочетание является идиоматическим: его значение нельзя вывести из значений глагола и соответствующей частицы (предлога).

Иначе еще эти частицы называют послелогоми. Наиболее распространенными послелогоми, входящими в состав фразовых глаголов, являются слова about, across, along, around, away, back, by, down, forward, in, off, on, out, over, through, under, up.

Таким образом, частица, являющаяся частью фразового глагола, может совпадать по форме как с наречием (например, out), так и с предлогом (например, in). В отличие от «настоящих» предлогов, частицы, похожие на предлог, обычно ударны (то есть на них падает логическое ударение).

Например: I put ON my coat / Я надел пальто.

Здесь частица on ударна, а put on - является фразовым глаголом со значением «надевать».

He put the pen on the box / Он положил ручку на коробку.

Здесь on – безударный предлог в составе предложной группы on the table – обстоятельства, относящегося к глаголу to put в значении «класть».

Иногда фразовый глагол включает дополнение. В таком случае обычно возможно употребление частицы не только непосредственно после глагола, но и после дополнения (особенно в вопросительных и отрицательных предложениях).

Например: I turned off the music. или I turned the music off / Я выключил музыку.

Why don't you throw away these boxes? или Why don't you throw these boxes away? / Почему ты не выбрасываешь эти коробки?

Иногда дополнением фразового глагола является местоимение it / them / me / you / him / her / us. В таком случае местоимение ставится перед частицей:

Например: I got the application form, so now I just need to fill it in / Я получил форму заявки, поэтому теперь мне нужно только заполнить ее.

The baby is asleep. Do not wake him up! / Ребенок заснул. Не разбуди его!

По внешнему виду, да и по значению, это те же самые предлоги. Но поскольку за предлогом обязательно должно следовать существительное или местоимение, то их называют наречиями.

Фразово-предложные глаголы: глагол + наречие и предлог

Такие глаголы заканчиваются предлогом, за ними всегда следует прямое дополнение. Как и предложные глаголы, они не могут разделяться (точнее изредка могут, исключения всегда встречаются).

Например: put up with something / терпеть, мириться, примириться с (чем-либо).

I won't put up with your attitude / Я не примирюсь с твоим отношением [2].

Изучим набор структурных и семантических критериев, на основе которых можно было бы дифференцировать сочетания глаголов с частицами, являющиеся фразовыми, от сходных с ними по составу сочетаний глаголов с предлогами, а также свободных словосочетаний, например, глагола и наречия.

Приведем 3 правила идентификации предлога, следующего за глаголом, предлагаемые авторами книг по грамматике английского языка М. Celce-Murcia и D. Larsen-Freeman (1983) или S. Greenbaum & R. Quirk (1990).

Правило 1: Wh- question Rule

Слово, следующее за глаголом, является предлогом, если его можно поставить перед вопросительным словом Wh-вопроса.

Например: I come from Atlanta / Я из Атланты.

В данном предложении «from» является предлогом, поскольку следующий вопрос звучит приемлемо, хотя и формально:

From where do you come? / Откуда ты?

Правило 2: Relative Clause Fronting Rule (Правило относительного придаточного предложения)

Слово, следующее за глаголом, является предлогом, если его можно поставить перед относительным придаточным предложением.

Например: They learned about water skiing / Они овладевали навыками катания на водных лыжах.

Water skiing, about which they learned, is not as easy as it looks / Катание на водных лыжах, которому они учились, не такое легкое, как это кажется на первый взгляд.

Авторы отмечают, что, хотя данное предложение звучит несколько «тяжело», грамматически оно правильно.

Правило 3: The Insert Adverb Rule (Правило вставки наречия)

Рассматриваемое сочетание является сочетанием глагола с предлогом, если между ними можно вставить наречие.

Например: My wife argued with the waiter / Моя жена спорила с официантом.

My wife argued endlessly with the waiter / Моя жена без конца спорила с официантом [3].

К разделяемым обычно относятся переходные глаголы с прямыми дополнениями. В этой ситуации можно разделять глагол с частицей и между ними употреблять дополнение.

Например: He switched on the light = He switched the light (it) on / Он включил свет.

Would you like to look through this list? = Would you like to look this list (it) through? / Не хотели бы Вы просмотреть этот список?

Как видно из примеров, дополнения иногда можно заменять местоимениями, чтобы избежать повторения. Если прямым дополнением у переходного фразового глагола изначально является местоимение, то в таких случаях, оно всегда ставится между глаголом и предлогом, т.е. такой фразовый глагол обязательно разделяют.

Например: They turned us down / Они отказали нам (верно)

They turned down us (неверно)

К категории неразделяемых фразовых глаголов обычно относятся все непереходные, т.е. глаголы без прямого дополнения, и некоторые переходные глаголы.

Например: The prices are going up / Цены повышаются (неразделяемый)

She will go away on Friday Она уедет в пятницу. (неразделяемый)

Фразовые глаголы, состоящие из трёх частей, также не разделяются:

Например: Be careful! Your bag can fall down on someone / Будь осторожен! Твоя сумка может упасть на кого-нибудь [4].

Приведем примеры фразовых глаголов (см. Таблица 1).

Рассмотрим первый пример. При попытке применения правил идентификации предлога они оказались неприменимы. Данный глагол переходный, следовательно, неразделяемый.

Глагол «to carry out» неразделяемый. Он представляет собой конструкцию глагол+частица (послелог/наречие), так как мы не можем доказать наличие предлога.

Глагол «to enter into» - предложный, он представляет собой сочетание глагола и предлога. Для убедительности изменим структуру предложения:

Сравните:

Such amendments shall enter into force for all States Parties six months after their adoption by the Assembly or, as the case may be, by the Conference.

It is necessary to enter such amendments into force for all States Parties six months after their adoption by the Assembly or, as the case may be, by the Conference.

Таким образом, данный глагол разделяем.

Глагол «to hold on» представляет собой конструкцию глагол + частица (послелог / наречие), так как ни одно из правил идентификации предлога не применимо. Следовательно, глагол неразделяем.

Глагол «to arise out of» является фразово-предложным. Он неразделяемый, так как состоит из трёх частей: глагола, послелога и предлога.

Таблица 1 – Примеры употребления предложных и фразовых глаголов в предложениях юридического характера

№	Глагол	Значение	Пример
However, not everyone can relax from permanent fight, since the cancer is kind of a plague of the twenty first century and day by day it takes more and more people: «Don't tell me you're one of those people who becomes their disease. I know so many people like that. It's disheartening. Like, cancer is in the growth business, right? The taking-people-over business. But surely you haven't let it succeed prematurely» [5, p. 34]. The word business is metaphorical to cancer. This simple proper metaphor emphasizes that the number of people who are diagnosed with this sentence increases. Such a serious illness touches not only patients but it leaves a deep scar in the souls of the closest people. So Hazel knows about it, and she would like to prevent such consequences:

«I'm a grenade and at some point I'm going to blow up and I would like to minimize the casualties, okay?» [5, p. 92]. Here she calls herself

a grenade in the meaning that she will imminently die, and the closest people will be hurt. Hazel tries to stay away from people, and to spend as much time as she can with her parents.

When Hazel shows her concern about other people, Gus seems to be quite selfish. The only aim he pursues is to be remembered, he is afraid of oblivion even though it is completely inevitable. During the whole story Hazel tries to convince him that he will never be forgotten. He will live in the memory of people who loved him.

«I got my wish, I suppose. I left my scar» [5, p. 283] Saying scar Augustus means the memory, the love, which he and Hazel have shared.

«You gave me a forever within the numbered days, and I'm grateful» [5, p. 236] Hazel implies in forever within the numbered days that they had only a limited time for expressing their feelings and sharing love, and Augustus and Hazel managed to go through little adventures, while ordinary, healthy people spend the whole life on it.

And, probably the last often mentioned quotation, which is also a metaphor says: «My thoughts are stars I cannot fathom into constellations» [5, p. 281].

It refers to the fact that Augustus has so many things he wants to say, so many things he wants to share with the world, with others, but he can't put them into words. He can't make use of the brilliance running through his brain as he can't actually find a way to express them.

The figurative language which John Green uses in his novels is definitely worth considering. His metaphors are so unexpected, they break into the mind and remain there for a long time.

REFERENCES

- 1 Green J. «Questions about The Fault in Our Stars (SPOILERS!)», Vlogbrothers. Web: 16 October, 2015. Available at: <http://johngreenbooks.com/questionsaboutthefaultinourstarsspoilers/>.
- 2 Lakoff G., Johnsen M. *Metaphors we live by*. London: The university of Chicago press, 2003.
- 3 Гальперин И.Р. *Стилистика английского языка*. Учебник. Изд. 2-е, испр. и доп. М., «Высш. школа», 1977. – 332 с.
- 4 В.В. Гуревич. *English Stylistics. Стилистика английского языка*: Издательство «Флинта», Издательство «Наука»; Москва; 2011.
- 5 Green J. *The Fault in Our Stars*. USA: Penguin Books, 2012. – 285 p.
- 6 http://shakespeare.mit.edu/julius_caesar/full.html.

7 <http://fishingboatproceeds.tumblr.com/post/91855326253/its-a-metaphor-i-have-no-doubt-that-you-completely>.

ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІ ҚАЗАҚ, ОРЫС, АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ НЕМІС ТІЛДЕРІНІҢ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНДЕ

ТЛЕН Қ. Т.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ОМАРОВА Р. А.

т.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Әлемнің тілдік бейнесі – адамның танымдық іс-әрекеті негізінде қалыптасып, концептуалды және тілдік үлгілер түрінде берілетін санадағы әлем, дүние туралы білімдер жиынтығы, яғни адамның әлем туралы жинақталған білімі мен танымының тілдегі бейнелік көрінісі. Адамның өзін қоршаған әлеммен қарым-қатынасқа түсу нәтижесінде әлем жайында қандай да бір түсінік – үлгі қалыптасады, оны лингвофилософиялық әдебиеттерде әлем суреті деп атайды.

Тілдік формада бекітілген әлем туралы білімдердің жиынтығы әртүрлі тұжырымдарда түрліше аталды: «әлемнің тілдік репрезентациясы», «әлемнің тілдік моделі», «әлемнің тілдік бейнесі», «концептуалды жүйе», «индивидуалды концептуалды жүйе» т.б. Осылардың ішінде «әлем бейнесі» термині кең тарады. М. Хайдеггердің айтуынша, «әлем бейнесі» әлем бейнеленген суретті білдірмейді, керісінше сурет сияқты ұғынылатын әлемді білдіреді. Әлем бейнесі – бұл шындық туралы біздің түсінігіміз; адамның барлық рухани белсенділігі: әлем туралы барлық түсінігінің, әлеммен барлық байланысының нәтижесі болатын тұтас, глобалды әлем бейнесі. Егер әлем – адам мен қоршаған ортаның байланысы болса, әлем бейнесі – адам мен қоршаған орта туралы ақпараттардың өңделген нәтижесі. Әлем бейнесі дегеніміз – қоғамдық (сонымен қатар топтық, жеке) санада қалыптасқан шындық туралы білімнің реттелген жиынтығы [1, 16 б.].

Әлемнің тілдік бейнесі туралы түсінік тіл мен ойды қатар қойып қарастырғанда пайда болады. Көптеген ғалымдардың айтуынша, әлемнің тілдік бейнесі тіл арқылы қалыптасады. «Адам қоршаған ортаны өзінің тілі арқылы танып біледі». Өздерінің тұжырымдарында осындай гипотезаны ұстанған Э. Сепир мен Б. Уорф тілдер бір-бірінен өздерінің әлемнің тілдік бейнесімен ерекшеленетінін айтады. В. фон Гумбольдттың тілдің ішкі формасы

туралы ілімін негізге алып, тұңғыш рет «әлемнің тілдік бейнесінің» теориясын ұсынған неміс ғалымы Л. Вейсгербер де сөз арқылы әлемді тануға болады деген қағидаға сүйеніп, өз тұжырымдарында тілдің рөлін тым әсірелеген болатын [2, 108-110 б.].

Қазіргі таңда гендерлік лингвистика негізінен тілдік қатынастағы ерлер мен әйелдер тілінің өзіндік ерекшеліктері мен айырым белгілеріне айрықша назар аударуда. Сол себепті бүгінде әлемдік тіл білімінде әр ел ғалымдары тілдегі гендерлік ерекшеліктер мәселесін көтеріп, жан-жақты зерттеулер жүргізуде. Гендер ұғымын тілдік жағынан сипаттап, оның ерекшеліктерін анықтап, дамытқан ғалым – А. В. Кирилина. Автор өз еңбектерінде гендер және жыныс ұғымдарын келесідей ажыратып берді: Гендер не является языковой категорией, но его содержание может быть раскрыто путем анализа структур языка, что объясняет востребованность лингвистической компетенции для изучения культурной репрезентации пола [3, 158 б.].

Көне заманнан бері қазақ халқының ұрпақтан ұрпаққа беріліп, мұра болып келе жатқан, ауыз әдебиетінің бай салаларының бірі – мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдер – құрылысы жағынан әрі ықшам, әрі көркем, мағынасы жағынан терең ой, кең мазмұнды қамтитын, аса шеберлікпен жасалған сөз өрнегі.

Осы жұмыста біз әйел бейнесін қазақ, орыс, ағылшын және неміс тілдеріндегі мақал-мәтелдердегі рөлін анықтауға тырысамыз. Қазақ халқының өмір салтына сәйкес, тарихи қалыптасқан жағдаяттарға сай көптеген мақал-мәтелдердің әр-түрлілігі анық. Солардың ішінде әйелді ақылшы, ер азаматты бағыттаушы, ердің жамандығын жасырып жақсылығын арттырып отыратын отбасы ұйытқысы ретінде сипаттайтын мақал-мәтелдер. Осындай мақал-мәтелдерде әйелді жағымды немесе жағымсыз қарама-қайшылық арқылы суреттеп береді. Мысалы:

Жаман әйел жақсы еркекті ез қылады,
Жақсы әйел жаман еркекті ел қылады.
Еркек – түздің көркі,
Әйел үйдің көркі.
Ер – бас, қатын – мойын.
Жақсы әйел жаман еркекке біткен бақ,
Жақсы жер, алтын қоныс – алтын тақ.
Жақсы әйел жаман ерін хан қылады,
Жаман әйел жақсы ерін даң қылады.

Ағылшын тілінде осы іспеттес мақал-мәтелдер бар, олардан аңғаратын негізгі ой – әйелдің жақсы болуы еріне байланысты,

Әйел ерінен бір саты төмен тұрады, әйел өз ақылдылығымен және төзімділігімен ерінің жүгін жеңілдететін қамқоршысы, оның тапқан табысын жеткізе білетіндігін көрсету:

A good husband makes a good wife.
Behind every successful man is a woman.
A worthy woman is the crown of her husband.
Man is head, but woman turns it.
Men build houses, women build homes.

Осы тақырыпқа байланысты көптеген орыс және неміс тілдеріндегі мақал-мәтелдер бар:

Муж – голова, жена – душа.
С доброй женой горе – полгоря, а радость в двойне.
Eine Mutter kann man verlieren, aber nie wiederfinden.
House goes mad when women gad.

Барлық тілдердегі мақал-мәтелдерде әйел бейнесінің әдемілігі, сұлулығы туралы көптеген мақал-мәтелдер кездеседі.

Die Frau hat ihre Waffen bei sich»,
«Ум женщины – в её красоте»,
«Every woman would rather be beautiful than good»

Әйелді даудың бастаушысы ретінде көрсететін мақал-мәтелдердің шығуы тегін емес, ағылшын тілінде де мағынасы сәйкес мақалдарды кездестіреміз:

Every woman is beautiful till she speaks.
A woman told me that a woman told her.
One tongue is enough for a woman.

Осы тақырыпқа байланысты біршама неміс, орыс мақал-мәтелдерін табуға болады.

С бабой не сговоришь. Бабу не переговоришь»,
«A woman's tongue wags like a lamb's tail»,
«Волос долог, а язык длинней (у бабы)»
«Alte Weiber und Frosche quacken viel»,
«Viel Frauen, viel Worte».

Мақал-мәтелдерге ортақ түсінік, әйелдердің сөзшендігі, әйелдің ісі ешқашан бітпейтіндігі және олар өсекке жақынырақ болатыны сөз етілген.

Қыздың тұрмыс құрған соң келін ретіндегі бейнесін суреттейтін мақал-мәтелдер:

Келіні жақсының көрегесі алтын.

Жақсы ауылға келген келін – келін, Жаман ауылға келген келін – келсап.

Келесі мақал-мәтелдер тобы ағылшын халқының төл мәдениеті мен тұрмыстағы гендерлік таптаурындардан туындаса керек, сондықтан бұл мақал-мәтелдердің басқа тілдерде баламалар жоқ.

A lady is a woman who makes it easy for a man to be a gentleman.
If you search for a faultless woman, you will remain a bachelor.
A man is as old as he feels, and a woman as old as she looks.

Қазіргі гендерлік лингвистикада әлі де толық зерттелмеген аспектілердің бірі – туыс емес және мәдениеті әр – алуан қазақ, орыс, ағылшын және неміс тілдеріндегі мақал-мәтелдердің ерекшеліктері мен ұқсастықтарын анықтап, саралап, таладаудан өткізе отырып, осы мәдениеттердің көптеген бұрын белгісіз болған қырларын ашу [4, 250 б.].

Мақал-мәтелдердің гендерлік қырын сөз еткенде біз әйел және ер бинарлық жұбының жағымды, жағымсыз қылықтарын сипаттайтын мақал-мәтелдерді, бейтарап реңкі бар мақал-мәтелдерді және олардың қоғамдағы орны, қызметі, әлеуметтік статусын, ана-бала, ата-бала және әке-ұл, ана-қыз арасындағы қатынастарды айқындайтын мақал-мәтелдерге талдау жасау өте маңызды болып табылады.

Осы төрт халықтың менталитеттері әр түрлі болса да, әйел бейнесін бейнелейтін көптеген мақал-мәтелдерде ұқсастықтар кездесіп отырады. Біршама халықтарда әйел бейнесі ерлердің сенімді серігі, жөн сілтер ақылшысы ретінде бейнеленеді. Осы мақал-мәтелдерінде ердің өмір сүруі үшін әйел еңбегінің аса қажеттілігі баса айтылады. Ана, қыз ретінде де әр түрлі мақал-мәтелдерде көрініс табады.

Қорыта әрбір тілдің мақал-мәтелдеріне тоқталсақ, қазақ мақал-мәтелдерінде әйелдің бейнесі тәрбиеші, бағдар беруші, ең адал және кішіпейіл жан ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, қазақ мақал-мәтелдерінде әйел қандай болу керектігі, қалай өзін ұстау керектігі, не айту керектігі, осының барлығы болашақ ұрпаққа ақыл, тәрбие беру үшін жасалынғаны анық. Орыс мақал-мәтелдердегі әйел бейнесі өзгеше болып табылады. Себебі олардың халқында әйел өте қатал, еңбекқор және әр түрлі жағымсыз жақтары да көп көрсетіледі. Көбінесе ол сөйлегіштікке, мінездеріне байланысты болады. Келесі ағылшын мақал-мәтелдерінің әйел бейнесі керісінше әйелдің жағымды жақтары және өмірдің маңыздылығын жақсы түсінетін адам ретінде қарастырылады. Ал неміс мақал-мәтелдерінің әйел затының әдемілілігі, мақсаттылығы, тазалығы, шыдамдылығы көп жерлерде бейнеленеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Маслова В.А. Языковая картина мира и культура / В.А.Маслова // Когнитивная лингвистика конца XX века. Материалы международной научной конференции (в трех частях).- 4.1. -Минск, 1997
- 2 Брутян А. Язык и картина мира // Филос. Науки, 1973, №1. б. 108-110.
- 3 Введение в теорию гендера: учебное пособие. – Алматы, 1999. – 158 б.
- 4 Аханов К. А. Тіл біліміне кіріспе. Алматы: Мектеп, 1965. – 600 б. – Б. 250.

ОТРИЦАТЕЛЬНЫЙ ОЦЕНОЧНЫЙ КОМПОНЕНТ КОМПАРАТИВНЫХ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ

ТЮЛЕБАЕВА М. К.

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

ХУДИЕВА С. Р.

ассоц. профессор (доцент), ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

В последнее время все более актуальными становятся исследования языковых единиц, помогающих выявить особенности ментальности, отраженные в той или иной культуре. Изучение фразеологических единиц как устойчивых, клишированных речевых единиц, являющихся результатом рефлексии и глубоинной разработки социумом наиболее значимых для него понятий, позволяет обнаружить специфические черты народного менталитета [1, с. 116].

Фразеологизм, или фразеологическая единица – устойчивое по составу и структуре, лексически неделимое и целостное по значению словосочетание, выполняющее функцию отдельной лексической единицы. Фразеологизм употребляется как целое, готовое сочетание слов, не подлежащее дальнейшему разложению и обычно не допускающее внутри себя перестановки своих частей [2, с. 2].

Как самостоятельная лингвистическая дисциплина фразеология возникла сравнительно недавно. В задачи фразеологии как лингвистической дисциплины входит всестороннее изучение фразеологического фонда того или иного языка. Важными аспектами исследования этой науки являются: устойчивость фразеологических единиц, системность фразеологии и семантическая структура

фразеологических единиц, их происхождение и основные функции. Особенно сложной отраслью фразеологии является перевод фразеологических единиц с языка на язык, требующий немалого опыта в сфере исследования этой дисциплины. Фразеология разрабатывает принципы выделения фразеологических единиц, методы их изучения, классификации и фразеографию – описания в словарях. Фразеология пользуется различными методами исследования, например компонентным анализом значения. Фразеология предлагает различные типы классификаций фразеологического состава языка в зависимости от свойств фразеологизмов и методов их исследования.

Предметом истории фразеологии является изучение первичных, исходных форм и значений фразеологизмов, определение их источников по всем доступным памятникам, выявление сфер их употребления в разные эпохи существования языка, а также установление объема фразеологического состава и его системной упорядоченности в ту или иную историческую эпоху развития языка.

К сожалению, в английской и американской лингвистической литературе мало работ, специально посвященных теории фразеологии. Имеющиеся значимые труды таких авторов, как: А. Маккей, У. Вейнрейх, Л. П. Смит и др. не ставят такие фундаментальные вопросы, как научно обоснованные критерии выделения фразеологизмов, соотношение фразеологических единиц и слов, системность фразеологии, фразеологическая вариативность, образование фразеологизмов, метод изучения фразеологии и т.п. Также не ставится английскими и американскими учеными вопрос о фразеологии как о лингвистической науке. Этим и объясняется отсутствие в английском языке названия для данной дисциплины [2, с. 2].

Фразеология (от греч. φράσις – выражение и греч. λόγος – понятие, учение) – раздел теоретической лингвистики, изучающий устойчивые речевые обороты и выражения – фразеологические единицы, совокупность фразеологических единиц какого-либо языка также называется его фразеологией.

Фразеологизмы – это устойчивые сочетания слов, постоянные по своему составу, значению и воспроизводимые в речи в качестве готовых и целостных единиц [3].

Данная статья рассматривает компаративные фразеологизмы, ключевой особенностью этих единиц с симилиативной образной основой является указание на эталонного носителя того признака, с которым сравнивается референт. Это значительно облегчает

понимание смысла компаративных фразеологизмов, как носителями языка, так и изучающими язык. Национально-специфичные образы, закрепленные в сознании носителей языка в виде эталонов и отображающие национальные представления об окружающем мире, даны в эталонных частях устойчивых сравнений, формируют этнокультурное своеобразие компаративного фразеологизма. Культурно-национальная специфика этих образов определяется своеобразием мышления каждого народа и одновременно свидетельствует о таком своеобразии.

Общность компаративной фразеологии исследуемых языков обнаруживается в том, что наибольшим количеством в каждом из них представлены компаративные фразеологизмы с отрицательным оценочным компонентом. Например, *as bold as brass* / наглый как танк, *as fat as a pig* / жирный как свинья, *as dumb as a wooder* / глуп как пробка, *as stubborn as a mule* / упрямый как осел и другие. Общая семантическая асимметрия фразеологической системы объясняется более острой и дифференцированной эмоциональной и речемыслительной реакцией людей на отрицательные явления. Такая реакция характерна для стрессовых, то есть резко отрицательных эмоциональных состояний, тенденций к использованию готовых речевых форм и в том числе устойчивых словесных комплексов [1, с. 117].

ЛИТЕРАТУРА

1 Ведымакова Е.Е. и Куликова Н.В. Национально-специфические особенности компаративных фразеологизмов английского, немецкого и русского языков

2 Клестова И.Л. Фразеология и фразеологизмы английского языка

3 <https://ru.wikipedia.org/wiki/Фразеологизм>

МАҒЖАН ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТЖАНДЫЛЫҚ

УМЕРСЕЙТОВА А. Т., ҚОСПАҚАЕВА Г. А.

студенттер, М. Қозыбаев атындағы

Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ.

ҚАДЫРОВ Ж. Т.

ф.ғ.к., профессор, М. Қозыбаев атындағы

Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ.

Елу жылда – ел жаңа дегендей біздің де заманымыз қайта жаңарып әдебиетіміз бен мәдениетіміз халқымыздың рухани байлығымыздың қайнар көздері қайта аршыла, қайта тазарып, өз ортамызға қосылып жатқандарынамақтануымызға болады. Ол қайнар бұлақ көздері өз халқының болашағы үшін, Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық және рухани өмірі үшін күреске, сол арпалыстарда жазықсыз жазаланған неше алуан, зиялыларымыздың есімдерінің бірі – жерлесіміз Мағжан Жұмабаев.

Мағжан айтқандай қазаққа әлі де соры арыла қоймаған кез. Сол соры арылмаған қазақты заманында Мағжан өз көзімен көріп, бірге жүріп, олардың қайғы-қасіретін бірге тартып, өзі өле-өлгенше қазақ, алаш үшін күресіп өтті.

Басқа жұрт аспан-көкке асып жатыр,

Кілтін де өнер-білім ашып жатыр.

Ойламай біздің қазақ текке жатыр,

Кең жері күннен-күнге құрып жатыр.

Сұр жылан қанын-сөлін сорып жатыр.

Кешегі шешек жарған қазақ гүлі,

Сарғайып, бір су тимей, солып жатыр.

Мінекей, қазақ солай бітіп жатыр.

Ақынның бұл жолдарынан қазақтың кең жерінің құрып бара жатқанын, отаршылдық халықты жыландай білдірмей сорып жатқанын, қазақты да құртып бара жатқанын айқын да ашына жырлайды. Ол «Сорлы қазақ» өлеңінде:

Шетке лақтыр, тымақтай алып, елден кү

Ертелі-кеш басына мініп, езгенді – деп, жұртты азаттыққа шақырады.

Мағжан Жұмабаев «Қазағым» деген өлеңінде де малынан, жерінен айырылып жатқан қазақтардың болашақ жағдайы не болмақ дей келіп:

Бар жерді күннен-күнге алып жатыр,

Біреулер алып қала салып жатыр.

Қырылып өзді-өзімен қазақ сорлы,
Жерінен аузын ашып қалып жатыр.
Заман түлкі болғанда, тазы болмай,

Биік қырдан алдағы аса алмаспыз – деп, отаршылдық саясаттың заманындағы қазақ халқының мүшкіл халін айта келіп, оларды бірлікке шақырады.

Мағжан қазақ халқының басындағы зобалаңнан, қанды азаптан құтылудың жолын, тек қазақтың өзі сияқты оқыған азаматтарынан күттіреді:

Азамат, анау қазақ, қаным десең,
Жұмақтың суын апар, жаным десең.
Болмаса, ібіліс бол да у алып бар,

Токтатам тұншықтырып зарын десең – деп, қазақтың мұңлы зарын естігенше, у ішіп өлгенін артық санаған.

Мағжан қазақ халқының тағдырын, ауыр тұрмысын туған елінен, жерінен айрылғандығын жоқтап айтатын ешкім болмаған соң, бір аллаға, тәңірге де мұңын шағады:

Бір отсыз шөл даланы орын қылдың,
Бақ-дәулет, өнер-білім қырын қылдың
Кесір деп кек алатын өгей балаң,
Біз бе едік, төбет итке жырым қылдың.

Мұнда көк төбет кім? Өгей бала кім екені, оның халі қандай екені ап-ашық айтылып-ақ тұр. Әбден ашынған ақын – қазақ сорлы, мазақ сорлы, тіпті жалаңаш араб құрлы болмадық-ау деп, халқына жаны ашып мұңаяды, зарлайды. Осы зор мұңын ақын «Тілегім» атты өлеңінде жалғастырады:

Өзегіне өтпей ме?
Зарлы жырым жетпей ме?
Қарағыма, қалқама,
Көрмейтін рахат жанайын
Жалын болсын маңайым,
Жырымен жаным жұбатам,
Жырыммен жұртымды оятам!

Несіне жас төгейін, – деп, бір уақыт өзіне-өзі жұбату айтады.

«Адам мен жер – Мағжан поэзиясының ең күшті халықтық рухы. Халық атамекенін қалай сүйсе, Мағжан да солай сүйген, өзінің де, туған халқының да тірлігін көрсетеді» дей келіп, «Орал», «Орал тауы», «Түркістан» сияқты өлеңдерін – азаматтық лирикаға жататын күшті жырлар Мағжанда өте көп.

Ар жағы–көк көзді жын ұясы,

Бер жағы түріктің сор даласы – деген өлең жолдарынан ғана дәлел келтіріп, Әбекен Мағжан айтқанындай Орал тауы түрік халқының ата қонысы болғандығын, бұл күнде сол түріктің аты да аталмай, заты да, дыбысы да жоқ, әлдеқайда іріп-шіріп кеткендігін, енді сол анадан тараған түркі балалары қосылып, өзінің туған жерлерін басқаларға тапталмайын деп жар салғанын Әбекен көрмеген болады. Тек күшті жазылған лирика қатарына қоса салады. Енді Мағжанның «Түркістан» өлеңін айта кетсек:

Бұл Тұран ежелден-ақ алаш жері,
Тұрансыз тарқалмаған алаш шері.
Тұранның топырағында тыныш тапқан.
Алаштың арыстандай Абылай ері,
Шер батса, кім іздемес туған елін,
Тұлпар да көксемей ме туған жерін,
Арқаның ардагері алып алаш,
Тұран да, біле білсең, сенің жерін.

Ақын алаштың арыстаны – Абылай өмір сүрген заманда тұран топырағында өмір болғанын айтады. Тұран елінің басына түскен ауыртпалық алашқа ғана батып қоймайды. Неше алуан алаштың ерлері мен хандарының, билері мен сол ханнан тараған – ғұлама Ибн-Сина Әбуғали сияқтылар әлі туған емес дейді.

Мағжан қазақ бостандығы үшін күрескен қасқа жолды Қасымханды, данышпан хан Тәукені, Есім ханды мақтанышпен жырлаған.

Мағжан поэзиясынан өз халқын азаттыққа шақырған үнді, тіпті «Бесік жыры» деген кішкене бөбектерге арналған өлеңінен де табуға болады.

Алмас қылыш,
Найза құрыш.
Белге буарсың,
Сен, сырттаным,
Арыстаным,
Жауды қуарсың!
Туған жерден,
Өскен елден
Ерге не қымбат,
Жас жолбарыс,
Жаумен алыс,

Шанға, қанға бат! – деп бөбектерге де үн қатады. Ол кездегі кішкене бөбектер бұл күндегі шалдар ғой...

Ауыл тұрмысына арналған шығармаларындағы ұлт-азаттық үн «Ұлан» деген өлеңінен де айқын естіледі:

Не мұның бар, айт, қарғам,
Шерің болса, домбыранды ал, жау келді жалғыз жанға
Найзаласты, қоштасты,
Ұлан өлді батып қанға—
деген жолдар.
Ел үшін өл, ер болсаң,
Ел үшін өл, ер үшін – деп
жар салады.
Мағжан тағы да:
Қараңғы, дауылды түн сор далада,
Патшалық құрған өлім айналада.
Шыраққа қолымдағы от тұтаттым,
Үмітпен бір азырақ деп жанама – дейді.

Патша заманындағы қазақ халқы өлім қыспағында болғанын көріп қана қоймаған, ақын оларды сол өлімнен құтқармақшы болып, «шырақ» жағады. Ол шырағы – бостандық, күрес, азаттыққа ұлтын үндеуі еді.

Бұйырса, шырақ сөнбес, ұзақ жанар,

Табылар шыраққа көз салалар жандар – деп, болашақты көрегендікпен меңзейді.

Мағжанның поэзия тәңірі екенін бір ғана төмендегі өлеңінен көруге болады:

Тау суындай гүрілдер,
Айбынды алаш елім дер.
Алтын алқа жерім дер,
Алаш айбынды ұраны
Қасиетті құраны
Алаш атын аспанға,

Шығарар олар бір таңда – дегенікүні кеше ғана желтоқсан оқиғасы Қайрат Рысқұлбеков бастаған 1986 жылғы жастар дүмпіуі, 1991 жылғы еліміздің тәуелсіздік таңының атқаны дәлел. Міне, сол Мағжан аңсаған, Мағжан жырлаған жастары бүгінгі сіздер мен біздер екеніне ешкім дау айта алмас.

Ия, Мағжан кім еді? Өз тілімен айтсақ: «Ол айбатына шыдамас поэзия арыстаны еді, қайратына қарсы тұрмас, поэзия жолбарысы еді». Мағжанның өз тілімен айтсақ: «Мен өлмеймін, менікі де өлмейді». Мағжан – поэзия патшасы, Мағжан – поэзия қазысы, Мағжан – поэзия биі болғаны даусыз.

Бір өкініштісі, Мағжан ақындығы шындықпен кезінде дәл бағасын ала алмады. Оған кінәлі кім екені айтпаса да түсінікті. С. Мұқанов «Абайдан кейін, тіл өнегесінде Мағжанның асқан қазақ ақын жоқ, ол ақынның ақыны» дегені шындық.

Мен өлсем де, алаш өлмес, көркейер
Істей берсін, қолдарынан келгенін.
Қалың елім, қалың қара ағашым,
Қайраты мол, айбынды ел, алашым!
Өзі-ақ құлар сырың берме, сабыр қыл,
Ақымақтар байқамаған шамасын.

Міне, ұлты үшін өлімге шын мәнінде басын тіккен ұлы ақын Мағжан Жұмабаев, кейінгі қазақ халқына сабырлық айтып, сұм заманның өзі-ақ түбінде құлайтынын бір ғасырға жуық бұрын айтып кеткен екен ғой.

Ақын – өмір бойы мал бағумен келе жатқан, дала халқын өз ішінен екіге жарып қарауға келіспегендігі шындық. Керісінше бір халықты бөлгеннен көрі, алты алаштың басын біріктіріп, өктемдігін жүргізіп отырған бөтен халықтың қанындағы жаман әрекетті ел ішіне таратпай, ұлттық болмысымызды, қалыпты тіршілігімізді бұзғысы келмегендігін жоққа шығаруға болмайды. Қазақ халқының бұрыннан қанына сіңіп келе жатқан туыстық, бауырмалдық, салт-дәстүр, наным-сенімдерінің қаймағы бұзылмай қалыпты сақталуын қалағаны рас. Ел ішін жайлаған жалған ұран, өсек-жаладан жаны түршігеді. Кеңестер Одағының мәдени ағарту саласындағы жетістіктермен бірге, идеологиясындағы кемшілігін де байқады. М. Жұмабаев: «Тегінде «тағдыр жазған» жолымен қалтақтап келе жатқан қазақ елі, Ресей революциясының толқынымен, екпінімен кете барып, қанша ұтты, қанша ұтылды, ашық шешуін тарих береді» [1, 110 б.] дей отырып, ой таразысына салып, салмақтап, бұл бодандықтың өзгеріске түскен екінші тәсілі екендігіне көзі жетеді. Іштей көзін талмай жаспен жуып келе жатқан, «Алашым-ай, тәуелсіздікке қолың жетпей, өмірден өксіп өтетін болдың ау» деген күнірне күрсінісін «Қорқыт» поэмасында жасырмай жайып салады.

Ақын Мағжан өзінің таным-талғамын бедерлі сөз, кемел оймен, тіл өнерінің мейлінше айқын бояуларымен жеткізіп, сезім пернелерін дөп басып, шын мәніндегі өлең құдіретін мойындайды. Ол өзінің өткір ойын айтуда әдебиетте жаңа үлгілер іздеді. Бұрыннан келе жатқан қайсыбір сөз қолданыстарымыздың мән-мағынасын жаңартты. Мағжан – ХХ ғасыр басындағы ақындар арасынан ұлт азаттығын поэзияда терең қозғаған ақындардың ең озығы ғана емес, өз кезіндегі ақындардан мынадай үш қасиетімен ерекшеленеді:

Бірінші – күшті ұлттық демократиялық идеясы, революцияға дейінгі және одан кейінгі кезеңдегі халық мұнын реалистік суреттеуі.

Екінші – шығармаларының ерекше бейнелілік, керкемдік формасы.

Үшінші – өлеңдерінің жазылу құрылысы өзгеге ұқсамайтын жаңашылдығымен оқшауланып, ерекше дараланады. Сондықтан да, оны – ақылдың әміршісі деп айтуымызға әбден болады.

Ғалым Ш. Елеукеновтың сөзімен айтқанда «Мағжан Жұмабаевтың қазақ әдебиеті тарихында алатын орны ерекше. Абайдан соң қазақ поэзиясында ең шебер ақындардың бірі ретінде бағаланған Мағжанның поэзияға қосқан үлесі мол» [2, 157 б.] деп тұжырымдаймыз. Ақын поэзиясы өзін туғызған уақыт аясында қалып қойған жоқ. Оның сыршыл лирикасы әлі де талай жүректерді тебіренгенді, өмірдің жарқын күйлерін бейнелейді. Мағжан жырының бұлақты білмейтін шыншылдығы, өткірлігі, биік моральдық, пәктігі бүгінгі заманға да қарымды қызмет ететіні еш күмән келтірмейді.

Жалғыз қазақ емес, күллі Тұран жерінен шыққан түркі текті халықтардың мақтанышына айналған, көзі тірісінде-ақ мәңгілік сөнбес Шолпан жұлдызындай жарқырап шыққан Мағжан ақынның осындай құнды да нәрлі жырлары уақыт өткен сайын соны қырынан танылып, жаңа да жас оқырманын тауып отырары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жұмабаев М. Шығармалар. – Алматы, 1996. – 395 б.
- 2 Елеукенов Ш. Мағжан. – Алматы, Санат, 1995. – 384 б.

ӘДЕБИ ТІЛ МЕН АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ТІЛІ

ҮДЕРБАЕВА З.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ҚАДЫРОВА Б. М.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тілдің өмір сүру формаларының ең бастысы – әдеби тіл. Әдеби тілге тіл білімінде көптеген анықтамалар берілді. Орыс әдеби тілінің тарихын сөз еткен еңбектерде әдеби тілге түрліше анықтамалар беріледі. Мәселен, В. Л. Левин: «Әдеби тілінің тарихы-жазба ескерткіштерінің тарихы» [1] десе, А. И. Горшков: «Әдетте, жазусыз әдеби тіл болуы мүмкін емес» – дейді [2]. «Тіл

білімі тарапынан алғанда «әдеби тіл» деп тек көркем әдебиет емес, ғылыми зерттеулердің, саяси трактаттардың, газет-журналдардың тілін де, қысқасы, жазба тілді айтамыз» – деген А. С. Чикобаваның зерттеулерінде әдеби тіл жазба тілмен тығыз байланыстырылады [3]. Себебі, жазуы ертеде пайда болған орыс әдеби тілінің жазумен тығыз байланысты болуы заңдылық. Қазақ тіл білімінде де әдеби тілді жазумен байланыстырушылық бар. Оған М. Балақаев, Ғ. Мұсабаев, Т. Қордабаевтың әдеби тілге берген анықтамаларын айтуымызға болады. Әдеби тіл туралы қазақ тіл білімінде біршама зерттеулер жазылды. С. Аманжолов әдеби тіл нормаларын сұрыптай отырып, оның ауызекі сөйлеу тіліне қарағанда кең көлемде және қоғамның кез-келген саласында қолданылатынына ерекше мән береді. Ғалым «Қазақ тілі теориясының негіздері» еңбегінде: «Әдеби тіл дегеніміз- бүкіл қазақ халқына ортақ ұлт тілі. Бұл ұғымға тек көркем әдебиеттің тілі ғана кіріп қоймайды, оған бүкіл баспасөздің тілі, барлық ғылыми, саяси, тарихи және техникаға байланысты кітаптардың, газет-журналдардың тілі де кіреді» – дейді [4, б. 54].

К. Аханов әдеби тілдің қызметін оның қоғамдық болмысымен, мәдени дамуымен түсіндіреді. Зерттеуші пікірін топшылай келе, тілдің әлеуметтік өзгешелігін, оның халықтың тұрмыс-тіршілігімен сабақтастығын, қоғамның тілге және керісінше, тілдің қоғамға әсер ете алатын табиғатын танымыз.

Р. Сыздық: «Әдеби тіл дегеннің ең басты белгісі-оның өңделген, сұрыпталған, нормаланған тіл болуы, бұл-бір. Қызметі жағынан сол халықтың өмірінде ұйымдастырушы, қоғам мүшелерінің басын қосушы сипаты, яғни жалпыға ортақ қасиеті болуға тиіс, бірақ әдеби тілдердің бір кезеңдердегі жазба түрлерінде әрдайым соңғы белгінің болуы шарт емес» – дейді [5, б. 48]. Әдеби тілді тану үшін оның карама-қарсысына қойылатын басты құбылыс- ауызекі сөйлеу тілі екендігі үшінші шарт, төртінші сипаты әдеби тіл қолданылу тәжірибесінде қоғам сынынан өткен, нормаларын қоғам санасы дұрыс деп қабылдаған және ол нормалардың барша үлгілерге отрақ болуы шарт екендігі аталады.

Пікірлерді саралай келе әдеби тіл дегеніміз ұлт тілінің ең жоғарғы түрі, оның өңделген, сұрыпталған, әлеуметтік сипаты мен стильдік ерекшеліктері мол саласы. Әдеби тіл тарихи құбылыс. Сондықтан тілдік бірліктердің өңделуі мен сұрыпталуы барлық дәуірде бірдей болмайды. Олар төменгі сатыдан жоғары дәрежеге біртіндеп көтеріледі.

Әдеби тіл кенеттен пайда болмайды. Ол бұрыннан белгілі тілдің негізінде жасалады. «Жалпы тіл білімінде» әдеби тілдің жасалуының К. Маркс пен Ф. Энгельстің «Неміс идеологиясы» еңбегіндегі үш түрлі жолын көрсетеді:

1 Бұрыннан бар халықтық тіл негізінде қалыптасады. Мұндай әдеби тіл әр халықтың өзіне тән тума төл тілі болып есептеледі.

2 Әр түрлі ұлттардың, олардың тілдерінің араласып будандасуы негізінде белгілі бір тіл бірнеше ұлттар әдеби тілдерін қалыптастыруға негіз болуы мүмкін.

3 Өзара туыстас, төркіндес, бір-бірімен тығыз байланысты диалектілердің шоғырлануы негізінде қалыптасады. Олардың ішіндегі басқаларға қарағанда жалпылық, ортақтық сипаты молырақ бірі ұлттық әдеби тілдің қалыптасуына негіз болады [6].

Әдеби тілдің өзіндік нормасы, әр түрлі стильдік ерекшеліктері болады. Норма барлық халыққа, барлық адамға, барлық өңірге ортақ болуы керек.

Адамдардың күнделікті қарым-қатынасында сөйлеу тілі қолданылады. Ауызекі сөйлеу стилі тұрмыста, адам еңбек етіп, тіршілік жасайтын салалардың барлығында да пайдаланылады. Ауызекі сөйлеу стилі екі шағын стильден тұрады:

- бейресми ауызекі сөйлеу шағын стилі;
- ресми ауызекі сөйлеу шағын стилі.

Бейресми ауызекі сөйлеу шағын стилі – тұрмыста, отбасында қозғалатын әңгіменің стилі. М. Серғалиев мұндайда әлдебір маңызды мәселе, үлкен проблема көтерілмей, аман-саулық, қоршаған ортаға байланысты сөз болады да, әлдебір мәселе толық шешілмей, қысқа қайрылып, екінші жайға ауысып отыратындығын айтады. Ресми ауызекі сөйлеу шағын стилі деген де шартты. Оның толық мағынасындағы ресми стильге қатысы жоқ.

Ауызекі сөйлеу стилін айқындайтын экстралингвистикалық және лингвистикалық белгілер болады. М. Н. Кожин «Орыс тілінің стилистикасы» еңбегінде ауызекі сөйлеу стилін айқындайтын экстралингвистикалық белгілеріне:

- қарым-қатынастың бейресмилігі мен еркіндігі;
- сөйлеушінің сөзге тікелей араласуы;
- қолданыс тілінің алдын ала дайындықсыздығы, демек, автоматизм;
- ауызша сөйлеу түрінің басымдылығы, мұндайда диалогтің жетекші орын алатындығын жатқызады.

Ауызекі сөйлеу тілінде сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі толық сақтала бермейді. Стильдің өзі солай аталған соң, әрине, мұнда ауызша сөйлеу өте басым болады.

Ауызекі сөйлеу тілінің экстралингвистикалық белсенді бір түріне бет-пішін, дене қимылы, бас шұлғу, иық қағу сияқты әрекеттер де жатады. Сөйлеу барысында дене қимылдарының болуы көп ретте артықшылық етеді. Мәселен, қаншалықты қуанышты білдірсе де, қос қолды ербендете беру тыңдаушылардың күлкісін туғызуы мүмкін. Сондай-ақ өзі туралы сөйлеп тұрып, кеудесін соққылай беру мәдениеттіліктің көрінісі бола алмайды. Ауызекі сөйлеу стилінде әдеби тіл нормасына жатпайтын сөздердің қолданылуы жиі кездеседі. Әркімнің жастайынан айтып дағдыланған сөздерді жиі пайдалануы да - табиғи құбылыс. Оның үстіне, қызмет бабына байланысты кәсіби сөздер де сөз арасында белсене кірістіріліп отырады. Сол сияқты, өзара жақсы таныс, қызметтес, көршілес немесе кішкентайынан бірге өскен адамдардың сөйлеу дағдысында былайғыларға өрескілеу көрінетін сөздер де көбірек ұшырасады. Осындай сөздердің топтарын құрайтын диалектизмдердің, кәсіби сөздердің, жаргонизмдер мен аргонизмдердің, варваризмдердің ауызекі сөйлеу тіліне аралас жүруі осы стильдің ерекшелігін де танытады. Сөйлеу тілінің лексикасы жөнінде Ә. Болғанбайұлы мен Ф. Қалиұлы былай дейді: «Сөйлеу тілінің өзіндік ерекшелігі бар. Оған қатысты сөздер:

- адамның күнделікті қарым-қатынас кезінде, емін-еркін сұхбат әңгіме үстінде қолданылады;
- алдын ала ойланылып сұрыпталмай, сөйлеу үстінде әңгіменің желісіне қарай туып отырады;
- тақырыптық аясы өте кең, яғни тақырып жағынан шек қойылмайды, қоғам, табиғат, адам өмірінің барлық жағын да қамтуы мүмкін» [7].

Ауызекі сөйлеу тілінің тағы бір ерекшелігі - тілдегі сөздер тура мағынасында қолданылады. Өлбетте, сөздердің ауыспалы мағыналары болатыны да көпшілікке белгілі. Мұндай мағына көп жағдайда көркем әдебиет тілінде, публицистика тілінде мол жұмсалады. Ал ауызекі сөйлеу тілінде сөздердің ауыспалы мағыналары қолданыла қалса, ол белгілі бір мақсатқа байланысты болып жатады. Айталық, әзіл-оспақ, қалжың ретінде метафораны да, метонимияны да, синекдоханы да т.б. қолдануға тыйым салынбаса керек, ал жалпы, ауызекі сөйлеу тілінің табиғатында сөздердің тура мағынасының қолданылатынын баса айтуға болады.

Екеуара, үшеуара сөйлескенде тіл қатысушылардың көңіл-күйі сезілмей тұрмайды. Сөйлесушілердің бәрі бірдей әлдебір оқиғаға таңданыс білдіріп, реніш танытып, ризашылықтарын танытып жатулары әбден мүмкін. Кейбір тұстарда бірі қостамаған әңгіме арқауын екіншісінің қостауы да ғажап емес. Сөйтіп, сөйлеушінің өзіндік баға беру талабы аңғарылады. Осындай реттерде эмоциональдық-экспрессивтік мәні бар сөздердің қолданылуы заңды. Бұрын есігін ашып көрмеген адамның көрме залына барып: «Қандай ғажап!» деуі таңданысты білдірсе, ол көрмеге жиі барып жүрген екінші адамның «Жаман емес» дей салуы да оның бағасын сездіреді. Әлдебіреу алдап не өтірік айтып кетсе, «Қап! Мынаны-ай!» деуімізде де баға берушілік бар. Ал мұндай қуаныш пен өкінішті білдіру ауызекі сөйлеу стилінде көп кездеседі. Сондықтан көңіл-күйін танытатын сөздер мен сөз тіркестерінің ұшырасып отыруы да - сол стильге тән құбылыс.

Сөйлеу барысында сөз тандауға, сөйлем түрлерін сұрыптауға мән аз берілгендіктен, оған қажеттілік аз болғандықтан, сөйлеу тілінің санаулы ғана сөйлемдерден тұрып, стандартқа айналуына тандануға болмайды. Солай болғандықтан сөйлеу тілінің фразеологизмдері мен мақал-мәтелдері де сан жағынан оншалықты көп болмайды. Сөйлеу тілінде окказионализмдер ұшырасып отырады. Публицистикалық стиль мен көркем әдебиет стиліндегі окказионализмдерді құптаймыз. Ал ауызекі сөйлеу тіліндегі окказионализмдер кей жағдайда саналы әрекеттен туындап жатпайды. Көбінесе жағымсыз әрекеттен туындайды. Сөйлеу дағдысында кейбіреулердің «жаңағы», «жаңағы», «осы», «осы» немесе «мысалы», «мысалы» деген сөздер жиі қолданылады. Сөйлегенде орысша сөзді, болмаса жоғарыда айтылған сөздерді қоспай әдеби тіл нормасына сай сөйлеу тіл мәдениетін танытады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Левин В.Л. История русского литературного языка. М., 1957.
- 2 Горшков А.И. История русского литературного языка. М., 1965.
- 3 Чикобава А.С. Введение в языкознание. М., 1953.
- 4 Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. А., 2002.
- 5 Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. А., 2004.
- 6 Қордабаев Т., Қалиев Ф. Жалпы тіл білімі. А., 2004.
- 7 Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы С. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы. – А., 1993.
- 8 Қадырова Б.М. Әлеуметтік лингвистика. Павлодар, 2016

ТІЛ САЯСАТЫ ЖӘНЕ МЕНСОНИМИЯ ҚҰБЫЛЫСЫ (АСТАНА ҚАЛАСЫ МЫСАЛЫНДА)

ХАЙЫРЛЫ Р. Қ.

студент, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Тіл саясаты – тілдің тағдырын анықтайтын мемлекеттік шаралардың жиынтығы. Оны ұлт саясатының ажырамас бөлігі деп қарауға болады. Өйткені, тілге қатысты мәселе қозғалғанда, оның салдары ұлтаралық қарым-қатынасқа әсер етпей қоймайды. Қазақстандай көп ұлтты мемлекетте этностардың татулықта өмір сүруіне тіл саясаты ықпал етеді. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында аса маңызды үш мемлекеттік бағдарлама атап өтілді. Басты бағдарламалардың бірі – тілдерді дамыту, мемлекеттік тіл мәртебесін одан әрі нығайтудың міндеттері белгіленді. Жолдауда Елбасы «Біз сол сияқты орыс тілін және өзге де қазақстандық этностар тілін дамытатын боламыз. Мен қазіргі заманғы қазақстандық үшін үш тілді білу – әркімнің дербес табыстылығының міндетті шарты екендігін әрдайым айтып келемін. Сондықтан 2020 жылға қарай ағылшын тілін білетін тұрғындар саны кемінде 20 пайызды құрауы тиіс деп есептеймін» деп жастардың шет тілдерін тереңірек меңгеруіне ерекше көңіл бөлу керек екенін және қазақстандықтардың үш тілді білуінің заман талабына сай екенін нақтылады [1, 2, 3].

Эргонимдердің зерттелуі жайында Ресей ғалымдарынан Е. С. Отин [3], Т. А. Соболева, А. В. Суперанская [4], Б. Б. Букчина, Г. А. Золотова [5], Т. В. Шмелева [6], Р. А. Москович [7], М. В. Горбаневский [8, 9], т.б. еңбектерін айтуға болады. Отандық тіл білімінде эргонимдер жете зерттелмегенімен, А. Есенқұловтің «Кейбір өндіріс орындары атаулары» мақаласында жан жақты қарастырылған [10]. Н. В. Подольскаяның анықтамасы бойынша, эргонимия (эргоним грек тілінен Έργο «іс, қызмет, еңбек» + ονομα «есім, ат, атау») – онимнің бір түрі, адамдардың біріккен ісінің, соның ішінде кеңестің, ұйымның, мекеменің, қоғамның, үйірменің жалқы есімі [11, 166 б.].

Тіл саясатының өмірдің кез келген аспектісіне әсер ететіні белгілі. Жоғарыда аталған үш тілділік қала ішіндегі менсонидік атауларға (тағамхана атауларына) ат беру үрдісіне өз ықпалын тигізбей қойған жоқ. Тағамхана атауларының ұлттық тілдегі

баламасы ретінде С. Қ. Иманбердиева менсоним терминін ұсынды. Менсоним (латын тілінде mensa «тамақ, түстену, асхана, науа (лоток), дүкеншік (лавка)» + грек тілінен опута, опота «ат, атау, есім») азық-түлік сату, тамақтану орындарын атайтын жалқы есім, эргонимнің бір түрі, яғни тағамхана атаулары. Аталған термин келесі критерийлерге сәйкес келгендіктен ұсынылып отыр:

– термин бір сөзді болуы керек, мәселен, топоним, зооним, этноним, этнотопоним, космоним. Осындай критериймен жасалған термин ықшамды және өзіндік терминологиялық қатарын құрайды;

– терминнің негізін грек және латын терминоэлементтері құрағаны дұрыс, себебі терминнің халықаралық түсінігі болуы қажет. Сонымен бірге термин ешбір қосалқы мағынаны білдірмеуі керек [2, 6 б.].

Эргонимдердің қалыптасуының негізгі белгісі (критерий) тіл болып табылады. Зерттеу аймағы ретінде Қазақстан Республикасының астанасы Астана қаласының таңдалуы бекер емес. Қала азаматтары үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) сөйлейтіндіктен, аталған тілдер жоғары деңгейде қолданыста. Бұл өз кезегінде, Астана қаласының тағамхана орындарына атау беруінде көрініс тапты.

Астана қаласы бойынша сауалнама жүргізілді. Негізгі мақсат қала тұрғындарының тағамхана атауларына қатысты ойларын білу. Сауалнама 3 түрлі ортада жүргізілді: қазақ, орыс, өзге ұлттар (ағылшын тілді ортада) арасында. Әр ортадан 15 адам жауап беріп, жалпы қатысқан адам саны 45 болды.

Сауалнама үлгісі:

Қала ішіндегі менсонимдік атауларды түсіндірмесіз түсіне аласыз ба?

Атаулардың қай тілде болғаны жөн?


Шет тіліндегі атаулардың аудармасымен бірге берілгені дұрыс деп ойлайсыз ба?

Атаулардың дұрыс жазылып, сауатты берілгеніне мән бересіз бе?

Шет тілінде берілген менсонимдік атауларға қалай қарайсыз?


Менсонимдік атаулар қаланың имиджін арттыруға ықпал етеді ме?

1-сұрақ – Қала ішіндегі менсонимдік атауларды түсіндірмесіз түсіне аласыз ба?



Қала ішіндегі тағамхана атауларын тұрғындардың 37,7 %-ы түсінетіндігін, ал 35,5 %-ы түсінбейтіндігін байқауға болады. Респонденттердің 26,6 %-ы менсонимдік атауларға мән бермейді екен. Толық түсінетіндер қатарына жас буын өкілдерінің басым көпшілігін жатқызуға болады (студенттер мен магистранттар). Себебі, олар білім ордаларында үш тілді қатар алып жүреді деген ойға келдім. Қала ішінде атаулардың мемлекеттік тілден өзге тілдерде бар екенін ескерсек, зейнет жасындағы және қызмет бабындағы тұлғалар үшін оны түсіне беру мүмкін емес.


2-сұрақ – Атаулардың қай тілде болғаны жөн?



«Менсонимдік атаулардың қай тілде болғаны жөн?» деген сауалға респонденттердің 51,1 %-ы үш тілділікті қолдайтындығын көруге болады. Олардың басым көпшілігі жас буын өкілдері (қызмет бабындағы және студенттер мен магистранттар) екендігін айта кету керек. Көрсеткіш бойынша, респонденттердің 40 %-ы менсонимдік атаулардың мемлекеттік тілде болғанын қалайды, 33,3 %-ы қазақ, орыс тілдерінде болғанын, ал одан төменгі көрсеткішті «латын қарпі» мен «кез келген тілде болуы дұрыс» деген пікір иеленіп тұр. Тек мемлекеттік тілде болуы керек деген жауапты зейнеткерлер мен қызмет

бабындағы адамдардың көпшілігі қолдады. Себебі, шет тілінде берілген атаулар ол тұлғалар үшін еш мән-мағына бермейді екен.


3-сұрақ – Шет тіліндегі атаулардың аудармасымен бірге берілгені дұрыс деп ойлайсыз ба?



Сурет 3

Қала тұрғындарының басым көпшілігі үшін аударманың болуы маңызды. Диаграмма бойынша, ол 55,5 %-ды құрап отыр. Сауалнама барысында, орта буын өкілдері мен зейнеткерлер атаулардың аудармасымен берілуі тіл білмейтіндерге ақпараттық көмек ретінде қызмет атқарады деп, «өте жақсы ой» деген пікір білдірді. Респонденттердің 31,1 %-ы аударманың керектігі жоқ екендігін білдірді. Аударманы керек деп таппайтындар арасында жас буын өкілдері басым. Тек 16,65 % респондент «білмеймін» деген жауап қалдырды. Аударманың болуының маңыздылығы қала ішінде оңай жүріп-тұруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ шетелдік қонақтар үшін де аударманың болуы өте жоғары деңгейде қажет екендігі байқалды.

4-сұрақ – Атаулардың дұрыс жазылып, сауатты берілгеніне мән бересіз бе?




Сурет 4

Астана тұрғындарының 59,9 %-ы үшін атаулардың сауатты жазылуы маңызды болса, 35,5 %-ы үшін маңызды емес. Тек 13,3 % респондент «жауап беруге қиналамын» деген жауап қалдырды. Жас

буын өкілдері мен қызмет бабындағы адамдар «тіл білгендіктен кез келген қателік көзге оғаш көрінеді» деп ойларын білдірді. Бұл да үштілділіктің ықпалы деуге болады.


5-сұрақ – Шет тілінде берілген менсонимдік атауларға қалай қарайсыз?



Сурет 5

57,8 % респондент шет тіліндегі атауларды құптайды. 20 % респондент құптамайтын болса, 33,35 % респондент атаулардың қай тілде екендігіне көңіл бөлмейді екен. Шет тілінде берілген атауларды құптамайтындар қатарына зейнет жасындағы кісілер жатса, құптайтындар қатарына жас буын өкілдері жатады. Себебі, өзге тілдегі атаулар өзіндік бір көрік беріп тұратын секілді.

6-сұрақ – Менсонимдік атаулар қаланың имиджін арттыруға ықпал етеді ме?



Сурет 6

33,3 % респондент менсонимдік атаулардың қала имиджін арттыруға ықпалы жоқ дейді. Ал, 28,9 % респондент атаулардың қала имиджін арттыруға ықпалы бар екендігін білдірсе, 37,8 % -ы «білмейміз» деген жауап қалдырды. Қала тұрғындарының басым көпшілігі менсонимдік атауларды қала имиджін арттыруға көмектесетін

фактор ретінде есептемейді. Себебі, респонденттер қала имиджін әдемі ғимараттармен бағалауға болатындығын атап өтті.

Қорытындылай келгенде, жүргізілген сауалнама «Үштілділік» мемлекеттік бағдарламасының сәтті іске асып жатқандығының айғағын көрсетті. Өйткені, респонденттердің басым көпшілігі шет тілінде берілген тағамхана атауларын құптайтындықтарын және атаулар қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде болуы керек дегенді атап өтті. Ал мемлекеттік тіліміздің ахуалы жайында сөз қозғасак, көкейтесті мәселелердің жоқ емес екендігін байқауға болады. Астана көшелеріндегі дүкен, мекеме атауларындағы қателіктерге мән бермеу мүмкін емес. Оның ішіне аудармасы қате, атауында қазақша бір ауыз сөз жоқ атауларды жатқызуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2011 жылғы 28 қаңтар.
- 2 Иманбердиева, С.Қ. Қала ономастикасының кейбір мәселелері: әдістемелік құрал.- Алматы: Арқас, 2004. - 132, [4] б.
- 3 Отин Е.С. Из истории русской эргонимии. // Ономастика. Материалы к сер. «Народы и культуры» вып. XXV в. 14//М., 1993 с. 110-123.
- 4 Соболева Т.А., Суперанская А.В. Товарные знаки. -М., 1986. С. 46.
- 5 Букчина Б.З., Золотова Г.А. Слова на вывеске. Русская речь, 1968. № 3.
- 6 Шмелева Т.В. Язык города. Наименования магазинов. - Красноярск, 1985. - С. 13.
- 7 Москович В.А. Товарные знаки. //Ономастика. – М.: Наука, 1969. С.13
- 8 Горбаневский М.В. Русская городская топонимия. - М., 1996. С. 29.
- 9 Горбаневский М.В. В мире имен и названий. –М., 1987. 206 с.
- 10 Есенқұлов А. Кейбір мекеме және ұйым аттарының жасалу жолдары. // Қазақ ономастикасының мәселелері. – Алматы, 1986, 109-115 б.
- 11 Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии / Н.В. Подольская. – М.: Наука, 1977. 198 с.

НАЦИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ АНГЛИЙСКОЙ НАРОДНОЙ СКАЗКИ

ШАЙХИСЛАМОВА К. Ф.

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

ЖУРАВЛЕВА Е. А.

магистр, ст. преподаватель, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Одной из важных составляющих частей иностранной культуры является ее менталитет, национальные особенности. Согласно определению, менталитет (от фр. mentalite) – это, в первую очередь образ мышления человека, группы, он является более широким понятием, чем стиль мышления. Другими словами, он представляет собой совокупность социально-психологических установок, способов восприятия, манеры чувствовать и думать [1, с. 233].

Ментальность – это такой способ мироощущения, в котором мысль непосредственно не отделена от эмоций (переживания и радости). Тем самым реакция поведения человека на изменение внешнего и внутреннего мира в каждой культурной среде носит свои особенности.

Эти особенности как нельзя лучше можно выделить, изучая фольклорное наследие народа, в частности, одну из самых древних форм фольклора – народные сказки.

Сказка, согласно определениям, это эпический жанр письменного и устного народного творчества: прозаический устный рассказ о вымышленных событиях в фольклоре разных народов. Вид повествовательного, в основном прозаического фольклора (сказочная проза), включающий в себя разножанровые произведения, тексты которых опираются на вымысел. Сказочный фольклор противопоставит «достоверному» фольклорному повествованию (несказочная проза) [1, с. 57].

Существует много классификаций сказок и устного фольклора, основная, принятая на территории СНГ – это классификация Афанасьева, который делит сказки на бытовые, волшебные и сказки про животных [2]. В отношении английских сказок можно выделить две крупные группы – волшебные сказки (fairy tales) и все остальные.

Она коренится в обрядовой и культовой жизни народов, часто имея мифологические истоки. Существовали профессии, которые способствовали исполнению сказки. Сказку любили ремесленники: портные, сапожники, плотники, печники и прочие представители низшего и среднего класса. Сказка передавалась из уст в уста.

Сказка помогает точнее понять культурные, страноведческие явления и национальный характер народов, в том числе своего собственного. В современных условиях развития общества, при усилившихся потоках многосторонней миграции из-за различных политических, экономических и социальных причин, требующих высокого уровня культурного взаимодействия, это является немаловажным и актуальным, играет важную роль в развитии межкультурной коммуникации.

Сходство сказочных мотивов обусловили социальная среда, в которой возникает сказка, общность исторических условий определенных эпох в разных странах, британские сказки, например, неоднородны по составу из-за того, что Соединенному королевству пришлось пережить множество завоеваний. Однако есть и существенные отличия сказок одних народов от других.

В Великобритании народные сказки были собраны и записаны значительно позже, чем русские или немецкие. Первые сборники английских народных сказок появились в конце прошлого века и были собраны Джозефом Джекобсон (1854-1916), президентом английского фольклорного клуба, который опубликовал два тома английских народных сказок. Позже и другие издатели стали публиковать сборники сказок, пользовавшиеся большой популярностью [3].

Среди национальных отличительных особенностей английской сказки можно выделить в первую очередь то, что для ее героев не характерно часто совершать подвиги и преодолевать себя в целях того, чтобы добиться успеха. В основном то, что мотивирует их – это долги перед кем-то, взятые на себя обстоятельства и принуждение.

И здесь же проявляется английский менталитет – герои применяют свою хитрость и упорство для того, чтобы избежать провала. Герои английских сказок не всегда добродетельны, они способны на плутовство и обман, хотя отличаются предприимчивостью и энергией – чертами характера, которые ценились в буржуазной Англии, где впервые в мире начал развиваться капитализм. Например, обманывая великана-людоеда, Джек в сказке про бобовое зернышко добивается счастья для своих близких.

Отмеченные особенности сюжетов английских сказок могут объяснены спецификой британского менталитета, одной из знаковых черт которого является ориентация на себя. Как правило, англичане стараются добиться своей цели любыми средствами, отражая эту характеристику британской личности в сюжетах английских сказок [3].

